Научный руководитель: Е.Н. Артамонова, к.х.н., доцент

ОЦЕНКА ЗАПЫЛЕННОСТИ ВОЗДУШНОГО БАСЕЙНА ГОРОДА СЕМЕЙ

Актуальность

В связи с нарастающим количеством выбросов автотранспорта, котельных, заводов и других источников, ежегодным износом применяемых сооружений для очистки, возникает необходимость оценки запыленности воздушного бассейна города Семей по данным как прямых, так и косвенных методов наблюдений.

Цель

Основной целью проведенных исследований стала оценка запыленности воздушного бассейна города Семей по данным инструментальных и планшетных методов наблюдений.

Задачи

Для достижения поставленной цели были сформулированы следующие задачи:

1. Провести библиографический поиск литературных источников и изучить методики проведения инструментальных и косвенных, планшетных, методов изучения воздушного загрязнения.
2. Провести отбор проб атмосферной пыли и снежного покрова в правобережной и левобережной частях города Семей.
3. Проанализировать пылевое загрязнение атмосферы города с использованием прибора счетчика пылевых частиц СЕМ ДТ-9880М.
4. Оценить запыленность воздушного бассейна города Семей по результатам проведенных исследований.

Объекты и методы исследования

Планшетные методы позволяют фиксировать воздушные выпадения в депонирующей среде – снеге, почве, иле, мхе, на бумажном или тканом материале. Гравиметрическим методом были установлены вес сухого остатка, потенциометрическим – рН, титриметрическим – жесткость водной вытяжки проб снега [1]. Замеры количества взвешенных частиц проводились с использованием прибора счетчика пылевых частиц СЕМ ДТ-9880М. Все замеры осуществлялись в четырех районах города – Цементный завод, Силикатный завод, ЦУМ, Восточный поселок.

Результаты исследования

В таблице 1 представлена концентрация пыли в атмосферном воздухе города Семей в зимне-весенний и летний периоды 2021 г.

Таблица 1 – Концентрация пыли в атмосферном воздухе города Семей

№	Место отбора проб	Вес пыли (г в сут./ м ²)	
		Зима-весна	Лето
1	Цементный завод	8.00	20.00
2	Силикатный завод	15.36	25.60

3	ЦУМ	9.12	13.90
4	Восточный поселок	5.92	24.48
5	Среднее	9.60	21.00

По результатам планшетного метода с использованием бумажных материалов установлено, что в зимний и весенний периоды наименьшей пылевой нагрузке подвержен поселок Восточный (5.92 г в сут./ м²) несмотря на наличие в данном районе котельной и отапливаемого частного сектора. Наибольшее загрязнение характерно для района Силикатного завода (15.36 г в сут./ м²) вследствие интенсивной работы предприятия, а также его близкого расположения к дорожной части с плотным количеством автотранспорта.

Летом меньше пыли зафиксировано в районе ЦУМа (13.90 г в сут./ м²), что может быть связано с застройкой территории и заасфальтированностью дорожного полотна. Максимальные значения пыли также, как и в зимне-весенний период, характерны для района Силикатного завода (25.60 г в сут./ м²).

В целом, большее количество (в 2,2 раза) осаждаемой пыли приходится на летний сезон. Это объясняется самым климатическим режимом территории (засушливость, малое количество осадков), а также повышением количеством автотранспорта в теплое время года.

Поскольку снег является мощной депонирующей средой для атмосферных выпадений, в конце сезона снеготаяния 2021 г. были отобраны пробы снега в тех же районах города Семей. В изученных пробах наибольшим сухим остатком характеризуются снеготалые воды района Цементного завода (2.2761 г), что позволяет отнести их к минерализованным водам (от 1.1 до 25 г/л); наименьшим – котельная Восточного поселка (0.8104 г/л) – пресным (до 1 г/л). Нормальным и оптимальным показателем уровня рН природных вод считаются значения в пределах 7,0-8,0. Наибольший показатель рН определен в частном секторе Восточного поселка (8.30), наименьший – котельная того же Восточного поселка (7.70). В целом, снеготалые воды относятся к слабощелочным водам (7.5-8.5). Норму жесткости определяет её минерализация, а именно содержание ионов кальция и магния. Полученные результаты (0.2-0.4 мг-экв/л) можно сравнить с промышленными водами Нью-Йорка (0.3-0.4 мг-экв/л).

Количество взвешенных частиц в воздухе определяли с помощью прибора СЕМ ДТ-9880М. Измерения проводили в семи районах города Семей, которые были поделены на селитебную и транспортную зоны. Результаты указывают на то, что количество взвешенных частиц разных размеров (от 0,3 до 10 мкм) в транспортной зоне (35014 частиц размером 0.3 мкм) в среднем превышает уровень загрязненности взвешенными веществами селитебной зоны (13647 частиц размером 0.3 мкм) в 1.9-2.7 раза. В атмосферном воздухе преобладает мелкодисперсная пыль (0.3-1 мкм) в количестве тысяч и десятков тысяч единиц, крупнодисперсной пыли (2.5-10 мкм) – десятки и сотни единиц.

Немаловажным будет отметить, что выбросы и перенос пыли зависят не только от антропогенного загрязнения. Они во многом контролируются метеорологическими факторами, особенно градиентами давления, которые вызывают сильные ветра. Несмотря на синоптическую зависимость, изменчивость пылевой нагрузки следует временной колебательной схеме, которая пока не объяснена. Относительное влияние изменчивости климатических сигналов на выбросы или перенос может быть трудно различить, поскольку оно зависит от того, в каком регионе находится пылевая нагрузка [2].

Заключение

1. Концентрация пыли в атмосферном воздухе г. Семей по данным планшетных методов в зимне-весенний период 2021 г. изменялась от 5.92 г в сут./м² (пос. Восточный) до 15.36 г в сут./м² (Силикатный завод) при среднем значении 9,60 г в сут./м². Летом суточное количество пыли, оседающей на 1 м² подстилающей поверхности, в среднем составляет 21.00 г, изменяясь от 13.90 г (Район ЦУМа) до 25.60 г (Силикатный завод).

2. Изучение снеготалых вод показало, что максимальный вес сухого остатка определен в пробах Цементного завода (2.2761 г), минимальный – котельной пос. Восточный (0.8104 г), в среднем по городу составляя 1,5764 г. рН колеблется от 7,70 до 8,30 при среднем значении 8,07. Жесткость снеготалой воды изменяется незначительно (от 0,2 до 0,4 мг-экв/л).

3. Количество взвешенных частиц разных размеров (от 0,3 до 10 мкм) в транспортной зоне в среднем превышает уровень загрязненности взвешенными веществами селитебной зоны в 1.9-2.7 раза. В атмосферном воздухе г. Семей преобладает мелкодисперсная пыль в количестве тысяч и десятков тысяч единиц, крупнодисперсной пыли – десятки и сотни единиц.

Рекомендации

По полученным результатам рекомендуется проведение мероприятий по обновлению пылеулавливающих аппаратов мелкодисперсной пыли до 0.3 мкм на территории Силикатного и Цементного заводов; снижение количества автотранспорта в селитебной зоне города либо его замена на новый, более экологичный, утилизация старых автомобилей; улучшение системы отопления в частном секторе, переход на централизованное отопление и т.д.

Литература

1. Соколов-Петрянов И.В. Избранные труды. Законы фильтрации аэрозолей. – М.: Наука, 2007. – 458 с.
2. Kramer S.J., Kirtman B.P., Zuidema P., Ngan F. Subseasonal Variability of Elevated Dust Concentrations over South Florida // Journal of Geophysical Research: Atmospheres [Электрон. ресурс]. – Volume 125, Issue 6. – 2020. – URL: <https://doi.org/10.1029/2019JD031874> (дата обращения 11.04.2022).

МРНТИ: 81.92.05

Т. Әскенов

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Научный руководитель: Л.В. Скрипникова, к.т.н., доцент кафедры «Химическая технология и экология»

ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ УЧРЕЖДЕНИЯ «ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ ГРАЖДАНСКОЙ ЗАЩИТЫ Г.СЕМЕЙ»

Охране и безопасности образовательных учреждений в последнее время повсеместно уделяется все больше внимания. Государство должно обеспечивать безопасность обучающихся, воспитанников и работников образовательных учреждений во время их трудовой и учебной деятельности путем повышения безопасности их жизнедеятельности (пожарной, электрической, технической) на основе использования современных достижений науки и техники и привлечения отечественной производственной базы. Пожары наносят громадный материальный ущерб и в ряде случаев сопровождаются гибелью людей. Поэтому защита от пожаров является важнейшей обязанностью каждого члена общества и проводится в общегосударственном масштабе. В связи с чем в Республике Казахстан принят Закон №188-V «О гражданской защите» [1].

Цель исследования – анализ состояния условий пожарной безопасности и разработка мероприятий по их улучшению на примере «Высшего колледжа гражданской защиты г. Семей».

Задачи исследования:

- 1 Изучение общих сведений об объекте исследования с анализом его пожарного состояния;
- 2 Прогноз развития возможного пожара;
- 3 Разработка мероприятий по улучшению условий пожарной безопасности объекта.

Объект исследования – «Высший колледж гражданской защиты г. Семей».

Предмет исследования – пожарная безопасность.

В настоящее время организация системы оповещения, пожарной безопасности и охраны от проникновения рассматриваемого объекта осуществляются с помощью противопожарной сигнализации - ВЭРС-ПК8 (рисунок 1 - Противопожарная сигнализация ВЭРС-ПК).



Рисунок 1 – Противопожарная сигнализация ВЭРС-ПК

Противопожарная сигнализация имеет технические характеристики основными из которых являются следующие:

- контроль состояния 8 шлейфов сигнализации (ШС) с подключенными к нему охранными или пожарными извещателями;
- управление звуковыми, световыми, речевыми оповещателями, подключенными к выходам оповещения;
- выдача извещений: НОРМА/ПОЖАР/ТРЕВОГА на ПЦН через релейные выходы;
- передача извещений на подключаемый к прибору регистратор событий «ВЭРС-РС»;
- распределение ШС в группы для общего управления постановкой/снятием с охраны. Каждой группе ШС соответствует собственное реле ПЦН;
- встроенный резервированный источник питания. В исполнениях ВЭРС-ПК 2/4/8 используется аккумулятор ёмкостью 4,5 А·ч, в исполнениях ППКОП ВЭРС-ПК 16/24 - 7 А·ч;
- автоматический переход на питание от аккумулятора при пропадании напряжения сети 220В, а при наличии напряжения сети обеспечение его заряда. Переход осуществляется с включением соответствующей индикации и без выдачи ложных извещений во внешние цепи. Защита от глубокого разряда аккумулятора;
- повышенная достоверность обнаружения пожара (перезапрос состояния пожарных извещателей при поступлении извещения ПОЖАР);
- обеспечение работы первого ШС (если он охранный) по тактике «закрытая дверь» с задержкой взятия под охрану на время 60 с. При нарушении первого ШС звуковое оповещение включается с задержкой 15 секунд;
- управление ключами Touch Memory (ППКОП ВЭРС-ПК2МТ, ППКОП ВЭРС-ПК2ПТ);
- исполнение в пластмассовом и металлическом корпусе [2].

Анализируя работу действующей противопожарной сигнализации ВЭРС-ПК в ходе научного исследования принято решение о ее замене на более современный вид сигнализации «Адресная» (рисунок 2 – «Адресная» противопожарная сигнализация) [3].




Рисунок 2 – «Адресная» противопожарная сигнализация

В таких сигнализациях, сигнал «Пожар» формируется по другому алгоритму. Приемно-контрольный прибор (ПКП), получает информацию о состоянии всех датчиков контролируемого пространства о характеристике окружающей среды. Анализируя динамику, с которой меняются эти параметры, ПКП принимает решение о подаче сигнала «Пожар». Особенность этой системы состоит в том, что сигнал пожарной тревоги принимает не отдельный датчик, а приемно-контрольный прибор на основании анализа изменения данных поступающих от извещателей. В каждом извещателе, установленном в системе имеется свой адрес, который участвует в протоколе обмена данных между извещателем и ПКП. Поэтому, ПКП знает точное место, где сработал извещатель. Благодаря этому можно более оперативно реагировать на ситуацию.

По итогам научного исследования выполнены работы:

1. Изучены общие сведения об объекте, его организационная структура и особенности функционирования, пожарная характеристика и противопожарное водоснабжение;
2. Описаны технические решения по обеспечению безопасного функционирования колледжа, система его оповещения о чрезвычайной ситуации, противопожарной защите, а также организация медицинского обеспечения в случае чрезвычайной ситуации;
3. Представлены нормативные документы по безопасному ведению работ;
4. Предложены меры улучшения пожарной безопасности объекта:
 - замена системы пожарной сигнализации с ВЭРС-ПК8 на более современный вид сигнализации «Адресная», где сигнал поступает на единый пульт управления и службы экстренного вызова;
 - приобретение дополнительных огнетушителей марки ОП для аудиторий с большим пребыванием людей.

Литература

1. Закон Республики Казахстан от 11 апреля 2014 года № 188-V ЗПК. [Электрон. ресурс]. – 2014. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000188> (дата обращения: 16.02.2022).
2. ВЭРС-ПК2,4,8,16,24 прибор приёмно-контрольный охранно-пожарный. [Электрон. ресурс]. – 2014. - URL: <https://tehnodoka.ru/ops/verspk.php> (дата обращения: 24.02.2022).
3. «Адресная» Противопожарная сигнализация. [Электрон. ресурс]. – 2014. – URL: <https://hqsignal.ru/defence/s/vidy.html> (дата обращения: 25.02.2022).

ҒТАХР: 87.33.33

А. Тлеукенже

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: Л.С. Бакирова, техника және технология магистрі,
«Химиялық технология және экология» кафедрасының аға оқытушысы

МЕКЕМЕДЕГІ ӨРТТІ СӨНДІРУ БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ТАКТИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ БАҒАЛАУ

Мектеп ғимаратының ішкі жоспарлануы дәліз бір жақты әртүрлі бөлмелер орналасуымен ерекшеленеді. Дәліздер үлкен қашықтықта болуы мүмкін және табиғи жарықтануы болмауы мүмкін. Қабаттарда мұғалімдердің бөлмесі, кітапхана, асхана, 25-30 орынды сыныптар, дәрігерлік көмек көрсету пункті, информатика кабинеті т.б. бөлмелер орналастырады.

Мектептің көптеген бөлмелерін желдеткіш каналдарының таратқыш жүйесінен ауаны кондиционерлеу қондырғысымен жабдықталады. Қазіргі уақытта ауалы жылыту жүйесі, әртүрлі электр және радио қондырғылар кеңінен қолданылады. Мектептерде өрт ауыртпалығы бірдей емес, кітапхана ол 80-100 кг/м² құрайды, сыныптарда 40-50 кг/м², ал басқа бөлмелерде 20-50 кг/м².

I және II өрт төзімділік дәрежелердегі ғимараттарда от 0,5-1,5 м/мин жылдамдақта бөлмедегі қондырғылармен, жиһаздармен және жанғыш материалдармен тарайды. Бөлмеден от және жану өнімдері дәлізге тарайды. Егер саты торлары дәліздерден бөлінбесе, онда жану өнімдері және от жоғары орналасқан қабаттарға тез тарайды және оқушыларға құтқару жолдарын бөгеп қалуы мүмкін. Мектептерде жеке ғимараттарында бірнеше саты торлары қосылған, бұл олардың тез түтіндеуіне әкеп соғады [1].

Жалынның және түтіннің тез тарауына желдету, ауалы жылыту жүйелері, қоқыс құбырлары әсер етеді, сонымен қатар III және IV өрт төзімділік дәрежелі мектептердің ғимараттарының конструкциясының бос орындары әсер етеді. Мұндай ғимараттарда оттың тарау жылдамдығы 2-3 м/мин дейін жетеді, ал дәліздер, галереяларда және өтпелерде кейде 4-5 м/мин.

Өрт сөндіру бөлімі өртке келісімен әкімшілікпен және қызмет көрсету персоналымен байланыс орнатады, оқушыларды көшіру бойынша, көшіруге жататын оқушылардың санын, олардың жағдайын, көшіру орынын анықтайды, сонымен қатар қандай қызмет көрсету персоналын оқушыларды құтқаруға қатыстыруға болатынын анықтайды. Өрт сөндіру бөлімі тез оқушыларды құтқаруға күштің жеткілікті екенін бағалайды және қосымша күштер мен құралдардың өртке қажеттігін анықтайды [2].

Мектепте өрт кезіндегі жарақаттанғандарды көшіру уақытының есебі

Жоғарғыдағы мәліметтерге сүйене отырып мобильді емес адамдар шамамен 25% болады (үрей қорытындысында), көшіру уақытын есептеуге болады:

Көшіру жолдарының ұзындығын табамыз:

Мектеп ғимараты үш қабатты, яғни үшінші қабаттан бірінші қабатқа дейін баспалдақ маршы бойымен жүріп өту қажет, дәліз бойынша ең алыс нүктеге дейінгі арақашықтық 65 м тең.

Мобильді емес жарақаттанғандардың санын табамыз:

$$N_{к.ж.} = (N_{жал.} / 100) * 25 = 18 \text{ адам} \quad (1)$$

мұндағы,

$N_{к.ж.}$ – өз бетімен қозғалуға жарамсыз жарақаттанғандардың саны

$N_{жал.}$ – жарақаттанғандардың жалпы саны.

Бір жарақаттанғанды көшіру уақыты тең:

$$\tau_3 = 2 * L_{э.п.} / V_{ж.т.} = 2 * 65 / 95 = 1,36 \text{ мин.} \quad (2)$$

мұндағы,

$\tau_{ж.}$ – бір жарақаттанғанды көшіру уақыты;

$L_{к.ұ.}$ – көшіру жолдарының ұзындығы;

$V_{т.ж.}$ – жарақаттанғандарда тасымалдау жылдамдығы.

Егер 30 секундтан үзіліс жасаса, онда жұмыс қабілеттілікті 10 минутқа дейін сақтауға болады.

Он минут ішінде екі құтқарушы 7 жарақаттанғанды шығарады:

$$N_{т.п.} = \tau_p / \tau_3 = 10 / 1,36 = 7,35 \quad (3)$$

Бөлмедегі орташа көлемді температураның өсуін ескеруімен жарақаттанғандарды көшіру уақыты 4 минутқа дейін қысқарады. Сонда:

$$N_{т.п.} = \tau_p / \tau_3 = 4 / 1,36 = 3 \quad (4)$$

Жарақаттанғандарды көшіруді жүргізу үшін қызыметкер санын анықтаймыз:

$$N_{л.с.} = N_{н.п.} / N_{э.п.} = 21 / 3 = 7 \text{ пар} - 14 \text{ адам} \quad (5)$$

Барлық құтқару жұмыстарын өртке қарсы қызмет жұмыскерлерінің бақылауымен ұйымдастырады және жүргізеді. Оқушыларды бірнеше бағытта көшірген кезде өрт сөндіру бөлімі олардың ішінен жауапты адамды тағайындайды, ал өзі аса жауапты аймақтағы көшіруді басқарады және сол уақытта өрт сөндіру бойынша жауынгерлік әрекетті басқарады.

Оқушыларды көшіріп болғаннан кейін өрт сөндіру бөлімі олар жүргізілген жолдарды, бөлмелерді тексереді, ал қызмет көрсету персоналы оқушыларды тізім бойынша тексереді. Іздеу құтқару жұмыстары барлық адамдар құтқарылғаннан кейін тоқтайды.

Магистралды жең сызықтарын ғимарат артындағы қосымша шығу есіктеріне жаю керек, стационарлы өрт сатыларымен, ал егер өрт туралы оқушылар білсе негізгі шығу есігінеде беру керек. Ғимарат ішінде жұмыс сызықтарын оқушылардың көшіруіне бөгет жасамайтындай етіп жаю керек.

Мектептердегі өртті сөндіру үшін әртүрлі өрт сөндіру заттарын қолданады. Суды және сулы ерітінді ылғалдандырғышты шатырлардағы, сыныптағы, мұғалімдер кабинеттеріндегі, асханадағы және т.б. өртті сөндіргенде қолданады. Ауа-механикалық көбікті асханаларда, дәрігерлік көмек көрсету пунктерінде, кітапханаларда т.б. сөндіру кезінде қолданады [2].

Өрт сөндіру кезінде ҚО-50 оқпандарын, шашыранды және компактті ағындарды қолданады, ал IV өрт төзімділік мектеп ғимараттардағы дамыған өрт кезінде оданда күшті оқпандарды қолданады. Өрт сөндіру үшін оқпандар санын су берудің қажетті интенсивтілігін ескеріп анықтайды, 0,1 л/(м² с) кем емес.

ӨСБ және жауынгерлік аймақтардағы командирлер өрт сөндірумен бірге қымбат қондырғылардың, газдармен баллондардың, жеңіл тұтанғыш сұйықтықтардың бар екенін анықтайды, оларды оттан қорғау үшін тез арада күш пен құралдарды жібереді, ал қажет жағдайда оларды көшіруді ұйымдастырады [3].

Қорытындылай келе, өрттің алдын-алу шараларының негізгісі мекемедегі өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау және өртті жылдам сөндіру үшін дабыл бергіш құрылғыларын пайдалану. Өрт туралы хабарды жеткізу автоматтандырылған қондырғылары өрт ошақтарын дер кезінде жоюға, өртті бастапқы кезеңінде сөндіруге мүмкіндік береді. Бұл шаралар өрт шығынын азайтып, көп адамдардың өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Білім беру мекемелеріндегі өртті сәтті сөндіруге өрттің еркін даму уақыты көп әсер етеді. Бұл уақытта оны табу уақытынан басқа өртке қарсы қызметіне өрт туралы хабар жету уақыты кіреді. Сондықтан, болған өртті сөндіру үшін мекеменің өзінде жылжымалы өрт сөндіру техникасы және өрт күзеті болуы керек деген ұсыныс жасалды. Сонымен қоса, кітапханаға, компьютер, химия кабинетіне және шеберханаға адамның көмегінісіз жұмыс істейтін ұнтақты өрт сөндіргіштер орнатуды ұсынылады. Кітапханаға түтіндік ДИП-34А өрт хабарлағышын орнату. ДИП-34А өрт хабарлағышы жануды табуға және жағдайды бақылау үшін әртүрлі ғимараттардағы жабық бөлмелерде түтіннің пайда болуын және «Өрт», «Шаң», «Назар сал», «Бұзылу», «Сөну» хабарларын беруге арналған.

Әдебиеттер

1. Тактические приемы аварийной разведки и спасения при тушении пожаров. Учебно-методическое пособие. Денисов А.Н., Данилов М.М., Степанов О.И., Зайцева Е.Е. – М.: Академия ГПС МЧС России, 2020
2. Физико-химические основы развития и тушения пожаров. Тимофеева С.С., Дроздова Т.И., Плотникова Г.В., Гольчевский В.Ф. – Иркутск: 2013
3. Пожарная тактика : Основы тушения пожаров : учеб. пособие / В. В. Терещнев, А. В. Подгрушный. – М. : Академия ГПС МЧС России, 2012. – 322 с.

ГТАХР:87.15.00

А. Қабдулмәжитұлы

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекші: А.К. Мурзалимова, аға оқытушы, магистр эколог

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІП АЙМАҒЫНЫҢ ТОПЫРАҒЫ МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҚЫЛАУ ЖШС СИЛИКАТ ЗАУЫТЫ МЫСАЛЫНДА

«Силикат» зауыты 1958 жылы іске қосылды. Шығаратын өнімдері силикат кірпіш, қаптамалы түсті кірпіш, сәндік бетон плитка, құрылыстық әк, бөлшектеңіп өлшенген әк, құрылыстық күм. 1959 жылы әк құйдіретін 4 уақытша пеш салынды. 1965 жылы тәулігіне қуаты 50 тоннадан әк өндіретін механикаландырылған 2 шахталық әк кұйдіргіш пайдалануға берілді. 1972 жылы жүргізілген реконструкция нәтижесінде зауыттың жылдық қуаты 160 млн. дана кірпіш, әк өндіру 65 мың тоннаға жетті. Қазақстанның барлық жер көлемі 2724,9 мың км. Жер қорымыздың көлемі өте үлкен болғанымен оның сапасы соңғы жылдары күрт нашарлап отыр. Жерді дұрыс пайдаланбау салдарынан топырақ деградацияға ұшырап, құнарсыздану, шөлге айналу процестері күшейе түсуде.

Мақалада силикат кірпіш өндірісінің шаңды қалдықтары қарастырылған. Олардың құрамында портландит, кварц және кальцит басым екендігі анықталды, аз мөлшерде альбит және кальций оксиді бар. Барлық минералды компоненттер қауіптіліктің 3-4 класына жатады, бұл қалдықтардың бұл түрін өндіріс процесінде екінші рет қолдануға мүмкіндік береді [1].

Ауыр металдар – тығыздығы темірдің тығыздығынан (7,874 г/см³) артық болатын түсті металдар тобы. Оларға мырыш, қорғасын, қалайы, марганец, висмут, мыс, сынап, сүрме, никель, кадмий жатады. кейбір бүйрек, бауыр, буын сияқты мүшелерде жинақталып, адам денсаулығына үлкен қауіп төндіреді. Көптеген ауыр металдар, олардың ішінде қорғасын, кадмий, хром, никель улы заттардың қатарына жатады. Олар тағам, су, ауа арқылы организмге түскенде ыдырамайды, керісінше, тірі организмдерде жинақталып, ұзақ уақыт бойы сақтала алады және аккумуляцияланған у ретінде әсер етеді. Сондықтан, ауыр металдардың қоршаған ортадағы мөлшері белгіленген шамадан аспауы керек. Металдардың осы қасиеттеріне және қоршаған ортаның бақылаусыз ластануына байланысты, өткен ғасырдың 50-ші жылдарынан кейін тірі организмдердің жаппай улануы байқала бастаған. Ауыр металдардың ауа, топырақ және су арқылы өсімдіктерге әсері орасан зор. Зерттеушілердің мәліметтері бойынша ауыр металдар (Zn, Cu) мен күкірт тотығы (SO₂) ағаш жапырақтарында жүретін метоболизм процестеріне ингибитор ретінде әсер етеді. Орталық Еуропаның орман массивтерінің 23% дефолиациямен бүлінген (қарқындылығы 25%). Қылқан жапырақтыларға қарағанда емен сияқты жапырақты ағаштар көп зардап шеккен. Ауыр металдардың өсімдіктерде жиналуы әр түрдің өз ерекшелігіне байланысты. Зерттеулер бойынша мыс балқыту өндірісіне жақын аймақта топырақ пен өсімдіктерде ауыр металдардың мөлшері бақылау аймағымен салыстырғанда өте жоғары. Мыстың мөлшері 12 есеге дейін, ал басқа элементтердің мөлшері 2-5 есеге дейін артады. Сонымен қатар, мырыштан басқа ауыр металдардың мөлшері топырақта өсімдіктерге қарағанда әлдеқайда көп. Алайда, топырақта ауыр металдардың мөлшері 2-3 есе артса, олардың өсімдіктердегі мөлшері 5-6 есе артады. Статистикалық талдау қорытындысы бойынша, топырақ пен өсімдіктер арасында тура корреляциялық байланыс бар. Зиянды қалдық заттардың вентиляциялық таралу аймағында жапырақтардың және барлық өсімдіктердің морфопатогенезі байқалған. Жапырақтардың зақымдануы формасы мен түсі өзгерген некроз түрінде, сонымен қатар, сарғаю, хлороз, тургорлық қасиетін жоғалту, түсі өзгермей құрап қалу, өзгеріссіз немесе болмашы ғана сыртқы зақымданудан соң түсіп қалуымен байқалған. Олар қылқан

жапырақты ағаштардың жаңғақтарының дамуы мен мөлшеріне, тұқым саны мен массасына кері әсер еткендігі анықталған. Қоршаған ортаны ластаушы өндіріс көздерінен алшақтаған сайын бұл көрсеткіштер дұрысталғандығы байқалған. Соңғы кездерде экожүйелердің өздігінен тазаруы, тіпті оларға ауыр металдардың түсуі тоқталған күнде де жүрмей отыр, оның себебі, осы уақытқа дейін топырақта жиналған және оның тұрақты компонентерінде фиксацияланған металдар мөлшерінің шамадан тыс көптігінде болып отыр. Табиғи стресстердің әсерінен иммунитеті төмендеген өсімдіктерде антропогенді ластануға жоғары сезімталдық пайда болады. Жоңышқа өсімдігіне құрамында мырыш пен кадмий бар ерітіндімен әсер еткенде өсуі баяулап, хлороз белгілері мен жүйкелерінің арасында некроз пайда болған. Ауыр металдардың организмге енуі генетикалық өзгерістердің кең спектрінің түзілуіне себепкер. Бір металл клетканы бірнеше жерден зақымдай алады. Ауыр металдар өсімдіктер организмінде жинақталып, қоректік тізбек арқылы тарала отырып, тірі организмдердің әртүрлі таксономиялық топтарына, оның ішінде адамға да зиянды әсер етеді. Ауыр металдардың тұздары бөліну кезеңінде хромосомалық абберациялардың жиілігін 2 есе арттырады. Көп жылдық өсімдіктер, әсіресе дәнді дақылдар, құнды топырақтар мен өндірістік территорияларда табиғи түрде көптеп өседі. Ауыр металл қосылыстары адам ағзасы үшін улы болып келеді. Себебі олар ақуыздармен берік қосылып, биокатализаторлардың және басқа да биологиялық белсенді ақуыздық заттардың қалыпты жұмысын бұзады. Ауыр металдар өздерінің уландырғыш қасиетін кез келген агрегатты күйде сақтайды. Олар өкпе мен кеңірдекке оксид немесе тұз түрінде тозаң боп түсіп, тыныс алу мүшелерін тітіркендіреді. Ауыр металдардың тұздары ересек адамның және нәрестенің ағзасына тері арқылы өтуі мүкін. Әр металл адам ағзасының белгілі бір мүшесінде жинақталады [2].

Мақалада топырақта сульфат және хлорид тұздарының болуы және олардың болжамды шығу көздері қарастрылды. Зерттеу кезінде Силикат зауыты маңынан конверттеу әдісі арқылы топырақ сынамалары алынды. Жолға перпендикуляр бағытталған 200 метр бейіні бойынша әрбір бақылау нүктесінде "конверт" әдісімен 50 г топырақ сынамасы алынады. Сынама алу қадамы 50 м.

Белгілі әдістемелік нұсқау бойынша [3] топырақ сығындысын дайындалды. Топырақ сығындысының құрамындағы хлоридтерді анықтау арнайы әдістеме бойынша жүргізілгені кесте 1 көрсетілген.

Кесте 1

Жел бағытымен		Жел бағытына қарсы	
Үлгі алынған ара қашықтық, м.	Сығынды көрсеткіші, мг/л	Үлгі алынған ара қашықтық, м.	Сығынды көрсеткіші, мг/л
30 м	0,01	30 м	0,02
50 м	0,001	50 м	0,04
100 м	0,003	100 м	0,12
150 м	0,0004	150 м	0,33

Топырақ пен өсімдіктер үшін ең оңтайлы еh мөлшері-450-700 мВ. Айтарлықтай ауытқу деректер көрсеткіштері төмендеуіне әкелетін негізгі пайдалы қасиеттері топырақ. Көптеген мәдениеттер үшін рН-ның ең оңтайлы мәні аздап қышқыл және бейтарап орта реакциясы болып табылады. Жалпы алғанда, 3-тен 10 рН-ға дейінгі көрсеткіштері бар топырақ бар, бірақ ең тәні-4-8 рН көрсеткіштер. РН <4 кезінде топырақ көптеген өсімдіктер үшін улы болады .

Бұл зерттеуге дейінгі жасалған жасалған жұмыстар нәтижелеріне сүйене отырып, ЖШС Силикат зауыты маңындағы топырақ жамылғысы экологиялық жағдайы жағымсыз, топырақтың қышқылдығы қалыпты көрсеткіштерден асатыны байқалды.

Әдебиеттер

1. Вахнин М. П., А. А. Анищенко силикат кірпіш өндірісі. М.: Жоғары Мектеп, 1989. 200 б.
2. Булекбаева К.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау. – Алматы. 2015. – 85 б.
3. Воробьева М.Г. Методические рекомендации для практических и лабораторных работ по курсу «Экология», Воронеж 2015, – 86.

11 СЕКЦИЯ: ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП БҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРЫЛУЫ

СЕКЦИЯ 11: ТЕХНОЛОГИЯ И КОНСТРУИРОВАНИЕ ИЗДЕЛИЙ ЛЕГКОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ

МРНТИ: 31.35.01

А. Құрманова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам

Ғылыми жеткшісі: А.С. Камбарова, магистр, аға оқытушы

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БҰЙЫМДАРҒА КЕСТЕЛЕУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Жоба мақсаты: Кесте түрлерімен танысып, қазіргі кездегі заман талабына сай қолданыстан шыққан киімді кестелеу әдісімен безендіріп, киімге екінші өмір сыйлау.

Кесте – сәндік қол өнерінің бір түрі. Мата, тері, киіз, т.б. материалдар бетіне әр түрлі боялған жіптермен, жібек зерлермен сурет, өрнек салып тігу арқылы жасалады. Ежелден халық арасына кең тараған. Кесте инемен, бізбен және кесте машинасымен тігіледі. Кейде Кестеге моншак, інжу, маржан, т.б. асыл тастар тағылады. Кестені материалдың бетін түгел бастыра немесе гүл шоғырына ұқсатып та әшекейлейді. Бұйымды тұтастай бастыра әшекейлеу үшін шалыс, жатық, терме, жөрмеу тәсілін қолданады.. Әрәдік кесте тақия, балақ, өңір, жаға, етекке және кең қоныш етіктердің бұрыш-бұрышы сияқты заттарға төгіледі немесе бөлек төгіп қондырылады. Геометриялық кескінді бейнелейтін кесте жіп санап тігілсе, ирек өрнектер, әр түрлі суреттер алдын ала жүргізілген ізді қуалай тігіледі. Кесте түрлері: біз кесте, баспа кесте, әредік кесте, оюластырып кестелеу, маржандап, моншақтап кестелеу [1].

Біз кесте шығыс халықтарының арасында қазақ пен қырғыз халқында аса жоғары деңгейде дамыған. Біз кесте – кергішке керілген арнайы мата бетіне түсірілген, ою-өрнек немесе бейнені сызық бойымен қармақ бізді матадан әрі өткізіп, жіпті бері іліп шалып алу арқылы қайталанатын майда тігісті айтамыз. Біз кестеге матаға сызылған ою-өрнекті сызық бойымен кестелеп, сонан соң ішкі жағын түрлі өңді жіптермен толтырады. Қалған бөліктері фон ретінде қалады. Біз кесте тұс киізге, шымылдың басына, жарғақ шалбардың басына, жұқа шапанның, шекпеннің өңіріне тігіледі [2].

Баспа кесте деген материалдың ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды өте аз қалдырып, тұтас кестеленген шымқай кестені айтады. Шым кесте ақ матаға тегістікті сақтау арқылы жіпті қатар орналастыру әдісімен тігіледі. Шым кестеге ою мен өрнектің, аң – құс, гүлдің түрлі сұлбалары салынып, көбіне орамалдың шеті, кимешектің жағы, жастықтың тысы, жейденің жаға – жеңі және төсек жапқыш, сәукеле сияқты басқа да көптеген киімдерге тігіледі.

Оюластырып кестелеу немесе оюластырып жапсыру – маталарды бөлек-бөлек кестелеп, оюластырып жапыстыру. Бұлар бірыңғай матаға біртұтас мазмұндағы бірнеше ою-өрнектердің жиынтығынан, үйлескен тұтас желісін жасау негізінде тігіледі. Бір матаның бетіне екінші матадан қиылған фигура салынып шет жақтары әртүрлі кесте тігістерімен тігіліп, сәнделеді. Көбінесе торлау әдісі қолданылады [3].

Әредік кестеде матаның әр жері әшекейленіп, бөлек-бөлек өрнек салынады. Тақия, балақ, өңір, жаға, етек, әйелдердің тымағы, кең қоныш етіктердің бұрыш-бұрышы сияқты зат бөлігіне тігіледі немесе бөлек тігіліп қондырылады.

Маржандап, моншақтап кестелеу. Әйелдердің бас киімдеріне, тақия, сәукеле, өңір, қол дорба қамзолдар және салтанатты киімдерді ғана маржандап, моншақтап кестеленеді.

Жұмыс барысына келетін болсақ Шәкәрім университетінің № 9 оқу ғимаратындағы арнайы құралдармен жабдықталған оқу тәжірибелік шеберханасында бұйымды кестеледім. Қолданылған құрал-жабдықтар ретінде кергіш, мулене жіп, ине. Кестелеу барысында баспа кесте түрін қолдануды жөн көрдім. Кестелеуге мулене жібін қолдандым. Матаның қалыңдығы кесте жібінің жіңішке, жуандығына және тігістің шаншылым жиілігіне сай келуі керек.



1-сурет – Мен таңдаған кесте дизайны

Мата қалыңдау болғаны дұрыс, бірақ тігісті тартып, иенің өтуін қиындатпауы керек, мата өте жұмсақ болса да тіккен кесте бедері әдемі көрінбей қалады.



2-сурет – Кестелеу барысы

2 суретте суретті кестелеуді бастадым.

Кестелеу көнеден келе жатқан киімді безендіру әдісі болып табылады. Қазіргі таңда минимализм сәнде болғандықтан және 21 ғасырда жаңа технологиялар пайда болуына байланысты безендіру үшін кесте көп қолданылмайды. Қазіргі кезде киімдерді безендіру барысында суретке карағанда әдемі сөздерді яғни дәйексөздерді қолданады. мен екеуінде қолдандым және суреттің астына қазіргі кездегі танымал «сенің көздерін» өлеңнің сөздерін алдым. Және жазуды латын тілін қазіргі таңда жаңғырту барысында болғандықтан жазуды жөн көрдім. Ең алдымен бұйымға сурет, жазуларды бастырып алдым. Кейін бұйымды кергішке орналастырып, кестелеуге кірістім. 3-3



3- сурет – Дайын кесте түрі

Кестелеу барысында адам терісіне ұқсас түс таппағандықтан бірнеше түсті жіптерді қолдандым. Бұйымның түсі қара болғандықтан көздің түсін ашық көк түсті таңдадым. Қорытындылай келе кесте тігу барысында жаңа кесте түрлерімен танысып, заман талабына сай қолданыстан шыққан киімді кестелеу әдісімен безендіруді үйрендім. Атап өткендей киімді безендіру арқылы киімге екінші өмір сыйлады деп айтуға болады.

Әдебиеттер

1. Г.Ә. Тәкішева, Б.Е. Асанова «Киімді модельдеу және көркемдік безендіру», Астана: Фолиант, 2008 ж.

2. Г. Мәуленова, Д. Амандықова «Дизайнерге арналған практикum», Астана:Фолиант, 2010а: Фолиант, 2008 ж. /stud.baribar.kz/10690/keste-oeneri-tarikhy-men-tekhnologiyasy/
3. Т.О. Бердник «Основы художественного проектирования костюма и эскизной графики», Ростов-на-Дону: Феникс, 2001 г.

ҒТАХР: 31.35.01

Д. Бидахметова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті
Ғылыми жетекші: А.С. Камбарова, магистр

КИІМГЕ КЕСТЕМЕН ӨРНЕК САЛУДЫ НЕГІЗДЕУ

Мақсаты: Бұйымды көркем кестемен өрнек салу арқылы безендіру.

Кесте және көркемдеп тігу ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Қазақ халқының дәстүрінде киім-кешек пен төсек-орын жабдықтары, қалыңдық пен күйеудің, батырлар мен сауыққойлардың (салдардың) бас киімі, белбеуі, киімнің жең-жағалары мен балақтары әр түрлі жамылғыштар мен кежімдер және басқа да осы сияқты жол жорық, үй-іші мүліктері кесте өрнегімен жиі безендірілетін. Халық салтында мұндай өрнектеудің кейбіреулері бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Оның себебі әдемі ұнасымды кесте ою-өрнегінің барлық түріне бірдей қолдануға тиімді. Міне осы сияқты бізбен, машинамен және инемен көркемдеп тігілген кестені әшекейлеп кестелеу деп атайды.

Керекті құрал-жабдықтар:

Кестелуді қолмен тігу үшін жіп, мата, ине (көзі кең, қысқа), қайшы, оймақ, түйреуіш, желім, біз дөңгелек кергіш қажет. Матаның қалыңдығы кесте жібінің жіңішке, жуандығына және тігістің шаншылым жиілігіне сай келуі керек. Мата қалыңдау болғаны дұрыс, бірақ тігісті тартып, иненің өтуін қиындатпауы керек, мата өте жұмсақ болса да тіккен кесте бедері әдемі көрінбей қалады. Кенеп матаның құрылымы қандай мөлшердегі болсын иненің өтуіне оңай, иненің қалдырған ашық іздері басқа маталарға қарағанда кейін тез жабылып кетеді. Өте нәзік бұйымдарды кестелеуге өте жұқа бірақ құрылымы тығыз маталарды пайдаланған жөн, себебі ол жұмысқа қосымша айқындық әсер беріп тұрады. Айқас тігіс сияқты санап тігілетін кестелерге канва ыңғайлы. Канвалар жіптердің санына, тығыздығына қарай әр түрлі нөмірлі болады. Нөмір санының өсуіне қарай канваның көздері кішірейе береді.

Иненің жуан-жіңішкелігі кесте тігілетін материалдың қалыңдығына және жіптің жуан-жіңішкелігіне (нөмеріне) байланысты болады. Кесте тігудегі ең басты құралдың бірі болғандықтан иненің сапасының жоғары болғаны дұрыс. Кестенің түрлеріне қарай инелердің де әр түрлі болады. Жіптің жеңіл сабақталуы үшін иненің көзінің үлкен болғаны дұрыс. Өте ірі инемен кестеленген кесте тегіс болып түспейді.

Кестелеуді бастар алдында жіпті матаға бекіту тәсілдері:

Бірінші тәсіл – инені бірнеше рет шаншып, ұсақ тігістер жасап алу керек, ол жер артынан кестемен жабылып кететіндей болуы тиіс;

Екінші тәсіл – инені бір рет шаншып алып, жіпті матадан ақырына дейін суырмай, қалған ұшын екінші рет ине шаншып, үстінен тігіп алу керек, жіптің ұшын қиып тастап, оның үстінен кестемен бастырады;

Үшінші тәсіл – екі қабатталған жіпті тұйықталмаған ұшынан сабақтап, инені матаның астынан үстіне қарай шығарып, жіпті ақырына дейін тартпай, инені қайта төмен шаншу арқылы жіптің тұйықталған ұшын бастыра тартады.

Сабақты кесте. Кестенің бұл түрін тігу үшін өрнектің нұсқалары пайдаланылады. Оларды тіккен кезде ине кері шаншылады, яғни әрбір жаңа тігіс осылайша түседі. Жіпті бекітіп, инені матаның кесте түсетін бетіне шығарған соң оған 2-4 жіпті іліп алу керек. Жіпті шығарып алған соң инені қайта шаншып, сосын оған алғашқы тігіске қанша жіп алынса, сонша жіп іліп алады. Тігістердің біркелкі болып түсуін қадағалау және инені екінші, үшінші, одан кейінгі тігістерде алдыңғы тігістің ортасынан шығарып отыру қажет.

Барқыт тігісі. Кестенің бұл түрімен балалардың киімін әшекейлейді. Оның үстіңгі жағы айқасып келеді де, астынан параллель бағытта екі қатар тігіс түседі. Кестенің бұл түрімен

кестелегенде жіптерді санап, есептеп отыру керек. Егер кесте тігінен тігілетін болса, онда материалдың екі шетінен параллель екі сызықты белгілеп алады. Қалың маталардан екі жіптен суыр керек. Кестелеу төменнен жоғары қарай басталады. Инені тігіп отырған адам өзіне қарай бағыттап шаншып отырады. Кестені 3-4 түрлі жіппен кестелеуге болады, тек жіптердің түсі бірін-бірі ашатындай, дұрыс тандалуы қажет.

Біз кесте. Кергішке керілген арнайы мата бетіне түсірліген (сызылған) ою-өрнек немесе бейнені сызық бойымен қармақ бізді матадан ары өткізіп, жіпті бері іліп шалып алу арқылы қайталанатын майда тігісті айтамыз. Кестенің бұл түрімен кейбір контурлы ою-өрнектер немесе гүлдің сабағы кестеленеді. Тігілу мәнері жағынан ол көлемі біркелкі ілмектер шынжыр секілді біріне-бірі тіркесе тігіледі. Шынжырларының формасы мен көлемі әр түрлі болып келеді. Жіпті бекітіп, оны матаның оң жақ бетіне шығарып алған соң, ілмек тәрізді етіп созып, оны сол қолдың басбармағымен басып тұрып, инені алғашқы шаншыған жерден дәлдеп, төмен қарай, яғни матаның астыңғы бетіне қарай шаншиды. Тігістің теріс жағынан ине ілмектің астынан өтіп, тігістің үстіне ілмектің ортасынан шығады.

Кестелеу жұмысын Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің оқу шеберханасында жасап бастадық. Шеберханада бізге керекті барлық құрал-жабдықтар бар. Кестелеу түрлерінің ішінен біз көркем кестені таңдадық. Оның өзіндік себебі бар- кестенің бұл түрі бос орын қалтырмай, бірнеше түсті қолданып, әп түрлі ұзындықта кестелеуге мүмкіндік береді. Көркем кесте - бұл кестемен тек өсімдік суретін ғана емес, шағын пейзажды бейнелеуге де болады. Осы кестемен кестелегенде бір түсті жіптің бірнеше түрі бір-біріне баяу ауысып, құлпыра өзгеріп отырады. Ол үшін бірнеше түстің тігісінің ұзындығы әр түрлі етіледі. Сосын екінші түсті жіппен кестені жалғастырады, бұл тігістердің ұзындығы да әр түрлі етіліп, алғашқы тігістен қалған аралық шетінен толтырылады. Олар алғашқы тігістің үстін баса отырып, бір түрлі жіптің бірнеше түске ауысқанын байқатпай жібереді. Біз көктем тематикасын алғандықтан түрлі-түсті ашық түстерді өзара үйлестіріп қолдана білдік. Кестелеу объектісі- әйгілі “NIKE” брендінің логотипі. Бұл логотипті таңдауымыздың да өзіндік ерекшелігі бар. Логотип тұтас және көркем кестелеу үшін ыңғайлы болып келеді.

Қорытындылай келе, біз алдымызға қойған мақсатымызға толықтай жете алдық. Бұйымды кестемен өрнек салу арқылы безендіріп, брендтің логотипін көрсете алдық. Логотиптің сыртын қою күлгін түспен ерекшеледік, себебі бұйымның түсі ашық күлгін болып табылады. Кейіннен, бұйымның түсіне сай келетін, үйлесімді жарқын түстерді қолдану арқылы кестелеп шықтық. Кестелеу колөнердің бір түрі болғандықтан, үлкен еңбекті және төзімділікті талап етеді. Алған нәтижемізге қарап алдымызға қойған мақсатымызға жеттік деп айта аламын.



1-сурет – Кестелеу барысы



2-сурет – Көркем кестеленген бұйым

Әдебиеттер

1. <https://oqu-zaman.kz/?p=27035>
2. "Шаңырақ" үй-тұрмыс энциклопедиясы. Алматы. 1991. ISBN 5-89800-035-6 (1-й з-д)
3. Мұхамеджанұлы З. Қазақтың кесте өнері. Танымдық-көпшілік басылым. "Алматыкітап баспасы" ЖШС, 2008 - 144 бет, суретті. ISBN 978-601-01-0297-2

Е. Махметқанова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: Н.К. Куркембаева, аға оқытушы

ТЮРБАН ТІГУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДІСТЕРІ

Мақсаты: Өз қызығушылығыммен тюрбан таңдап, тюрбан тігіп үйрену мақсатым болды. Көптеген елдерде тюрбан символикалық мәнге ие және оны тек нақтылы ниетпен тағады, оның ішінде діни негізде. Және тағу амалына байланысты байлау тәсілдері де әртүрлі. Бүгінде тюрбанды діни сеніміне және нақтылы амалдарына байланыссыз кез келген адам таға алады. Және бұл бас киім кез келген матадан, кез келген түстегі орамалдан байланады.

Көп жылдар бойы тюрбан сәнқой қыздардың сұранысына ие бұйым болып келеді. Стильдер мен сән бағыты қанша ауысса да тюрбан көптеген коллекциялар мен көрсетілімдерде әлі қолданылып келеді. Сонымен қатар, шаш үлгісіне көңілі тоймайтын қыздар үшін таптырмас әмбебап бұйым.

Бір қызығы, тарихшылар осы бас киімнің Отаны туралы әлі анықтай алмады. Тюрбан өзгеруі көптеген ежелгі халықтарда – Үндістаннан Месопатамияға дейін болды. Ол Византия империясында кең таралған. Қалай болғанда да, шалбардың тамыры дәл Шығыс.

Бұрын бұл бас киім иесінің мәртебесін анықтады-діни, этникалық немесе таптық. Оны, әдетте, ер адамдар киген. Чалма кейінірек әйелдер гардеробына көшті. Мысалы, Африкада қыздар арасында шалбардың танымалдығы бұйра шаштың ерекшелігімен байланысты, бұл шашты үнемі жасаудан гөрі шарфпен байлау әлдеқайда ыңғайлы.

Қазір тюрбандар өте сәнді. Орамал, бас киім ретінде де пайдалынады.

Тюрбандарды тек көйлекпен ғана емес, тіпті джинсы мен ақ көйлекпен жақсы жарасады. Стилистер, шалбар, джинсы және былғары куртқалар, пальто, ұзын юбкалар мен көйлектермен тюрбан киюді киюді ұсынады. Бұл аксессуар кез-келген кескінді толықтырады және оны ерекше етеді.

Бұл жұмысымды университет қабырғасында жетекшімен оқу тігін шеберханасында бастадық. Өзімнің қызығушылығым болды. Тігін шеберханасы 205 кабинетте орналасқан.

Мен бұл тюрбанды жасау үшін жасанды жібекті пайдаландық. Керек құралдар жіп, ине, мата, қайшы. Жасанды жібек дегеніміз-жібек мата табиғи, синтетикалық және жасанды жіптерден тоқылған.

Соңғы екі вариацияны бір топқа қауіпсіз жатқызуға болады-химиялық. Жасанды жібек целлюлозадан химиялық қоспалармен жасалады, оның сипаттамалары әр түрлі және қол жетімді.

Жасанды жібектің артықшылықтары

Жоғары сапалы талшықтардың химиялық құрамы адам ағзасына тиімді әсер ететіндігі ғылыми тұрғыдан анықталды. Жібек матаның қасиеттерін қарастырдық:

1. Буын ауруларын жеңілдетеді.
2. Бұл жүрек және тері ауруларына оң әсер етеді.
3. Вирустық және суық тиюге көмектеседі.
4. Жасушалардың жаңару процесіне ықпал етеді, сол арқылы адам өмірін ұзартады.
5. Жасанды жібек тітіркенген теріні тыныштандырады және құрғақтықты кетіреді.

Көптеген артықшылықтарға қарамастан, жасанды жібектің кемшіліктері де бар:

Жасанды жібектің кемшіліктері

1. Негізгі кемшіліктерге оның электр қуатын сақтау мүмкіндігі жатады. Бұл қасиет тұтынушыларға кию кезінде үлкен қолайсыздықтар тудыратыны бақалды, өйткені қолайсыз сәтте көйлек немесе юбка денеге жабысып қалуы мүмкін. Табиғи материалда мұндай проблема жоқ.

2. Матамен жұмыс істеу қиын. Жасанды жібек жақсы кесіліп, үтіктеледі, бірақ сонымен бірге өнімнің шеттері қатты күйрейді. Сондықтан көптеген жаңабастаған тігіншілер оны қолдануға тәуекел етпейді. Сонымен қатар, мата қатты сырғыйды, сондықтан бөлшектерді кесу де оңайға түспейді.

3. Біз жібек матамен тек арнайы инелермен жұмыс істедік (олар өте жұқа). Егер ине дұрыс таңдалмаса, онда тігу орындарында кесілген тесіктер қалып қояды.

4. Жасанды жібек киімдегі дақтарды сақтайды. Дақтар мен иістерді бүркемелейтін табиғи материалдан айырмашылығы, мұнда адам терлесе, дақ қалады. Оларды жуу қиынға соғуы мүмкін. Үтіктеу кезінде матаны суламағанымыз жөн, өйткені іздер қалып қалады.

Жасалу жолына келетін болсақ матаны алып адамның бас өлшеміне байланысты өлшем алынды. Мен өз бас өлшеміме байланысты алдым. Өлшемге байланысты кесіп аламыз. Сосын оны айқастырып екі жағын біріктіріп тігеміз. Тюрбан тігуді бірнеше әдісі бар. Мен айқастырып тігу әдісін қолдандым.

Қорытындыласам, бастапқыда қойған мақсатым тюрбан тігіп үйрену болған. Сол мақсатыма жетіп, жұмысымды оқу шеберханасында аяқтадым. Бұл тюрбан жаздық тюрбан. Жазда серуенге, отырыстарға киюге болады. Мақсатыма жетіп, тюрбан тігіп үйрендім (1 сурет).



1-сурет

Әдебиеттер

1. Асанова А. Тастанбекова Г. Киімді конструкциялау және тігу технологиясы. – Астана, 2008 ж
2. Сатыбалдинова Б.С. Сәлімбаева М.А. Тігін өндірісінің технологиясы.-
3. kk.istanbulbear.org/shelkovaya-tkan-idealnyiy-
4. Тюрбан и чалма: главный тренд наступающей весны — Женский журнал "ЗОЛОТОЙ" (zolotoy.ru)

МРНТИ: 31.35.01

Б. Болатова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті
Ғылыми жетекші: Н.К. Куркембаева, аға оқытушы

ҚЫЗ БАЛАҒА АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КӨЙЛЕКТІ БЕЗЕНДІРУ

Мақсаты: Қыз балаға арналған көйлекті безендіруге үйрету.

Керекті құрал-жабдықтар:

Көйлекті гүлмен үшін сізге бірнеше құралдар қажет болады:

- Капрон ақ көйлек
- Лента
- үтік
- Әр түрлі гүлдер,
- Желім
- Ине-жіп
- қайшы немесе кеңсе пышағы

Мерекелік көйлектер туралы естеліктер өткенде қалды, дегенмен, бірақ шын мәнінде өмірде балабақшаға, жаңа жылдық ертеңгіліктерге, мектепте өтетін әр түрлі шараларға қажет болуы мүмкін.

Сондықтан әр жас ханшайымның кем дегенде бір осындай көйлегі болуы керек. Өткен дәуірлердегі мерекелік киімдер кейбір өзгерістерге ұшырады, бірақ олар талғампаздығын жоғалтпады.

Бал көйлегі қызды шынайы әлемнен ертегіге апарды, онда ол өзінің сүйікті ертегі тарихынан ханшайым сияқты сезінеді.

Париж сән үйлерінде жасалған стильдер ең танымал болып қала береді.

Сән дизайнерлері қыздарды шифон, жібек, атлас және барқыттан жасалған ерекше талғампаз және әдемі бал киімдерімен қуантуға тырысады.

Әшекейлер ретінде моншақтар,стразалар және биссерлер қолданылады [1].

Жас өспірімдер үшін (10-12 жас).

Бұл жастағы қыз үшін өте ыңғайлы-жоғары белді ұшатын матадан жасалған және де беліндегі лента өзіндік сән береді. Нәзік және сонымен бірге салтанатты силуэт жоғары белдеуден келетін жиындарды жасайды. Стильді көйлек ең талғампаз баяу Вальске жарайды.

Жасөспірім қыздарды ұзын юбкасымен жабдықталған силуэт модельдері қызықтырады, бұл олардың нәзіктігі мен нәзіктігін баса көрсетеді.

Корсеттер мен лифтермен, пушистый юбкалармен және күрделі элементтермен әртүрлі стильдер кез-келген қыз үшін тамаша нұсқаны таңдауға мүмкіндік береді.

Ақ түс тазалық пен нәзіктікті білдіреді. Ол жарқын және биік нәрсемен ассоциациялар жасайды. Қара терісі бар қызға Ақ көйлек өте әсерлі көрінеді. Ақ көйлектегі барлық басылымдар оны тек безендіреді [2].

Сонымен қатар, ақ барлық түстермен тамаша үйлеседі, контрастта жақсы ойнайды, бұл стильді және ерекше бейнелерді жасауға көмектеседі.

Қыздарға арналған көйлектердің әр түрлі стиліне қарамастан, ең танымал бірнеше түрді ажыратуға болады:

- қыздарға арналған керемет шарлар – бұл ең танымал нұсқа, өйткені ол ханшайымның көйлегіне ұқсайды;

- әр түрлі юбка ұзындығы бар А-тәрізді силуэт көйлектері; империя стиліндегі модельдер;

- бал билеріне арналған балалар көйлектері – белгілі бір талаптарға сәйкес тігілетін киімнің ерекше санаты.

- Қандай стиль таңдалмаса да, сіз келесі ұсыныстарды ескеруіңіз керек:

- көйлек шектемеуі керек, мектеп жасына дейінгі балалар үшін корсеттің үстіңгі жағы бар модельдерді сатып алмағаныңыз жөн;

- балалар киімінде мойын немесе юбкадағы арандатушылық кесу сияқты "ересек" элементтер болмауы керек;

- қыз үшін бюст көйлегін таңдамаңыз, ол ыңғайсыз болады,

- жабық иықтары бар немесе белдіктері бар опция қолайлы.[3]

«Киімді көркем безендіру» сабағы барысында мерекелік кештерге арналған көйлектің дизайны қарастырылып, көйлекті безендіруге деген қызығушылығым артты. Семей қаласының Шәкәрім атындағы тігін шеберханасында мерекелік көйлекті безендіруді мақсатқа алдық. Қыз балаларға арналған мерекелік көйлекті ашық түсте безендіру балалардың көңіл күйін көтереді. Көйлекті безендіру барысында белдемше ұзындығы қозғалыс ыңғайлылығына байланысты таңдалды. Көптеген қыздар етегі еденге дейін жететін көйлек сатып алғысы келеді және шлейфті де жақсы көреді. Алайда, мұндай киімде қозғалу өте қиын, әсіресе егер бала ұзын киім киюге дағдыланбаған болса. Сондықтан, біз ұзын көйлек таңдап алу барысында, белдемше ұзындығы төменгі аяқтың ортасына дейінгі нұсқасына тоқталдық. Мұндай киім салтанатты көрінеді, аяққа шатасып және еркін билеп, ойынауға кедергі келтірмейді.



1-сурет



2-сурет

Қорытындылай келе, біз ойымыздағы көйлекті безендіріп шықтық. Бұйымды гүлдермен безендіру арқылы мақсатымызға жеттік.

Мен жұмысымды оқу ғимаратында орналасқан тігін шеберханасында жетекшіммен бірге бастадық. Безендіру барысында нәзік шифоннан тігілген көйлекті ерекше сән беретін тесмалармен көркемдеп, әдемі көктем лебін беретін әр түрлі гүлдер жасап, гүлдерді көйлекке орналастырдық. Мереке кезінде кішкентай қыздардың ең бірінші ойына оралатыны әдемі көйлек кісем?» деген сауал. Бұны жоққа шығармаймыз. «Адам көркі – шүберек» екені де рас. Біз киім кию арқылы бойды ұзартып, сымбаттырақ көрінудің жолдарын іздеп көрген едік. Енді бойды қалай ұзынырақ етіп көрсетуге болатынын оқып көрдік. Қысқа бойлы адамға қарағанда ұзын бойлы жандарға киім үйлестіру жеңілдірек. Кез келген жағдайда киім арқылы визуал түрде бойды ұзын қылып көрсетуге болады. Бой ұзынырақ көрінген сайын дене бітім жіңішкерек көрінеді. Сол себепті артық салмақты киім арқылы да “кетіруге” болады. Мамандар ол үшін киімдегі екі элементті көлденең және тік акценттерді қолданауды ұсынады. Тік акценттер бойды ұзартып, дене бітімін сымбаттырақ қылады. Сондықтан образ қызығырақ болуы үшін көк түсті атластан беліне лента жүргізіп, бала бойын ұзынырақ көрсетуге тырыстық. Көйлекті ерекше безендіру барысында, қыз балаға арналған көктем лебі соққан әдемі мерекелік образдағы көйлекке қол жеткізе алдық.

Бұл көйлек 10-12 жас аралығындағы қыз балаларға арналған.

Көйлекті әр түрлі мерекелік кештерге киюге болады.

Шыққан нәтижемізге қарап алдымызға қойған мақсатымызға жеттік деп айта аламын.

Әдебиеттер

1. <http://www.magic-charm.ru/moda/balnye-platya-dlya-devochek.html?>
2. Г.Ә. Тәкішева, Асанова. Б.Е.« Киімді модельдеу және көркемдік безендіру »Астана. Фолиант, 2008. –
3. Энциклопедия кройки и шить. – Москва. Софит – Принтъ. 2000.

СЕКЦИЯ 12: ПРОИЗВОДСТВО ПИЩЕВЫХ ПРОДУКТОВ

МРНТИ: 65.59.31

А. Дайырбекова, Е.Мырзаханова
Университет имени Шакарима города Семей
Научный руководитель: Л.М. Мухамеджанова

КОЛБАСНЫЙ ПРОДУКТ ИЗ МЯСА КУРИЦЫ

В Республике Казахстан ведется работа по развитию отрасли животноводства, расширению производства мясной продукции, экспорта продовольственных товаров. Развитие сельского хозяйства, увеличение производства мяса - одна из отраслей, поднимающих экономику страны. Казахстан намерен в ближайшие годы наращивать производство колбасных изделий в среднем на 10 тыс. тонн в год. В 2020 году предприятия Республики произвели 61,6 тыс. тонн колбасных изделий. Это покрывает 62% от общей потребности в колбасе, а остальное импортируется из России и других стран.

Наличие в Казахстане проблем с мясом и мясopодуктами способствует повышению общего ассортимента на внутреннем рынке, повышению эффективности работы, улучшению качества продуктов, появлению новых рабочих мест, созданию высокотехнологичной продукции [1].

В настоящее время сокращение зависимости от импорта мяса птицы является одной из важнейших задач министерства сельского хозяйства Республики Казахстан. Как видно, производство продукции растёт, зависимость от импорта с каждым годом снижается. Министерство сельского хозяйства страны планирует в ближайшее время кардинально решить проблему импортозависимости. Поэтому особое внимание было уделено повышению государственной поддержки отрасли птицеводства мясного направления, в том числе расширению мощностей действующих и строительству новых птицефабрик.

Мясо птицы (курицы) содержит больше полноценных белков, чем крупный и мелкий рогатый скот, в нем меньше соединительных клеток, поэтому молодое мясо птицы имеет более низкую температуру плавления по сравнению с жиром при тепловой обработке. Содержание минеральных веществ в мясе птицы значительное, особенно кальция и фосфора, витаминов А, В1, В2 и РР, а также экстрактивных веществ.

Среди других видов мяса птицы, наиболее полезным считается куриное мясо и мясо индеек. Исходя из химического состава это очень питательные и в то же время низкокалорийные продукты, которые богаты калием и фосфором, также куриное мясо и мясо индеек производится в промышленных масштабах, что может обеспечить их массовое потребление [2].

Совместимость продуктов животного и растительного происхождения является одним из оптимальных способов удовлетворения физиологических потребностей человеческого организма. В последние годы в мире расширился видо комбинированных мясных продуктов с растительным сырьем. Это позволяет производить мясные изделия с повышенной биологической и пищевой ценностями. В растительном сырье, помимо витаминов С минералами, содержатся легкоусвояемые органические кислоты, углеводы и биологически активные компоненты. Белок способствует лучшему усвоению мяса и овощей в рационе человека. Это связано с тем, что в овощах содержится значительное количество экстрактивных веществ, улучшающих выведение пищеварительных соков.

Колбаса, приготовленная из курицы, которую мы исследовали, отличается добавлением льняной муки, кроме компонентов в состав входит мясо птицы, вода, поваренная соль и специи. Льняная мука имеет необычную текстуру и имеет выраженные ореховые нотки, специфический запах. Во время приготовления запах передается готовому блюду.

Льняная мука содержит все необходимые для организма компоненты. По сравнению с овсяной или гречневой мукой содержание магния и кальция в льняной муке в несколько раз больше. Льняная мука богата железом, цинком, кальцием, медью, фосфором, молибденом, марганцем, натрием и витаминами группы В, А, Е. Он состоит из белков, полиненасыщенных кислот, особенно ценных Омега-3 и Омега-6.

Особым преимуществом льняной муки являются растительные антиоксиданты, которые борются с гормонами, способствующими формированию раковых клеток. Основной особенностью является его легкоусвояемость [3].

Льняная мука используется в качестве пищевого обогатителя при производстве при производстве мясных, рыбных продуктов, также в хлебопекарном производстве.

Исследованы показатели качества колбасы, приготовленной из мяса птицы с добавлением льняной муки. При добавлении в рецептуру льняной муки консистенция колбасы однородная, ее органолептические показатели улучшались. Актуальность научной работы: производство белково-диетических колбасных изделия функционального назначения.

Наша цель – уделить особое внимание пищевой промышленности страны, производству колбасных изделий из мяса птицы, также совершенствование и разработка разных видов колбасных изделий из мяса птицы с использованием растительного сырья.

Литература

1. Саршаева А.Б. Ауыл шаруашылық жануарлар етін өңдеу технологиясы: Оқу құралы. – Тараз: Тараз университеті, 2018. – 73 б.
2. Совершенствование мяса птицы путем добавления функциональных компонентов Н.С. Машанова, А.Ж. Айткулова, А.А. Шакенова – Молодой ученый – 2016 – № 25 – с. 56-59
3. Мелешкина Е.П. Научный подход к переработке семян льна на основе использования их фитохимического потенциала с целью создания новых пищевых продуктов с заданными свойствами // Аграрный вестник Юго-Востока. – 2016. – № 1-2. – С. 68-71.

МРНТИ: 65.41.01

А. Қалымбек

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: Н.Р. Муслимова, ТӨӨЖБ кафедрасының оқытушысы

ТҮРЛІ-ТҮСТІ БАУЫРСАҚТАРДЫҢ РЕЦЕПТУРАСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Қазақ халқының ұлттық тағамдарын саралау арқылы ұрпағымызға дәстүрлі тағам өнімдерін заман талабына сай ете отырып, ем-дәмдік қасиеті жоғары өніммен қамтамасыз ету. Яғни бауырсақ өніміне өсімдік шикізаттары, соның ішінде қызылша мен шпинатты қосу арқылы түрлі-түсті бауырсақ өнімін алу.

Қазіргі жасөспірім ұрпақтың арасында ұлттық өнімдер екінші қатарға қалып қалу себебі, бізге ұлттық тағамды, оның ішінде бауырсақ өнімдерінің жаңа түрін ойлап табуға түрткі болды. Біздің түрлі – түсті бауырсақ өнімдері өзінің түсі мен формасы арқылы ерекшеленіп қана қоймай, құрамындағы өсімдік шикізаттарына байланысты адам денсаулығына оң әсерін береді. Бауырсақ – Қазақтың ұлттық тағамы.

Қазақтың той, мереке дастарқанында міндетті түрде бауырсақ болуға тиісті. Бауырсақ қырғыз, татар, башқұрт, ноғайларда да кездеседі. Басқа нан тағамдарына қарағанда, бауырсақ өте дәмді әрі тойымды. Негізінен бауырсақтар әр өңірде әртүрлі жасалынады. Мысалы, үлкен, домалақ, ішіндегі қамыры мол, сыртқы түсі аппақ бауырсақтар пісіріледі, олардан кішірек, жақсылап қуырылған қып-қызыл өріктей бауырсақтар пісіріледі, іші қуыс домалақ сары бауырсақтар, кіп-кішкентай тіске салғанда қыртылдап беретін ши бауырсақтар, төрт бұрыш пішінді ішінде қамыры мол сары бауырсақтар, төрт бұрышты жалпақ бауырсақтар тағы басқа түрлі бауырсақтар кездеседі. Бауырсақ ашытылған және ашытылмаған қамырдан пісіріледі [1].

Қызылша (Beta)-алабота тұқымдасына жататын азықтық, көкөністік және қант алынатын бір және екі жылдық дақылдар. Оның 16 түрі бар. Көбіне мал азықтық, асханалық және қант қызылшасы болып бөлінеді. Кәдімгі қызылша және оның бір түрі- жапырақты қызылша басқаларына қарағанда жиі өсіріледі. Қызылша ылғал және жарық сүйгіш, суыққа төзімді. Жер-жаһанды өзінің қанық түсімен бүлдіріп жүретін біріміздің сүйікті, енді біріміздің ауызға ала

алмайтын көкөністеріміздің бірі қызылшаның құпиясы тарих беттеріне көз жүгіртсек, жабайы қызылшалар ежелден бері адамзаттың сенімді серігінің рөлін атқарып келеді екен. Б.з.д. 2000-1000 жылдары қызылшаның жапырақтары көкөніс ретінде және әр түрлі ауруларға шипа болатын дәрі ретінде пайдаланылған. Халық медицинасында дәрі-дәрмек ретінде қызылшаның жапырақтарын ғана емес, тамырларын да пайдаланылғандығы Гиппократ және Аристофан, Феофраст еңбектерінде дәлелденген. Қызылшаның дақылды түрлері жабайы түрлерінен шыққан. Асханалық қызылшаның халық шаруашылығында маңызы зор [2].

Шпинат – пайдалы өнімде қан мен бүкіл денені тазарту үшін жеткілікті темір бар. Шпинат ақ ұйқы безінің қызметін белсендіреді және ішектің қалыпты жағдайын реттейді. Онда өсімдік протеині, А және В дәрумендері көп. Бұл артықшылықтар үшін шпинат «көкөністердің патшасы» деген лақап алды. Шпинат жүйке жүйесінің түрлі ауруларына, қанттың жоғары деңгейіне, қан тамырлары дистонияларына, сарқылуына және организмдегі түрлі қабынуларға пайдалы. Бұл зауыт өз мәзірінде болуы керек. Шпинат салаттар үшін керемет, ет пен балық тағамдарына жақсы үйлеседі, таңертеңгі қуырылған жұмыртқаларға және тұздыққа негіз болып табылады [3].


Түрлі-түсті бауырсақтардың рецептурасы:

Дәмді бауырсақ үшін керек заттар: пісірілген қызылша шырыны, шпинат езбесі, сұйық май, ұн, құрғақ ашытқы, жылы су, қант және тұз.

Кесте-1 – Түрлі-түсті бауырсақ өнімдер рецептурасы

Шикізаттың атауы	↓	Шикізат шығымы, г
Ұн		555
Құрғақ ашытқы		30
Тұз		5
Жылы су		200
Қант		10
Қызылша езбесі		100
Шпинат езбесі		100
Барлығы		1000

Ұнды дайындау



Сұлба-1 – Бауырсақты дайындаудың дәстүрлі технологиясы

Бауырсақ қамырын неғұрлым қарқынды илеу кезінде оның ұзақтығы 12-15 минутқа дейін азаяды. Қамырдың ылғалдылығы 13,5-17,5%, қамырдың температурасы 30 °С-тан аспайды. Қамырды илеу ұзақтығы өзгеруі мүмкін және температураға, ұнның қасиеттеріне, араластыру қарқындылығына және басқа қоспаларға байланысты.

Бұл бауырсақтар тек қана дастархан сәнін келтіріп қана қоймайды, сонымен қатар, құрамындағы қосымша қоспалар адам денсаулығына оң әсерін береді. Оның түсі және формасы болашақ ұрпақтың ұлттық тағамдарға деген қызығушылығын арттырады.

Наурыз қарсаңында Немере балабақшасында өткен «Бауырсақтар» жәрмеңкесіне қатысып, жәрмеңкеден түскен қаржыны балалардың жан-жақты дамуына қажетті құралдар алу үшін балабақша қорына аударылды.



Әдебиеттер

1. Богатырева А.Г. Қара бидай және қарақұмық ұнын пайдалана отырып профилактикалық мақсаттағы нан-тоқаш өнімдерінің технологиясын жетілдіру / Т.Г. Богатырева, Е.В. Иунихина, В.В. Егоров, Е.В. Асадчих //Бесінші халықаралық нан пісіру форумының баяндама материалдары, М.: Пищепромиздат, 2012. – С. 102-103
2. <https://productplanet.ru/shpinat-polza-i-vred-zeljonoj-ruki-s-tysjacheletnej-istorii.html>
3. Свекла. Рецепты для здоровья и молодости. Зайцев В. – М.: РИПОЛ классик, 2012. – 44 с. По материалу https://edaplus.info/produce/beet.html#article_source

ҒТАХР 65.33.41

А. Смағұл

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: Ж.М. Атамбаева, магистр, аға оқытушы

ТЕҢІЗ ҚЫРЫҚҚАБАТЫ ҰНТАҒЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ МАКАРОН ӨНІМІНІҢ РЕЦЕПТІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ

Макарон саласында өнімнің тағамдық және биологиялық құндылығын арттыруға рецептураға дәстүрлі емес шикізат түрлері мен арнайы тағамдық қоспаларды енгізу есебінен қол жеткізіледі. Осы жолда біз де өсімдік шикізатын, яғни, теңіз қырыққабаты ұнтағын пайдаланып макарон өнімінің рецептурасын шығарып отырмыз. Еліміз географиялық орны жағынан теңізден алыс елдер қатарында, сол себепті жергілікті тұрғындардан жиі йод жетіспеушілігін байқай аламыз. Йод жетіспеушілігінің алдын алу мақсатында йодталған тұз кеңінен қолданылады, алайда арнайы диета ұстайтын науқастарға тұз қолдануға болмайтын жағдайлар жиі кездеседі. Теңіз қырыққабаты ұнтағы құнды химиялық құрамына байланысты олар макарон өнімдерін диеталық талшықтармен, құрамында азот бар минералдармен, органикалық қышқылдармен, дәрумендермен және табиғи бояғыштармен байыту көзі болып табылады. Теңіз қырыққабаты ұнтағы жоғары сортты наубайханаға қарағанда жоғары су сіңіру қабілетіне ие және пектиндерге бай, олар көп талшықтары бар сәбіз ұнтағына қарағанда тезірек ісінеді[1]. Төмендегі кестеге (1-кесте) қарап бұл ұнтақтың пайдалы қасиеттері өте көп және ағзаға сіңімді екенін байқай аламыз[2].

1-кесте – Теңіз қырыққабаты ұнтағының тағамдық құндылығы

Нутриенттер	Көлемі	Қалыпты нормасы	100 г өнімдегі нормасы, %	100 ккал өнімдегі нормасы, %
Калориялығы	5.4 кКал	1684 кКал	0.3%	5.6%
Ақуыз	0.9 г	76 г	67%	22.2%
Май	0.2 г	56 г	33%	7.4%

Макарон жасауға арналған шикізат тізімі: бидай ұны – 90 г, зәйтүн майы – 15 мл, жұмыртқа (тек сарысы) – 2 дана, тұз – 1,5 г. Берілген рецептура еш қоспасыз таза макарон жасау үшін қолданылады. Берілген жұмыста теңіз қырыққабаты ұнтағын бидай ұнымен әртүрлі пайыздық қатынаспен қосып, жаңа қасиеттері бар өнім жасаймыз. Бұл жұмыста үш нұсқа алынды және ол рецептураны есептедік(2-кесте).

2-кесте – Макарон үлгілерінің рецептурасын есептеу нәтижелері

1-үлгі: 10%×90 г=9 г m _{ламинария} =9 г m _{ұн} =81 г	2-үлгі: 15%×90 г=13,5 г m _{ламинария} =13,5 г m _{ұн} =76,5 г	3-үлгі: 20%×90 г=18 г m _{ламинария} =18 г m _{ұн} =72
--	--	--

Бидай ұнының барлық мөлшерін електен өткізіп, тұз қосып, араластырамыз. Сарыуыз қосылған қамыр үшін ақуыз қажет емес, сондықтан оларды бөліп аламыз. Илеу кезінде және құрғақ, тым жұмсақ құрылым болған жағдайда жұмыртқа сарысының мөлшерін көбейту ұсынылады. Тазартылған өсімдік майын құйып, жібектей консистенцияға дейін қатты илейміз. Сары май құрамын ұнға құямыз. Алдымен саусақпен илеп бастаймыз немесе әртүрлі өлшемді фрагменттер пайда болғанша шанышқымен араластырамыз. Содан кейін күш жұмсап, сығамыз және кесектерге жинаймыз. Үстелдің үстіне қамырды қойып, белсенді илеуді бастаймыз – біз жұмысты шамамен 15 минут жалғастырамыз, нәтижесінде икемді қамырға жетеміз. Қамырды дөңгелектеп, пленкамен орап, қамырды жарты сағат демалдырамыз. Демалған дөңгелектенген қамырды екі-төрт бөлікке бөліп, әрқайсысын ұн себілген бетке жайып тастаймыз. Үй кеспесі үшін қабаттың қалыңдығы шамамен 1 мм жетуі керек. Жайылған қамыр бөлшектерін пішіндерге келтіріп, қамырды дөңгелектеп, пленкамен орап, жарты сағат демалдырамыз. Демалған дөңгелектенген қамырды екі-төрт бөлікке бөліп, әрқайсысын ұн себілген бетке жайып тастаймыз. Дайын болған үй макарондарын тақтайшаның бетіне макарон өнімдері жабыспайтындай етіп ұн сеуіп саламыз, жылу көзінің жанында кептіреміз. Осы рецепт бойынша үйде жасалған макарон бірден пісіруге дайын. Кішкентайларға 2 минут, жұқа кеспе – шамамен 3-4 минут және фарфаллеге 4-5 минут кетеді. Дайын өнімнің сапа көрсеткіштерін анықтау мақсатында физико химиялық және органолептикалық көрсеткіштері анықталды.

Қышқылдықты анықтау. Біз анықтаған әдіс ұнтақталған макарон өнімдерінің натрий гидроксидімен титрлеуге негізделген. МЕМСТ 25794.1 сәйкес натрий гидроксиді, 0,1 н концентрациясының ерітіндісі дайындалып, салмақтық үлесі 1% спирт ерітіндісімен фенолфталеин пайдаланылды.

Ылғалдылықты анықтау. Берілген жұмыста ылғалдылықты анықтаудың стандартты әдісі қолданылды. Сынамаларды кептіру үшін SNOL 24/200 кептіру шкафы пайдаланылды [3].

3-кесте – Макарон үлгілерінің физико-химиялық көрсеткіштері

№	Көрсеткіш атауы	1-үлгі: Бидай ұнының 10% ламинария ұнтағымен алмастырылды	2-үлгі: Бидай ұнының 15% ламинария ұнтағымен алмастырылды	3-үлгі: Бидай ұнының 20% ламинария ұнтағымен алмастырылды
1	Ылғалдылық, %	3,2	2,4	4,8
2	Қышқылдылық, °	11	17	22

Теңіз қырыққабаты ұнтағын қосылған макарон өнімінің рецепті мен технологиясы әзірленіп, үш түрлі нұсқадағы өнім алып отырмыз. Үш өнімнің ішінде барлық қасиеттері жағынан наубайхана ұнының 15% теңіз қырыққабаты ұнтағымен қоспасы барлық қасиеттері жағынан тиімді болып тұр. Өнімнің құрылымдық механикалық қасиеттері жақсарып, өзгеше органолептикалық көрсеткіштерге ие болды. Түсі күнгірт, қараңғы жасыл, ламинария ұнтағының жағымды иісі жақсырақ сезіледі, шайнаған кезде ауызға жағымды ламинария ұнтағының дәмі келеді, макаронның өз дәміне кедергісі жоқ, фарфалле және қысқа кеспе сияқты формада, пішінін жақсы сақтайды. Бұл өзгешеліктер өнім сапасына еш зиянын тигізбеді. Осы әзірленген рецепт Қазақстанда макарон өнімдерінің ассортиментін кеңейтуде де үлкен үлес бола алады.

Әдебиеттер

1. Фазуллина О. Ф. и др. Использование растительных обогащающих добавок при производстве макаронных изделий: литературный обзор. Вестник МГТУ. 2019. Т. 22, № 3. С. 449-457. DOI: 10.21443/1560-9278-2019-22-3-449-457.
2. Макароны из нетрадиционного сырья. Режим доступа: <https://www.bestreferat.ru/referat-109460.html>
3. ГОСТ Р 51865-2002 «Макарон өнімдері. Жалпы техникалық шарттар».

ҒТАХР: 65.35.33

Е. Жиенбаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: магистр, аға оқытушы Ж.М. Атамбаева

ӨНГЕН ЖАСЫЛ ҚАРАҚҰМЫҚТЫ ПАЙДАЛАНЫП КОНДИТЕРЛІК ӨНІМДЕРДІҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ

Кондитерлік өнімдерінің негізгі бөлігі төмен тағамдық және биологиялық құндылықпен сипатталады, ал қазақстандықтардың тамақтануында полиқаньқпаған май қышқылдарының, ақуыздардың, дәрумендердің жетіспеушілігі байқалады. Осыған байланысты диеталық қасиеттері бар және тағамдық құндылығы жоғары өнген жасыл қарақұмық ұнының түрлерін қолдана отырып алынған өнімдерді бағалауды жетілдіруге және ассортиментін кеңейтуге бағытталған зерттеулер өзекті болып табылады.

Ақуыз, минералдар мен дәрумендердің құнды көзі – жасыл қарақұмық. Қарапайым қоңыр қарақұмықтан жасыл қарақұмықтан айырмашылығы – ол термиялық өңдеуден өтпеген, яғни барлық пайдалы қасиеттерін өзінде сақтайды.

Қарақұмық дәнінде өну процесінде астық құрамындағы қоректік заттардың құрылымы қарапайым және адам ағзасына оңай сіңетін органикалық компоненттерге бөлінуіне ықпал ететін ферменттердің белсенділігі артады[2].

Өнген жасыл қарақұмықты қолдану ағзаға және метаболизм процесіне жалпы күшейтетін әсер етеді. Әрбір дән антиоксиданттардың табиғи көзі болып табылады, ал өсіп шыққан кезде жарманың антиоксиданттық күші артады. Сонымен қатар, өнген дәндерде диеталық талшық көп болады, яғни олар аштық сезімін одан да ұзақ уақытқа қанағаттандыра алады. Өскіндердің бұл ерекшелігі артық тамақтанудан және артық салмақтан қорғайды. Сондай-ақ, өнген жасыл қарақұмықты тағамға қолдану қандағы қант пен холестерин деңгейін қалыпқа келтіруге, қан тамырларының қабырғаларын нығайтуға және организмнен токсиндерді, шлактарды және артық сұйықтықты кетіруге мүмкіндік береді[3].

Кесте – 1. Өнген жасыл қарақұмықтың тағамдық құндылығы

Көрсеткіштер	100 г өнімнің құрылымы
Ақуыздар, г	14,1
Майлар, г	26,855
Көмірсулар, г	54,24
Моно-дисахаридтер, г	0,69
Диеталық талшықтар, г	2,22
Органикалық қышқылдар, г	2,12

Кекс кондитерлік өнімін дайындау процесі келесі негізгі кезеңдерден тұрады: шикізатты дайындау, мөлшерлеу, қамырды дайындау, қамырды қалыптарға құю, пісіру, суыту және сақтау.

Жұмыс барысында ұсақталған өнген жасыл қарақұмық қосып сынама пісіру жүргізілді. Бақылау үлгісі ретінде қарапайым кекс рецептурасы пайдаланылды. Өнген жасыл қарақұмық ұнға 5%, 10% және 15% қатынасында пайдаланылды. Ең бірінші кезекте рецептура құрастырып, шикізаттарды дайындадық. Яғни, үй жағдайында жасыл қарақұмықтың өнген дәндерін алып, кептіру шкафында 40⁰ С температурада 7-10 сағат ұстадық. Кепкен өнімді ұнтақтағышта немесе мельницада ұн консистенциясына дейін ұсақтау жүргізілді. Терең ыдыста еріген сары май мен

тауық жұмыртқасын біріктіріп, миксермен немесе қолмен массаны аздап араластырып, үстінен қант және қопсытқыш қосылды. Барлығын мұқият, қант толығымен ерігенше араластыру қажет. Содан кейін сүзілген ұнды құяды. Барлық ұнның таралуы үшін массаны араластырып, ешқандай кесектер болмауын қадағалау қажет. Қамырды формаларға 2/3 көлеміне дейін ғана толтырып, оны қызып тұрған пешке 180°C температурада 20-25 минут аралығында пісіруге жібердік. Міндетті түрде бөлме температурасында ((15±3)°C) 30 минут бойы суытып аламыз.

Кесте-2 – Кекс өнімінің рецептурасы

№	Шикізат атауы	Өнім рецептурасы, массасы			
		Бақылау үлгісі	Бірінші үлгі, 5%	Екінші үлгі, 10%	Үшінші үлгі, 15%
1	Бидай ұны, (г)	50	47,5	45	42,5
2	Тауық жұмыртқасы, (дана)	1	1	1	1
3	Қант, (г)	18,75	18,75	18,75	18,75
4	Сары май, (г)	27,5	27,5	27,5	27,5
5	Пісіру ұнтағы, (г)	1,25	1,25	1,25	1,25
6	Өнген қарақұмық ұнтағы, (г)	-	2,5	5	7,5

Зерттелетін үлгілердің сапасы физика-химиялық(ылғалдылығы, қышқылдылығы) және органолептикалық(дәмі мен иісі, пішіні, беті, түсі) көрсеткіштері бойынша анықталды[1].

Кесте-3 – Кекс өнімдерінің физика-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш атауы	Бақылау үлгісі	Үлгі 1	Үлгі 2	Үлгі 3
Өнімнің ылғалдылығы, %	20,2	21,6	21,4	22
Өнімнің қышқылдылығы, град	2,0	2,01	2,0	2,02

Рецептураға 5% өнген қарақұмық қосқанда өнім сапасының органолептикалық көрсеткіштері қатты өзгермеді. Бірақ иісінде айырмашылықтар сезілді. Бақылау үлгісінен қарағанда қарақұмықтың иісі бар екеінің сезінуге болады.

10% өнген қарақұмық қосқанда өнім сапасының органолептикалық көрсеткіші жақсара түсті. Өнімнің хош иісі шығып, қоңыр реңкті түске енді. Өнім тығыздала түсті.

Ал 15% өнген қарақұмық қосылған өнімге келетін болсақ оның дәмі 5% - 10% қосқандағымен салыстырғанда қышқыл татыды, бірақ хош иісті бола түсті. 10% өнімге қарағанда пішінінде өзгеріс болмады, бірақ өнімнің серпімділігі төмен болып, тығыздығы жоғарылады. Түсі қанық қоңырға айналды.

Осылайша, жоғары айтылғандарға қарап 10% өнген қарақұмық қосылған өнімнің сапасы жақсара түсті, басқа қосылған мөлшерлерге қарағанда ерекшелігі айқын білінді.

Қорыта келгенде, өнген қарақұмықты кекс өнімдеріне енгізу органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерді ғана емес, сонымен қатар биологиялық және тағамдық құндылығында да жақсартады. Енді алдыңғы мақсат өнген қарақұмықты рецептураға қоса отырып күнделікті қолданыстағы кондитерлік өнімдердің калориялығын төмендетіп, диеталық қолданыста енгізу.

Әдебиеттер

1. Ауэрман Л.Я. Технология хлебопекарного производства /Под общ. ред. Л.И. Пучковой. – СПб.: Профессия, 2003. – 416с.
2. Киселева, Т.Л. Гречиха с позиции традиционной медицины и современных научных представлений: химические, пищевые, энергетические и лечебно-профилактические свойства. Аллергологические риски / Т.Л. Киселева, М.А. Киселева // Традиционная медицина. – 2016. – №3(46). – С. 16-41.
3. Гречка зеленая. Режим доступа: <http://www.grechka-zelenaya.ru/>

13 СЕКЦИЯ: КӨЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ АЛАСЫНДАҒЫ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

СЕКЦИЯ 13: ТРАНСПОРТНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ В СФЕРЕ ПЕРЕВОЗОК

ҒТАХР: 73.29.81

Ә. Шымырбаева

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: Г.А. Жумадилова, PhD, «Технологиялық жабдықтар және машина жасау»
кафедрасының меңгерушісі

ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІГІНДЕ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ТЕКСЕРУ ПУНКТЕРІН ӘР ТҮРЛІ ӘДІСТЕРМЕН ДАМУ


Темір жол саласы өте күрделі болып келеді. Күніне мыңдаған жүк тасымалданып, жолаушыларға қызмет көрсетіледі. Бұл саланы тандаған студенттер өз мамандығын тек жетік біле қоймай, үлкен жауапкершілікті, ұқыптылықты қажет ететіндігін сезе білуі қажет.[1]

Кез келген автоматтандырылған жүйе енгізгенде, жұмысшы өз жұмысынан айырылып қалмауы тиіс. Автоматтандырылған жүйені қарастырар алдында, бірінші қауіпсіздікке және жұмыс тез, әрі нақты орындалуына, өткізу қабілетін арттыру әрекет ететін жүйеге, назар аудардық. Бүгінгі таңда көп ойлана келе, шын мәнінде не қажет, не болуы тиістігін зерттедім. Әрине Қытайдан, Жапониядан, Германиядан басқа бір сондай жана ,автоматтандырылған дүние көрсетер едім. Бірақ біріншіден ол жүйелер қымбат болып келеді ,әрі бұл жүйелерді оны Қазақстанға орнатылуы екі талай.[1]

Семей станциясында практика өту кезінде, автоматтандырылған жүйелерді зерттеп, қарап. Автоматтандырылған жүйеге көңіліміз толмады. Сол себепті ,Семей станциясында қауіпсіздік қызметін коммерциялық тексеру пунктерінің «АРСИС»жүйесін орнату арқылы, әр түрлі әдістерімен дамытуды шештік [2].

Тану жүйесінің құрамы

1. Тану модулі мен оператордың бағдарламалық АЖО-сы кіретін бағдарламалық жасақтама
 2. Бейнекамералар
 3. Жарық бергіштер
 4. Доңғалақ жұптарының датчиктері
 5. Басқару шкафы
 6. Оператордың компьютері (АЖО) сервер кіретін аппараттық құрал кіреді.(Сурет 1)
- [3].



Сурет 1 – Тану жүйесінің құрамы

Теміржол вагондарының нөмірлерін тану әдістері

1 әдіс. Нөмірлік белгілерді локализациялау – Вагон өтіп бара жатқанда, нөмер қай жерде орналасқаның біліп тұрады, яғни жарық тек вагон нөмеріне шоғырланған. Вагондарды жаңбырлы күні келген кезде ешқандай проблемасыз оқиды.


2 әдіс. Нөмірлік белгілерді фильтрациялау-яғни кір,лас,топырақ вагон нөмірлерін сүзгіден өткізеді.Содан сон вагон нөмірін 99 пайыз тани алады.

3 әдіс. Нөмірлік белгілерді сегменттеу- Донғалақ датчиктардан өткен кезде, вагон нөмірін тани алады. Түнде жарықтың мөлшері жетпей тұрса,осы сегменттеу арқылы 99 пайыз вагон нөмірін таниды.

4 әдіс. Нөмірлік белгілерді нейрондық – жүйе арқылы тану. 0-ден 9-ға дейінгі сандарды мән- мағынасын біліп тұрады (сурет 2) [4].

Вагондарды анықтау және тексеру, теміржол таразыларын автоматтандыру:

1. Адам факторын жою
2. Вагондардың қозғалысын толық бақылау
3. Вагон таразысы арқылы ашық жөнелту
4. Шығындар мен қайтарылмайтын шығындарды азайту
5. Вагондарға құжаттарды ресімдеуді жеделдету [4]



Сурет 2 – Қауіпсіздік және коммерциялық тексеру қызметі

Шешілетін мәселе: Жөнелту процесіне адам факторының әсерін азайту. Әр вагонның салмағын құжаттау. Еңбек шығындарын азайту және жөнелту жылдамдығын арттыру. Құжат айналымын автоматтандыру. Теміржол жолдарында персоналдың болуын болдырмау. Вагондардың орналасқан жерін бақылау. Вагон салмағының өзгеруін анықтау. Теміржол жолдарында персоналдың қатысуынсыз вагондарды тексеру. [5]

Ақталу мерзімі: 10-13 жыл

Бағасы: 20 млн

Қорытындылай келе, бұл жүйені Қазақстанға орнату өте тиімді. Өйткені темір жолда атқарылатын біраз жұмыстар орындалады. Яғни еңбек шығын азаяды, жұмыс тез әрі нақты орындалып, қауіпсіздік сақталады. Менің ойымша, темір жол саласында осы талаптар орындалса, біз келе-келе бәсекеге қабілетті мемлекет бола аламыз. [5]

Әдебиеттер

1. Темір жол көлігінде еңбекті ұйымдастыру, нормалау "көлік" баспасы 2001ж.
2. Темір жолдардағы поездар қозғалысы және маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулық 2007 ж.
3. <https://www.arsis.ru/> ARSIS үшін жаңа әзірleme: кәсіпорында вагондардың орналасуын визуализациялау(өтініш берген күні 05.03.22)
4. URL:<https://www.mallenom.ru/products/videokontrol-i-uchet-zhd-transporta/arscis/> (өтініш берген күні 05.03.22)
5. URL:<https://youtu.be/O5iEAQzJ6Lk> (өтініш берген күні 05.03.22)

А. Майқы, А. Турсынбекова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекші: А.Б. Бакиева, магистр, аға оқытушы технологиялық жабдықтар және машина жасау кафедрасының

КОНТЕЙНЕРЛІ ТЕРМИНАЛДЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСARTУҒА АРНАЛҒАН «АҚАЛДЫ ТЕРМИНАЛ» ЖҮЙЕСІ


Контейнерлік терминал-тиісінше жөнелтушіге-алушыға контейнерлерді қабылдау-беру, сондай-ақ контейнерлерді көліктің бір түрінен екіншісіне қайта тиеу пункті. Контейнерлердің жүк тасымалындағы негізгі мәні теміржол және автомобиль көлігімен біріктірілген теңіз көлігіне тиесілі [1].

Интеллектуалды контейнер терминалы, жаңа буынның терминалдық қызметін басқару жүйесі ретінде технологиялық операцияларды орындаудағы адам факторының рөлін және ақпараттық сүйемелдеудің дұрыстығын төмендетуге, басқарушылық шешімдерді қабылдаудың жеделдігі мен сапасының деңгейін арттыруға, сондай-ақ вагон және контейнер парктерін, терминалдық жабдықтар мен адам ресурстарын пайдаланудың ұтымдылығын арттыруға, тиісінше терминалдық қызметке арналған шығыстарды оңтайландыруға мүмкіндік береді [1].

Өз зерттеулерім бойынша Алтынкөл контейнерлік терминалын қарап салыстырған болатынмын. Алтынкөл – жүк және контейнерлік пойыздарды қабылдайтын Қазақстандағы жалғыз станция. Бұл 2012 жылы Достық станциясынан кейін ашылған екінші қазақстан-қытай теміржол өткелі. жүк айналымы жылына 4 млн тоннадан асады. Егер осы жүйені еңгізетін болсақ осы терминалдың жүк айналымы өсіп, терминал қызметкерлерінің жұмысы жеңілдейді [2].

Ақылды терминал жүйесінің құрамы

1. Бейнекамералар
2. Жарық бергіштер
3. Таңбаларды оптикалық тану жүйесі
4. Радиотерминалдар
5. Қызметкерлерді оқыту және сертификат беру
6. Терминалға қажетті барлық құралдар
7. Оператордың компьютері (АЖО) сервер кіретін аппараттық құрал кіреді [3].




Сурет 1 – Таңбаларды оптикалық тану жүйесі

Жүйе барлық құжаттарды электронды түрде қарап еңгізуге мүмкіндік береді

1. Клиенттермен шарттар
2. Анықтамалар
3. Контрагенттер
4. Қызметтер
5. Құжаттар
6. Тарифтер
7. Тарифтік кестелер әр клиент үшін бөлек
8. Қызметтерге арналған өтінімдердің орындалуын есепке алу кейіннен шот ұсыну үшін кезең ішінде орындалған жұмыстардың тізімдемесін автоматты түрде қалыптастыру
9. ЭЦҚ көмегімен құжаттарды растау мүмкіндігі [4].

Бұл жүйенің басты ерекшелігі сақтау аймағын автоматты түрде басқару болып табылады.

1. Ережелер мен стратегияларды және алдын ала жоспарлауды ескере отырып, динамикалық орналастыру есебінен істіктер санын және орын іздеуге уақытты азайту
2. Максималды өнімділікті қамтамасыз ету үшін қатарларды оңтайлы толтыру
3. Контейнерлерді белгілі белгілері бойынша топтастыру (бос, тиелген, контейнер түрі, жүк түрі, желі бойынша және т. б.)
4. Қойма жай-күйінің көрнекілігін арттыру және технологиялық процестердің ашықтығын арттыру Нақты уақыт режимінде техниканы басқару



Сурет 2 – Сақтау аймағын басқару

Шешілетін мәселе: Тапсырмаларды автоматты түрде беру арқылы диспетчердің уақытын үнемдеу, бұйрықтарды беру кезінде қателер санын азайту, нақты уақыт режимінде аймақта орындалатын жұмыстарды графикалық ұсыну есебінен басқару жеделдігін арттыру, алдын-ала жоспарлау арқылы нәтижесіз қозғалыстар санын азайту. Бұл жүйені орнату кезінде компания толықтай терминал қызметкерлерін оқытып тиісінше сертификаттарын тапсырады. Терминалға қажет қосымша құрал-жабдықтарды толықтай компания өзі алып келеді. Оқыту және құрал-жабдықтар толықтай осы жүйенің бағасына кірелі [5]. **Ақталу мерзімі:** 7-8жыл. **Бағасы:** 136 млн

Осы жүйені Алтынкөл контейнерлі терминалына орнату өте тиімді, себебі бұл терминал Қазақстандағы жүк айналымы ең үлкен терминалдардың бірі болып табылады. Бұл жүйені орнату кезінде терминал толықтай автоматты жүйеге ауысады. Бизнес-аналитика элементтері қолданылады. Мысалы: жүйе өзі шешім қабылдайды және ережелер мен стратегияларға сәйкес жүктерді орналастыруда операторларға тапсырмалар жібереді. Ресейде, ТМД-да, Балтияда 18-ден астам контейнерлік терминалдар мен МПК-да енгізілген және сыналған [5].

Әдебиеттер

1. <https://www.solvo.ru/clients/transkonteyner/konteynerynyy-terminal-kleshchikha/> (өтініш берген күні 30.03.22)
2. <https://www.youtube.com/watch?v=GOr81FlgTZ> (өтініш берген күні 30.03.22)
3. <https://ru.sputnik.kz/20201001/krupneyshiy-sukhoy-port-15108603.html> (өтініш берген күні 30.03.22)
4. Д.В.Ушаков Организация контейнерных перевозок грузов // издательство Транспорт, 2015. – Москва, – с.14-17, 118
5. Попова О.В., Горев А.Э. Контейнерные перевозки // Издательство: Кнорус Год издания: 2022. – с. 19-22, 97

А. Бреднева, Д. Ахметова

Университет имени Шакарима города Семей

Научный руководитель: А.Б. Бакиева, старший преподаватель кафедры «Технологическое оборудование и машиностроение»

СПОСОБЫ РАЗВИТИЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКИХ ЦЕНТРОВ В Г. СЕМЕЙ

На фоне участия Казахстана в международных инфраструктурных проектах, а также с целью достижения национальных стратегических целей устойчивое и ускоренное развитие транспортной системы приобретает всё более важное значение для страны.

Задачи по развитию транспортной системы были в первую очередь направлены на модернизацию существующей транспортной инфраструктуры как её фундаментального элемента. В то же время географическое положение и высокий транзитный потенциал способствуют формированию спроса на услуги транспортно-логистической инфраструктуры Казахстана.

Факторы, замедляющие развитие транспортно-логистической системы города:

- Недостаточный уровень кредитования транспортной отрасли.
- Увеличение цен на услуги транспортно-логистической системы.
- Сокращение количества подвижного состава железнодорожного транспорта.
- Неразвитость транспортной инфраструктуры и неразвитость складского хозяйства.
- Низкий профессионализм логистических операторов, узкий ассортимент,

предоставляемых услуг [1].

Для решения данной проблемы мы предлагаем открытие логистического центра в городе Семей.

Логистические центры – это предприятия, которые занимаются обработкой и хранением грузов, а также их таможенным оформлением при наличии необходимости. Помимо этого, они могут оказывать информационные услуги, а также предлагать универсальные грузовые решения.

Это предприятия, благодаря которым удастся сократить количество участников в цепи поставок, а значит, в конечном счете снизить стоимость продукта для конечного потребителя и одновременно увеличить скорость поставок.

Данные компании выполняют сразу несколько основных задач:

- Сокращение материальных затрат на транспортировку товаров.
- Повышение эффективности бизнес-процессов.
- Оптимизация информационных потоков.

Основные цели логистического центра:

- Создание оптимальных маршрутов.
- Соблюдение установленных сроков.
- Минимизация затрат на перевозку.

ЛЦ позволяют:

- Организовать глобальные цепи поставок.
- Соединить и обеспечить скоординированную работу разных типов транспортных узлов:

автомобильных, водных, железнодорожных, авиационных.

- Предоставить широкий перечень наиболее востребованных дополнительных услуг: складирование, временное хранение, упаковка и маркировка, страхование грузов, таможенные брокерские услуги и многое другое.

Что повлечёт за собой открытие логистического центра?

1) Установление и развитие долгосрочного сотрудничества с торгово-логистическими центрами зарубежных стран в целях упрощения информационного обмена, анализа и изучения существующих торгово-логистических структур за рубежом.

2) Продвижение отечественной продукции на зарубежные рынки и увеличение объемов ее реализации, создание благоприятных условий и повышение уровня сервиса для потребителей.

3) Привлечение предприятий Казахстана к процессу сбыта товаров за рубежом.

4) Расширение логистической инфраструктуры предприятий различных отраслей экономики, прежде всего, предприятий промышленности и АПК.

5) Снижение расходов грузовладельцев за счет рационализации транспортно-складского цикла, исключения излишних запасов оборотных средств, реализации схем доставки «точно в срок» и «от двери до двери», в том числе на основе перевода дорогостоящих массовых грузов на доставку в контейнерах и других «организованных» единицах [2].

Поэтому основными задачами программы создания межрегионального мультимодального транспортно-логистического центра в Абайской области, являются:

– переход на единую международную автоматизированную схему платежей учета мониторинга в системе грузодвижения;

– обеспеченность современным терминальным хозяйством, перегрузочным оборудованием, средствами транспортирования, подвижным составом и соответствующей грузообработывающей базой оптовых грузовладельцев;

– наличие и развитие организационно-экономических механизмов, образования и функционирования транспортно-логистических комплексов (информационно-правовых, финансовых, налогово-ценовых, тарифно-пошлинных, операторских, в том числе транспортных, терминальных);

– наличие посреднических и прочих структур;

– гарантирование инвестиций со стороны региональных и федеральных органов власти [3].

Таким образом, Абайский межрегиональный мультимодальный логистический центр, окажет большое влияние на развитие транспортно-логистической системы региона, даст дополнительный приток инвестиций за счет размещения бизнес-сектора, а также обеспечит развитие районов расположенных вблизи регионального логистического центра.

Литература

1. Крылов, И. А. Международная логистика: проблемы, возможности, решения / И. А. Крылов. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2016. – № 13.1 (117.1). – С. 60-63. – URL: <https://moluch.ru/archive/117/30350/> (дата обращения: 15.04.2022).

2. Мунтхер, Алматар. Развитие экономики региона на основе логистических центров / Алматар Мунтхер. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2020. – № 21 (311). – С. 153-156. – URL: <https://moluch.ru/archive/311/70342/> (дата обращения: 15.04.2022).

3. Скрипаль, А.С. Формирование сети транспортно-логистических центров в регионе (на примере Хабаровского края) / А. С. Скрипаль. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2017. – № 50.1 (184.1). – С. 76-79. – URL: <https://moluch.ru/archive/184/47354/> (дата обращения: 15.04.2022).

ҒТАХР: 73.29.81

А. Сембаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті

Ғылыми жетекші: Г.А. Жумадилова, PhD, «Технологиялық жабдықтар және машина жасау»
кафедра меңгерушісі

ТЕМІР ЖОЛДАРДА ЖҮК ВАГОНДАРЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕН ӨТКІЗУДІ ЖЕТІЛДІРУ

Теміржол саласындағы басты міндеттердің бірі – вагондарға техникалық қызмет көрсетудің сапасын арттыру болып табылады. Қазіргі кезде вагондарға техникалық қызмет көрсету кезінде көп уақыт шығындарын жоғалтуда, сонымен қатар, техникалық қызмет көрсету сапасы да төмендеуде. Вагондарды рейске сапалы дайындау үшін жаңа құрылғыларды енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуі қажет. Ол үшін бірінші кезекте тақырып аясында қойылған мақсаттарды жүзеге асыру барысында жаңа автоматтандырылған құрылғыларды енгізу арқылы ғана жұмысты сапалы жүзеге асыруға болады. Осы мәселені шешу барысында мобильді кешенді енгізу арқылы пункт жұмысын дамытуымыз керек [1].

Мобильді жөндей кешені – техникалық қызмет көрсету пунктында барлық вагон түріне қызмет көрсетуге арналған құрылғы. Бұл кешен вагондарды құрамнан ағытпай қызмет көрсете беретін құрылғы болып табылады. Аталған кешен өздігінен жүретін қозғалмалы қондырғы ретінде жасалған (сурет 1) [2].



Сурет 1 – Мобильді жөндеу кешені

Мобильді кешен келесі технологиялық операцияларды атқаруға арналған:

- Автотіркесті ауыстыру және жөндеу;
- Рессорлы арқалықты көтеру;
- Тиеу люктерінің қақпағын шешпей өңдеу;
- Тиеу люктерінің қақпағын орнату және шешу;
- Серіппелі жинақты ауыстыру;
- Жүк арбалардағы скользун саңылауларды реттеу;
- Сору қондырғыларын айырбастау;
- Қызмет көрсету және жөндеу жұмыстар кезінде жүк вагондарының (немесе бірнеше вагоннан тұратын тіркеменің) орын ауыстыру. [3]

Кешеннің құрылымы:

1. Дәнекерлеу қондырғысы;
2. Гидромотор;
3. Гидравликалық гайка бұрағыш;
4. Гидравликалық қол құбырбүккіш;
5. Басқару құрылғысы;
6. Қысымды өзгерту бекеті;
7. Жүк көтерімділігі 50 т болатын гидравликалық домкраттан тұрады. [4]

Мобильді аз габаритті жөндеу кешені іргелес жолдардың осьтер арасындағы арақашықтығы 6 м кем болмайтын жол арасына мамандандырылған. Люктер қақпағын орнату және шешу осьтер арасындағы арақашықтығы 8,5 м кем болмайтын жол арасында жүзеге асыруға болады. [4]

Мобильді аз габаритті кешеннің артықшылықтары:

1. Бір вагондарға техникалық қызмет көрсету уақытын 30 минуттан 15 минутқа дейін қысқартады;
2. Еңбек шығындарын төмендетеді (2 жұмысшыдан 1 жұмысшыға дейін);
3. Техникалық қызмет көрсету пунктында жүк вагондарының тұрып қалуын азайтады;
4. Жылжымалы құрамнан ағытпай жөндеу жұмысын жүргізуге мүмкіндік береді;
5. Тұрақты жөндеу бекеттеріне техникалық қосылу қажеттілігін жояды. [4]

Шешілетін мәселе: вагондарға техникалық қызмет көрсету уақытын қысқарту. Вагондарды қарап-тексерушілер жұмысын оңтайландыру. Еңбек шығынын төмендету.

Ақталу мерзімі: 5 жыл

Бағасы: 6,5 млн

Қорытындылай келе, вагондарды тексеру кезінде уақытпен қоса, жұмыстың сапасына да мән беру керек. Қарастырып отырған мобильді кешен екі талаптарға да сай келеді. Сонымен қатар, өзіне кеткен шығындарды толығымен өтей алады, себебі кешеннің қызмет ету мерзімі – 10 жыл, ал бұл уақыт айтарлықтай ұзақ мерзім. [5]

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының темір жол көлігін техникалық пайдалану қағидалары (ПТЭ), 2014.
2. Осяев А.Т. Современные методы и инновационные технологии технического обслуживания подвижного состава//Железнодорожный транспорт. 2014. – 74-77б.
3. Сенько В.И., Гурский Е.В. Совершенствование организации технического обслуживания и текущего ремонта грузовых вагонов. – Гомель: БелГУТ, 2003.
4. URL:<https://pkbcv.ru/2018/03/16/%D0%BC%D0%BE%D0%B1%D0%B8%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D1%8B%D0%B9->

<https://www.elibrary.ru/item.asp?id=45840278> (өтініш берілген күні 03.04.2022)

5. Анохин А.В. Совершенствование системы технического обслуживания и ремонта грузовых вагонов на ПТО [Электр. ресурс]. – 2020. – URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=45840278> (өтініш берілген күні 06.04.2022)

ГТАХР: 73.29.81

Б. Абылқасымова, А. Саметова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»


Ғылыми жетекші: А.Б. Бакиева, магистр, аға оқытушы технологиялық жабдықтар және машина жасау кафедрасының

РЕЛЬСТЕГІ ТЕЖЕГІШ ТАБАНЫН АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ БАЯУЛАТУҒА АРНАЛҒАН ҚҰРЫЛҒЫ

Тежегіш табандық – вагондардың (кесулердің) және жылжымалы құрамның басқа түрлерінің қозғалыс жылдамдығын төмендетуге немесе тоқтатуға, Сондай-ақ тұрған жылжымалы құрамды өздігінен және рұқсат етілмеген қозғалыстан (кетуден) қорғауға арналған құрылғы.

Схема келесідей: Доңғалақ қарастырылып отырған элементке тоқтайды. Құрылғы рельстің басы бойымен сырғанайды. Үйкеліс біртіндеп алынған жылдамдықты сөндіреді (кинетикалық энергияны нөлге дейін төмендетеді) және қозғалыс тоқтайды.

Вагон баяулатқышы – вагондардың қозғалыс жылдамдығын төмендетуге арналған темір жолға орнатылған тежегіш құрылғы. Вагон баяулатқышы қозғалатын ағытпалардың механикаландырылған тежелуін қамтамасыз етеді, осы операцияда өнімсіз және қауіпті қол еңбегін болдырмауға мүмкіндік береді. Вагон баяулатқышы негізінен сұрыптау төбешіктерінің жолдарында, сондай-ақ өнеркәсіптік кәсіпорындардың еңіс теміржол кірме жолдарында орнатылады.



Вагон баяулатқышының құрылымы:

- 1 – Пневматикалық цилиндр;
- 2 – бір иықты рычаг;
- 3 – реттегіш болт;
- 4 – бір иінді рычаг серіппесі;
- 5 – тік қысқыш болт;
- 6 – тежегіш арқалық;
- 7 – тежегіш шина;
- 8 – жүріс рельсі;
- 9 – иінтіректердің орта осі;
- 10 – мойынтірек тіреуі;
- 11 – қос иінтіректің серіппесі;
- 12 – екі иықтың тұтқасы

Қызмет барысы

Баяулатқыш жұмыс істеп тұрған кезде вагондар тежегіш арқалықтардың шиналары арасындағы доңғалақтардың бүйір беттерінің қысылуы нәтижесінде тежеледі. Бұл жағдайда

доңғалақтар рельстен шығып, тірек арқалығының шинасының тірек бетіне оралады. Тежеу үшін қалыпты тежелген күйде болатын вагон баяулатқышының механизмі тежегіш цилиндрлерге сығылған ауаны жіберу арқылы жұмыс жағдайына келтіріледі.

Артықшылықтары

Бұл баяулатқыштың артықшылығы-жоғары тежеу қуаты. Дөңестің қуатының арттылуына байланысты станцияға пайданың көбірек болуы. Негізгі артықшылықтары-кез-келген ауа-райында толық көлемде сұрыптау жұмыстарын жүргізу, қызметкерлердің жарақаттануын азайту мүмкіндігі.

Қорытындылай келе, Осы құрылғыны Семей қаласының теміржолының сұрыптау паркіне орнату өте тиімді, себебі бұл құрылғы сұрыптау дөңесінің одан арман қарқынды жұмыс жасауына таптырмас құрылғы болып саналады. Бұл құрылғыны орнату кезінде қол жұмысынан автоматты жүйеге ауысады.

Әдебиеттер

1. <https://ppt-online.org/17416>
2. <https://promputs nab.ru/poleznoe/zhdmaterialy/295-zheleznodorozhnye-tormoznye-bashmaki-ves-razmery-i-foto-ustrojstva-na-zhd.html>
3. Сотников Е.А. "Совершенствование обслуживания и повышение надежности вагонных замедлителей" – М.: Транспорт, 1973.
4. <https://www.youtube.com/watch?v=WPe0jtugrTk>
5. <https://www.youtube.com/watch?v=h5vJEOf1j8g>
6. Железнодорожный транспорт: Энциклопедия / Гл. ред. Н. С. Конарев. – М.: Большая российская энциклопедия, 1994. – С. 52. – ISBN 5-85270-115-7.
7. https://studwood.net/1782709/tehnika/harakteristika_zamedliteley_primenyaemyh_na_sortirovochnyh_gorkah

14 СЕКЦИЯ: ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚТАР, ПРОЦЕСТЕР МЕН АППАРАТТАРДЫҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

СЕКЦИЯ 14: ПУТИ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО ОБОРУДОВАНИЯ, ПРОЦЕССОВ И АППАРАТОВ

ҒТАХР: 65.59.31

Н. Толыбаева

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекшісі: Джилкишева А.Г., магистр, «Технологиялық жабдықтар және машинажасау» кафедрасының оқытушысы

ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҚУЫРЫП ПІСІРУ ЖАБДЫҚТАРЫНА ТАЛДАУ

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары еңбек және материалды қорларды тиімді қолдануға мүмкіндік береді, өнімділіктің артуына және еңбекті жақсы ұйымдастыруға ықпал етеді. Сол себепті, қазіргі заманда қоғамдық тамақтану процесін ғылыми түрде ұйымдастыру және оның қауіпсіздігін арттыру маңызды.

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының қауіпсіздігі, тиімділігі және бәсекеге қабілеттілігі көп мөлшерде кәсіпорынды басқарумен, өндірісті рационалды ұйымдастырумен, сапалы жабдықталуымен, сонымен қатар тамақтандыру саласында жұмыс істейтін жоғары білікті мамандардың кәсіби сапасына тікелей байланысты.

Кәсіпорынды жабдықтауды ұйымдастыруға келесі талаптар қойылады:

- жабдықтау жинақтылығы мен уақытында жүргізілуі;
- үздіксіздігі, себебі жабдықтаудың үзілуі кәсіпорынның нақты тәртібін бұзады, қызмет көрсетуді нашарлатады;
- жабдықтау сенімділігі мен жоғары сапасы, яғни барлық материалды құралдар әрекеттігі стандарттарға сәйкес жабдықталуы керек;
- жабдықтау түрін дұрыс таңдау [1].

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында кеңінен қолданылатын жартылай фабрикаттар мен тамақ өнімін пісіретін шикізатты жылумен өңдеудің түрлері (қуыру, сөндіру, пастерлеу, пісіру) конструкциялары әртүрлі табаларда, фритюрницаларда, қуыру-пісіру шкафтарында, қуыруға арналған табаларда, пештерде және плиталарда жүзеге асырылады. Қоғамдық тамақтану орындарындағы қуыру және пісіру дегеніміз – май, тұздықтар және сорпа, ыстық ауа және булы-немесе түтін-ауа қоспасы сияқты аралық технологиялық орталардың әсер етуі арқылы дайын өнімдер шығару.

Қуыру және пісіру процестері келесі түрлерге жіктеледі және өзара өңдеу температурасының мөлшерімен қолданылатын жабдықтарына байланысты ерекшеленеді:

- негізгі әдіспен қуыру;
- бұқтыру;
- сұйықтықтың шағын мөлшерімен пісіру,
- пассерлеу;
- фритюрде қуыру;
- пісіру.

Аталып өтілген процестер түрлері табалар, қуыруға арналған плиталар, фритюрницалар, қуыру және пісіру шкафтары, ыстық ағаш көміріне арналған арнайы ыдыстар немесе жаровняларда жүреді және 150-350 °С температура мөлшері аралығында өңделеді.

Қуыру процесі кезінде өңделетін өнімде биохимиялық, физикалық және физика-химиялық өзгерістер орын алады, нәтижесінде өнім аспаздық дайын күйге жетеді.

Процестің ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- ең алдымен, өнім сусыздандырылады;

- өнімге май сіңеді;
- оның құрылымы өзгереді;
- көлемі кішірейеді;
- өзіндік дәмі мен иісі пайда болады.

Сол себепті қуыру процесін екі кезеңге сусыздандыру және қыртыс пайда болу кезеңдері деп бөліп қарастыруға болады:

Тамақтану орындарында фритюрницаның қызмет көрсету ерекшелігіне – міндетті түрде бірнеше жұмыс циклі сайын фритюрдегі майды ауыстырып отыру қажет екендігін жатқызамыз.

Мұндай жағдайдың орын алуының басты себебі майдың сыртқы бетінде өзгеріс белгілері пайда болады:

- майдың қараюы;
 - консистенциясының өзгеруі;
 - өзіне тән емес иіс пайда болуы;
- қыздырудың төмен температурасында тез қайнауы.

Тәжірибе жүзінде фритюрге бір құйылған май қуыру ваннасында әдетте 8-10 цикл қолданылады.

• майдың әртүрлі сорттарын араластыруға болмайды, бұл олардың қайнау нүктелерінің әртүрлі болғандығына қатысты.

• қоғамдық тамақтандыру орындарындағы кез келген жабдықтар, фритюрницалардың барлық түрлері профилактикалық жоспарлы қызмет көрсетуді талап етеді.

Қуырып пісіру табаларына қойылатын талаптар:

• температуралық өріс біркелкі болуы керек - ең жоғары температура айырмашылығы ($\delta t_{\max} = t_{\max} - t_{\min}$) < 50 0с;

- қуыру беті тегіс, жылтыр және мінсіз көлденең болуы тиіс;
- бетінің температурасы 150 0С -ден 250 0С-ге дейінгі аралықта өзгеруі тиіс.
- табаларда негізгі және аралас әдіспен (сұйықтықтың шағын мөлшерімен пісіру, бұқтыру)

қуыруды жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

- фритюрде қуыруды табаларда жүзеге асыруға қатаң тыйым салынады [2].

Қуырып пісіру процесі – бұл шикізат дайын өнімге айналатын операциялардың жиынтығы.

Өнімдегі қызарған қыртыстың қалыптасуымен бірінші кезең аяқталады (ег үшін 105 0С-де). 135 0С-ден жоғары температурада жағымсыз ащы иісті заттар пайда болады, өнім беті күйе бастайды.

Өнімдегі қызарған қыртыстың қалыптасуынан кейін қуырудың екінші кезеңі басталады:

- бұның әсерінен, өнім бетінен ылғалдың булануы дереу баяулайды;
- ылғалдылығы аз беттерге орталық қабаттан ылғал беру процесі басталады.

100 0С-ден төмен температурада қуыру процесін жүргізуге болады:

- вакуумдаумен;
- процесс ұзақтылығын арттырумен.

Бірінші кезеңде:

- жылулық аппарат қарқынды жылу кірісімен қамтамасыз етуі тиіс.

Екінші кезеңде:

• өнімге жеткізілетін жылу мөлшері төмендетілген болуы тиіс. Қуыру режимін таңдау әрқашан эксперимент түрінде жүргізіледі [3].

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы технологиялық процестің негізгі операцияларының бірі жылумен өңдеу, яғни аспаздық дайындық жағдайына дейін жеткізу болып табылады. Технологиялық жабдықты біріздендіру және стандарттау оның номенклатурасын қысқартуға, материал сыйымдылығын төмендетуге, шығарылатын өнімнің еңбек сыйымдылығын азайтуға мүмкіндік береді. Қоғамдық тамақтанудағы технологиялық процестерді жетілдірудің негізгі бағыттары ғылымның қазіргі даму деңгейіне сәйкес келетін техниканы әзірлеу және игеру, техниканың түбегейлі жаңа түрлерін жасау, қолданыстағы технологиялық жабдықты жаңғырту, ескірген техниканы қазіргі заманға ауыстыру болып табылады. Осылайша, жаңа жабдықты жасаушылар алдында машиналардың, жабдықтардың және қоғамдық тамақтанудағы әртүрлі механизмдердің барлық маңызды техникалық және экономикалық параметрлерін едәуір жақсарту міндеті тұр.

Әдебиеттер

1. Қоғамдық тамақтандыру өндірісін ұйымдастыру: Оқу құралы/ К.Күзембаев, Г.К.,Күзембаева, А.Қ.Смағұлова. – Алматы: АТУ, 2013. – 235 бет.
2. Золин В. П. Технологическое оборудование предприятий общественного питания: Учеб. для нач. проф. образования. – 2-е изд., стереотип. – М.: ИРПО; Изд. центр «Академия», 2015. – 256 с.
3. https://studbooks.net/2527845/tovarovedenie/zharochno_pekarnoe_oborudovanie.

ҒТАХР: 65.59.31

А. Жақыпбекова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекшісі: Г.Б. Абдилова, т.ғ.к., «Технологиялық жабдықтар және машинажасау» кафедрасының аға оқытушы

ПІСІРІЛГЕН ШҰЖЫҚ ӨНІМДЕРІ ӨНДІРІСІНІҢ ЦЕХЫ

Стандартқа сәйкес, Заанен ешкі күніне кемінде 3,5 литр сүт беруі керек. Дегенмен, Жаңа Зеландиядан алынған зааненок сүт өнімділігі әлдеқайда жоғары. Демек, ешкілерім 5-6 литр сүт береді, бұл да шек емес. Заанен ешкі тек жоғары сүттілігімен ғана емес, өте дәмді сүтімен де танымал болды. Заанен ешкі сүтінің жағымсыз дәмі жоқ және бұл жағынан сиыр сүтінен еш айырмашылығы жоқ, тіпті одан асып түседі. Сүттің дәмі бай кілегейлі, жеңіл, кейбір жануарларда тәтті. Заанен ешкінің бір-үш төлі болуы мүмкін, бірақ көбінесе егіздер болады; төрт ешкі сирек кездеседі [2].

Ешкі сүтінің пайдасы мен қасиеті. Физика-химиялық қасиеттері мен дәмі бойынша ешкі сүті сиыр сүтінен және басқа жануарлар түрлерінің сүтінен жақсы ерекшеленеді. Мүмкін бұл ешкі сүтінде калийдің көп болуына байланысты, жүрек-тамыр жүйесінің қызметінде үлкен рөл атқарады. Лактозаның төмен мөлшері (сиыр сүтінен 13% және адам сүтінен 41% аз) бұл өнімді лактозаға төзбеушіліктен зардап шегетін адамдар үшін жарамды етеді. Ешкі сүтінде жоғарыда аталған ерекшеліктерге қоса, кальций, фосфор, мыс, В, С және D дәрумендері көп болады. Алайда ешкі сүті сиыр сүті сияқты темірдің нашар көзі болып табылады. Темір қандағы гемоглобинді синтездеу үшін ғана емес, сонымен қатар иммундық жүйенің қалыпты жұмысын және мінез-құлық сипаттамаларының сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажет. Ересектерде темір тапшылығы суыққа реакцияның жоғарылауымен байланысты болды. Ешкі сүтінің темірі сиыр сүтінің теміріне (10%) қарағанда әлдеқайда жақсы (30%) сінеді, бірақ адам сүтінің темірін сіңіру деңгейіне (50%) жетпейді [3].

Жұмыстың мақсаты: Заанен ешкі сүтінің органолептикалық және физика-химиялық қасиеттерін анықтау.

Жұмыстың міндеттері: 1) Заанен және қылшық жүнді ешкі сүттерінен зерттеу сынақтарын алу; 2) Органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерін анықтау.

Материалдар мен әдістер: Зерттеу жұмыстары Семей қаласының Шакарим атындағы мемлекеттік университеті, «Ветеринария» кафедрасының зертханалық аудиториясында жүргізілді. Зерттеу жұмыстарына Заанен және қылшық жүнді тұқымды ешкі сүттері алынған болатын. Сүттердің иісі таза тығынмен жабылған конус тәрізді колбада, су моншасында шамалы жылытылып анықталды. Түсі жарты көлемде толтырылған Петри табақшасында, ақ үстелдің бетінде анықталды. Консистенциясы сүт құйылған колбаны аздап шайқау арқылы анықталды.

Сүттердің физика-химиялық көрсеткіштері «Клевер-2» сүт анализатор аппаратымен анықталды.

Жұмыстың нәтижелері.

Органолептикалық көрсеткіштері:

№	Көрсеткіштері	Заанен ешкі тұқымының сүті	Қылшық жүнді тұқымды ешкі сүті
1	Түсі	Ақ, біраз сарғыштау	Ақ, біраз сарғыштау
2	Иісі	Хош иісті, өзіне тән спецификалық иісі бар	Хош иісті, өзіне тән спецификалық иісі бар
3	Дәмі	Біраз тәтті, сауылған сүтке тән	Таза, бөгде дәмі жоқ
4	Консистенциясы	Біркелкі, ыдысты шайқаған кезде қабырғасында ақ іздер қалады	Біркелкі, ыдысты шайқаған кезде қабырғасында ақ іздер қалады

Физика-химиялық көрсеткіштері:

№	Қасиеттері	Заанен ешкі тұқымының сүті	Қылшық жүнді тұқымды ешкінің сүті
1	Температура	21.0°C	20.6°C
2	Майлылығы	3.07%	2.03%
3	Белок	3.55%	3.32%
4	Тығыздығы	29.07 кг/м3	28.16 кг/м3
5	ҚМСҚ	8.91%	8.29%

Қорытынды.

Екі ешкі сүтінің сынамаларының органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерін талдай келе, майдың массалық үлесі 3,07% Заанен ешкі сүтінің сынамасының органолептикалық көрсеткіші жоғары болды деген қорытынды жасауға болады. Дәмі толық, құрылымы біртекті және қабыршақтанбайды, түсі ақ, аздап сарғыштау, дәмі сәл тәтті, спецификалық бөгде дәмі жоқ.

Жүргізілген әдеби және лабораториялық зерттеулер негізіне сүйене отырып, сүтті ешкілердің ең жақсы тұқымдарына жататының бірі – Заанен ешкісі болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Бұл ешкі тұқымы жоғары сауындармен және сүттің құндылығымен сипатталады.

Әдебиеттер

1. «Козьи» технологии» Ирина Фокша, Юлия Смирнская | Журнал «Агротехника и технологии» | 1 ноября 2013
2. Макарова И.В. «Зааненские козы: описание породы, фото. Настоящая зааненская коза. Какая она.» 24.01.2014
3. Денисова, С.Н. Использование козьего молока в питании кормящих матерей для лечения и профилактики атопического дерматита у детей / С.Н. Денисова, Т.Б. Сенцова, М.В. Гмошинская, М.Ю. Белицкая // Вопросы детской диетологии. – 2004. – № 2. – С. 21-24.
4. Қ.С. Сәбденов, С. Арынғазиев, Д.М. Нұрмаханбетов, Б.Т. Құлатаев, М.К. Байбат, Б.С. Арынғазиев «Ешкі шаруашылығы» (оқулық). – «Нур-принт» баспа орталығы, Алматы, 2011. – 222 бет.
5. Москаленко Л.П., Филинская О.В. Козоводство: Учебное пособие / Л.П. Москаленко, О.В. Филинская – Ярославль: ФГОУ ВПО «Ярославская ГСХА», 2011. – 197 с.

М. Нұрланқызы, Е. Көленова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекшісі: Ветеринария ғылымдарының докторы, профессор С.Т. Дюсембаев

ЕТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІНІҢ РАДИОАКТИВТІ ЖӘНЕ УЫТТЫ ЗАТТАРМЕН ЗАҚЫМДАУ ДЕҢГЕЙІ

Қазіргі таңда бүкіл әлемде радиоактивті уытты заттармен зақымдалу белең алып жатыр. Радиоактивтілік көздері, басқа ластаушы заттар сияқты, қоректік тізбектердің құрамдас бөліктері болып табылады: атмосфера – жел – жаңбыр – топырақ – өсімдіктер – жануарлар – адамдар. Радиоактивті заттарды тағам өнімдерімен шамадан артық қолданғанда адамның денсаулығына зиян, тіпті сәулелі аурулар тудыруы мүмкін. Сол себепті малдәрігерлері тағамдық өнімдердің радиоактивті заттармен ластануын қадағалап отырып, тұтынушыны сапалы заттармен қамтамасыз етуі керек.

Радиоактивтілік – кейбір элементтердің атомдық ядроларының өздігінен ыдырауы, олардың атомдық саны мен массалық санының өзгеруіне әкеледі. Радиоактивті заттар біздің планетамыз пайда болған сәттен бастап жансыз және тірі табиғат көзінде баяғыдан кездесіп келе жатыр.

Радиоактивті заттардың жануарлар ағзасына түсуінің үш жолы бар:

1. Радиоактивті заттармен тыныс алу кезінде;
2. Асқазан-ішек жолдары арқылы – тамақпен және сумен;
3. Тері арқылы;

Еттің радиоактивті заттармен зақымдануы екі жолмен жүреді:

1. Малдардың радиоактивті заттар қосылған азықтар жеуінен немесе радиоактивті заттың малдың ағзасына басқа әдістермен түсуінен;
2. Радиоактивті шаң-тозандардың еттің үстіне қонуынан болады.

Егер радиоактивті зақымдану жарамды деңгейде болса, малды союға рұқсат етіледі. Малды сойғаннан соң және етті бөлгеннен кейін радиоактивті зақымдануын радиометрдің көмегімен анықтайды. Егер радиометрдің көрсеткіші етті жарамды деңгейдегі мөлшерін көрсетсе және етте ешқандай патологоанатомиялық өзгерістер болмаса етті сатуға еркін жібереді. Егер зақымдану жарамды мөлшерден асып кетсе, онда етті оқшаулау радиоактивтілік көрсеткіші төмендегенше сақтайды, содан қайтадан радиоактивтілігін өлшеп етті жарамды деп тапса, сатуға жібереді. Ондай еттерді 5 айдан 10 айға дейін сақтайды. Зақымдануы көп мөлшерде болған ұшалардың паренхиматозды мүшелерді жерге 70 см тереңдікте көміп тасталады.

Радиоактивті заттардың ғаламдық түсуі Батыс Еуропа, АҚШ және КСРО үшін стронций – 90, йод – 131, цезий – 137 жасанды радионуклидтерінің негізгі көзі жануарлардың өнімдері болып табылды.

Ет адам қорегінің ішінде сұранымы жоғары тағам. Еттің тағамдық құндылығы оның құрамындағы жануар ақуызы мен майына байланысты анықталады. Еттің құрамындағы кейбір қоректік заттарды өзінің тағамдық құндылығына, химиялық құрамы мен қасиетіне байланысты басқа тағамдарды қолдану арқылы алмастыру мүмкін емес. Жануар ақуызымен және майымен қатар еттің құрамында экстрактивті заттар, минералды заттар, сонымен қатар дәрумендер және минералды тұздар кездеседі. Еттің құрамындағы организмге қажет маңызды заттар темір, калий, магний, натрий, цинк, фосфор, йод және т.б. Етте организмге қажет тиамин, рибофлавин, пиридоксин, холин, никотин және пантотен қышқылдары, токоферол, сонымен қатар В1, В2, В3, В6, В12 дәрумендері бар.

Еттің тағамдық және биологиялық құндылығы әртүрлі себепшарттарға байланысты өзгеріске ұшырап отырады. Соның бірі мал организміне әртүрлі жолдармен радиоактивті заттардың түсуі. Организмге түскен радиоактивті заттар түріне, мөлшеріне қарай жануар организмінде өзгерістер туғызады. Нәтижесінде малдың өнімділігі төмендеп, одан алынған өнімнің сапасы нашарлайды.

Сүттің сынамасын алу және өңдеу.

Сүттің сынамасын алу үшін полиэтиленді шөлмекті пайдалануға болады. Қажет болса, ұзақ тасымалдағанда алдын ала өлшенген сынаманы 3,5 пайызды формалин ертіндісімен 1 л сүтке 2 мг консервілеуге болады. Сынаманы алу алдында және оны өңдеудің алдында сүтті араластырып қайнататын тостағанға құяды, қою консистенцияға дейін қайнатады, содан соң электроплитада немесе лампа астына кептіреді. Қалдықты аздаған концентріленген азот қышқылымен

ылғалдандырады және 800° С температурада күлге айналдырады. Егер алынған күл сұр түсті болса, онда қышқылмен өңдеуді және жағуды қайталайды, күл ақ түсті болуы керек. Стронцийді анықтау үшін сүттің күлінің 15-20 г қажет. 1 л сүтте 7 г минералды заттар бар екенін ескерсек, онда стронциймен Cs137 бір рет анықтау үшін 2,5-3 л сүт қажет, ал егер МСТ-17 санағышын қолдансақ онда 10 л сүт қажет болады. Егер радиобиологиялық зертхана тұрған ауданда құрғақ сүт дайындайтын зауыт болса, онда стронций мен Cs137 радиохимиялық анықтау үшін сүт ұнтағын пайдалануға болады. 1 литр сүттен арнайы кептіргішті пайдаланғанда 100 г құрғақ сүт шығады, МСТ-17 санағышпен анализ жасағанда 1 кг сүт ұнтағы қажет. Сүтті зауытты кептіргенде радиойод ұшып кетеді, сол себепті сүттен йод концентрациясын анықтауда тек табиғи сүтті пайдалану қажет.

Қорытынды

Радиактивті зертеуге малдардың ұшалары мен мүшелері ветеринарлық санитарлық сараптау радиометриялық зерттеулерден тұрады. Осы мақсатта еттің үстірт қабатынан 0,5 см қалыңдықта кесінді алады, кесінділерді бір біріне ластанған жағына қаратып жинап қояды, полиэтилен қабына салады, ал оны шыны банкаға салады және толық жабылған қақпақпен жабады, сүргіш салып зертханаға жібереді. Ал ұшамен ішкі мүшелермен зертханалық зертеудің нәтижесі бойынша іске асырады. Атомдық құралдардың әсеріне түскен малды етке сою, оның зақымдануымен және басқа да факторларға байланысты.

Союға етті жібермейді: ветеринарлық – санитарлық қадағалаудан өтпеген; денесінің ¼ бөлігінде күйген жарақаттары болған; температурасы сәулелі аурудың әсерінен көтеріліп тұрған мал. Мұндай, сәулелі аурумен ауырған малдар емделеді немесе жойылады.

Ал союға мынадай малдар жіберіледі: радиактивті заттармен көрсетілген деңгейден аспайтын зақымданған малдар; сәулелі аурудың клиникалық белгілері білінбеген малдар; денесінің күйген жарақаты ¼ аспайтын және температурасы қалыпты малдар. Мұндай малдар зақымданудың алдыңғы сағаттарында сойылады.

Радиактивті заттармен залалданған ет және басқа сою өнімдері малдәрігерлік-санитарлық бағалауы мынадай тәртіппен жүргізіледі. Ет ұшалары мен мүшелері, егер радиактивтілігі көрсетілген мөлшерлі деңгейден аспаса, шектеусіз шығарыла береді; Егер ет ұшаларының радиактивтілігі шамадан тыс асса, онда оларды радиактивтілігі, көрсетілген деңгейге түскенге дейін сақтайды, сонан соң шектеусіз шығара береді. Ал сақтаған соң радиактивтілігі төмендемесе, ондай ұшамен паренхиматозды мүшелерді жояды. Егер еттің радиактивтілік деңгейі 10 есе асып кеткен жағдайда, оны 10 айға дейін сақтайды, сүйектен етті сыпырып алып сақтағанда, еттің анағұрлым радиактивтілігі төмендейді. Егер ұша мен мүшелерден патологанатомиялық өзгерістер табылса, ондай ұшалар бактериологиялық зерттеуге жіберіледі.

Сонымен қорыта келгенде тағам өнімдерінің радиактивті ластануы адам денсаулығына аса қауіпті, кейбіреуі адамда сәулелі ауру туғызады, сол себепті бұл өнімдерді ветеринарлық-санитарлық сараптаудың маңызы зор.

Әдебиеттер

1. А.Д. Белов «Практикум по ветеринарной радиобиологии», Москва, «Колос», 1988ж;
2. Г.Г.Воккен «Радиобиология», Москва «Высшая школа», 1967 ж
3. Б.Н. Федотов «Ветеринарно – санитарная экспертиза с технологией продуктов животноводства», Ленинград, 1967;
4. И.С. Загаевский, Т.В. Жмурко «Ветеринарно-санитарная экспертиза с основами технологии переработки продуктов животноводства», Москва, 1983;
5. Мурсалимов А.М. «Сборник нормативных правовых актов в области ветеринарии», Усть-Каменогорск, 2004;
6. Ветеринарлық Заңнама, Том-2;
7. Г.А. Кононов «Справочник ветеринария», «Колос», 1978.

СЕКЦИЯ 17: ЖИВОТНОВОДСТВО

ҒТАХР: 68.39.29

3. Оралова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: Кожебаев Б.Ж., а.ш.ғ.д., доцент

«ВОРОБЬЕВ Н. ЖӘНЕ КО» КОМАНДИТТІК СЕРІКТЕСТІК ЖАҒДАЙЫНДА СИММЕНТАЛ ЖӘНЕ ҚАРА-АЛА МАЛ ТҰҚЫМДАРЫ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨНІМДІЛІГІ

Біздің зерттеу жұмысымызда ШҚО, Шемонаиха ауданы, Сугатовка ауылында орналасқан «Воробьев Н және Ко» командиттік серіктестігінің симментал және қара-ала мал тұқымдары төлдерінің өнімділігі қарастырылады.

Өнімділік дегеніміз – белгілі бір кезеңде (тәулік, ай, лактация, жыл, өмір сүрген уақыт) бір жануардан алынатын өнімнің саны мен сапасы. Ол тұқым қуалаушылықпен анықталады және жануардың түріне, тұқымына, жасына, жеке ерекшеліктеріне байланысты болады. Сонымен қатар, азықтандыру мен күтіп-ұстау жағдайларына да тікелей байланысты.

Төл – ауыл шаруашылық малдарының өсіп-даму процесіндегі жыныстық жағынан толық жетілмеген ұрпағы. Ірі қара мал төлдеріне жас туған бұзау, үш айдан бастап күрек тістерінің тұрақты үшінші жұбының шығуына дейінгі құнажындар, қашарлар, бұқашықтар және піштірілген бұқашықтар жатады.

Жұмыстың мақсаты: Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Сугатовка ауылында орналасқан «Воробьев Н және Ко» командиттік серіктестік жағдайында симментал және қара-ала мал тұқымдары төлдерінің өнімділігін анықтау.

Зерттеу нысаны: Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Сугатовка ауылында орналасқан «Воробьев Н және Ко» командиттік серіктестігінің симментал және қара-ала мал тұқымдары төлдері.

«Воробьев Н және Ко» шаруа қожалығының пайдаланатын жер көлемі 17960,8 га-ды құрайды.

Шаруашылықта негізгі күш ірі қара шаруашылығына бөлінеді. Ал қалған малдар тек қосымша сала ретінде қолданылады. ««Воробьев Н және Ко»» шаруашылығында сүтті-етті бағыттағы симментал тұқымды ірі қара малды өсіреді. Қазіргі кезде бұл шаруашылықта жалпы ірі қара саны 6300-ден асады, ал оның 2100 басы ұрғашы сиыр малы. Оның шамамен 600-дей басын жыл сайын бордақылауға қояды. Қосымша салаларының бірі жылқы, қой-ешкі, тауық өсіреді, сонымен қоса өсімдік шаруашылығы және бақша дақылдары бар.

Симментал тұқымы – сүтті-етті бағыттағы ІҚМ тұқымы. Бұл тұқымды жергілікті сиырларды асылдандыру үшін пайдаланған тиімді, өйткені бұл тұқымның тірілей салмағы басқа сиырларға қарағанда айтарлықтай жоғары келеді. Симментал сиырының дене бітімі өте ірі, сүйегі мықты келеді. Түсі негізінен сары ала, қызыл аласы да кездеседі. Басы үлкен, маңдайы жалпақ, мойыны етті, арқасы мен белі түзу және жалпақ, сандары етті, сирақтарының ұзындығы орташа, сүйек буындары жақсы жетілген. Терісі мықты, ауыр (тірілей салмағының 14%-ын құрайды). Бұзауларының туғандағы тірілей салмағы 36-45 кг, 6 айлығында 190-200 кг-ға жетеді. Сиырларының орташа тірілей салмағы 550-650 кг, бұқаларыныңкі 850-1000 кг. Симменталь сиыры жақсы бордақыланады, еті дәмді. Бордақылаған кезде күніне 0,8-1,0 кг дейін салмақ қосады. Сойған кездегі таза ет шығымдылығы 56-64%. Жылына әр сиырдан 3500-4000 кг, асыл тұқымды сиыр өсіретін шаруашылықтарда 5000 кг, рекорд тұқымдарынан 14000 кг-ға дейін сүт сауылады. Сүтінің майлылығы 3,8-4,2%.

Қара-ала сиыр тұқымы – сүт бағытындағы тұқым. Қара-ала сиыры – сүтті мол беретін, етінің сапасы жақсы ірі қара тұқымдарының бірі. Жергілікті жерге тез бейімделеді. Түсі қара, ала, кейбір сиырлардың жамбасы мен жауырынында ақ жолағы болады. Өнеркәсіптік әдіспен сүт

өндіру технологиясына әбден бейімделген. Бұқасы 850-950 кг, сиыры 470-550 кг салмақ тартады. Жылына 3,7 -4,2 мың кг сүт береді, майлылығы 3,6-3,7%. Ет шығымы 55-57% шамасында.

Зерттеу барысы:

Симментал ірі қара мал тұқымы төлдерінің өнімділігі. Жаңа туылған бұзаулардың салмағы 34-46 кг, 6 айдан кейін олар 180-225 кг жетеді, 1 жасында 230-350 кг-ға жетеді. Симментал төлдерінің өлім көрсеткіші шамамен 4-5%-ды құрайды, бұл көрсеткіш басқа тұқымдарға қарағанда төмен. Туылғаннан кейін бұзаулар бірден аяққа тұрып кетеді және өте епті келеді.

Зерттеу барысында симментал генотипіндегі сиырлардың жоғары сүттілік көрсеткіші емізу кезеңінде жас төлдің өсу қарқындылығына айтарлықтай әсер ететіндігі анықталды. Бұл кезеңде төлдердің орташа орташа тәуліктік салмақ қосуы жуықтап алғанда 1001,8-1031,6 г құрайды. Енесінен бөліп алғаннан кейінгі кезеңде 8 айдан 12 айға дейінгі төлдерде орташа тәуліктік салмақ қосуының төмендеуі байқалды және ол 807-950 г аралығында болды. Бұл бұзаулардың енесінен бөліп алғанға, сондай-ақ азықтандыру рационының күрт өзгеруіне байланысты. 21 айда төлдердің дене салмағының орташа тәуліктік өсімі шамамен 926-954 г құрады.

Жалпы алғанда, симментал төлдерінің салмағы күн сайын шамамен 850-1100 граммға артып отыратындығы белгілі болды. Бір жылдан кейін еркек пен ұрғашы төлдің салмақ арақатынасының айырмашылығы 100 кг-нан асатынын байқауға болады. Симментал бұзаулары тез өседі, бірақ бұл үшін басты шарт – оларды артық мөлшерде азықтандырмау мен аш болмауын қадағалау.

Еті дәмді, өте майлы емес, бұлшықеттері орташа дамыған. Сүйектердің салмағы басқа тұқымдарға қарағанда жоғары. Ол бір жастан екі жасқа дейінгі жас төлдерде 21-24% құрайды.

Май мөлшері 17% жетеді. Еттің сойыс шығымы бұқалар мен бұқашықтарда шамамен 65%, ал сиырлар мен ұрғашы бұзауларда 53-56% құрайды.

Қара-ала ірі қара мал тұқымы төлдерінің өнімділігі. Жаңа туылған бұзаулардың салмағы келесідей екендігі анықталды: ұрғашы бұзаулар салмағы 35-36 кг; бұқашықтар – 40-42 кг. Бұл тұқым төлдері жақсы тәбетімен ерекшеленеді, сондықтан олардың күнделікті өсуі (салмақ қосуы) стандартты азықтандыру кезінде 0,8 кг-ға дейін және бордақылау кезінде 1 кг-ға дейін болды. Осыныған байланысты, зерттеу жүргізілген төлдерде 1,5 жас шамасында салмағы 400 кг-нан асатынын байқадық. Кейбір дараларының салмағы 500 кг-ға жуық болды. Осы жастағы кейбір бұқашықтар таза ірі қара мал тұқымдарының өкілдерімен бәсекелесе алады. Сою кезінде көп мөлшерде майсыз еті береді және еттің сойыс шығымы 60% дейін болады.

Зерттеу нәтижелері: Симментал сиырларлын голштин бұқаларымен қосқан кездегі төлдер, аталық қасиеттеріне байланысты құрдастары етті бағыттағы симменталдарға қарағанда туылған кезден бастап, 3 айға дейінгі аралықта 61,3 кг салмақ қосса, құрдастары олардан 3,6 кг немесе 5,4 % салмақ артық қосқандығы байқалды. Етті бағыттағы симментал төлдері 3 айдан 6 айға дейін және 6 айдан 9 айға дейінгі аралықта сәйкестерінше 3,6 кг немесе 3,7 % және 9,5 кг немесе 10,4 % артық салмақ қосқан. Бұл төлдер 9 айдан 12 айға дейінгі және 12 айдан 18 айға дейінгі аралықта аталық қасиеттері бойынша құрдастарынан 4,6 кг немесе 5,8 % және 6,5 кг немесе 6,5 % салмақ қосқандығы анықталды. Сүтті-етті бағыттағы төлдері туылғаннан 18 айлық жастарына дейінгі аралықта етті бағытта өсірілетін симментал төлдеріне қарағанда орташа 27 кг немесе шамамен 6,6 % салмақ артық қосқан.

Қара-ала ірі қара мал тұқымы сүтті бағытта өсірілетіндіктен, оның төлдерінің көрсеткіштері мынадай: төлдер туылғаннан 18 айлық жастарына дейінгі аралықта етті бағытта өсірілетін симментал төлдеріне қарағанда орташа 24 кг немесе шамамен 5,9%-дай салмақ артық қосқандығы анықталды.

Қорытынды. Қорытындылай келе, «Воробьев Н және Ко» шаруа қожалығының негізгі өнімдік бағыты – мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және мал мен өсімдіктен алған өнімдерді өндейтін өнеркәсіп өндірісі бар, Семей аймағында ірі көп салалы жергілікті халықты жұмыспен толық қамтамасыз ететін шаруа қожалығы болып табылады. Бұл шаруашылық симментал және қара-ала мал тұқымдары төлдерінің өнімділігі бойынша Шығыс Қазақстан облысында ең жоғарғы көрсеткіштерге ие шаруашылықтардың бірі.

Төлдердің өнімділігі жалпы алғанда, олардың өсіру бағыты, салмақ қосуы, тірілей салмағы, өсіп-жетілу қарқынымен сипатталады.

Өнімділік жануарларды азықтандыру, бағып-күту, дұрыс пайдалану жағдайларына тәуелді болғандықтан, көп өзгеріске ұшырайды. Теңгерімсіз, ақаулы және иррационалды азықтандыру кезінде жануарлардың өнімділігі 20-30% дейін төмендейді. Әсіресе рационға зертханалық бақылау

жүргізіп, энергия, протеин, көмірсу, минералды заттар мен витаминдер бойынша теңгерім (баланс) жасаған маңызды.

Сапалы ет өнімін алу үшін симментал және қара-ала тұқымдарына күтім жасау технологиясы екі критерийге сәйкес келуі керек, атап айтқанда: 1. Ылғалдылық пен азынақтың болмауы; 2. Азықтар мен жем-шөптің дым болмауы және сапалы азықтың болуы;

Сондықтан шаруашылықтағы төлдердің өнімділігін арттыруда осыны ескеріп, мал өсіру мен пайдалану жүйесін ғылыми тұрғыдан негіздеу қажет.

Әдебиеттер

1. Б.И. Ысқақбаев «Ірі қара шаруашылығы» Алматы «Қайнар», 1996 жыл.
 2. Е.А. Арзуманян, А.П. Бегучев, А.А. Соловьев, Б.В. Фандеев, «Скотководство», Москва «Колос», 1970-1972 г.
 3. Т. Жолшыбек, «Мал шаруашылығы», Астана: Фолиант, 2019 жыл.
- Электрондық ресурстар:
4. moloko-chr.ru сайты. URL: <https://moloko-chr.ru/articles/byk-i-korova/kharakteristika-simmentalskoj-porody-korov.html#udoj-simmentalskoj-porody-krs-skolko-korova-daet-moloka>
 5. bioros.net сайты. URL: <https://bioros.net/zhivotnye/cherno-pestraya-poroda-korov-dostoinstva-i-nedostatki-pravila-uhoda.html#i-8>

МРНТИ: 68.39.57

Е. Қасымова, С. Базар

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Жетекші: а.ш.ғ.д., доцент А.Ю. Жанадилов

ШҚО ҰЛАН АУДАНЫ "БАГРАТИОН-2" ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНДАҒЫ МАРАЛДАРДЫҢ ӨНІМДІЛІГІ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Марал шаруашылығы – марал өсіретін ауыл шаруашылығы саласы, оның 95 пайызы Алтайда шоғырланған және бірінші кезекте медицинада аса бағалы шикізат – пант өндіреді (сүйектенбеген бұғы мүйізі).

Зерттеудің өзектілігі. Зерттеудің өзектілігі ШҚОда осы нақты сала – марал шаруашылығы жақсы дамыған және "Багратион-2" шаруа қожалығы ірі марал өсіретін шаруашылық болуымен түсіндіріледі.

Зерттеу нысаны – Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы «Багратион-2» шаруа қожалығындағы маралдар.

Тандалған тақырыпқа байланысты **зерттеудің мақсаты** тұжырымдалды: Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы «Багратион-2» шаруа қожалығы жағдайында маралдардың пант және ет өнімділігін зерттеп, қазіргі жағдайын анықтау.

Зерттеу барысы: Маралдардың пант өнімділігі стандарт талаптарына сәйкес өсу кезеңінде алынған бірінші сортты **жүп кесілген мүйіздердің салмағымен** анықталады. Пантылардың массасы малдың жасына қарай, тұқым қуалаушылыққа, күтіп бағу және азықтандыру жағдайларына байланысты өзгереді. Бастапқы кезеңде екі және үш жастағы жас маралдардың пант өнімділігінің көрсеткіштері зерттелді. Зерттеу мәліметтері бес жыл аралығында Шығыс Қазақстан өңіріндегі марал шаруашылығында жүргізілген бонитировка жұмыстарынан алынды.

Алтай-саян тұқымының жас бұғыларында екі және үш жаста шикі және консервіленген мүйіз жұбының салмағы 2 жаста 15,35% және 24,27%, 3 жаста 13,05%-ға және 13,69%-ға жоғарырақ болды. 24 және 36 айлық маралдарда шикі және консервіленген мүйіздердің массасы – **2,54 кг және 1,03 кг**; жергілікті маралдары үшін – **4,06 кг және 1,68 кг**, алтай-саян тұқымды маралдарда бұл көрсеткіш 24 айда, шикі пант – **0,39 кг**, консервіленген пант – **0,25 кг** жоғары болды; 36 айда сәйкесінше – **0,53 кг және 0,23 кг**.

Маралдардың ет өнімділігі жануарлардың түріне, жасына, жынысына және қондылығына байланысты.

Зерттеу барысында малдың жынысына, жасына, қондылығына байланысты сойыс шығымы, ет сорты, ұшалардың морфологиялық құрамы, жанама өнімдерінің сойыс шығымы анықталды.

Алтай-саян тұқымды маралдардың ет өнімділігі жалпы қабылданған әдістер бойынша әртүрлі жыныстағы және жас топтарындағы 80 бас малға дейін зерттелді. Зерттеу барысында малдың жынысына, жасына, қондылығына байланысты сойыс шығымы, ет сорты, ұшалардың морфологиялық құрамы, жанама өнімдерінің сойыс шығымы анықталды. Марал ұшаларының морфологиялық құрамын зерттеу бұл жануарлардың етінің ет өнімділігінің жақсы екендігін көрсетеді.

- Аталық маралдардан алынатын таза ет мөлшері **73,5%**
- Аналық маралдардан **71,8%**
- Аталық төлдерде **69,1 %**
- Аналық төлдерде **65,8%**

Сойыс шығымы көбінесе маралдың қондылығына байланысты. Жынысы мен жасына қарамастан, ең жоғары семіздіктегі жануарларда ол 55,8-57,1%, орташа – 53,2-56,2%, орташадан төмен – 41,7-53,3%. Ересек маралдар жас төлдерге қарағанда көбірек сойыс шығымын береді. Ең жоғары сойыс шығымы 8 жастан асқан қондылығы жоғары бұғыларда (57,1%), ең азы, тиісінше, орташадан төмен қондылықтағы 1,5 жастағы маралдарда (41,7%) болды.

Мал шаруашылығын молайту, саланың өнімділігі мен тауарлылығын арттыру ең алдымен жас малды ұтымды бағытта өсіруге байланысты. «Багратион-2» асыл тұқымды шаруа қожалығында 321 бас марал бар. Біздің көзқарасымызша, маңызды болып табылатын мемлекеттік қолдау шараларына қарамастан, 2017 жылмен салыстырғанда маралдардың көбеюі біршама баяу және бар болғаны 9,45%-ды құрайды. Алтайдығы алтай-саян тұқымды маралдарды осындағы 2 жаста әкелінген марал популяциясымен салыстырғанда артықшылығы 1,1 кг (2 есе көп); 4-5 жаста - 0,9-дан 1,3 кг-ға дейін (1,2 және 1,3 есе); Бұрынғы зерттеулерде қожалыққа әкелінген алтай-саян тұқымды маралдардың популяциясында пантылардың орташа салмағы Алтай Республикасында өсірілетін сол тұқымды маралдарға қарағанда төмен екені анықталды.

Әдебиеттер

1. Бессонова Н.М., Петрусева, Н.С. Проведение испытания на отличимость, однородность и стабильность при создании породы алтае –саянского марала// Мат. междунар. конф. «Биоразнообразие, проблемы экологии Горного Алтая и сопредельных регионов: настоящее, прошлое, будущее» (22–26 сентября 2008 г.): в 2ч. –Горно-Алтайск: РИО ГАГУ, 2008. Ч. 2. С .207–211.
2. О состоянии, проблемах и перспективах развития мараловодства в хозяйствах Восточно-Казахстанской области: анализ управления животноводства. – Усть-Каменогорск, 2011. – 8с.
3. Луницын В.Г. Пантовое оленеводство России / В.Г. Луницын. – Барнаул, 2004. – 583 с.
4. Луницын В.Г., Огнев С.И., Краснолободцев П.И. Методика оценки качества пантов марала. – Барнаул: Алтай, 2007. – С 8-9.
5. Жексекенев З.Ж. Пантовое оленеводство Восточного Казахстана. – Алматы: Бастау, 2002. – С. 102-153.
6. Пятков Л.П., Прядко Э.И. Мараловодство. – Алма-Ата: Кайнар, 1971. – С.10-48.
7. Егерь В.Н., Санкевич М.Н. Влияние возраста и живой массы маралов- рогачей на их пантовую продуктивность: тр. ин-та НИИПЗиК. – М., 1989. – С.200-207.
8. Егерь В.Н., Деев Н.Г. Пантовое оленеводство. – М., 1994. – 128 с.

ҒТАХР: 68.39.57

Г. Камзаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: к.с/х.н., доцент, кафедра меңгерушісі К.Х. Нуржанова

ШҚО ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ЖЫЛҚЫЛАРЫН ЖАЙЫП-СЕМІРТУ ЖӘНЕ БОРДАҚЫЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Бордақылау – малды сапалы ет пен майды көп алу үшін сояр алдында жемге байлап қолдан семірту. Ересек ірі қараны, негізінен жасы жетіп жарамсыз деп табылған сиырды Бордақылау бастапқы күйіне қарай 2 – 3 айға созылады. Бордақылау үш кезеңге бөлінеді: бастапқы кезеңде малды азықтандыру рациондарына үйретіп, негізгі қолданылатын азықты мейлінше көп жеуге

дағдыландырады да бордақылаудың орта кезеңінде бірқалыпты деңгейде ұстайды. Бұл екі кезең бойында жемді үнемдеп береді. Бордақылаудың соңғы кезеңінде негізгі бордақылау азығын 20% шамасында азайтып, орнына құнарлы азықтарды, жемді көбейтеді. Сонда ғана бордақыдағы малдың тәбеті жақсарып, қосымша салмақ қосу деңгейі артады, ет пен майының сапасы жақсарады. Бордақылау кезінде малды жиі - тәулігіне 3-4 рет азықтандырып, таза сумен қажетінше қамтамасыз етеді. Бордақылау кезеңінде сиыр тәулігіне 800 – 1000 г үстеме салмақ қосып тірілей салм. 18 – 20%, сойыс салм. 40%-ке артады, етінің сапасы да жақсарады. 12 – 14 айлық тайыншаларды Бордақылау 3 – 4 айға созылады. Бордақылау маусымында жас малдың салмағы 1,5 есе, еті мен майы 2 есе, етінің калориясы 3 есе артады. Етке өткізетін еркек бұзауларды өсіру мен Бордақылау процестерін толассыз өзара ұштастыру арқылы Бордақылау соңында тайыншаның салмағын 12 – 13 айлығында 380 – 400 кг-ға, 16 – 18 айлығында 450 – 500 кг-ға жеткізуге болады. Бордақылау жұмысын дұрыс ұйымдастырғанда, ірі қара тәулігіне кемінде 1 кг салмақ қосады. Сиырдың күтімі жылқыға қарағанда жеңілрек. Оған түрлі шөпті беруге болады, күйсеп тұра береді. Малға әуелі аралас жем (комбикорм) беру ұсынылады. Мұндай жемнің құрамында жеті түрлі қоспа болады. Бұқаны екі-үш ай, жылқыны 40 күн арнайы тәртіп бойынша күту қажет деп ойлаймын.

Шошқа жасына қарай ет немесе май алу үшін бордақыланады. Шошқа етін өндіру үшін салмақ 25 – 30 кг 3 айлық торайларды 6,5 – 7,5 айлығында 100 – 120 кг-ға жеткенге дейін бордақылайды. Бордақылау қой өсіруде де жиі қолданылады. Қозыны 4,5 – 5 айлығынан бастап салм. 40 – 60 кг-ға жеткенше бордақылайды. Биязы жүнді қойдың қозысын 8 – 8,5 айлығына, биязылау және қылшық жүнді тегене құйрықты қойлардың қозысын 7 – 7,5 айлығына дейін, етке соятын саулық, қошқар, ісектерді басында жайылымда семіртіп, кейін 1 – 1,5 ай қолда жемдеп бордақылайды. Арнайы қой Бордақылау кешендерінде қозы Бордақылау 4 – 4,5 айлығынан 13 – 14 айлығына дейін жүргізіліп, салм. 55 – 65 кг-ға жеткізіледі, алдын ала (1,5 – 2 ай бұрын) қырыққаннан кейін етке өткізіледі. Соғымға белгіленген сақа жылқыны қысқа мерзімде жедел, қоңы орташаларын 35 – 45 күн, қоңы төмендерін 50 — 60 күн бордақылайды. Бұл кезде жылқы тәулігіне орта есеппен 1 – 1,5 кг үстеме салмақ қосады. Жылқы – ерекше күтімді қажет ететін жануар. Ол кез келген шөпті жемейді. Қазір жылқыға семірту үшін арнайы дәрі егетін болған. Сол дәрінің арқасында ол бір айға жетпей семіріп шыға келеді. Бұл – аз уақыттың ішінде семіртудің амалы. Мұндай екпелер тек ірі қараға әсер етеді. Бірақ еті құнарсыз, дәмсіз келеді. Екпемен семірген жылқының майы аппақ болады. Қайнатқанда майы су сияқты ағып кетеді.

ШҚО аумағындағы шаруа қожалық жылқыны семірту үшін оған жоңышқа мен жем береді. Ол жүгеріні арнайы машинамен үгітіп беру тиімді екенін айтады. Жүгеріні бұқтырып беретіндер де бар. Кез келген малды дұрыс күте алса, уақытында жем, суын берсе, бордақыланады. Ал ешкі әлсіз мал, сондықтан оны семірту қиын. Әсіресе, қыста ешкіні семіртуді қолға алмас едім, – дейді шаруа иесі. Кейде шаруалар малды тез семірту үшін шоколад, вафли, макарон, тіпті, картон қағазын беріп жатады. Бұл қаншалықты дұрыс не бұрыс? Малды соғымға арнап семірту үшін аралас жем мен сүрленген шөп міндетті түрде беріледі. Макарон өнімдерін, вафли мен шоколадты малға беруге болмайды. Тіпті, шоколад беру қауіпті. Егер мал сүтті болсын десеңіз, минерал дәрумендер қоспасын, премикстерді қолданған жөн.

Мал Бордақылаудың тиімділігін арттыру үшін түліктің барлық түрлеріне ортақ өсіп-даму заңдылықтары басшылыққа алыну керек. Жас малды бордақылағанда алғашқы кезде оның салмағы ет пен сүйегінің толысуына байланысты жүреді де, үстеме салмаққа азық аз жұмсалады, ал одан кейінгі салмақтың артуы (өсуі) денедегі майдың түзілуіне байланысты болғандықтан, азық шығыны көп жұмсалады. Мысалы, еркек бұзауға тәулігіне орта есеппен 1 кг салмақ қосу үшін 6 – 9 айлығында 7 – 7,5 кг, 9 – 12 айлығында 8 – 9 кг, 12 – 15 айлығында 9 – 10 кг, ал 15 – 18 айлығында 10,5 – 11,5 кг азық өлшемі жұмсалады.

Ветеринар мамандардың айтуынша, малды семірту үшін әуелі оның әрқайсының тұқымына байланысты арнайы рацион дайындау керек. Жануарға рацион дайындаумен мал технигі (зоотехник) айналысады. Рацион малды соғымға сою немесе сүтті молынан алу мақсатына қарай ерекшеленеді. Дені сау мал ғана тез қоң алып семіреді. Сондықтан Бордақылауға қойылған мал бақылауда болуы қажет. Бордақылайтын табын құрамындағы малдың тұқымы, жасы, жынысы, салмағы, қоңы бірдей болғаны дұрыс.

Малдың төлдерін етке өсіру және етке дайындаудың тиімді, заманауи технологияларын орынды пайдалану, қаржылау шығындарды үнемдей отырып, етті мал тұқымдарына ғана тән биологиялық қасиеттерді толығымен пайдалану арқылы ет өндірудің тиімділігін арттыруға болады. Ет өндіру өндірісіне қарқынды технологияларды енгізу 18-20 айлық жастағы малдан қоңдылығы жоғары сойыс малын алуға, ал пішпелерді соңғы екі айында қарқынды бордақылауға қойып,

байлауда-жайылымда бағу жүйесі арқылы күтіп-бағып, 20-22 айлық жастарында, жоғары қондылықпен сойысқа жіберуге мүмкіндік береді. Еттің сапасы бойынша ең құнды малдарға ұшасы мен таза еттің шығымы жоғары, құнарлы заттардың байланысы жақсы сойыс малдар жатады. Сол себепті малдың төлдерін етке тапсыру үшін өсіру кезеңінде ең негізгі мақсат – қысқа мерзімді ішінде малды бордақылау және жайып бағу арқылы тірідей салмағын жылдап арттырып, тез қон жинай алатын мал өсіру. Ағзасы үдемелі өсіп келе жатқан жас төлдерді құнарлы, толық құнды азықтармен азықтандыру мәселесін дұрыс ұйымдастыру арқылы, келешекте өнімділігінің сапасы мен сандық көрсеткіштері жоғары сойыс малын өсіре аламыз.

Әдебиеттер

1. Бегімбетова Г.С., Жүнісов А.М. Жылқы шаруашылығы. Оқу құралы, Алматы, 2006, – 189бет.
2. Акилейков Б.А.Омарқожаұлы Н., Шуркин Р. Мал шаруашылығы практикумы. Астана – 2007.
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл, ISBN 5-89800-123-9, II том
4. <https://stud.kz/referat/show/71745>

ҒТАХР: 68.39.29

Б. Есболатова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: К.Х. Нуржанова, а.ш.ғ.к., доцент, кафедра меңгерушісі

ШҚО ЖАҒДАЙЫНДА ЕТ БАҒЫТЫНДАҒЫ ІРІ ҚАРА МАЛДЫ АЗЫҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ КҮТІП-БАҒУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Қазақстанда етті ірі қара малдың алты тұқымы топтастырылған. Олар қазақтың ақбас сиыры, әуликөл, санта-гертруда, «Жетісу» тұқымшыл сүлесі, галловей, геррефорд және қалмақ сиыры. Соңғы жылдары отандық етті ірі қара малды дамытуға баса назар аударылуда. Отандық алғашқы шығарылған етті ірі қара мал тұқымы - ол қазақтың ақбас сиыры 1950 ж. сынақтан өткен. Тұқым жергілікті қазақтың сиырын геррефорд тұқымы бұқаларымен күрделі будандастыру нәтижесінде алынған.

1992 ж. тағы да бір отандық етті ірі қара мал тұқымы - әуликөл сынақтан өтті. Бұл тұқым күрделі шағылыстыру негізінде алынды. Бұл тұқымды алуға қазақтың ақбас сиыры, шароле және абердин-ангус секілді үш етті бағыттағы ірі қара мал тұқымдары қатысты. Жаңа тұқымның бойында жергілікті табиғиклиматтық, жағдайға бейімделу қабілеті бар. Жаңа тұқым аса сапалы, еттілікті – қазақтың ақбас сиырынан, тез жетілгіштікті – абердин-ангустан, ауыр салмақтылықты және қарқынды өсуді – шароле тұқымынан бойына сіңірді десек қателеспейміз.

Қазақстанның етті ірі қара малының генетикалық әлеуеті мейлінше жоғары. Қазақтың ақбас сиыры мен әуликөл тұқымдары бұқаларының рекордты тірілей салмағы 1200-1400 кг, ал сиырларының салмағы 800-1030 кг құрайды. Іс жүзінде көптеген шаруашылықтарда елімізде өсірілетін етті ірі қара мал тұқымы өнімділігінің генетикалық әлеуетінің бар болғаны 50-60%-ын ғана пайдаланады.

Қазіргі таңда, елімізде етті ірі қара мал етін өндіру негізінен сүтті және сүтті-етті бағыттағы өнім беретін ірі қара мал тұқымдарын бағып, өсіріп дамыту негізінде өз шешімін тауып отыр. Сонымен қатар, ет өндіруде елімізде арнайы шығарылған етті бағыттағы ірі қара мал тұқымдарының да алатын орны ерекше. Етті бағыттағы ірі қара мал тұқымдары ет өнімділігінің молдығымен, етінің сапалылығымен, тез өсіп жетілгіштігімен және оларға жұмсалған азықтың толықтай қайтарылымымен ерекшелінеді.

Ірі қара малын өсіп-жетіліп, одан мол өнім алынуы үшін оның дұрыс азықтандырылуы басты шарт. Ол үшін сиыр организмне қандай қоректік заттар қаншалықты мөлшерде қажет екендігін білу керек. Себебі, бұл қажетті қоректік заттар малдың жасына, өнімділік бағытына, тұқымына байланысты. Сиырға берілетін азықтарды олардың қоректілігіне, құнарлығына және басқа қасиеттеріне қарай ірі, шырынды және жем азықтар деп бірнеше топқа бөледі.

Етке арналған ірі қараны Қазақстан жағдайында келесі рацион құрамымен азықтандыруға болады: 6-9 айлықтарында бір басқа тәулігіне 9-10кг жүгері сүрлемі, 2,5кг пішен, 1,3-1,5 кг дән

қалдықтары, 30г ас тұзы, 60г үшкальцийфосфат; тб мал өскен сайын беретін азық көлемі де өсе береді.

Етті ірі қара мал шаруашылығында ет өндірудің ең өзекті мәселелерінің бірі, ол ең қажетті, ең ыңғайлы технологияны ұйымдастыра білуде болып отыр.

Азықпен толықтай қамтамасыз етіп, ұдайы, қарқынды үдемелі түрде бағып өсіргенде ғана етті ірі қара мал тұқымдарының өзіне тән ет өнімділігін, ет шығымын арттыруға және ет сапасын толығымен жақсартуға болады.

Жемазықтар қуатты, маңызды, малға жұғымды келеді. Жемге: сұлы, қара бидай, арпа, тары, жүгері, т.б. дәндері жатады. Өндіріс қалдықтарынан: кебек, күнжара, кептірген жом, т.б. жатады.

Соңғы кездері құрама жем өте маңызды орын алып келеді. Бұл бірнеше азықтардан, әсіресе, әр түрлі жемдерден араластырылып, дайындалады. Ірі қара малына жем-шөп бергенде тұз, бор, сүйек ұны және сол сияқты минерал азықтарды да қосып береді.

Ет бағытындағы ірі қара шаруашылығындағы барлық жемшөп шығынының 45-50%-ы аналық бастардың үлесінде. Сондықтан да, бұл саланың, тұтастай алғанда пайдалы болуы көбінесе ірі қараның осы тобын азықтандыру мәселелерін дұрыс шешуге байланысты. Жергілікті жерлерде өндірілетін сабан, топан және егін шаруашылығының басқа да қалдықтары сияқты арзан жемшөпті кеп көлемде пайдалана алатындығына қарамастан, олардың мерзімдік азық үлестері жұғымды және минералды заттардың, сондай-ақ витаминдердің қажетті мөлшерлерімен қамтамасыз етілуі тиіс.

Елімізде бордақылаудың екі түрлі технологиясы пайдаланылады.

Біріншісі – жоғары қарқынды үдемелі технология. Бұл технология бойынша энергиясы жоғары азық құрамын пайдалана отырып еркек бұзауларды енесінен бөліп, суалтқаннан соң бірден қарқынды бордақылауға қояды да, 15-16 айлығында тірілей салмақтары 450-480 кг жеткенде етке өткізеді. Мұндай жағдайда бұқашықтардың орташа тәуліктік салмақ қосуы 900-1000 г-нан кем болмайды. Бордақылау алаңдарына мал топтарын жасына, тірілей салмақтарына, қондылықтарына қарай біркелкі малдан топтастырады.

Екінші технология – жас малды қыс мезгілінде күтіп-бағып жетілдіруге бағытталған. Бұл технология бойынша жас малдың орташа тәуліктік салмақ қосуы 800-900 г болуы қажет. Жайылымдық маусым басталысымен бұзауларды жақсы жайылымдарға шығарып жайып, жайылым шөптерін толығымен пайдалана отырып, 18 айлығына дейін қарқынды бордақылайды. Сиыр егін өндірудің бұл технологиясы тиімді деп есептелінеді, өйткені шаруашылықтарда жас мал екі жаз бойы табиғи жайылымдардың арзан көк балауса шөбімен қоректеніп өседі.

Қорытындылай келе Шығыс Қазақстандағы етті ірі шаруашылығы кәсібінің басым үлесі «Шалабай» шаруа қожалығына тиесілі. ШҚО ұзақ жылдар мал тұқымын асылдандыру, ет өнімділігін арттыру бағытында мақсатты түрде жұмыс істеп келеді. «Шалабай» шаруа қожалығында етті бағыттағы 2600-ден аса қазақтың ақбас сиыр тұқымы өсіріледі. Қазақтың ақбас сиыры тез жетілгіш және жақсы бордақыланады. Қазақтың ақбас сиыры қуаң да қатаң ауа райына төзімді, азық алғамайды және өз ішінде өсетін қасиеті де жақсы.

Сондықтан, селекционерлер алдында екі мақсат қойды. Олар: біріншіден, тұқым арасынан етті малды таңдап алып оны интенсивті түрде пайдалану және ол малдың тобынан гурт, ферма құру, қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру. Екіншіден, дұрыс азықтандырып, жақсылап күтіп- бағу.

Әдебиеттер

1. «Мал азықтандыру», Алматы, 2000ж., Е. Демеуғалиев
2. «Қолда Мал өсіру», Алматы, 1995ж. «Қайнар»
3. «Мал азықтандыру», Алматы, Н. Омарқожаев, 1995ж.
4. «Малды құнарлы азықтандыру», Алматы, 1993ж., Н. Омарқожаев.
5. «Мал өсіру», Қостанай, 1993ж., Ж.К. Кәрімов
6. «Ауыл шаруашылығы малдарын азықтандыру практикумы» – Талғар, 1994ж. I-II бөлімдер. А. Дәрібаев, Ж.С. Әткешов
7. А.П.Колацников, «Нормы и рационы кормления сельскохозяйственных животных», Москва, 1985г.

СЕКЦИЯ 18: РАСТЕНИЕВОДСТВО

МРНТИ: 68.35.51

Б. Танирбергенов

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті
Ғылыми жетекшісі: А.А. Ахметова

ҮРЖАР АУДАНЫНДА ҚАРБЫЗ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Қарбыз – жылу сүйгіш, ыстыққа және құрғақшылыққа төзімді өсімдік, бірақ үсікке төзімсіз. Негізінен, өңделіп тыңайтылған жердің топырағында жақсы өседі. Мал азықтық қарбыздың салмағы 10 – 15 кг. Құрамында 2 – 3% қант болады. Қарбыздың жабайы өсетін, асханалық және азықтық үш түрі белгілі. Барлық аудандастырылған сорттары мәдени түрінен шыққан. Тамыры тармақты. Жапырақтары ірі, гүлдері ақсары түсті, сабағы төселмелі, ұзындығы 2 – 3 м-дей болады. Гүлі дара жынысты, бір үйлі, кейде екі үйлі. Түсі ақ, ала, қоңыр жасыл жолақты. Жемісі тәтті шырынды қызыл, қызғылт, күрең қызыл, сирегірек ақ және сарғыш болады. Тағамдық қарбыздың салмағы 0,6 – 16 кг, құрамында 11% қант, витамин, т.б. заттар бар. Қарбыз – бұл 90% дерлік судан тұрғандықтан, шөлді жақсы басады. Мәйегінде ақуыздар мен майлар жоқ, бірақ тез еріп, қуат беретін көмірсулар көп. Бұл жеміс, әсіресе, физикалық белсенді адамдар үшін пайдалы. Жаттығу кезінде аздап қарбыз шырынынан немесе бір тілімінен дәм татсаңыз, денедегі су қорын толтырып, қантпен қанықтырады. Ресми медицинада қарбыздың тек дәнегі қолданылады. Одан алынған май сығындысы бүйрек ауруларын емдейді. Аталған май зәр қышқылы мен несеп айдауға тез әсер етіп, бүйректі құмнан тазартады. Алайда бұл дәрі-дәрмекті дәрігердің арнайы нұсқаулығымен ғана пайдалануға болады. Қарбыздың мәйегі мен қабығын көптеген елдер халықтық медицинада игілігіне жаратады. Жоғарыда айтылғандай мұнда да, ең алдымен, қарбыздың несеп айдау әсері бірінші кезекте тұр. Ал Қытай медицинасы қарбызды организмнен барлық ауруларды алып тастайтын «салқындатқыш» құралға жатқызады. Сондай-ақ, қарбыздың қабығынан, мәйегінен жасалған қайнатпа мен компресстер терідегі жараларды емдеуді тездету үшін қолданылып, дәнегінен шай дайындалады. Көбінесе қарбызбен улану нитраттармен байланысты емес. Қарбыз жердің өзінде өсетіндіктен, олар мұқият тазалап жууды қажет етеді. Қарбыздың қабығы жылтыр, сондай-ақ қою жасыл болуы керек. Қарбыздың жерге тиген бөлігі бір жағында дақ болып тұрады. Егер дақ ақ емес, сары немесе қоңыр болса жақсы. Піскен қарбыздың бас ұшы құрғақ, қылшық бетінде құрғақ жіп тәрізді жолақтар болуы мүмкін. Сонымен қатар ұрған кезде саңырау емес, ашық естілетін дыбыс шығады. Қарбызды бөлме температурасында бірнеше апта бойы сақтауға болады. Салқын, қараңғы жерде жеміс бірнеше ай бойы сақталады, алайда ол кезде құрамындағы біраз қоректік заттарды жоғалтады. Ал кескеннен кейін, мәйегін ауа өткізбейтін пакетпен немесе фольгамен жабу керек. Бұл күйінде қарбызды тоңазытқышта төрт күнге дейін сақтауға болады.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі: ШҚО Үржар ауданы “Балжан” шаруақожалығында негізінен күнбағыс, арпа, бидай, қауын-қарбыз, мал азықтық жемшөп дақылдары оның ішінде: жоңышқа, эспарцет және т.б өсімдіктерді өсірумен айналысады.

Қарбыз, асқабақ тұқымдасына жататын бір жылдық өсімдік. Дүниежүзінде 500 ден аса асханалық сорттары бар. Кеңінен тарағандары ерте пісетін 55-65 күн, орташа пісетін 75-90 күндік болып бөлінеді. Үржар ауданында ерте пісетін қарбыз сорттарын ұрықтай немесе көшеттей сәуір айының аяғы мен мамыр айының бастапқы күндерінде отырғызылады, ал орташа пісетін сорттары мамыр айларындағы суықтардан кейін ұрықтай егіледі. Қазақстан бойынша ең бірінші қарбызды сатылымға шығарылатын жер Оңтүстік аймағы. Менің жүргізген ғылыми жұмысымның негізгі мақсаты: ұрықтай жерге егілетін қарбыз бен көшеттей отырғызылатын қарбыздың айырмашылығын анықтау болатын.

Мен тәжірибеге қарбыздың 3 сортын алдым. Олар: Топган F1, Каристан F1, Продюссер. Осы сорттарды өсіру барысында көптеген айырмашылықтар байқалды (кесте 1).

Кесте-1 – Жүргізілген тәжірибе бойынша қарбыз сорттарының айырмашылықтары

Сорт түрлері	Пісу уақыты	Өнімділігі	Бағасы
Топган F1	58-62 күн, 10-шы шілде	8-10кг, көшеттей	300тг
Каристан F1	60-65 күн, 15-ші шілде	10-12кг, көшеттей	130тг
Продюссер	90 күн, тамыздың 10-15-і аралығында	12-16кг, ұрықтай	13,5тг

Қорытындылай келе, қарбыз өсіру технологиясы жылдан жылға дамып келеді. Тәжірибе жасаған сорттарға келетін болсам: Топган F1, Каристан F1, Продюссер . Пісу уақыты бойынша Топган F1 ең ерте пісіп шықты (58-62 күн, 10-шы шілде) . Келесі болып Каристан F1 (60-65 күн, 15 шілде). Ең кеш піскені Продюссер (90 күн, тамыздың 10-15-і аралығында) . Бағасы жағынан келетін болсам, Топган F1 -300 тг. , Каристан F1 - 130тг., Продюссер- 13,5 тг . Продюссер сорты ең кеш піседі. Ең тиімді, табыс көп алып келетін Топган F1 сорты. Себебі, тез піседі және бағасыда жоғары болады.

Әдебиеттер

1. Шаңырақ: Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы: Қаз. Сов. энцикл. Бас ред., 1990
2. Ә.Ә.Әуезов, Т.А. Атақұлов, Н.Ш. Сүлейменов, Қ.Ш. Жаңабаев «Егіншілік» Алматы 2005ж.
3. Қ.Н Оразынбетова «Тәжірибе ісінің негіздері» Алматы 2013.
4. Н. Г. Щепетков, М.Ә. Ысқақов ЖЕМІС-КӨКӨНІС ШАРУАШЫЛЫҒЫ ОҚУЛЫҚ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі оқулық ретінде бекіткен Алматы, 2011.
5. Изтаев Ә.І., Ермекбаев С.Б. «Өсімдік шаруашылығының негізінде астықтану».Алматы, 2014 жыл

ҒТАХР: 68.35.29

А. Ержанова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті
Ғылыми жетекшісі: А.А. Ахметова

ЖАЗДЫҚ БИДАЙДЫҢ ӨСІП ДАМУЫНА СЕБУ ТЕРЕҢДІГІНІҢ ӘСЕРІ

Зерттеу жұмысының мақсаты: егіс тереңдігінің жаздық бидайдың өсуіне және дамуына әсері.

Міндеттері: себу тереңдігінің сипаттамаларын анықтау; жаздық бидайдың тамырында болатын өзгерістерді бақылау; колеоптиль мен эпикотильдің ұзындығының өсімдікке тигізетін әсерін зерттеу.

Жаздық бидай өте көп таралған, барлық бидай егістігінің 75-80 % алып жатыр. Негізінен 2 топқа бөлінеді, жұмсақ және қатты болып. Құрамындағы ақуызы 16-18%, ал құрғақшылық жылдары – 20% дан астам болады.

Жаздық бидайдың биологиялық ерекшеліктері:

Тамыр жүйесі жетілген, бірақ қоректік заттарды сіңіру қабілеті жоғары емес. Сондықтан да құнарлы топырақта өсіріледі.

Тұқымы 1-2°С көктеп, топырақ бетіне 4-5°С өсімдік көгі шыға бастайды.

Жаздық бидайдың түптенуі 10-12°С температурасында жақсы өтеді.

Ылғалды ұнататын дақыл. Түптену кезінен бастап, дән болғанға дейін көп қажет етеді.

Дақылдың отырғызу тереңдігі – бұл ең негізгі болып саналатын параметр, өнімділікті жоғарылатуға немесе өнімнің мүлде болмауына әсерін тигізеді. Сондықтан да дақылды отырғызар алдында мына параметрлерге сүйенеміз:

1. Параметр

Егер отырғызылатын тұқым кішкентай болса, онда отырғызу тереңдігі де дәл солай. Ал егер отырғызылатын тұқым ірі болса, онда сәйкесінше тереңдігі де дәл солай. Бұның мәні тұқым ірі

болса, онда топырақтың тереңгі қабатынан көктеп шыққанға дейінгі қоректік заттарды кішкентай тұқымдардың қарағанда жақсы сіңіреді.

2. Параметр


Топырақтың температура режиміне байланысты болады.

3. Параметр

Бұл отырғызылатын тұқымға топырақтың гранулометриялық құрамының әсері.

Ауыр сазды топырақтарда – өнім беру төмен, бірақ терең. Топырақтан жарып шығарылуы өте ұзақ уақытты алады.

Ал жеңіл топырақтарда – керісінше өнім беру жағы өте жақсы және бетінде (сурет 1).



1 – Колеоптиль; 2 – Алғашқы жапырақ; 3 – Түптену буыны; 4 – Эпикотиль

Сурет 1

Колеоптильда – ең алғашқы жапырақ пайда болады. Сабқтың бастамасы деп айтамыз.

1) Қысқа колептильді сорт. Колеоптильдің ұзындығы 4 см кіші болмауы керек.

2) Орташа колептильді сорт. Колеоптильдің ұзындығы 4-5 см аралықта болады.

3) Ұзын колептильді сорт. Колеоптильдің ұзындығы 6 см-ден жоғары болады.

Эпикотиль – тұқым тамыр мен үстінде пайда болғандарын біріктіреді. Қысқа болуы керек.

Бактерия, ауру, зиянкестер шоғырланатын орган болып табылады.

Эпикотильдің ұзындығы мына параметрлер бойынша жүзеге асады:

1) Тұқымның отырғызу тереңдігіне

2) Түптену буынының ұзындығына байланысты

Қорыта келгенде қысқа колептильді сорттарға қарағанда, 9-10 см болатын ұзын колептильдің ауру жұқтыруы 51 % құрайды. Сонымен қатар бұл келесі факторларға алып келеді: Өсімдіктің әлсіз болып өсуі және қоректік заттарды сіңіре алмауы, бұл дегеніміз-ұзын колеоптиль және ұзын эпикотиль патогенді микрофлораға әсер етуіне байланысты.

Әдебиеттер

1. «Агрономия негіздері» (авторлар: ЖаңабаевҚ., Арыстанғұлов С.) Астана – 2010жыл

2. ҚазССР. Қысқаша энциклопедия - 2том. Алматы – 1987 жыл

3. <https://ru.wikipedia.org>

4. <https://www.booksite.ru>

5. <https://dic.academic.ru>

МРНТИ: 68.35.01

А. Алмабай, А. Бақытқызы, А. Жүмәділ

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті

Ғылыми жетекшісі: А.А. Ахметова

ЖЫЛЫЖАЙ ЖАҒДАЙЫНДА АРБУСКУЛЯРЛЫҚ МИКОРИЗАНЫҢ ӨСІМДІКТЕРДІҢ ТАМЫР ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Саңырауқұлақтардың биоәртүрлілігі. Саңырауқұлақтардың көптеген түрлері өсімдіктердің трофикалық жанама байланыстар болуы мүмкін.


❖ Фитопатогендер

- ❖ Эндифиттер
- ❖ Микориза түзушілер
- ❖ Шөптесін және сүректі өсімдіктердің қалдықтарында сапротрофтар
- ❖ Ризоплан (тамыр беті) және ризосфера саңырауқұлақтары (тамыр аймағы) өзекті топ.

Микориза – жер үсті өсімдіктерінің қалыптасуына және одан әрі жұмыс істеуіне әсер еткен ең маңызды саңырауқұлақ – өсімдік симбиозы.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі: Біз бұл зерттеу жұмысын Базилик және Салат жапырағына жүргіздік. Оның біріншіден екі ыдысқа отырғызамыз. Бірі микоризамен, екіншісі микоризасыз. Мына суретте айқын көре аламыз, микоризасыз өскен өсімдіктің тамыры қалыпты деңгейде өскенін. Ал микоризамен өскен өсімдіктің тамыры жақсы жетілген және шашақталған.

Арбускулярлы микориза (АМ) – саңырауқұлақтардың 230-ға жуық түрін, міндетті түрде симбиотрофты кейде факультативті микоризальды түрін біріктіреді. Оның екі түрі белгілі:



- 1) **Арбускула** – симбиондардың негізгі байланыс аймағы және тірі өсімдік жасушасында табылады.
- 2) **Везикулы**– сақтау құрылымдары жұқа қабырғалы, ісінген, жасушааралық немесе жасушаішілік липидтермен толтырылған.

Кесте-1

Микоризальқ симбиоздың негізгі белгілері			
Симбиозға өсімдіктің жер асты мүшелері мен жасушааралық кеңістігінде орналасқан саңырауқұлақ гифалары жатады.	Симбиоз – серіктестердің ұзақ бірлескен эволюциясының өнімі.	Симбионттар арасында „гендік диалог” нәтижесінде мамандандырылған.	Микориза – әртүрлі қызмет атқаратын микроорганизмдер жиынтығын қамтитын мультитрофты кешен.

Қорытындылай келгенде:

- өсімдіктердің қоректену аймағын ондаған есе арттырады;
- Трансплантация кезінде өмір сүруді жақсартады, аурудан, зиянкестерден және стресстен қорғайды;
Орыс әдебиеттануындағы «тарихи мектеп» бағытының өкілдері қаһармандық эпос пен тарихи жырдың арасындағы айырма шығармалардың дүниеге келген уақытына қатысты деп білді. Олардың айтуынша, тарихи жырлар мен батырлық жырда да нақты тарихи тұлға мен өмірде орын алған оқиғалар суреттелген, уақыт өте келе, адам аттары мен өмірде шын болған оқиғалар ұмытылып, жалпы типтік мотивтермен ауыстырылған. Ал тарихи жырлар болса, кейінгі ғасырларда пайда болып, эпикалық формаға көшіп үлгермеген. Сондықтан да олардың тарихи мазмұны өзгеріске ұшырамай, жақсы сақталған. «Тарихи мектеп» өкілдері тарихи жырларды эпос дамуының соңғы сатысы деп таныды.

Белгілі ғалым Едіге Тұрсыновтың тарихи жыр-өлеңдердің тегі мен дамуына қатысты пікірі де орыс ғалымдарының тұжырымдарына жақын: «Эпос атаулыға ортақ ерекшеліктердің бірі – ол суреттелетін тарихи оқиғалардан неғұрлым алшағырақ тұрса, соғұрлым тарихи шындық көлегейленіп, нақтылықтан жалпылыққа ауыса бастайды, нақтылы оқиғаларды суреттеудің орнына белгілі дәуірге ортақ типтік оқиғаларды көрсетеді, сөйтіп, нақтылы тарихи оқиға типтік оқиға сипатына ие бола бастайды. Ақыр аяғында нақтылы тарихи оқиғалардың ізімен пайда болған шығарма белгілі бір дәуірде орын алатын типтік оқиғалардың жалпы суреттемесі болып дүниеге келеді» [1]. Бұл үрдіс көшпелі түркі, монғол халықтарының фольклорына да тән құбылыс. Басқаның мұрасын айтпағанның өзінде, қазақтың «Едіге», «Қарасай – Қазы», «Шора» атты қаһармандық жырларын «Абылай», «Кенесары – Наурызбай», «Жанқожа», т.б. тарихи жырлармен салыстырсақ та жеткілікті. Тарихи жырлардың жанрлық өзгешеліктері туралы қазақ ғалымдары жазған еңбектер аз емес. Бірақ солардың басым көпшілігінде тарихи жыр табиғаты бұрынғыдай батырлық жырлармен салыстыру барысында анықталады. Алайда ол салыстырулар дәуірі басқа, мазмұны мен типі басқа тарихи жырлардың эпоспен байланысу өзгешеліктерін анықтап бере алмайды. Олардағы эпос поэтикасына тән бейнелеу амалдарының мөлшері мен қолданылу аясын да көрсете бермейді. Б.Н. Путилов айтқан «Екі жанрдың байланысын анықтау үшін эпос пен тарихи өлеңдерді жалпы теориялық салыстырулардан шығып, нақты тарихи зерттеулерге көшу қажет» [2, 74 б.] деген сөзі ақылға қонады. Бірақ сол Путиловтың өзі тарихи жырдың эпоспен байланысына көп тоқталған. Тарихи жырлардың қазақ фольклорының өлеңмен өрілген түрлі жанрлармен әрқандай байланысын зерттеп, жанрлық спецификасын, түп тегін, пайда болу процесін түсінуге мүмкіндік береді.

Тарихи аңыздар мен тарихи жырлардың арасында тығыз байланыс бары анық. Бұлардың жанрлық бітімінде алшақтық көп (проза мен жыр), олардың сюжеттері де қайталанбайды, бірақ екі жанрда да бір адам, бір оқиға төңірегінде айтылып, оларға баға бергенде де ұстанымдары ұштасып жатады. Кейінгі кездері аталмыш жанрлардың арасында жымдасқан жақындық, тура тоғысулар байқалып қалады. Мысалы, жырда аңыз мотивтері пайдаланылған болса, аңыздарда тұтас жырдың оқиғасы әңгімеленеді. Жыр мен аңыздағы тарихтың бейнелену ерекшеліктерін анықтап түсіну үшін аңыз-әңгімелерді терең түсіндіру қажет-ақ.

Тарихи жырларда суреттелетін оқиғалар тізбегін замана шындығын анықтауға септігін тиер дерек көздерімен салыстыра қараудың маңызы ерекше. Шығарманың тарихи негізін білу оның мазмұны мен мағыналық бөліктерін де дұрыс түсінуге, оқиғаның хронологиялық ретін дәл белгілеуге мүмкіндік береді. Мұндай амалдар жырды айтып, таратушылардың қандай мәліметтерді не себепті тандап алып, оны қалай қорытқанын анықтауға көмектеседі. Жырдағы көркемдік бейнелеу тәсілдері мен сюжет ерекшелігін түсіну үшін қиял мен ақиқат шындықтың арасалмағын айқындаудың да мәні зор. Қолда бар тарихи жырлардың мәтіндерін қарағанда, бұлардың мөлшері барлық жырда бірдей емес. Бір шығарма тарихи деректен көп алшақ кетпесе, кей шығармаларда болған оқиғалардың ізі де байқалмайды. Шығарманың идеялық мазмұнына, суреттеліп отырған дерекке қатысына қарай анықталатын қиял табиғаты да өзгеше. Сондықтан да жекелеген жырлардың сюжеттеріне талдау жасаған тұста қиял мен фактінің арақатынасын анықтау негізгі міндеттердің қатарында тұрады.

Тарихи жырлардың өзгеруіне себеп болатын жалпы үдерістерге өмір шындығына қатысы бар детальдардың, кісі аттары мен елді мекен атауларының ұмытылуы, жырдың қысқаруы, жекелеген эпизодтардың түсіп қалуы тәрізді құбылыстарды да жатқызуға болады. Мысалы, белгілі бір жырлардың экспозициясы сақталып қалатын болса, енді бір жырлардың таныстыруы мен экспозициясы мүлде көрінбейді. Соның нәтижесінде жырдың қалай аталғаны белгісіз болып қалып жатады. Кейбір тұстарда түсіп қалған детальдардың жаңа бөлшектермен толығып отырғанын байқаймыз. Ол жырлардың көлемі ұлғайып, сюжеті күрделеніп, эпизодтар қатарының өсіп жатқаны байқалады. Аталмыш тарихи жырлардың ауқымды жырларға айналуы контоминация есебінен, яғни типтік мотивтер мен басқа жырдан ауысқан мағыналық бөліктердің қосылуынан болады. Кей жағдайларда тарихи жырлардың сюжеті қайталау, тұрақты эпитет, сипаттама, теңеу, типтік формула сияқты өрнектердің есебінен өсіп, жолы көбейіп жатады. Мұндағы басты мәселе алдыңғы тарихи жырлардың көкейден кетіп, біржола ұмыт болуы. Ол процестердің нақты мөлшері жырдың мазмұны мен табиғатына, өмір сүрген ортасына, жергілікті жердің ақындық дәстүріне, т.б. байланысты. Жыр нұсқаларын талдау осы өзгешеліктердің түпкі сырын түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Тұрсынов. Е. Тарихи жыр, өлеңдердің тегі мен дамуы /Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979.
2. Путилов. Б.Н. О некоторых проблемах изучения исторической песни // Русский фольклор. – 1957. – Вып. 1.

22 СЕКЦИЯ: ЦИФРЛАНДЫРУ, ЖАҢАНДАНУ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ БАСҚА ДА АСПЕКТІЛЕРІ

СЕКЦИЯ 22: ЦИФРОВИЗАЦИЯ, ГЛОБАЛИЗАЦИЯ И ДРУГИЕ АСПЕКТЫ СОВРЕМЕННОЙ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКОВ

МРНТИ: 14.25.09

А. Мендыханова

Университет имени Шакарима города Семей
Научный руководитель: Р.С. Маликова ст. преподаватель

ТЕМАТИЧЕСКАЯ ПРЕЗЕНТАЦИЯ КАК СРЕДСТВО ОБУЧЕНИЯ УСТНОЙ РЕЧИ В ШКОЛЕ

В связи с развитием информационных технологий в настоящее время существенно изменился подход к организации процесса обучения иностранному языку в средней школе. Широкое применение получают тематические презентации, выполненные на основе мультимедийных технологий, дающие возможность осуществлять процесс обучения на качественно новом уровне. Они являются одним из популярных инструментов для создания комфортной и благоприятной среды, при которой ученики могут повышать свои речевые навыки.

Использование презентаций позволяет проводить уроки:

- на высоком эстетическом и эмоциональном уровне (анимация, музыка)
- обеспечивает наглядность;
- привлекает большое количество дидактического материала;
- повышает объём выполняемой работы на уроке в 1,5 – 2 раза;
- обеспечивает высокую степень дифференциации обучения (индивидуально подойти к ученику, применяя разноуровневые задания).

Выполняя наглядно-иллюстративную функцию, мультимедийные презентации могут быть успешно использованы преподавателем практически на всех этапах обучения: введение и закрепление лексического и грамматического материала, контроль изученного материала. Кроме того, создание проектов в виде презентаций является неотъемлемой частью самостоятельной работы студента. Презентации могут быть использованы в качестве опоры при аудировании, пересказе текстов, составлении диалогов и улучшения навыков говорения. Такой широкий спектр применения мультимедийных презентаций объясняется тем, что презентации «вносят разнообразие, оживляют процесс обучения, увеличивают эмоциональное воздействие на студентов, создают комфортную среду обучения, помогают сформировать модель реального общения». Немаловажным является и тот факт, что разработка презентаций повышает информационную культуру школьников, их мотивацию и самооценку [4-14].

Актуальность данной работы заключается в существовании трудностей при формировании речевых навыков на уроке иностранного языка в школе. Изучение словарного состава и дальнейшее использование иноязычной лексики в различных видах речевой деятельности способствует овладению учащимися иностранным языком как средством общения с одной стороны, а с другой – обеспечивает восприятие и понимание текстов для чтения и аудирования, что в свою очередь повышает общий, образовательный уровень. Использование презентаций на уроках иностранного языка способствует лучшему развитию речевых навыков, что и обуславливает данную тему работы.

В связи с этим возникает **проблема**: какова роль использования тематических презентаций в формировании устных навыков в общеобразовательной школе? Таким образом, **объектом исследования данной работы** является формирование устных навыков у учащихся с помощью тематических презентаций в общеобразовательной школе.

Предметом исследования является тематическая презентация как средство формирования устных навыков у учащихся в общеобразовательной школе.

Цель работы – обосновать и апробировать на практике эффективность применения тематических презентаций при изучении иностранного языка в общеобразовательной школе.

Гипотеза исследования – устная речь получит большее развитие, если систематически использовать тематические презентации на уроках иностранного языка. [10]

Литература

1. Ачкасов М.Н. Мотивация в обучении // Фестиваль педагогических идей «Открытый урок» 2009-2010.
2. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – СПб. [и др.] : Питер, 2008. – 398 с. – (Мастера психологии). – Библиогр.: с. 386-389.
3. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языком: Лингводидактика и методика: Учебное пособие для студентов лингвистических и филологических факультетов высших учебных заведений/ -М: Академия (2014 г.) – 336 с. с.288
4. Давыдова, Э.М. Игра как метод обучения иностранным языкам/ Давыдова Э.М.// Иностранный язык в школе. – 2010. – № 6. – С. 34-38.
5. Егорова Ю.Н. Мультимедиа как средство повышения эффективности обучения в общеобразовательной школе//Автореф. дисс. канд. пед. наук – Чебоксары, 2010.
6. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. - М.: Издательский центр «Академия», 2013. – 192 с.
7. Зимняя И.А. Педагогическая психология. – М.: Логос, 2004. – 384 с.
8. Зорин С.М. Интегральное искусство и обучение. М., 2001.
9. Илбин М.С. Основные теории упражнений по иностранному языку. Под ред. проф. В.С. Цетлина. – М., «Педагогика», 1975.
10. Китайгородская Г.А. Методические основы интенсивного обучения иностранным языкам. М., 1986
11. Китайгородская Г.А., Леонтьев А.А. Содержание и границы понятия интенсивное обучение // Методика и психология интенсивного обучения иностранным языкам. - М., 2000.
12. Койфман Ф.М. Активизация познавательной деятельности на уроках иностранного языка // Фестиваль педагогических идей «Открытый урок» 2007-2008. 51
13. Комарова Ю.А., Ларионова И.В. «Английский язык. 5 класс» – М.: ООО «Русское слово – учебник», 2014. г., - 104 с.
14. Краевский В.В., Хуторской А.В. Основы обучения. Дидактика и методика. М.: 2007. – 352 с.
15. Литвинова Т.В. Система упражнений для самостоятельной работы студентов по овладению лексикой по специальности. Обучение иностранным языкам в школе и вузе. – СПб.: Каро, 2005.

ҒТАХР: 14.27.05

И. Муканов

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: Г.К. Исмаилова ф.ғ.к., профессор

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕМТИХАНДАРҒА ДАЙЫНДЫҚ

Әлемдік тілге айналу тарихы XVII ғасырдан бастау алатын ағылшын тілі қазіргі таңда мансап қуған адамдар үшін міндетті атрибутқа айналуға. Ағылшын тілінен бөлек, дамыған елдердің көбінде өзіндік халықаралық стандарттағы емтихандары бар (ТОPIK, HSK, JLPT, тб.). Ең көп таралған емтиханға толығырақ үңілсек:

Massaget.kz сайтына сүйенсек: «IELTS (the International English Language Testing System) ағылшын тілінің барлық ауқымын қамтитын халықаралық сынақ тесті болып табылады. Егер ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекетке оқуға немесе жұмыс істеуге баратын болсаңыз, сіз осы емтиханнан өтуге міндеттісіз. 1989 жылдан бастап IELTS бүкіл дүние жүзінде ағылшын тілін білу деңгейін анықтайтын сапалы әрі сенімді сынақ болып қолданылып келеді. Бүгінде, әлемнің 6 000-нан астам ЖОО, институттар, мемлекеттік мекемелер мен іскери ұйымдары IELTS нәтижесін сенімді деп қабылдайды. Сынақтың статистикасына сүйенсек, жылына 1 миллионнан астам адам өз қажеттілігі бойынша IELTS сынағын тапсырады екен. Сынақты әлемнің 120 елінде тапсыруға болады және IELTS ең көп тараған тест сынағы болып табылады.»

IELTS төрт модульден тұрады: Listening (Тыңдалым), Reading (Оқылым), Writing (Жазылым), Speaking (Тілдесу). Басқа емтихандар құрылымы осыған ұқсас (тіл спецификасына

байланысты өзгерістер болуы мүмкін (мысалы, JLPT тестінде йероглифтер білімін бағалау бөлімі бар)).

Статус-кво қарқынды глобализация процессін кешуде. Медиа бизнес саласының дамуы адамдарға өте көп мүмкіндіктер әкелуде. Қазіргі таңда адамдар үшін қашықтықтан оқу нормаға айналып барады, осыған орай, көптеп онлайн мектептер ашылуда. Бұл жаңалықтың пайдалы аспектілері болғанымен, біршама қиындықтар да туындауда. Мектептердің қарқынды ашылуы олардың сапасының пропорционалды түрде артып жатқанының кепілі емес. Ақтуалды проблемалардың бірі – халықаралық емтихандарға дайындық курстары (мектептер ұсынатын) жалпылама қалыптасқан стандарттарға негізделген, яғни, студентке деген белгілі бір талаптар ұсынылып, соған қарай методика құралады (критикалық ойлау дағдыларының жоғары болуы). Ол стандарттарға сай студенттер саны салыстырмалы түрде аз (ақпаратқа анализ жасау, синтездеу), демек оларға жекелей методика құрастырылуы қажет. Проблема мектептердің көбі осы сәтті ескермеуінде. Студенттердің басым бөлігі топпен оқыту курстарына жазылады – бұл да өзіндік бір қателік. Жоғарыда айтылғандай ортақ стандарттарға негізделген курстар топ ішіндегі кейбір индивидтерге қиындықтар тудыруы мүмкін, бұл өз кезегінде барлық топтың жұмыс эффективтілігіне кері әсерін тигізеді. Бұл проблеманы шешудің жолы – жеке курсқа жазылу, нәтижесінде мұғалімді өз қажеттіліктерге қарай икемдеу. Бірақ бұл әрқашан уникалды шешім болмауы мүмкін. Жеке арнайы курстар а) бағасына байланысты қолжетімсіз болуы мүмкін; б) жеке оқығанда және білім алатын жерде оқу ортасы болған жағдайда (топтағы бірге оқитын адамдар) материалды қабылдау әртүрлі болуы мүмкін; кей кезде ол жақсы жаққа қарай өзгеше, кей кезде керісінше. Сол себепті студентке қосымша өз білім алу методикасымен де жұмыс жасау керек.

Енді әрбір модульге толығырақ тоқталсақ:

Оқылым. Бір сәтте онай, әрі қиын модуль. Бұл модульдің мәнін түсінбейінше ол қиын болып қала береді. Өз тәжірибемде оқылымды мектептер skimming and scanning әдісі бойынша орындауды ұсынады. Бұл жерде: skimming – әр бір абзацтың бірінші және соңғы сөйлемдерін оқу арқылы абзацтың не туралы екенін жылдам түсіну; scanning – сұрақтағы кілт сөздерді анықтау; мәтіннен табу. Жалпы алғанда өте пайдалы әдіс – аз уақытта өте үлкен мәтіндердің мәнін түсінуге мүмкіндік береді және кілт сөздерді анықтау арқылы тікелей жауап берілуі керек сұраққа қатысты мәтін бөлігін ғана оқуға мүмкіндік береді. Сәйкесінше, қоржында қатемен жұмысқа уақыт артылады. Проблема – бұл әдісті студенттердің барлығы бірдей қолдана алмауында. Метод тиімді жұмыс жасауы үшін студентте аналитикалық дағдылар өте жақсы дамыған болуы керек: skimming кезінде осы әдіске сай мәтіндерді анықтай білу қажет; осы әдіс шеше алатын сұрақтар топтамасын білу керек (олар: абзацтарға тиісті атау қою, т.б.); scanning кезінде маңызды және маңызсыз кілт сөздерді анықтай алу керек; уақытты дұрыс бөле білу қажет. Мақала бұл әдісті жоққа шығармайды, бірақ skimming and scanning әдісі қиындық тудыратын студенттерге мәтінді толық оқуды ұсынады. Емтиханға дайындық курстары оқылымды жылдам аяқтауға негізделген курстарды ұсынады, бұл өз кезегінде а) жауаптың нақтылық коэффициентін төмендетеді (кілт сөздерге ғана шолу жасап, маңызды сәттерді өткізіп алуға болады); б) емтихан тапсырушыға қосымша стресстік жағдай қалыптастырады (әдіс мәтінді жылдам аяқтауға бағытталған соң оқушыларда тезірек аяқтау деген мақсат туындайды; олай болмай жатқан жағдайда олар алаңдай бастайды, нәтижесінде концентрациясын жоғалтады). Тікелей IELTS-қа келетін болсақ, оқылымға 60 минут уақыт беріледі, демек үш мәтінге идеалды түрде 20 минуттан уақыт бөле аламыз. Мәтінді асықпай, толық оқып шығу көбірек жақсы импакттар бере алады. Практика жүзінде бұл әдіс жақсы эффективтілікті көрсетті (жеке тәжірибемде 20 минут уақыт көлемі мәтінді толық екі рет оқуға мүмкіндік берді).

Тыңдалым. Мектептер медиабизнесітегі бәсекелестіктен қызықты контент құрастыруға мүдделі. Фильмдер, әндер т.с.с. медиа продукт арқылы дайындық әдістерін ұсынады. Берілген мақала бұл әдістерді жоққа шығармайды, оның кей сәттерде өте пайдалы екенімен келіседі, бірақ, дайындық кезінде подкасттарға көбірек басымдылық беруді ұсынады. Фильмдер, тағы сол сияқты құралдарда пайдаланылатын ағылшын тілінің конструкцияларын емтиханда кездестіру ықтималдылығы төмен (ауыз екі сөйлеу стилі басым, емтихан контенті ғылыми стиль аясын қамтиды). Мақала BBC Radio құрастырған «6 minute English» және BBC News құрастырған «Global News Podcast» подкасттарын ұсынады. Бірінші аталған аудиожазба тыңдалым бөлімінің 1-ші, 2-ші секцияларына өте эффективті дайындық құралы бола алады (жазбада жалпы ғылыми тақырыптарға 6 минуттық пікіралмасу беріледі (екі жүргізуші диалогы, шақырылған қонақтар монологу)). Екінші аталған аудиожазбаны 2-ші, 3-ші секцияға дайындалу үшін қолдануға болады. «Global News Podcast» әлемдегі ақтуалды жаңалықтарды баяндайды, сәйкесінше баяндама күрделі синтаксистік орамдарды, спецификалық лексиканы қолданады.

Тілдесу. Бұл бөлімге анализ жасау үшін емтиханға дайындалып жүрген студенттерден сауалнама алынды. Нәтижесінде студенттердің басым бөлігіне аталған бөлімге мектептерден фидбек жетіспейді. Мақала тілдесу бөліміне тиімді дайындалу үшін shadowing әдісін ұсынады. Dixon онлайн-мектебіне сүйенсек, жоғарыда аталған «6 minute English» подкастынан бір аудиожазбаны таңдап, 1 апта мерзімінде тыңдап, параллельді түрде бірге дауыстап оқу керек. Әдіс тілдесу кезінде сұрақтарды жақсырақ түсінуге және сөйлеген кезде оқушыларға тілдік барьерді бұзуға көмектеседі (тілдік барьер шет тілін меңгеріп жүрген адамдардың үлкен проблемасы; грамматиканы өте жақсы білген күннің өзінде барьердің болуы бұл білімді жоққа шығарады, себебі оқушы өз білімін пайдалана алмайтын болады).

Жазылым. Бұл бөлім логиканы, критикалық ойлауды өте қатты талап етеді. Дайындық курстары студентке эссе құрылымын түсіндіреді, бірақ айтылған қасиеттерсіз жақсы деңгейдегі эссені жазып шығу қиын. Сол себепті мақала критикалық ойлау қабілетін дамыту жолдарын ұсынады: эссе үш бөлімнен тұратыны белгілі. Кіріспе мен қорытынды бөлімдері көп қиындық тудырмауы мүмкін, ал негізгі бөлім структурасы өзгеше. Жақсы негізгі бөлім жазып шығару үшін тақырыпқа қатысты сапалы аргументтер болуы қажет. Сапалы аргумент қалай құрылады? Тақырып, мысалы, қайырымдылық қорлары тек өз еліндегі адамдарға көмек көрсетуі керек дейтін болса, аргументтер: а) неге бұл шешім маңызды? б) бұл шешім қандай пайдалы импакттар әкеле алады? с) қандай бэкклештер болуы мүмкін? д) бұл шешім болмаса статус-кво қалай өзгереді? Т.с.с. сұрақтарға жауап беру қажет. Бұл қабілеттер үнемі даму үстінде болуы керек, сол себепті мақала активті түрде дебатпен айналысуды ұсынады. Дебат барлық керекті дағдыларды дамытуға арналған уникалды платформа. Жалпы алғанда халықаралық емтихандар құрылымы басқа емтихандардан өте үлкен өзгешелігі жоқ, демек мақалада айтылған әдістерді кез келген тестке қолдана аламыз. Тек емтихан немесе тестпен шектелмей, жаңа тіл меңгеру барысында да мақалада айтылған дағдылар әрқашан пайдалы импакттарды береді.

Әдебиеттер

1. Учебники и пособия для подготовки к международным экзаменам по английскому - <https://www.englishdom.com/blog/uchebnye-materialy-gotovimsya-k-mezhdunarodnym-ekzamenam-uchebniki-posobiya/>
2. IELTS дегеніміз не? - <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/studenttik-mir/18870/>

МРНТИ: 14.35.09

Е. Түсіпова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы униерситеті

Ғылыми жетекші: Ж.Ү. Калимова, филол.ғ. к., шетел тілдері кафедрасының доценті

ӘН МАТЕРИАЛДАРЫ – АУДИО МАТЕРИАЛАРДЫҢ ТИІМДІ ТҮРІ РЕТІНДЕ

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Шетел тілін оқытудың басты мақсаты — оқушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту» деп көрсетілген. Өйткені қазіргі нарық жағдайында шетел тілін, оның ішінде ағылшын тілін меңгеру, шетел тілінде сөйлей білу өмірдің өзекті мәселесіне айналды. Қазіргі таңда ана тілімізбен бірге шетел тілі де біздің өмірімізге сенімді түрде еніп келеді. Ғылыми-техникалық прогресс пен жаһандану дәуірі әлемдік қауымдастықта табысты өмір сүрудің жаңа шарттарын тағайындауда, ал оны шетел тілін білмей тұрып жүзеге асыру мүмкін еместігін сезініп отырмыз.

Қазіргі кезеңде шетел тілі заман талабына сай мектептерде бастауыш сыныптан бастап жүргізілуде. Бұл оқушы бойында ерте кезеңнен бастап ұлтаралық, мәдениетаралық бірлестікке дайындықтың қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Шетел тілін бастауыш мектептен бастап оқытудың артықшылығы әрбір баланың психологиялық ойлауына, шетел тілінің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне көңіл аударуына, түсінуіне оң әсер ететіндігі, содан соң негізгі мектепте білімін берік нығайтуын, білім сапасын арттырып, шетел тілінде қарым-қатынасқа түсіп, ерте мәдениетаралық коммуникацияға түсуіне мол мүмкіндік береді.

Шетел тілін оқып, үйрену, бірден қалыптаса қалмайды. Өз ана тілін әлі толық меңгермеген балаға шетел тілін үйрету оңайға соқпайтыны белгілі. Мәселен, бастауыш мектептің бастапқы

сыныптарында баланы шетел тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуға, буындарды сөз тіркестерін, сөйлемдерді дұрыс меңгеріп, хат жазу, анкеталарды үлгі бойынша толтыру үйретіліп, негізгі грамматикалық категориялардан жалпы мағлұмат беріледі. Осы бастапқы сыныптарда-ақ оқушыларды түрлі тәсілдермен білім алуға үйрету қажет. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың фонетикалық дағдыларын қалыптастыруда ән мәтіндерін қодану әдісін оқушылардың фонетикалық дағдыларын қалыптастыруға, шетел тілінің дыбыстарын дұрыс айта білу дағдыларын қалыптастырады.

Шетел тіліндегі музыкалық шығармаларды оқып-үйрену – бұл танымдық яғни когнитивтік үрдіс. Ән мәтіндерімен жұмыс істеудегі когнитивтік үрдіс сөздермен, құрылымдармен, мазмұнмен жұмыс жасауда және мәтінге жан-жақты талдау жасау барысында көрінеді. Шетел тілінде ән мәтіндерін үйрену – оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамытудың, шетел тіліндегі сөздік қорын байытудың және білім алушылардың оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың негізі.

Қазіргі таңда ағылшын тілін үйрету барысында стандартты аудио материалдар (мәтін, диалог) қолданылады. Бұл тақырыптың өзектілігі оқушылардың осы материалдарды игеру кезінде көрінеді. Оқушылар аудиомәтіндерде, диалогтарда берілген ақпаратты көп жағдайда толық түсінбейді, сонымен қатар, жадында сақталу мүмкіншілігі төмен. Осы кезде неліктен ән материалдарын қолдану тиімдірек? Осы сұраққа жауап беру үшін алдымен бандаманың мақсатын анықтауымыз керек. Баяндаманың мақсаты ән материалдары арқылы оқушылардың материалды игеруге деген құлшынысын арттыру, берілген білімнің ұзақ мерзімде қолданылуын назарда ұстау, оқушылардың фонетикалық, лексико-грамматикалық дағдыларын қалыптастырудың тиімді әдісіс-тәсілдерін қолдану болып табылады.

Әдетте ағылшын тілін үйренетін балалардың көпшілігі күрделі грамматикалық құрылымдарды меңгеруге және оларды қайда қолдану керектігін түсінуге көп уақыт жұмсайды. Ал басқаларың тіпті тілдерді үйренуге деген қызығушылығы төмендейді. Сондықтан әр түрлі жас санаттары үшін қолайлы әдісті анықтап, оларды оқыту үрдісінде қолдана отырып, оқушылардың тілдік дағдыларды жақсартуға мүмкіндік туады.

Мысалы белгілі бір грамматикалық тақырыпты өткен кезде жаттығулармен қатар үй тапсырмасы ретінде ән мәтіндерін беріп, одан бүгінгі өткен грамматикалық тақырыпты тауып қолдануын түсіндіріп, орысша, қазақша аударып келуге берілсе, бұл әрі түсіндірілген грамматикалық тақырыпты пысықтайды, әрі іздендіреді және тәрбиелік құндылығы болады. Ал ағылшын тіліндегі ән материалдарын пайдалаудың маңыздылығы – қазақ тіліндегі ән мәтіндерімен шектелмей, оқушылар басқа халықтардың шығармашылығымен, салт-дәстүрімен де таныс болуы қажет.

Оқушылардың фонетикалық дағдыларын қалыптастыру барысында ән материалдарын қамтыған аудио мәтіндер қолданудың тиімділігін айқындау үшін мектеп оқушылары арасында сауалнама өткізілді. Сауалнама барысында «Сіз ағылшын тіліндегі әндерді қаншалықты жиі тыңдайсыз?» сұрағына оқушылардың 83,3% -ы жиі тыңдаймыз деп жауап берді. Ал «Ағылшын тілін ән материалдары арқылы үйреніп көрдіңіз бе?» деген сұраққа 54,5% -иә, әлі күнге дейін қолданамын деп жауап берсе, 34,9%-қолданып көрдім, бірақ жиі қолданбаймын деп жауап қайтарды. Тағы бір айта кететін мәселе – ағылшын тілі сабағында мұғалім қандай аудио материалдарды қолдананды? сұрағында 83,3%-аудио мәтіндер, 11,4%-диалогтар, 5,3%-ән материалдары қолданылады деп жауап берді. Сонымен, бұл жүргізілген сауалнаманың қорытындысы: ағылшын тілі сабағында әдетте қолданылатын аудио материалдарды оқушылар күнделікті сабақта жиі тыңдамайтынын, тыңдалған аудио материалдар бойынша пысықтау жұмыстары қажетті деңгейде жүргізілмеітінін байқауға болады. Яғни, ән материалдарын оқушылар күнделікті өмірде жиі тыңдайды, егер ағылшын тілі сабағында осы әнге байланысты қосымша қайталау, пысықтау жұмыстары жүргізілсе, әндерді тыңдаған сайын оқушының есіне түсу мүмкіншілігі жоғары, сәйкесінше ол жадында сақталады.

Осындай әрекеттер нәтижесінде ағылшын тілін үйретудің тиімді әдістері қарастыру және оларды сабақ үрдісінде жиі пайдалану қажеттілігі туындайды. Оның ішінде: әнді тыңдай отырып, берілген түрлі бос орындарды қажетті сөздермен, тіркестермен толтыру, қателерді түзету, грамматикалық құрылымдарды түсіндіру, идиомаларды үйрену және т.с.с. әдістер бар.

Әнді тыңдатпас бұрын мұғалім әуелі әннің тарихымен таныстырып немесе қысқаша дерек беріп өтсе оқушылардың әнді үйреніп, есте сақтауларына зор ықпал етеді. Кездесетін қиыншылықтардың алдын алу үшін жаңа лексиканы таныстырып алғанда жөн. Мұндай жағдайда үйренушілер әннің мазмұнын жартылай біліп отырады. Әнді тыңдауға назарын бұрып, әнді тыңдап

жатқан кездегі оқушылар зейінін назардан тыс қалдырмай бақылау қажет. Өнді тыңдағаннан кейін әннің шумақтарымен жұмыс жасап, әр сөйлемді талдап, әнге байланысты тапсырмалар беріп оқушылардың тілдік қорын молайтады.

Шетел тілі сабақтарында берілетін ән мұқият таңдалып алынуы тиіс. Ән сабақтың негізгі тақырыбы бола алмайды, оны негізінен жаңа лексиканы немесе грамматикалық материалды бекіткен кезде қолданамыз және әнге берілетін тапсырмалар тіл үйренушілердің деңгейіне қарай таңдалып алынады.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде төмендегідей мәселелер анықталды: әнмен жұмыс жасаудың барлық түрлері пәнге деген қызығушылықты арттыруға айтарлықтай мүмкіндіктер туғызады, ән сөздері сөздік қорды көбейтуге септігін тигізеді, әндер шетел тілінде сөйлеу дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Варга Б., Димень Ю., Лопариц Э. Язык, музыка, математика М.: – 1981. – С. 151-155
2. Эскина Н. С предками на языке музыки: музыка как язык культуры М.: – 2012. – С.35-37
3. Петрова С.В. Нескучная фонетика английского языка – 2005
4. Нуриева Р.И. Английский язык, Лексико-грамматическое пособие, Часть 1, Учебное пособие для СПО, - Алматы, – 2019. – 142с.
5. Colin Mortimer. “Elements of Pronunciation” – 1994. – 138с.
6. <https://www.virtualacademy.ru/news/ispolzovanie-muzyki-pri-izuchenii-anglijskogo-yazyka>
7. <https://www.informio.ru/publications/id2494/Statja-na-temu-Osobennosti-ispolzovanija-muzyki-na-urokah-anglijskogo-jazyka>
8. <https://greenforest.com.ua/journal/read/muzika-ta-anglijska-vmikaj-ta-vivchaj>

СЕКЦИЯ 23: ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОЙ И СОВРЕМЕННОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ

ҒТАХР: 19.41.07

С. Жайсанбекова, А. Мәжітова, Е. Айтқожа

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекші: Ш.С.Кеңесбаева, ф.ғ.к., қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушысы

**ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ МАҚАЛАЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ
ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ РӨЛІ**

Шәкәрім Құдайбердіұлының мол мұрасының бір саласы қаламгердің әр жылдары қазақ баспасөзі беттерінде жарық көрген сан-салалы тақырыпты қамтитын публицистикалық еңбектері болып табылады. 1912 жылдардан бастап ғұламаның «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Қазақ тілі», «Таң», «Шолпан» сынды газет-журнал беттерінде мақалалары жарияланғанын оқырман қауым жақсы біледі.

«Айқап» журналында Ш.Құдайбердіұлының «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын» (1912, № 5), «Сөз таласы» (1915, № 6), «Біздің мұқтаждарымыз», «Басқармаға келген хаттар» (1912, № 4) деген мақала, хабарлары жарияланды. Басылымдарда ақынның философиялық ой-толғамдары, қоғамдық өмірдің өзекті мәселелеріне қатысты көзқарасы көрініс тапқан. «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын» мақаласында «...Бұл сөздерге дін кітабынан дәлел көрсет деймін, тура ғана ақыл қабыл аларлық дәлел болса екен. Жауап беруші қазақ болсын, басқа жұрт болсын – бәрібір, бірақ жауап қазақ тіліменен жазылсын, не қазақша тәржіма етілсін...» [1] деп барша адамзат баласын мәңгілік толғандыратын философиялық сауалдарын талқыға салады.

Алаш қауымының қоғамдық жайттарынан туындаған өмірлік маңызы зор келелі мәселелеріне сергек қараған ақын «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналына сөз жазушыларға» өлеңінде қазақ зиялыларының пікір қайшылығынан туындаған (көшпелі және отырықшы) мәселелерде бұқараны елдік жолындағы ортақ мұрат-мақсатта береке-бірлікке шақырады.

Дұғай да дұғай сәлем айт,
«Айқап» пенен «Қазаққа».
Кекету, сөгіс сөзден қайт,
Кез боларсың мазаққа – [2].

Көсемсөзші «Сөз таласы» мақаласында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің арасындағы мұсылман құрылтайы мәселесіне қатысты өрбіген кезекті таластарды ақыл таразысына салып, сын көзімен қарады. Аталмыш мақала жөнінде ғалым Қайрат Сақ «Журналдың 1915 жылғы № 6 санында жарық көрген Ш.Құдайбердіұлының «Сөз таласы» атты мақаласын мысалға келтіреді. «...Ақын орынсыз кекету, жөнсіз мұқату, қисынсыз мінеу сынды ар өлшеммен еш үйлеспейтін жағымсыз қылықтар тұтас Алаш баласын әлеуметтік келеңсіздіктерге ұрындырып отырғанын айтады» [3] дейді.

Шәкірім қажы «Айқапқа» жазғандар да, «Қазаққа» жазған Ғалихан да талас сынды көптің сынына салып отыр, ол жақсы-ақ. Бірақ кекеп, кекетіп сөзін жазған жарай ма? Менің ойымша, кекеу, сөгіс – тіл қаруы» [1] деп қандай да болмасын адамның дәрежесі мен лауазымына қарамастан әділдік жолында ақиқат өлшемін ұстануы керектігін ескертеді.

«Айқап» журналында Ш.Құдайбердіұлының жарық көрген кітаптары, өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды деректер де берілген. Мысалы, «Жаңа шыққан кітаптар» хабарламаларында ақынның «Мұсылмандық кітабы», «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» (1912, №7), «Қалқаман-Мамыр» (1912, № 13) кітаптары басылып шыққаны хабарланды.

Ш.Құдайбердіұлының «Қазақ» газетінде де мақалалары жиі басылды. 1913 жылы басылым тұсауын кескенде «Қазақ» құтты болсын!» атты жүрекжарды өлеңін арнайды.

Қазақ құтты болсын!
Үмітті Орынбордан бала туды,

Қолына жарық сәуле ала туды.
Мақсаты: қараңғыда жүрген халқын,
Ойлайды тура жолға қаратуды, –

деп газеттің әлеуметтік өмірдегі мән-мағынасын, қоғамдық маңызын терең екшейді.

Ұлт басылымдарын жұртшылықтың жазылу арқылы жауапкершілікпен қолдауы қажеттігін ұсынған Шәкәрім «Қазақ» газетінде жарияланған шағын ой-толғанысында да «Білімсіз ел жас бала сықылды: бір жаңа нәрсе көрінсе, бұрынғыны тастап соған ұмтылмақшы. Газетаға сөз жазушы мырзалардан өтінемін «Қазаққа да», «Айқапқа да» жазып тұрсаңыздар екен?!» («Қазақ» газеті. 1913 жыл, 16 июнь) деп жазды.

Шәкәрімнің 2017-2018 жылдары Семей қаласына шығып тұрған «Сарыарқа» газетіндегі «Жалпы қазақ съезі», «Ар қарызы», «Қазақ қалыптары», «Земство туралы», «Есте болсын!», «Қазақша ай аты жоқ», «Ашық хат», «Семей облысына қараған барша қазақ ағайындарға ашық хат» мақалалары да қазақтың қамын күйттейді.

Шәкәрім «Жалпы қазақ съезі» мақаласында (15.08.1917) 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынборда 16 облыс өкілдерінің қатысуымен Бірінші жалпықазақ съезінің өткенінен хабардар етеді. «Бұл съезд барша қазақ боп бас қосқан алаш ұлына зарын өткізген, сағынтып көз етін сарғайтқан кеңес еді. ...Қазақ боп бас қосқандағы мақсат – бет пен ниетті қазақ боп біріктірсек, саны бар, сапасы жоқ болмай, күшейіп көркейерміз дегендік. Ал, алаштың баласы! Сағынған топ қосылып, қорсаған сөз қорылып, тарқады. Енді айтылмаған сөз болмайды, сөздің іске айналуы мақсат» [4] деп сол тарихи кезеңдегі елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси мәселелерін шешуде ел алдындағы міндеттерді орындауға шақырады.

Ш. Құдайбердіұлының «Ар қазығы» мақаласында қызметтен қайтқан Жетісудың 719 жігіті Ғалихан есімдінің атына медресе я стипендия ашылсын деп 2 мың сом «Қазақ» басқармасына тапсырғаны туралы «Қазақ» газетінің 232-нөмірінде басылғанын сөз етеді. «...Қане, жұрт! Мына жігіттердің тұңғыш бастаған жолына аз-көп демей, һәркім шамасына қарай түселік» («Сарыарқа», 1917, 4 шілде, 4-нөмір) деп басталатын мақалада қазақ жастарының оқып-білім алуын қолдайды.

«Абай» журналында Шәкәрім қаламынан шыққан «Ұлтшылдық туралы», «Шын бақтың айнасы» мақалаларында да үнемі ұлт рухын жоғары қояды. «Ұлтшылдық мәдениетті туғызса да, ақ жүрек туғызса алмайды; ақ жүрек дегеніміз – «ұждан», қазақша тәмам адам баласын бауырындай көріп, жаны ашып, әділет қылу. Осы айтылғандай, ақ жүрек көбеймей тұрып, адамшылық жеңе алмады» [4] деп ұлтының кемшілігін толтыру, артықты өзгелерге зиянсыз жолмен табу ақ жүрек (ұждан) ісі екенін ұғындырады.

Семей шаһарындағы «Қазақ тілі» газетінде әдебиет және сын туралы жазған екі мақаласы жарияланыпты. Ташкенттегі «Шолпан» баспасында жарияланған қаламгердің «Ләйлі-Мәжнүн» туындысы баспадан кеткен қателіктердің салдарынан сапасыз болып шыққанына қатты ренжіген Шәкәрім шағын көлемді «Қазақ тілі» газетінің басқармасына өтініш» мақаласын аталмыш газетте 1924 жылдың 31 қаңтарында хат жазып жариялаған.

«Ташкенттегі «Шолпан» журналы менің өлең қылған «Ләйлі-Мәжнүн» әңгімесін соншалық көп қате қылып басыпты. Оны түзету қайтадан бір кітап қиын. Кей өлең мүлде жоқ, кейінін жартысы жоқ, әріп қатесі есепсіз көп» [4] деп «мәтін тазалығына» зейін қою керектігі сөз етеді.

«Қазақ тілі» газетінде басылған екінші мақала «Сын һәм сынауды сынау» (1924) турасында ғалым А.Еспенбетов «Бұл мақалада көтерілген жайлар да өзектілігімен құнды. Қазақ әдебиеттануында сын жанр ретінде қалыптасып үлгермеген алакеуім шақта қорғасындай салмақты ойларын ортаға салуы қаламгердің замандастарынан озық тұрғандығын дәлелдей түседі» [5] дей келе сындың қажеттігін Ш. Құдайбердіұлы терең ұғынғанын байыптайды.

Уақытында шыққан барлық басылымдардан хабардар Шәкәрім «Менің ойымша, сын кекеу-мысқыл, күндеу-өзімшілдік, айла-қиянаттан аулақ болса деймін. Мұндай іс-әрекетке кіріскен сыннан сын иесі түгіл, халыққа көп зиян шығады...» [1] деп ескертеді.

Шәкәрім шығармашылығы төңірегінде Ә. Бөкейханов «Мұсылман сөзі» мақаласында да «Абай, Шәкәрім, Міржақып, Мағжандай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады» деп Шәкәрімнің ерең еңбегін, талант-жігерін бағалайды.

Сондай-ақ Ш. Құдайбердіұлының көзі тірісінде-ақ газет-журналға шыққан «Қазақтың ескі жолының бірі – енші», «Жазу мәселесі», «Қазақ балаларының оқу орыс тілінде қойылған мектептерге қашуы неліктен?», «Үш анық», «Екі жолдың түбі қайдан шыққан» және тағы басқа мақалалары да жетерлік.

Тұрғанда сайда жортқан ізі қалды,
Ұмытылмас өмірде ізі қалды.

Өлмейтін, өшпейтұғын, жойылмайтын

Өсиет, жазған өлең, сөзі қалды, –

деп ұлы Ахат Шәкәрімұлы айтқанындай ой алыбы Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы өте бай.

Сан түрлі сипаттағы мақалалар жария еткен көп қырлы ғұлама тұлға Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әлі де зерделей білу біздің парызымыз.

Әдебиеттер

1. Хұдайбердіоғлы Ш. Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын // Абай. – 1994. – №9. – 58 б.
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. Жармұхамедов М., Дәуітов С. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
3. Сақ Қ. «Айқап» пен «Қазақ» не үшін айтысқан? // ҚазАқпарат. – 2015 жылғы 1 наурыз.
4. Алаш және Семей баспасөзі: Ғылыми жинақ. Құраст., Смағұлова А., Өндірқан М., Иманғаликова Ж. Семей қ. Шәкәрім ат. мемл. унив, 2017. – 548 б.
5. Еспенбетов А. Шығармалары. Екі мақала нақында. – Астана, 2014. – 368 б.

МРНТИ: 19.41.07

К. Янцен, А. Кабимоллаева

Университет имени Шакарима города Семей

Научный руководитель: Г.Б. Григорьева, к.п.н., старший руководитель кафедры иностранных языков

ЭТИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ЖУРНАЛИСТИКИ ПРИ ОСВЕЩЕНИИ СОЦИАЛЬНЫХ ТЕМ

Этическая норма в журналистике – не принятое понятие юридически, но используемое, поддерживаемое и изменяемое. В мире средств массовой информации такое понятие как “этика” обозначает принципы, нормы и правила поведения журналиста. Этика журналиста – это свод определённых негласных правил, которым необходимо следовать в той или иной ситуации. Помимо соблюдения личного мнения, у того же создателя контента должны быть и рамки общественного. Проблемы с соблюдением тех самых этических рамок идут из самих истоков журналистики.

Журналистская этика развивалась с течением времени. Большинство новостных организаций имеют свои собственные письменные кодексы этики, как и профессиональные членские органы. Если профессиональный журналист или новостная организация нарушат эти этические нормы, они потеряют доверие [1] [2] [4].

Кодекс этики журналиста РК был принят на совместном заседании правления Союза журналистов Казахстана и Клуба главных редакторов; Протокол № 1 от 30 октября 2012 года, город Астана, Республика Казахстан.

Кодекс включает следующие пункты: 1. Профессиональный долг; 2. Социальная ответственность; 3. Честность и непредвзятость; 4. Достоверность и объективность; 5. Источники и конфиденциальность; 6. Уважение частной жизни, достоинства и деловой репутации; 7. Конкуренция и солидарность; 8. Защита и ответственность.

На сегодняшний день развитие телевидения и интернета достигло таких высот, что рядовому пользователю уследить за всей входящей и исходящей информацией просто невозможно. Исходя из этого, на долю журналиста возлагается не только задача донести, но и сделать это правильно. Придерживаться этических норм – одно из тех условий, которым должен следовать журналист и актуальность данной темы возрастает как никогда. [4]

В процессе исследования нами были использованы следующие методы: социологический опрос, эксперимент, метод анкетирования, наблюдение, анализ (рис. 1).



Рисунок 1

В ходе исследования были выделены 3 направления острых случаев нарушения кодекса этики журналиста РК: проблема освещения новостей о суициде, разжигание казахстанскими журналистами ксенофобии, демонстрация нетерпимости к сексуальным меньшинствам. Было изучено 29 новостных сюжетов на тему самоубийства за последние 10 лет, 2 из которых не соответствовали кодексу, а именно ее пункту: 2.2. Журналист осознает свою ответственность и следит за тем, чтобы его деятельность не нанесла вред общественным интересам. Процентное отношение 100:6.5. <https://www.ktk.kz/ru/news/video/2019/03/07/114438/> Канал: КТК 07.03.2019. <https://youtu.be/Gg7yoQYL91M> Астана ТВ 27.10.2021

Было изучено 10 новостных сюжетов, связанных с темой ЛГБТ-сообщества за последние 2 года, 1 из которых не соответствовал кодексу этики журналиста РК: 4.1. Журналист придерживается принципа объективности, непредвзятости. Процентное отношение 100:10. <https://youtu.be/s1rKfwWf6bc> 31 канал 14.05.2020

Основываясь на пункте кодекса этики журналиста РК "2.2. Журналист отвечает собственным именем и репутацией за достоверность сообщения, распространенного за его подписью, под псевдонимом или анонимно, с его ведома и согласия", в качестве примера разжигания ксенофобии среди граждан РК привели обращение Дины Елгезек, бывшей сотрудницы агентства «Хабар». Журналистка нарушила следующий пункт кодекса этики журналиста РК: 1.1. Журналист действует в интересах профессии, свободы слова и информации, сохранения внутривластной стабильности, межконфессионального, межэтнического согласия, национальной информационной безопасности и общественной нравственности. <https://adyrna.kz/post/21613> 29.08.2019

По ситуационным задачам из коллекции Юлии Мучник нами был проведен опрос будущих и работающих журналистов. Всего вопросов 10, опрошиваемых 14. В ходе анализа ответов было выявлено 18 нарушений кодекса этики журналиста РК.

Кодекс этики журналиста в Казахстане существует несколько лет и состоит из одного листа. Всё то, чему учат журналистов в университетах, растрачивается под давлением общественности, коллег, начальства. Этические нормы, которым учат работников СМИ, считаются барьером общества от журналистов. Предоставление общих правил для всех без исключения возможно повлияет как на читающего, так и на пишущего, но, с другой стороны, "Этические нормы журналиста" – это те же рамки, которые неправомыслящие граждане подталкивают нарушать, а "Этические нормы человека" нарушить уже намного сложнее. Однако, все, что вам стоит знать о кодексе этики журналиста РК, это: 8.3. Нарушение журналистом положений Кодекса подвергается моральному порицанию. Для полного функционирования этического кодекса недостаточно морального порицания. К сожалению, никак юридических взысканий и наказаний за свои неправомысляющие действия журналисты не несут.

Всё, что мы хотели донести – мы донесли. Журналист – проводник между двумя или более сторонами. Он беспристрастный посредник и не имеет никакого права принимать какую-либо из сторон, раз уж ступил на этот путь. Он не молчаливое извращение, но и не перелётная птица. Журналист обязан [3] [4]

Литература

1. Аврамов Д.С. Профессиональная этика журналиста: учебное пособие – М: Московского университета, – 2003, С 224 [1, 2].

2. Вьюник В. А., Тишунин В.Н. Информация, как газетный жанр – М, 2004 – 5 с. [3]
3. Киричек П.Н., Федотова О.В. Этика журналиста учебник: Саранск: Издательство Мордов. ун-та, 2004, С 140.
4. Колесникова А. Профессиональная этика журналиста. Научно-культурологический журнал RELGA, 2008, № 10 [4]
5. Корконосенко С. Г. Основы журналистики: учебник для вузов – М: Аспект Пресс, 2001
6. Ученова В. В. Исторические истоки публицистики, М: 2002, 47 с.

МРНТИ: 14.82.40

А. Мағат

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекшісі: Әйгерім Сарсенқалиқызы

ЖАСТАР АУДИТОРИЯСЫНА АРНАЛҒАН МЕДИА-КОНТЕНТ

Өз ісіне махаббатпен қарайтын, жан дүниесімен беріліп қызмет ететін журналист үнемі ізденіс пен ой үстінде жүреді. Табан астынан тақырып табуға тырысады. Сол тақырыпты ашу барысында көптеген мәліметтер жинақтайды. Талдайды, талқылайды. Тақырыпты толық ашып, өз пікірін білдіре отырып, оқырман ойына сауал тастайды. Мұның бәрі ізденіс пен білімнің арқасында жүзеге асады. Тағы бір еске сала кететін нәрсе, журналист бір ғана кісіге қызмет етеді: өзінің оқырманына. Оқырманының күнделікті өмірінде пайдаға жарайтын, оның дұрыс таңдау жасауына көмектесетін ақпарат таратуы қажет. Бізге дейін қыбыры мұң – дүбірі мың тарих парағы сан мәрте жаңарса да журналистің қағидалары мен оқырман алдындағы қызметі өзгермейді. Дегенмен, ХХІ ғасыр – ақпарат ғасыры. Дәстүрлі журналистиканы басып озған заманауи медиа өзінің даму деңгейінің еңкейген қарттан еңбектеген балаға дейін екендігін дәлелдеуде. «Медиа», «медиа-контент» атты терминдер біздің күнделікті қолданыстағы ұғымға айналды. Қазіргі таңда тек журналистер ғана емес, әлеуметтік желі тұтынушыларының да өзіндік медиа жоспары бар. Жастардың мұндай үлкен мүмкіншілікті өз мақсаттарына тиімді пайдалана алуы үлкен жетістік.

Әрбір адам күнделікті «контент» категориясымен кездеседі. Интернеттегі жаңалықтарды оқу немесе мысал ретінде «Instagram-да» қандай да бір жазбаны қарау – тікелей контент. Бірақ 10-15 жыл бұрын ақпаратты берудің бұл тәсілі ең танымал болса, қазір жаңа тенденциялар пайда болуда. Атап айтқанда, қазіргі таңда аудиторияны жаулап алу үшін «медиа-контент» қажет.

Контент және медиа-контент дегеніміз не? Ағылшын тілінен аударғанда контент ұғымы сөзбе-сөз мазмұнды білдіреді. Мазмұн – бұл қандай да бір электронды ресурста ұсынылған барлық ақпараттың жиынтығы. Мысалы, адам электронды журналдың ресми сайтына кіріп, сол жерде ғылыми мақалаларды оқиды. Мұның бәрі контент. Қарапайым тілмен айтқанда, оны белгілі бір зат, оқиға, адам туралы кейбір мәліметтердің жиынтығы ретінде көрсетуге болады. Бұрын жай ғана контент арқылы ақпаратты ұсыну жеткілікті болатын. Адамдар қарап, тыңдаудан гөрі оқып, талдауды жөн көрді. Бірақ қазір ақпаратты ұсынудың бұл форматы жұмыс істемейді. Мысалы, тек мазмұнды қосу арқылы өнімді немесе қызметті сату мүмкін емес. Осы тұста – медиа-контентті пайдалану қажет. Бұл ұғымды қарапайым түрде қарастыратын болсақ, онда медиа-контент – бұл бейне және аудио эффектілердің көмегімен ұсынылатын деректер, ақпараттар жиынтығы. Бұл жай ғана құрғақ мәтін емес, ақпаратты берудің мультимедиялық тәсілі. Мұндай мазмұнның негізгі құрамдас бөлігі медиа элементі болып табылады. Мысалы, элементтер ішіне: мәтін, дыбыс, графика өнері, бейне, фото жатады. Бұл элементтердің әрқайсысы бір-бірінен бөлек жұмыс жасай алады, бірақ олардың бірігуі ақпарат берудің жоғары тиімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін медиа комбинациясын құрайды.

Медиа-контенттің түрлері:

Медиа-контенттің көптеген түрлері бар. Ең негізгілерін талдап көрейік. Мазмұны бойынша медиа-контент түрлері:

1. Ойын-сауық: Бұл контентінің негізгі миссиясы – оқырман немесе көрерменнің эмоциясын ояту. Бұның ішіне мысал ретінде күнделікті қолданатын «Instagram», «You-Tube», «Tik-Tok», кино-фильмдер және т.б.

2. Онлайн магазин: Қазір маркетинг принциптері мүлде басқаша жұмыс істейді. Потенциалды сатып алушы тауарды тікелей жарнама негізінде емес, ақпараттық-танымдық

негізінде сатып алуды жөн көреді. Медиа контентті қазір сату қызықты, пайдалы, іс жүзінде қажет болуы керек. Тіпті жарнама өнім, оның қасиеттері туралы айтылып, тәжірибе жүзінде нақты жағдайды көрсетуі керек. Бірақ, қызметті немесе өнімді тікелей сатып алуға шақырмауы тиіс.

3. Ақпараттық. Ақпараттық медиа мазмұнына келетін болсақ, көпшілігі бірден Википедияны немесе генезис, эволюция және т.б. қандай да бір ғылыми журналды елестетеді. Бірақ бұл мүлдем дұрыс емес. Ақпараттық медиа-контент кез келген болуы мүмкін, ең бастысы оны жасау кезінде аудио, бейне және фото блоктардың комбинациясын пайдаланылуы.

Технологияның дамуымен және Интернеттің пайда болуымен БАҚ-тың қарқынды трансформациясы болды. Бұл өзгерістердің нәтижесі конвергентті журналистика мен конвергентті редакциялар болды. Дәстүрлі БАҚ мультимедиаға айналып, өз жұмысында әртүрлі заманауи технологияларды кеңінен қолдануда: цифрлық бейнелеу, әлеуметтік медиа, мессенджерлердегі арналар, Интернеттегі тікелей трансляциялар, мобильді қосымшалар және т.б. Бір сөзбен айтқанда, күнделікті жас аудиторияның қолданып жүрген платформалары. Бұның басты ерекшелігі неде? Мысалы, қазіргі таңда барлығы біле бермейтін, бірақ, жастар аудиториясына арналған ақпараттық-танымдық телеграм каналдар бар. Атап айтсақ, «Калькасыз қазақ тілі», «Qazaq Grammar», «Сөз» каналдары. Қазақтың ұмыт болған, сирек қолданылатын яки көпшілікке беймәлім сөздерді жариялап, мағынасын түсіндіріп отырады. Негізінен қазақ тілінің дамуына арналған контентті дайындайтын жастардың алаңы. Сонымен қатар «You-Tube» желісінде де көптеген қызықты, өзекті, керекті тақырыптар талқыланады. Жастар өз еркімен, кез келген уақытта деңгейлерін көтеріп, білімдерін арттыра алады.

Дегенмен, әр нәрсенің ерекшелігі болған жерде міндетті түрде кемшіліктері де болады. Қазіргі медиа-контенттің асыра қарқынды жұмыс жасау әсерінен интернет желісінде сары басылымдар тым көбейіп кетті. Күнделікті әлеуметтік желіде жүрген фейк ақпараттарға сеніп қалатын жастар өте көп. Осы тұста Чарлз Андерсон Дейланың айтқанына назар аударсақ:

"Адамды ит қауып алыпты" деген жаңалық емес,

"Адам итті қауып алыпты" десең, жаңалық.

Яғни, сары басылымдардың миссиясы адам санасын, ойын кері жаққа бұру, өтірік ақпарат беру. Ал, күнделікті «WhatsApp» желісіне келіп жатқан фейк ақпараттарды тоқтату мүлдем мүмкін емес сияқты көрінеді. Онымен қоймай, әр ақпарат соңында «100 досыңа жібер, жібермесең сені 100 сәтсіз күн тосып тұр» дейтін сөздерге сеніп, басқа адамдарға таратып жатады. Фейк ақпараттардың басты мақсаты да осы: адам психологиясын мүлдем кері жаққа бұру.

Өзгер немесе өзгерт. Біз не істей аламыз немесе не өзгерте аламыз? Жастар ақпараттық қолдау жеткілікті әрі барлық жағдай жасалған кезде өзінің үздіксіз білім алуын жемісті жүзеге асыра алады. Жастардың медиалық тәлім-тәрбиесі саналы болуына қалай қол жеткізуге болады? Ол тек медиаконтентті тұтынып қана қоймай, сонымен бірге оны сыни бағалауды үйренуі тиіс, медиаақпаратты шығармашылық тұрғыда пайдаланушыға айналуы қажет. Ал ол үшін оған сәйкесінше медиа білім беру керек әрі мұны мектеп кезінен қолға алған дұрыс. Балалар мәліметтер алу, медиаконтент шығару, олармен алмасу үшін жаңа технологияларды тиімді пайдалана білуі қажет. Ең бастысы, оңтайлы таңдау, тану әрі кей жағдайда агрессивті не болмаса қауіпті сипаттағы медиаконтентті сыни бағалай алуы керек. Мысалы, Ұлыбританияда медиа білім беру саласындағы педагогикалық стратегияға сәйкес педагогтер ең алдымен медиа арқылы адамның жеке тұлғасын дамытуға, шығармашылық әрі коммуникативтік қабілетін, сонымен бірге сыни ойлай білуін, түсінуін, медиамәтінді сараптап, бағалай алуын қалыптастыруға баса назар аударылады. Медиалық тәлім-тәрбие оқушылар мен студенттерде жалпы білім беру барысында мектепте, колледждерде, жоғары оқу орындарында да қалыптасуы тиіс. Оны негізгі пәндермен бірге, сондай-ақ жастар орталықтарында дербес оқытуға да болады.

Ел болашағы жастардың қолында екені шүбәсіз. Осы тұста, жастардың санасына сапалы ақпарат ұсынсақ, саналы ұрпақ көретініміз хақ. Еңбектеген баламыздың ертеңіне еңкейген қартқа дейін алаңдау қажет. Себебі, жастарымыздың не оқып, не үйреніп жүргені елдігіміздің негізі. Бұған, жастарға арналған медиа-контенттің қосар үлесі зор. Ана тілімізде негізі құрылған арнайы сайттар, каналдар, газет-журналдар жастарға өтімді тақырыптарды қозғап, қызықты мәліметтер мен салалық тақырыптарды ұсынса, жас буын өзіне қажетін теріп алады. Заман ағымына сай өзекті болып келе жатқан қызықты аспектілердің бірі – жастар заманауи медианы тек сайттардан ғана емес, әлеуметтік желіде де бақылай алуы үлкен жетістік. Көптеген жастар үшін бұл медиаплатформалар негізгі ақпарат көзіне, ойын-сауық платформаларына айналууда. Жастардың жеке басын қалыптастыру контекстінде бұқаралық ақпарат құралдарына көп жүгінетіндігі қуантады. Себебі, тек бір бағытта емес, жан-жақты іздеудің арқасында таным көкжиегі кеңейеді. Таяқтың бір ұшы болмайтындығын

көреді. Екінші себебі, дәстүрлі медиадағыдай емес, жас буын оқитын алаңның ақпараты қысқа әрі түсінікті. Сыни тұрғыда ойлауы жетік жас бой түзеп келеді. Біздің қоғамға да қажеті осы. Сөздің емес істің адамы бола алатын, «жас келсе іске» қандай жаңа толқулар мен толқындар бой түзейтіндігін көрсетеуіміз қажет. Себебі, «сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан!»

Әдебиеттер

1. Цит. бойынша: Уллмен Дж. Журналистік зерттеулер: заманауи әдістер мен техника. 1998 жыл, 33-34 бет.
2. Жукова А. журналистерге арналған ақпаратқа қол жеткізу туралы 70-74 бет. //http://www.relga.rsu.ru.
3. Максим Ильяхов, Людмила Сарычева «Жаз, қысқарт» 2021 жыл, 240-244 бет
4. <https://masa.media/>
5. <https://ttrvn.kz/>

24 СЕКЦИЯ: ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚИТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

СЕКЦИЯ 24: МЕТОДИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ И ЛИТЕРАТУРЕ

ГТАХР: 17.07.51

А. Абдахметова, Н. Касенова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Э.М. Сәмекбаева

«ВИРУСҚА ҚАРСЫ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖАРНАМАНЫҢ ТІЛДІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Әлеуметтік жарнама – бұл белгілі бір уақыт кезеңінде белгілі бір мәдениетте бар әлемдік тәртіптің абстрактілі идеалына қатысты адамның негізгі құндылық қатынасын және мінез-құлқын көрсететін тезис немесе мәлімдеме. Мемлекеттік билік органдарының атынан халық үшін өзекті «тіршілікті қамтамасыз ететін» мемлекеттік құрылымдар мен мекемелерді ақпараттық қолдауға, мемлекеттік бағдарламаларды танымал етуге, мемлекеттің оң бет-беделін жасауға және нығайтуға бағытталған жарнама мемлекет мүдделерін көрсетеді. Мысалы, салыққа байланысты «Көлеңкеден шығатын уақыт келді», «Салық төлеп, тыныш ұйықта», жол қауіпсіздігіне байланысты «Біз сені үйде күтеміз» деген баннерлер әлеуметтік жарнаманың бір көрінісі.

Соңғы кезде кеңінен таралған әлеуметтік жарнаманың бір түрі – «вирустық жарнама». Вирустық жарнама вирустық маркетингтің бір бөлігі болып табылады. Батыс зерттеушілері вирустық маркетингті «интернетті хабарлама мазмұнына қызығушылық танытқан достарға немесе әріптестерге хабарлама тізбегінен әрі қарай жіберетін адамдарға тарату және жеткізу әдісі ретінде» [1] анықтайды. «Вирустық маркетинг әлеуметтік желілерді пайдаланушылар мен олардың достары арасындағы тауар туралы ақпарат алмасуды ынталандыру үшін пайдаланады» [2], – деп жазады Дж. Лескович, Л. Адамич және Б. Хуберман.

Бастапқыда вирустық хабарламалар әртүрлі Интернет-арналар арқылы таратылды, мысалы, электрондық пошта, форумдар, чаттар. Соңғы уақытта әлеуметтік желілер (Facebook, Twitter, LinkedIn, Одноклассники және ВКонтакте) мен YouTube видео хостинг сайты өте танымал болып отыр.

Вирустық жарнамада әсер ету үшін мыналарды есте ұстаған жөн [3]:

- вирустық маркетингті стандартты байланыс формаларымен қолдау керек;
- күшті вирустық науқандар ұмытылмас және қызықты болуы керек. Бірақ, соған қарамастан, компаниялар тым арандатушылық әрекеттерге жол бермеуі керек;
- тиімді вирустық маркетингте сәттілік пен түйсік қажет;
- мазмұнды оңай бөлісу үшін қарапайым етіп жасау керек;
- мазмұнды орынды етіп жасау. Науқанның неге арналғаны маңызды емес, оны аудитория үшін жасау керек. Роликті, баннерді немесе постты бірінші болып көргендер идеяға еніп, түсінуі керек, содан кейін олар мазмұнды басқалармен бөліседі. Осының нәтижесінде науқан вирустық болады;

- табысқа жету үшін сапа қажет. Адамдар сапасыз бейнелерді көруге уақыт жұмсамайды. Нашар сапа – бұл дыбыс пен сурет сапасының, сценарий мен диалогтар сапасының нашарлығы.

Бұрын сипатталған функционалды тәсілге сүйене отырып, әлеуметтік жарнаманың мақсаттары тек бір нәрсе туралы қоғамдық пікірді қалыптастырудан немесе әлеуметтік бедел құрудан ғана тұрмайды деп айтуға негіз бар. Қоғам өз мүмкіндіктерін қоғамдық пікірді бекіту және жүзеге асыру арқылы іске асыратыны белгілі. Әлеуметтік жарнама осыған байланысты қоғамдық пікірдің туындысы ретінде де, сол пікірдің қалыптасуының өзгермейтін факторы ретінде де әрекет етеді. Яғни, құбылыс ретінде қоғамдық пікір мәнмәтінінде «әлеуметтік байланыс», «әлеуметтік PR», «әлеуметтік жарнама» және «қоғамдық жарнама» сияқты ұғымдар біріктірілетін әлеуметтік маркетинг туралы айту керек [4].

Яғни, жарнаманың негізгі мақсаты – ақпарат берудің нәтижесінде жарнама қабылдаушыға ықпал ету. Басылымдарда жалғыз суреттермен жарнама жасау жеткіліксіз. Оған міндетті түрде мәтін жазылуы керек. Ал осындай жарнамалық мәтінге қойылатын талаптар өте қатаң, аса жауапкершілікті талап етеді. «Аз сөзбен көп ақпарат беру» ең негізгі мақсат. Сонымен бірге, жарнамалық мәтін әрі тартымды, әрі көркем жолмен жазылуы тиіс. Жарнамалық жағынан құндылығы жоғары, негізгі ой мен тіркестері ұтымды қолданылып, мәтіннің ішінде дараланып тұрғанда ғана хабарландыру көздеген мақсатына жете алады. Мұның бәрі жарнама бөлімінің қызметкерлерінен үлкен білімдікпен қоса шеберлікті де талап етеді. Себебі, жарнама тілі тұтынушыға тек хабардар етіп қоймауы керек, оқырманды өзі жарнама жасап отырған затты алатындай жағдайға жеткізетіндей тілмен жазылуы керек.

Жарнама мәтінінде басты міндетті тақырып атқарады. Жарнаманың тақырыбы негізінен 3 түрлі функциялық қызмет атқарады:

1) тақырып алыстан көңіл аударып тұруы керек;

2) тақырып дауыспен қоса жарияланбаса мақсатына жете алмайды (радио, телехабарына байланысты);

3) тақырып өз оқырманын тауып, таңдап туруы керек.

Қазіргі жарнама материалдардың газет бетіндегі көріністері, берілу формасы мен тәсілдері жұтаңдау, жарнаманың өзіндік тілі мен стилі әлі қалыптаспағандығын, жанрлық жағынан кедей екенін аңғарамыз. Сырт қарағанда, жарнама мен әдеби немесе газеттік жанрдың арасында ешқандай ортақ белгі жоқ сияқты. Жарнамаларды топтастыруда негізінен әр түрлі, әр алуан әдіс-тәсілдер қолданылады. Бізге қажетті жарнаманың стилистикасы болғандықтан, ондағы тілдің қолдану аясының маңыздылығын қарастырамыз. Себебі, жарнама формасындағы сөзді қолдану әр қилы болып келеді. Сондықтан, оны былайша жіктеуге болады:

а) көзге көрінетін (визуальды);

ә) құлаққа естілетін (аудиальды);

б) көрініп-естілетін (аудио-визуальдық) жарнамалар.

Бірінші топқа көпшілікке барынша кең тараған басылымдық, сәулелі, безендірілген және суреттік жарнамалар жатады.

Екінші топқа радиодағы жарнамалар, ауызекі хабарлар жатады. Үшінші топқа біріктірілген теледидар мен кинодағы жарнама, әр түрлі бұйымдардың үлгісін көрсету арқылы және бір уақытта ауызекі сөйлеу стилі арқылы жүзеге асырылған жарнамалар жатады.

Басылымдық жарнамалардың плакаттық, афишалық, каталогтық, проспектілік, альбомдық, буклеттік, қосымша қағаз, есте сақтау, жарнамалық үндеу, тауарларға жапсыратын қағаз түрлері, этикетка, бағасы көрсетілетін қағаз және басқа да түрлері болады. Осы жарнамалық жанрлардың ішіндегі ең бастысы газет-журнал беттеріндегі жарнамалар екендігіне дау жоқ.

Әлеуметтік медиа дамып, қолданушылары ақпарат алудың бұрын-соңды болмаған қолайлы жолына ие болды. Datareportal мәліметінше, 2020 жылғы қаңтарда Қазақстанда 14,73 млн интернет қолданушысы, оның ішінде 9,5 млн әлеуметтік медиа қолданушысы болған. COVID-19 пандемиясы кезінде Қазақстан халқы жаңалықты дәстүрлі медиа, жаңа медиа және әсіресе әлеуметтік медиа арналарынан алған. Онлайн жаңалық пандемия жөнінде мәлімет таратуға қолайлы болса да, бұрыс ақпараттың, алып-қашпа әңгіменің, жалған жаңалықтың көзі де болған. Бұған дейінгі көптеген зерттеу жұмыстары денсаулық сақтау мінез-құлқы мен жалған ақпараттың «конспирация теориясы» деп аталатын арнайы формасына сенудің арасында негатив байланыс бар екенін анықтаған болатын.

Әлеуметтік медиа қолайлы және қолжетімді болғандықтан, онда алуан түрлі мақсатта, манипуляция жасау үшін, жалған ақпарат тарату мақсатында әдейі жазып, әлеуметтік медиада таратқан даңғаз және сенімсіз ақпарат жиі кездеседі.

Пандемияның бастапқы кезеңінде вирус туралы ғылыми консенсустың болмауы ақпарат саласындағы үлкен кемшіліктерді көрсетті. Конспирация теориялары мен жалған медициналық кеңес берушілерге қолайлы орта қалыптасты. Осылайша коронавирусы эпидемиясын еңсере алмай жатқан үкімет пен медицина ұйымдары жаңа майданға тап болды. Бұл жаңа майдан ғаламдық үкімет конспирациясы, чиптеу, 5G мұнаралары, метил спиртіні ішу, COVID-19 вирусын диагностика жасау тәсілдері және жалған шипалық заттар еді. Жалған жаңалықтар толқыны әлеуметтік медиа қосымшаларын әртүрлі мақсатта күнделікті қолданып отырған Қазақстан халқын да айналып өтпеді.

Әлеуметтік жарнама мәтіндерін прагматикалық тұрғыда зерттеу әлеуметтік, психологиялық, психофизиологиялық факторларды ескеруді, сондай-ақ, әлеуметтік жарнаманы жасау мен оның қолданылуына қажетті экстралингвистикалық жағдайды да назардан тыс қалдырмаудың қажет екендігін дәлелдеп отыр.

Қорыта айтқанда, «вирусқа қарсы» әлеуметтік жарнама мәтіндерінің синтаксистік, стилистикалық ерекшеліктері талданса, онда Қазақстандағы «вирусқа қарсы» әлеуметтік жарнаманың тілдік технологиясы инновацияланар еді деген тұжырымға келдік.

Әдебиеттер

1. Woerndl M., Papagiannidis S., Bourlakis M., Li F. Internet –induced marketing techniques: Critical factors in viral marketing campaigns // Int. Journal of Business Science and Applied Management. – 2008. – №3(1). – P. 34.
2. Leskovec J., Adamic L.A., Huberman B.A. The dynamics of virual marketing // ACM Transactions on the Web. – 2007. – №1(1). – P. 2.
3. Virusok. 5 правил для вирусных компаний // <https://virusokru.wordpress.com/2013/11/01/5sposobov/>. 12.02.2022

ҒТАХР: 17.07.51

А. Рахатбек, Н. Хамитова, Л. Өнерқан

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекші: Ғ.А. Түсіпбекова, қазақ филологиясы және журналистика факультеті

ИНТЕРНЕТ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қазіргі таңда интернет ғаламдық желі болып табылады, ол тек ақпаратты беру құралы ғана емес, сонымен қатар адамдарды жаһандық кеңістікте бағдарлаудың маңызды құралдарының бірі болып есептеледі. Интернеттің қарқынды дамуы өмір ырғағына әсер етеді. Тілде болып жатқан түрлі тілдік құбылыстар мен өзгерістер ең алдымен қоғам өмірімен, халықтың әлеуметтік өмірімен байланысты болып, ауызекі сөйлеу тілінде көрініс табады. Әлеуметтік желідегі қарым-қатынас тілдің көмегімен жүзеге асатындықтан, мұның барлығы ауызша қарым-қатынасқа тікелей қатысты екеніне назар аудармау мүмкін емес. Тілші ғалымдар бұған назар аудармай қала алмады. Ғаламтор мәдени құндылықтарды қалыптастыруда ғана емес, жастардың азаматтық санасын тәрбиелеуде де орасан зор рөл атқарады. Қазіргі қоғам үшін қазір қазақ тілінде интернет тілін халықтың мәдениеті мен менталитетіне сай сауатты жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Бүгінгі таңда бұл өзекті мәселе болып, көптеген тіл мамандарының назарын аударуда.

Мемлекеттік тілдегі сайттар бәсекеге қабілетті болуы үшін қазақтілді орта, оның оқырмандары қажет. Қазіргі таңда қазақ сайттарының интернет ресурстары көлемі жағынан да, сапасы жағынан да, тілдік безендірілуі жағынан да жоғары деңгейде деп айта алмаймыз. Бұл экстралингвистикалық факторларға байланысты.

Біріншіден, қазақтілді сайттарға сұраныс болуы үшін қазақ тілінің мемлекет пен қоғам тарапынан сұранысқа ие болуы шарт.

Екіншіден, қазақ тілін меңгерген, компьютерлік технологияны меңгерген мамандардың төмендігінен.

Үшіншіден, қаражат тапшылығы және басқа да себептер.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде интернетте нормадан уәжді ауытқулар жиі кездесетіндігін байқауға болады. Ауызекі сөйлеуге жақын құрылымдар жиі қолданылады, сөздердің формалары өзгертін сөздерді көруге болады. Қазіргі сөйлеу мәдениетіндегі интернет сленгінің рөлі мен орны айтарлықтай ой жүгіртуді және одан әрі зерттеуді қажет етеді. Жалпы адамның өз ойын анық жеткізе білуі, тіл мен сөйлеу нормаларын сақтауы – сұхбаттасушыға, қоғамға, тілге деген құрметтің көрінісі. Сөйлеу мәдениеті – адамның білімділігінің, рухани деңгейінің, мәдениетінің көрсеткіші, оны біз интернетте де, өмірде де көрсетіп жүрміз. Ғаламторлық сленг – бұл ерекше лингвомәдени құбылыс, ол мұқият назар аударуға және зерттеуге тұрарлық мәселе деп білеміз. Қазақ тілінің ішкі жүйесі интернет сленгісінің әлеуметтік-коммуникативтік мәртебесі өзгеруде.

Мысалы: «Каксын,нағылдейд, қызляр, қумашы, сән боп тұрсың и, батя мен маня, краш, жиза, лп, ботан, мозга, лашпа ілмеші, ауру, қағасың ба, босс, хавчик, базара нет,раха, жынды айттың»-тәрізді сөздер.

Интернет-коммуникацияда жастардың арасында жаргон сөздер жиі кездесетінін байқадық. Мысалы:

Седна – бүгін;
rlz – өтінемін;
Дәл қазір – қазір;
Сәлем сәлем сәлем;
Че? – Не істеп жатырсың?
Сен не туралы айтып тұрсың?; жарайды;
Норма – қалыпты;
Сау, сау - сәлем; рахмет, рахмет,
Супер – тамаша;

Comp – компьютер; контрола – бақылау жұмысы; Туған күн, dg - туған күн; Ең бастысы – жалпы; Баяу би – баяу билеу; Сори – кешіріңіз т.б. Көптеген танымал сайттар біздің күнделікті сөйлеуіміздегі көптеген жаңа сөздердің кінәсі болып табылады. Мысалы, бір нәрсені табу процесін білдіретін «google» терминін алайық. Немесе әлеуметтік желіде ұнаған жарнаманы немесе пікірді белгілеу үшін қолданылатын «лайк» сөзі. Сонымен қатар, біз күн сайын бір нәрсені «жүктеп аламыз», бір жерде «серфинг» жасаймыз және біреуге «тыйым саламыз». "Спам", "ава", "сабын", "пайдаланушы", "инста" туралы айту керек пе? Желілік сленг біздің күнделікті сөйлеуімізге белсенді түрде енеді. Бұл жаңа сөздер қазақ тілінің лексикалық құрамына жиі негізсіз өзгерістер енгізеді, сонымен қатар стилистикалық және грамматикалық қателердің көзі болып табылады.

Тіпті бұлар қазіргі жастар арасында «тұрақты сөз тіркестеріне» айналып кетті десек, артық айтпағандығымыз. Мәселен, әлі күнге дейін әлеуметтік желілердегі қате сөздер мен орашалақ сөйлемдерге қалайша жол бермеуге болады? Бір қарағанда мүмкін емес тәрізді. Десек те, қолдан келер амалдарды жасап көргеніміз жөн. «Сауатты жазайық», «Тіл тазалығын сақтайық» деп бастама көтеріп жүрген жанашыр азаматтар жоқ емес. Осы бағыттағы шараларды көбейтуге мән беруіміз қажет. Оқушылармен, студент жастардың арасында насихат жұмыстарын өткізіп, тіл мәдениетін көтеруді насихаттап отыруымыз керек. Сонда түрлі гаджеттерден, планшет пен смартфондардан әріптерді теріп отыруды қиынсынатын, хат жазу кезінде, жазба жазған уақытта қарапайым қателіктерді көп жіберетін желі қолданушылар да азаяр еді. Ал қазір ондайлар үшін әлеуметтік желілердегі ойды толықтырып жеткізу, сөйлемдердің шұбалаңқылығы тәрізді мәселелер қалыпты жағдайға айналғаны өкінішті. Ауызекі сөйлеу тілінің элементтері болып табылатын жаргон, диалектизм, варваризмдер де жиі ұшырасады. Белгілі бір әлеуметтік немесе қызығушылығы ортақ топтардың басқаларға түсініксіз, құпия мағынада сөйлесуі сәнге айналған заманда жаргон сөздердің қолданыс аясы да кеңейіп келе жатқанын байқау қиын емес. Мысалы, мамбет (артта қалған адам), гламурно (сәнді) тәрізді сөздер, шоу-бизнес, жарнама, тауар және қызмет көрсету салаларында көптеп кездеседі. Мысалы: «Вооообще жок ко!», «Ол супермен ғой!», «Гламурно все таки, ия», «Мен саған звоондаған едим жоксин гой», «Конешно мен ренжимин саған», «Ойланшы осыған дурыстап» секілді сөздерде қандай мән-мағына бар? Бір байқағанымыз көптеген адамдар -да, -де, -та, -те шылауларының жазылу формасын білмейді. Қай жерде бірге, қай жерде бөлек жазылатынына мән беріп жатқан олар жоқ. Әйтеуір айтайын деген ойын жеткізсе болды. Фейсбук желісіндегі жазбаларды оқып отырып кейбір адамдардың сауатсыздығына қарап, іштей қынжыласың. Аталған желі қолданушылары «Менде сені жақсы көремін», «Сендеде жоқ қой ол», «Бізгеде айта салшы», «Сендерменде, оларменде бармаймын» тәрізді қарапайым сөздерді сауатты жаза да алмайды. Күндіз-түні әлеуметтік желіде отыратындар мұндай нәрсеге мән бермей ме, әлде мұның өзге себебі бар ма, әйтеуір, жазбаларына қарасаң көңілің құлазиды. Бұл тілге деген немқұрайлылық емей. немене? Зиялы қауым өкілдерін алаңдатып отырған тағы бір мәселе – әлеуметтік желіде қазақ тілінің қ, ғ, н, ә, і, ү, ұ, ө тәрізді төл әріптерінің сирек қолданылуы. Көпшілік адамдардың ұялы байланыс телефондарында, планшеттерінде қазақша қаріптер жоқ. Бірақ ғаламтордан ұялы телефондарға арналған арнайы бағдарламаны жазып алуға болады. Өкініштісі, біздегілер оны жазып алуды қиынсынады. Ал компьютермен желіде отыратын адамдар көп жағдайда қазақ әріптерін орысқаріптерінде бар таңбалармен алмастырып немесе латын қаріптеріндегі таңбалармен жазады. Мысалы, «сәлем», «калайсын?», «озин?», «не жаналык?», «нестеп жатсын?», «жаксы», «кайдасын?» деп жазу үйреншікті жағдайға айналғалы қашан?! Бұл салғырттық па, әлде сауатсыздық па? Жаргондардан бөлек жастардың әрбір сөзінен орыс тілінің компоненттерін де байқауға болады. Шешім: Әлеуметтік желілердегі сөз мәдениетін сақтау үшін елімізде ең алдымен: 1. Ақпараттық мәдениет жайында қажетті мәліметтер, жұмыстар жүргізіліп, кеңінен насихатталса; 2. Адамдар бір-біріне қарап түзеледі, сондықтан жастарға үлгі болатын қоғам белсенділері жарнамадан бөлек, сөз мәдениетіне қатысты игі істерді атқаруға атсалысса, сөз қателеріне қатысты түрлі танымдық мақалалар жарияласа; 3. Тілдің қолданылуы, оның маңызы жөнінде әлеуметтік

желілерде талқыланып, тіл тазалығы, сауатты жазуға үндеген жарнамалар, жастардың патриоттық сезімдерін арттыратын ақпараттар мен суреттер жиі берілсе; 4. Кез келген әлеуметтік желіні пайдаланушы тұлға тіл мәселесіне бей-жай қарамай, сауатты жазуға талпынса, ықылас танытса виртуалды әлемдегі сөз мәдениеті түзелері анық. Қорыта айтқанда, жаңа заман жастарын әлеуметтік желісіз елестету қиын-ақ, десек те Ахмет Байтұрсынов айтқандай «тіл тазалығын сақтау – бейпіл, жаргон сөздерді пайдаланбау – біздің патриоттығымыз бен сауаттылығымызды арттырады». Бұл жүрегі қазақ деп соққан әрбір азаматты толғандыруы керек деп ойлаймын.

Қорыта айтар болсақ: Интернет-коммуникация және онымен бірге интернет сленгтері қазіргі жастарға оң және теріс әсер ететін қазіргі өмірдің ажырамас бөлігі болып табылады. Интернет-сленг қазіргі жастардың қарым-қатынас мүмкіндіктерін кеңейтеді. «Бала шыр етіп жерге түскенде дыбыспен бірге туады» деп Ж. Аймауытұлы айтқандай, адам баласы қандай дыбыс шығарса да, қандай сөз айтса да, оның негізінде оның танымы мен түсінігі, мәдениеті мен болмысы жатыр. Осындайда Абайдың «сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма» деген нақыл еріксіз ойға келеді. Бұдан шығатын қорытынды әрбір ғылым саласының бастауы болып табылатын адамның ойын зерттеу арқылы бүгінгі ғылымның зерттелмеген қырларын ашуға, ғылыми салаларды одан әрі дамытуға болады.

Әдебиеттер

1. АНА ТІЛІ №10, 10 НАУРЫЗ, 2022

ҒТАХР: 17.07.51

А. Исатай, З. Сайранбекова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекші: К.К. Муканова п.ғ.к., доцент

ОРТА МЕКТЕПТЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ НОРМАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Жаңартылған білім беру мазмұны – жаңашыл, дүниетанымы жоғары тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа білім беру жүйесі. Білім сапасының жоғарлауы – жарқын болашақтың кепілі десек, сол өскелең ұрпаққа жаңа серпін беретін тұлға – ұстаз, ал құралы – оқулық. Қазіргі таңда баспа бетін көріп, оқушы пайдаланып жүрген «Қазақ тілі пәніне» арналған оқулықтар осы жаңартылған білім беру мазмұнына сай болуы шарт. Бұл тұста жаңартылған білім беру мазмұнына сай әзірленген «Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттерін атап өткен жөн:

- Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде сауыттылықпен қолдану;
- тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын жетілдіру, басқалармен еркін тілдік қарым-қатынасқа түсу;
- тілдесім мен аудиовизуалды материалды тыңдау барысында өз көзқарастарын білдіру;
- көркем мәтін және жай мәтіндерге мақсатқа сай қорытынды жасау, синтез, анализ жасау дағдыларын қалыптастыру.

Мақсат айқын, демек осы жолға бағдар беретін оқулықтардың да жаңа қалыпқа, жаңа мазмұнға ие болуы қажет.

«Қазақ тілі» пәніне арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының 2-тарауында (Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру) сабақты жүйелеу мен оқушы мен мұғалім арасында байланыс орнатуға бағытталған 4 бөлім көрсетілген:

1. Тыңдалым және айтылым.
2. Оқылым.
3. Жазылым.
4. Әдеби тіл нормаларын сақтау [1].

Әр бөлім бірнеше бөлімшелерден құралады. Бір шағын мақалада барлық бөлім мен бөлімшелерді талдап көрсету мүмкін емес болғандықтан, негізгі нысан ретінде 7-сыныпқа арналған «Әдеби тіл нормаларын сақтау» бөлімінің ішінде «Грамматикалық норманы» алып отырмыз. Бұл бөлімшенің өзі 5 тармақтан тұрады. Әр тармақта сабақ құрылымын жүйелеуге, оны жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін оқу мақсаттары берілген.

Грамматиканы оқыту оқушылардың сауатты болуына, сөз жүйесін дұрыс пайдалана білуіне жол ашады. Бұл тұста мектеп бағдармасында грамматиканы оқыту басты назарда ұсталуы қажет.

Жалпы қазіргі қоғам талабы өз ойын анық дұрыс жеткізе алатын, ауызша да, жазбаша да сауатты жазып, сөйлеу алатын ұрпақ тәрбиелеу болып отыр. Әрине ондай ұрпақ дайындап шығару үшін, ең алдымен, грамматикалық бірліктер мен категориялар туралы білім қалыптастыру керек. Тек тіл деңгейлері мен бірліктерінің өзара байланысын, тіл білімінің негізгі ұғымдарын игерту арқылы ғана тілдің грамматикалық негізі мен коммуникативтік мақсатын ұштастыруға мүмкіндік туындайды.

Қазіргі білім беру жүйесінің типтік бағдарламасында тілдік талдауларға, яғни лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдауларға, сөздердің пайда болуын, сөздердің қызметін, сөздердің орналасу тәртібі мен себебін түсіндіру жағана мән берілмеген. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқушы мәтін талдайды. Мәтіннің негізгі идеясын, тақырыпты, негізгі белгілерін таниды, стилін анықтайды, кілт сөздерді т.б. бөліп көрсетеді. Осы арқылы мәтінді логикалық жағынан тануға көп мән берілген. Бірақ, логикалық талдауды жасаған оқушы берілген мәтін бойынша басқа мәтін құрастыра алуы және тілдік талдау жасай алу керек. Өкінішке орай, бұндай талдау жасау барысында оқушылардың қиналатынын, тіпті талдау жасай алмайтындығын көруге болады. Сондықтан қазақ тілі пәнін оқытуда мына үш мақсат негізге алыну керек деп есептейміз. Біріншіден, мәтінтану, екіншіден, мәтінтудыру, үшіншіден, әдеби тіл нормалары. Мәтінтану мен мәтінтудыру тікелей әдеби тіл нормаларымен байланыста жүргізілуі керек. Өйткені лексика-грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық нормаларды дұрыс меңгермеген оқушы сауатты мәтінтану мен мәтінтудыруды іске асыра алмайды. Ал әдеби тіл нормаларын, оның принциптерін жақсы меңгерген оқушы қай жағынан болса да, сауатты болатыны белгілі. Норманы жақсы меңгерген оқушы ғана барлық жағынан сауатты, орфографиялық, стильдік, пунктуациялық т.б. қателер жібермейді. Тіл білімінің негізгі заңдылықтарын жетік меңгермей тұрып, тілді дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге үйрету мүмкін емес. А. Байтұрсынұлы “Тіл – құрал” еңбегінде: “ ... сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлеген сөздің жүйесін, қисынын келтіріп, сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қилысып, жалғасатын дағдысын білу керек”, - деп қорытынды жасайды [2]. Бұл жерде ғалым дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білу үшін негізгі тілдік заңдылықтар мен қағидаларды білудің маңыздылығын көрсеткен. Сондықтан мектеп бағдарламасында әдеби тіл нормалары барынша толық берілуі керек және ол мәтінтанудан бөлек жүргізілмеу керек. Грамматикалық норма мәтінтудыру мен мәтінтанумен байланыста қарастырылуы керек. Яғни, оқушы морфологиялық және синтаксистік тәсілдерді жақсы меңгеріп, оларды өмірде, практикада дұрыс пайдалана алу керек.

Грамматиканы оқыту барысында ұмыт қалдыруға болмайтыны – грамматикалық мағына. Оқушылар бірінші кезекте грамматикалық мағына мен лексикалық мағынаның ара жігін ажырата білу қажет. Осы жағдайда тақырып барынша ашылып түсінікті болмақ. Ол үшін грамматиканы оқыту барысында назарға алуға тиісті бірнеше сатыларды атап көрсету қажет:

– грамматиканы сипаттамалы түрде оқыту. Грамматикалық мағына және грамматикалық форма;

- грамматика және оның салалары;
- грамматикалық категория;
- сөздің морфологиялық құрамы [3].

Бұл тарауларды меңгеруге қадам жасамас бұрын осыған дейінгі қазақ тіл біліміндегі грамматикалық олқылықтарды атап өткенді жөн көреміз. Грамматикалық оқулықтардың қазақ тілінде жарық көре бастағанына бар жоғы алпыс шақты жыл болды. Мұндай аз жылдың ішінде тіліміздегі грамматикалық категориялардың бәрін етене түсіну мүмкін емес. Оның үстіне грамматикалық категорияларды бірнеше жіктерге классификациялап, өзіндік белгілеріне сай әрқайсына ғылыми атау беру, әрине, оңай емес. Бұл жолда әртүрлі пікірлер кездескені белгілі. Себебі қандай ғылым болса да пікірлерсіз, сын бостандығынсыз дами алмайды. Дегенмен, пікірлер күресі дегенді бітпейтін еш нәтиже бермейтін дауға айналдыру, оның үстіне ол дауды жас өспірімдерге арналған оқулықтарға енгізуге болмайды.

Мектептерге арнап оқулықтар жазып жүрген кейбір тіл мамандары оқу бағдарламасында, оқыту тәжірибесінде қалыптасқан жағдайларға қарамастан оларды өз беттерінше бұзып, өз жаңалықтарын кітап беттеріне енгізе салатын жағдайлар кездеседі. Біздің айтпағымыз, грамматикалық оқулықтардағы өзгешеліктер грамматикалық терминдерде, грамматикалық

категорияларды классификациялауда болмай, теориялық мәселені түсіндіру тәсілінде болса еш қиындық тудырмайтын еді. Алайда, осы оқулықтардың бірінде қолданылған терминдер мен грамматикалық категорияларды классификациялауды екіншісі жоққа шығарып отырған. Бұндай қайшылықтар оқулықтардың қай саласынан болмасын кездеседі.

Оқулықтарда жіберілген кемшіліктер де оқушының білім сапасына әсер ететіні сөзсіз. Мысалы, мектеп оқулықтарында грамматикалық норма жалпылама және өте аз ұсынылады, ал оларды ашуға арналған жаттығулар тіпті де аз. Бұл да оқушының сауаттылығына тікелей әсер етеді. Мысалы, «Атамұра» баспасының 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу құралында етістіктің райларына жалпылама түсініктеме беріледі де, оны меңгертуге арналған бар жоғы 3 жаттығу жұмысы көрсетіледі. Дәл сол секілді оқшау сөздерге жалпы түсінік беріліп, оған арналған 2 жаттығу жұмысы ғана жасалған. Мектеп оқулықтарының қай қайсысына талдау жасамасаңыз да, әдеби тіл нормаларын меңгертуге бағытталған тәжірибе жұмыстары өте аз.

Біздің зерттеуіміз осындай олқылықтардың орнын толтырып, бағдарламада берілген грамматикалық нормаларды толық меңгертуге қажетті практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген әдістер мен тапсырмаларды ұсынуға бағытталып отыр.

Қазақ тіліндегі сөз таптарының ерекшеліктері мен сөздердің тіркесулері, сөйлем мүшелерінің өзіндік орын тәртіптері, сөйлем және оның түрлері туралы мәселелерді қарастыру арқылы сауатты жазуға негізделген тапсырмалар жүйесін ұсыну жоспарланып отыр.

«Грамматикалық норма» оқу мақсаттарының бір бөлімшесі ғана болғанымен, мазмұны ауқымды. Оның әр тармағында жүзеге асырылуға тиіс оқу мақсаттарын саралап, тапсырма ұсыну үшін бір мақала жеткіліксіз. Сондықтан оқушыға грамматикалық білім берумен қатар, мектепте алған білімдерін өмірде пайдалана алуға бағытталған, сауатты жазып, сауатты сөйлей алуға негізделген тапсырмалар жүйесі келесі еңбектерде ұсынылмақ.

Қорыты айтқанда, қазіргі таңда “жаңа парадигма” негізінде білім берудің мазмұнды-әдістемелік негізін жүйелі өзгертуін ғана емес, сонымен бірге логикалық-әдістемелік негізді жаңартуды, педагогикалық жүйенің жаңа парадигмасын жетілдіруді қажет етеді.

Әдебиеттер

1. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 340 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, – 1992. – 444 б
3. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 2007.

ҒТАХР: 17.07.51

Д. Талгатбекова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Филология факультетінің 4-курс студенті

Ғылыми жетекші: Г.Б. Сағанаева, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

ШӘКӘРІМНІҢ А.ПУШКИННЕН АУДАРҒАН «БОРАН» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ЛИНГВОПОЭТИКАСЫ

Қазіргі таңда адамзаттың рухани мәдениетін зерттейтін филология саласындағы өзгерістерге сәйкес сөз өнерінің ерекшеліктерін тілдік тұлға мәселесі тұрғысынан қарастыру көзделген. Бұл тұста шығарма тілін лингвистикалық тұрғыда талдау әдеби туындының эстетикалық табиғатын, көркемдік қырын түсінуге құбылыстардың көптеген мәселелерін шешуге өз әсерін тигізеді.

Әдеби процесте болған құбылыстарды бірінен-бірі ажыратып, жеке-жеке қарастыруға болмайды. Олар өзара тығыз байланысты. Мәселен, жиырмамыншы ғасырдың басында көркем проза үлгілерінің пайда болып, нығайып, орныға түсуіне бірден-бір себеп болған әдеби құбылыстардың бірі – аударма деуге болады. Абайдан кейінгі ұлттық әдебиеттегі көрнекті суреткер, ақын, прозашы, ойшыл философ Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық әлемі, оның ішінде «Боран» аудармасына тоқталып, лингвопоэтика тұрғысынан талдау зерттеуіміздің басты мақсаты болып отыр.

Шәкәрім әлем әдебиетінен көркем аударма жасау ісіне үлкен талғаммен келген. Шәкәрім қазақ аударма саласына Хафиз, Пушкин, Толстой, Гарриет Бичер-Стоу сияқты адамзат мәдениетіне мәңгілік құндылықтар әкелген суреткерлер шығармаларын аударумен келді [1]. Шығыс, Батыс, орыс әдебиетінің озық үлгілерімен таныс болған ақын, қазақ өлеңіне жаңа мазмұн мен жаңа өрнек алып келіп поэзияға үлкен талаптар қоя білді [2]. «Өкінішке орай, Шәкәрімнің осы бағыттағы, яғни көркем аударма өнеріндегі өзіндік қолтаңбасының табиғатын біртұтас әдеби-эстетикалық құбылыс ретінде ашып көрсетуге бағытталған арнайы ғылыми зерттеу жұмыстарының әлі де болса жеткілікті дәрежеде еместігін мойындауымыз керек» [3] деген Б. Әбдіғазизұлының пікірі әлі де құнды.

«Шәкәрімнің көркем аударма принциптері мен жүйесінің өзі үлкен рухани тәжірибе, тағылым, үлгі» [4]. Ол тәржімалаған қай шығарманы алсақ та, одан түпнұсқа тілінен гөрі қазақ жұртының ұғымына жақындықтың иісі аңқып тұрады. Зерттеу нысанымызға келетін болсақ, «Боран» бес-алты беттен асатын шағын әңгіме, оны Шәкәрім 248 жол өлеңге түсіріпті [5]. Қазақ ақыны өлең сөзбен жырлаған бұл шығарма «Әдебиет майданы» журналында 1936 жылы алғаш рет жарық көрді [6].

Шәкәрім А.Пушкин сюжетінің оқиға желісін сол қалпында сақтайды. Шәкәрім сол арқылы Пушкиннің мақсатын, шығарма сюжетін өзгеріссіз жеткізуді ойлаған. Дегенмен, «Дубровскийдегі» тәрізді шығармашылық еркіндікке де жол береді. Жер, адам аттары өзгертілген. Мәселен, Шәкәрім түпнұсқадағы Ненарадов помещьесін «Нинандырып қаласы», Жадрино селосын «Шадрин қышлағы» деп, ал Гаврила Гавриловичті «Саврило Сағролович», Бурминді «Бермин» деп алған. Себебі әрине, беймәлім, дегенмен бұл арадағы қазақ ақынының авторлық позициясы негізінен өз оқырмандарына неғұрлым ұғынықтырақ, жақынырақ болудан туса керек.

Шығарманың оқиғасы Нинандырып қаласында өтеді. Бас кейіпкерлері Саврило Сағролович деген байдың қызы Мария мен туған деревнясына демалысқа келіп жатқан жас офицер, Пушкинше айтқанда «бедный армейский прапорщик» [7]. Екі нұсқада да жігітке бұдан өзге мінездеме, сипаттама берілмейді. Ал А. Пушкиннің «...Марью Гавриловну, стройную, бледную и семнадцатилетнюю девицу. Она считалась богатой невестою, и многие прочили ее за себя или за сыновей. Марья Гавриловна была воспитана на французских романах, и, следовательно, была влюблена», -деп [7] суреттейтін сұлу да ақылды бойжеткенге берген көріктеме, мінездемесін Шәкәрім бір ғана сараңдау шумақпен қайырады. Қызы Мария бек сұлу, һәм әдепті,

Сол жылы он жетіге жасы кепті.

Оны көрген бозбала ынтық болып,

Дариға-ай, осы қызды алсақ депті [8].

Бір қарағанда қазақ оқырманына соншалықты түсінікті әрі жақын арудың бейнесі дәл кестеленгендей көрінгенмен, Шәкәрім бұл эпизодта түпнұсқада бар бірқатар детальдарды елеусіз қалдырған. Мәселен, Шәкәрімде «богатая невеста», «воспитана на французских романах» деген ұғымдар атымен жоқ. Бұл тіркестің мағынасын беруге дастанның алғашқы шумағындағы қыздың әкесі «Саврило Сағролович дейтұғын бай» деген бір жол жетіп жатыр.

А. Пушкин повесінде Владимир мен Марияның ғашықтығына қыз ата-анасының қарсы екендегі «...родители его любезной, заметя их взаимную склонность, запретили дочери о нем думать, а его принимали хуже, нежели отставного заседателя» [7, 402] деген қысқа ғана сөйлем арқылы берілсе, Шәкәрім бұл эпизодты төрт-бес шумақ өлеңмен өрнектейді:

Бұл сырды бәйбіше мен бай да білді,

Екеуін жолықтырмас айла қылды.

Владимир келгенде кекеп-мұқап,

Мысқылдап айта берді қайдағыны [8]. А. Пушкиннің повесінде екі ғашықтың жолығысып тұруына қыз төркінінің қарсы болу себебі айтылмайды. Ал Шәкәрімде қыздың әке-шешесі жігіттің кедейлігін бетіне басады. Мұқият үңілсек, А. Пушкин бұл ойды таратып жатпай-ақ, «бедный армейский прапорщик» [7] деген тіркес арқылы сездіріп кеткен екен. Орысша нұсқаны дәлме-дәл қайталап, Пушкинше қысқалықпен шектелсе, Шәкәрімнің оқырмандары алдында түсініксіз жайлар қаулап шыға келер еді.

Енді повестің Шәкәрім дастанына кірмей қалған кейбір тұстарын саралап көрелік. Бұл, ең алдымен, Марияның батыл қадам жасап, ата-анасының ризашылығынсыз некелесуге бел буған сәтіне қатысты. Түпнұсқада Мария қыз бұл қадамға бір тәулік бойы дайындалады. Әке-шешесіне, жақын құрбысына түсіндіріп хат жазады, хаттарды алаулаған екі жүрек суретімен өрнектелген сақинамен мөрлейді, айналасындағы заттармен қоштасады, түнімен дөңбекшіп ұйықтай алмай, шым-шытырық түс көреді, ауру адамдай сенделіп ертеңгі күнін эзер өткізеді де сол күні түнде

үйінен ұрланып қашып шығады. Ал Шәкәрім болса, бұл эпизодты мейлінше ықшамдаған. Оқиғаны бір ғана кештің ауқымына сыйғызған. Қыздың түс көру сахнасы жоқ.

Түн болған соң Мария дайындалды,
Бірге өскен малай қызын қасына алды.
Шкаф, айна, столға амандасып,

Шамаданға киімін түгел салды [8]. Аталмыш эпизодтағы қыздың психологиялық портретін жасауға, жетілдіруге, образдың бояуын қалыңдата түсуге септігін тигізерліктей түс көру сияқты әсерлі тұстарды бейнелей кетудің де артық болмастығын атап айтқан жөн. Оның орнына Шәкәрім А.Пушкин повесіндегі кейбір болмашы детальдарды нақтылай түседі. Мәселен, түпнұсқадағы «...она втайне прощалась со всеми особами, со всеми предметами, ее окружавшими», -деген [7] тіркестегі «предмет» сөзін «шкаф», «айна», «стол» деп нақтылай түседі, қыз киімдерін Пушкинде жоқ «шамаданға» «салғызады». Сондай-ақ «Запечатав оба письма тульской печаткою на которой изображены были два пылающие сердца с приличной надписью», -деген [7] жолдарды да неғұрлым ұғынықтырақ болу үшін өз сөзімен өрнектейді. Сөз жоқ, қазаққа «тульская печатка» ұғымы беймәлім, сол себепті де Шәкәрім Марияға хат сыртына айналасына от шашып тұрған қос жүректің суретін «салдырады». Әрі нанымды, әрі сол сәттегі қыз жүрегіндегі алаулаған махаббат сезімімен тыныстас сурет.

А. Пушкин суреттейтін Владимирдің басындағы әуре-сарсаңның қарбалас тынысын Шәкәрім шумақтың ең соңғы тармағына сыйғызады.

...Көңілімнің көзіне елестейді

Берминнің кешу сұрап жылағаны,-деп [8] аяқталады Шәкәрімнің дастаны. Оқырман жүрегіне жақын сурет. «Көңілімнің көзіне елестейді» деу арқылы Шәкәрім орыс повесіне қазақы қасиет дарытқандай болады.

Аталмыш туындыны қазақ қауымына жеткізу мақсатындағы Шәкәрімнің шығармашылық қолтаңбасы мен даралығы айрықша жаңа қырынан көрінеді. Қорытындылай келе, көркем әдебиетімізге тыңнан қосқан үлесі зор, көркем аударманың негізін қалаған Шәкәрім аудармаларының лингвопоэтикасын талдай келе, ақын шығармаларының эстетикалық табиғатын, көркемдік қырын түсінуге, құбылыстардың көптеген мәселелерін шешуге мүмкіндік алдық.

Әдебиеттер

1. Шәкәрім. Энциклопедия. / Бас ред. Е.Б. Сыдықов. – Семей, 2008.
2. Шәкәрім поэтикасы. Автореферат /С.Д.Ізтілеуова. – Алматы, 2007. – 50 б.
3. Әбдіғазизұлы Б. ШӘКӘРІМ ӘЛЕМІ. – Алматы: Раритет, 2008. – 408 б. «Шәкәрім әлемі» сериясы.
4. Ә. Тәжібаев., Сәтбаева Ш. Шәкәрім Құдайбердиев// Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – Б. 5-24.
5. Күмісбаев Ө. Шәкәрім және Пушкин // Егемен Қазақстан. – 2006. – 14 қараша. – 5 б., Абай. – 2011. – № 1. – 34-40 б.
6. Құдайбердіұлы Ш. Боран //Әдебиет майданы, 1936. – № 2. – Б.49- 55.
7. Пушкин А. Метель // Пушкин А. Избранные сочинения. В двух томах.Т.2. – Москва: Художественная литература, 1980. – С.401-410.
8. Құдайбердиев Ш.Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
9. Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. -Алматы:Ғылым, 1994. – 320 б.

СЕКЦИЯ 25: ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

ҒТАХР: 17.07.51

Х. Бейісхан

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., А.С. Ақтанова

Қ.П.ЖҮСІПТІҢ «АРМАНДАСТАР» АТТЫ ПОВЕСІНДЕГІ ОБРАЗДАР СОМДАЛУЫ

Қуандық Жүсіптің әр еңбегі, әр шығармасы, қуаңшылық болған жерге тамған тамшыдай шөлінді қандырып, белінді бекітеді. Бұрын бұл есім сырмақ шетіне сыртан келіп, қоңылтақсый жайғасқан, атын білсем де, заты тылсым жолаушыдай жонын көрсетіп, айбар шегіп тұрушы еді. Қазір қазынасын белден қазбасамда белдеме жейтіндей белеске аяқ бастым. Ғалымның қаламынан ағып түскен ғажайып туындының бірі «Армандастар». Үнемі ізденісте жүрген ғалым, әдеби нормадан ауытқу былай тұрсын, артық сөйлем түгіл артық тыныс белгісі де жоқ, қысқа да нұсқа мектеп өмірі туралы қызықты туынды. Шығармадағы әр кейіпкер бірін-бірі толықтырып отырады. Тырпылдап басқан Қабылтайдыңебдейсіз образымен басталар оныншы сынып оқушыларының, жұмыртқа тәрізді жарып шығар кезеңін кездікпен кескен кесек еттей керемет суреттейді. Үздіктіре бермей үзінді келтірейін. «Жазира құрбысының сөздерін мақұлдау ретінде мөлдіреген көздерін төңкере бір қарап қойып, сымдай тартылып тық-тық басып келе жатты.» Сымдай тартылып – теңеу. жайшылықта сымдай тартылу қатарды немесе турникке «сымдай» тардылуды білдіреді. Міне, бұл жазушы шеберлігі. «Төгілген қою қара шашты, сұңқақ денелі, ақ құба қыз бұлқақтап келді де», – деп Пакизаттың портретімен қатар характерін ашып көрсетеді. Негізгі кейіпкер Қазыбектің мінезін ұяң, ұя бұзбайтын нәзік жанды секілді суреттейді. Ал Қасенді суреттегенде құтты Қожа көз алдына елестейді. Сонымен қатар ескілік адамдар не біледі - деп Қасен арқылы, қоғамдағы өзгерісті деп суреттейді. Қасен білмейді дейсің бе? Оқымайын демеуді, бірақ бірдемеме – бірдемелер киіп кетпей ме? Қасен жұдырығын түйді. Міне бұл Қожа да бар айна алдында. Қасеннің өзін қамшылауы. Шығарманың негізгі өзегі өмірден алынғандықтан ерте есейуге асыққан түлектердің түлеп келе жатқан махаббатын қалыс қалдырмай сыбырлап отырады. Қазыбектің жасықтығы, Қабылтайдың өткір бола тұра, Балқыздың алдында балауыз шамдай жанып майысуы, Пакизаттың екі кеменің құйрығын ұстауы образды ойлармен көмкерілген.

Шығарманың негізгі идеясы оқушының мектеп бітірер алдындағы ішкі жарылысынан туындаған сезім. Сол сезім арқылы алға жылжуы. Жағына сүйенер жағымсыз кейіпкер Пакизат арқылы жамандықты паш етуі. Қазыбек арқылы қазақтықты суреттесе, Жазира арқылы жазылмайтын айтылмайтын махабатты көрсетті. Бәріміз де бір сауалға жауап таппай биікке шығып барамыз.

ҒТАХР: 17.07.51

И. Жакашева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекшісі: А.О. Токсамбаева, Филология факультеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессоры

БАЙҒАРАДАН ШЫҚҚАН ОН ЖЕТІ АҚЫН

Тақырыптың өзектілігі:

Қазақ халқы өзінің рухани-мәдени құндылықтарын түгендеп, нағыз ұлттық байлықтарын жүйелі түрде зерттеп, жаңа бағытқа бет алғаны, басқасын айтпағанымызда, гуманитарлық бағыттағы ғылымдардың барлық саласында байқала бастады.

Қазіргі кезде халық ақындарының өмірі мен шығармашылық әлемі бүгінгі көзқарастарымыз тұрғысында қайта қаралып, өз бағасын алуда. Соның бірі- Ақтайлақ би. «Қазақтың қара тілі»

атанған Ақтайлақ бидің шығармашылық өмірі кең ауқымды, жанрлық қырынан жан-жақты. Ақын мұрасында суырыпсалма, шешендік, фольклор мен ауыз әдебиеті мұраларын, жыр- дастандар мен әңгімелерді жырлаушы тұрғысынан өзгеше өнер иесіне тән даралық қасиет бар. Ақтайлақ би қара сөзбен терең ой толғап, дауды тоқтатқан, қысылтаяң іс болғанда тапқырлығымен жол тауып, көзге түскен, аты алты алашқа танымал. Ақиық ақын Ақтайлақ өмірі мен шығармашылығы, аңызға айналған ақындық мектебін зерттеу маңызды іс, бүгінгі күннің талабы.

Зерттеудің мақсаты мен міндеті:

Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты- ақын өмірі мен оның ақындық мектебін хронологиялық тұрғыдан тарихи негіздеу, суырыпсалмалылығын, ақындық мектебін зерделеу, көркемдік дәстүр жалғастығы аясында қарастыру.

Осы аталған мақсаттарға жету үшін ізденуші өз алдына мынадай міндетер қойып отыр:

– Мұрағаттар мен мұражайларда, кітапханаларда, ел арасында сақталған ақындар өмірі мен шығармашылығына қатысты материалдарды жүйелеп, ғылыми зерттеу нысанына айналдыру.

– Ақтайлақ бидің- билік өнеріндегі орнын, одан шыққан он жеті ақынның суырыпсалмалық шеберлігі мен тапқырлық, ұшқырлықтарын зерттеп, ерекшелігін пайымдау.

Зерттеу жұмысының нысаны:

Зерттеудің тұтас құрылымына «Ақтайлақ би», «Қазақтың би, шешендері», Қ. Жұмаділовтің «Промотей» атты еңбектері алынды. Сонымен қоса кітапханалар мен мұрағаттарда сақталған материалдар пайдаланылды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі:

Ақтайлақ бидің өмірі мен шығармашылығы, одан шыққан 17 ақын мектебі, әдеби мұрасы бұрын-сонды зерттеу нысаны болмаған. М. Мағауиннің, С. Қорабаевтің, Н. Төркүловтің, М. Қазбековтің, Б. Адамбаевтің, Т. Кәкішовтің, Т. Көбдіковтің, М. Әуезовтің әр жылдары баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалары, ақын шығармашылығының кейбір қырларына мәліметтер береді. Әйтсе де ғылыми тұжырымдар мен айтылған ой-пікірлердің зерттеу жұмысыма тигізер септігі айтарлықтай.

18-ғасырдың алғашқы ширегінде жоңғар шапқыншылығы және ақтабан шұбырынды, қырғын соғыстар мен жеңісті жорықтар, саяси-қоғамдық өмірдегі өзгерістер бұл кездегі қазақ поэзиясының идеялық бағытына, тақырып аясына ерекше ықпал етті.

Хан-сұлтандардың, ірі феодалдардың әр жүзде, руларда өз билігін жүргізбек болған, баққұмар саясаты, руаралық тартыстың күшеюі жыраулар өнернемасынан көрініс тапты. Қайта құру ұмыт бола жаздаған тарихымыз, мәдениетіміз, әдебиет пен өнеріміздің қазынасын қайтаруға көп мол мүмкіндік берді.

Қазақ халқының құру кезеңінде өмір сүрген көркем сөз шеберлері қазақ әдебиетінің қалыптасуында көрнекті роль атқарғандар қас батырлар, кемеңгер ойшыл дуалы билер, жыраулар.

Қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрпын озық білумен бірге, жұрт ішіндегі дау-дамайды, істерді шешуде тапқырлық, даналығымен қазақта көзге түскен би – шешендеріміз өте көп.

Осындай білгір, кемеңгер абыз- аталарымыздың артынан ерген ізбасарларының да артында қалған мұрасы аз емес.

Аталы сөз, іс-әрекеттерімен елдің ауыз біршілігін сақтауға бар күш қайратын жұмсаған ақындардың бірі – Ақтайлақ. Арғы тегіне келер болсақ, Ақтайлақтың шыққан жері қазақ тарихына аян өнегелі ортадан. Найман- Сыбан- Жанкөбек руынан тарайтын Байғараұлы Ақтайлақ би бұрынғы Семей облысы, Абай, Жарма аудандары арасындағы Еңірекей, Құндызды өңірінде туылған. Байғараұлы Ақтайлақ 1742жыл мен 1838 жылдар аралығында өмір сүрген, қазақтың танымал білгір би-шешені, қара тілді әрі төкпе ақын. Ақтайлақтан 4ұл тарайды. Олар: Әкімбай, Кеңесбай, Сабырбай, Жарасбай. Дулат жыраудың «Кеңесбайға» деген әйгілі жыры осы Ақтайлақтың ұлына арналады.

Әкесі Байғара би елді басқарған көсем, жұртты ауызына қаратқан шешен ғана емес, әулие ретінде елге танылған «Қыдыр дарып, бақ қонған» кісі.

Бидің арғы атасы Қу дауысты Құттыбай Абылайханның атынан Пекинге елші болып барған адам. Қабанбай, Бөгенбай батырлармен үзеңгілес. Олай дейтініміз Бөгенбай батырдың қазасын Абылайханға естірткен Үмбетей жырау: «Ұмыттың ба соны Абылай?» деп халықтан шыққан атақты бесеудің ішіне қосып жоғары бағалаған. Міне, осы Қу дауысты Құттыбай атасына тартып Ақтайлақ би де қабырғалы би атанып, еліне қызмет еткен әрі би, әрі төкпе ақын.

Ол талай жылдар бойы жария етілмей келсе де, біздің заманымызға дейін жетіп, оның бір сыпыра шығармалары қазір де сақталып отыр. Әділ шешім шығарып билік еткеніне, шешендік дана сөздері мен билермен айтысына, суырыпсалмалық ақындығы, қара тілдігіне қарап қас шебер

болғанын байқаймыз. Оны халық «Қара тілдің шешені», ұлғайған кезінде «Халық атасы» деп атаған екен. «Тыныштық заманда қиюуы қашып, арасы ашылған қарындасты табыстырып, қысылтым заманда сасқан елге жол табатын, кемеңгер, көрегені болған» деп 20-шы жылдардың өзінде-ақ академик, жазушы М.Әуезов өзінің әділ бағасын айтқан. Ақтайлақа Әуезовтан асып баға беру мүмкін емес.

Ақын туындыларының басты сарыны- заман шындығы. Өз заманының келеңсіз қырларын сынаумен қатар, өмір жайлы, адамгершілік асыл қасиеттер туралы, ата-анаға тағылым, ұрпақ тәрбиесі жөніндегі дидактикалық сарындағы өсиет өлеңдері әлі күнге дейін өз құндылығын жойған емес. Ақтайлақтың өлеңдері халықты адалдыққа, қайырымдылыққа, бірлікке, тыныштыққа, халықты әділ басқаруға шақырады. Ақтайлақтың шығармаларында өзінің өмір сүрген заманындағы халқының болашағы жайлы ойлары аңғарылады. Мысалға, «Достық жайында», «Өзімшілдік және әдептілік жайында», «Қуәсізде қуат болмас», «Нақыл-тақпақ сөздері», «Кәрілік толғауы», «Не артық?» және адамның әр түрлі жақсы-жаман қасиеттері жайлы толғау өлеңдерінде адал жар мен ер, жақсылық пен жамандықтың айырмасы, туыс-туғанның арасындағы сыйластық пен татулық жайлы жыр тиегін айтады. Қазақтың Бұқар жырау, Ақтамберді жырауларынан кем түспейтін, қазақ әдебиетіндегі дара ақындық, шығармашылықты басқарушылардың бірі.

Яғни, Ақтайлақ бидің қазақ елінің ақылшы кемеңгері болып танылғанын білдіреді. Бар күш-жігерін, қайратын аталы сөз айтып, ел бірлігін сақтауға жұмсай білген. Білгір жырау өзінің ұзақ ғұмырында түрлі үлкен-үлкен дауларға түскен. Өлеңге бергісіз кестелі де ұтымды кара сөздерін осындай жерде айтқан. Жиынды жерлердегі сөз сайыстарында алдына жан салмаған. «Қазақтың кара тілі» атануы да содан. Ақын шығармасы ел аузында көп сақталған.

Әдебиеттер

1. «Бес ғасыр жырлайды» 1т Алматы жазушы 1989ж.
2. «Ғасырлар беделі» М.Мағауин
3. «Қобыз сарыны» М.Мағауин
4. Ақтайлақ би» Алматы 1991ж. С.Қорабаев
5. «Шешендік сөздер» Алматы 1992ж Б.Адамбаев
6. «Билер сөзі» Алматы Қазақ университеті 1992ж Т.Кәкішов
7. «Қазақтың би, шешендері» Алматы Жалын 1993ж Н.Төрекұлов, М.Қазбеков
8. М.Әуезов 20томдық шығармалар жинағы. Алматы 1985ж 16т, 19т
9. Бабатайқұлы.Б Шығармашылығы Алматы 1991ж
- 10.М.Әуезов әдебиет тарихы Алматы 1993ж

ҒТАХР: 17.07.51

Д. Келген

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Ж.Ж. Аитова

ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВ ӘЛЕМІ

Қазақ әдебиетінің аспанында «жұлдыздар» өте көп. Әркім қал-қадарынша қарманып, жарқырап бағады. Кейбір жұлдыздар болады, олар жарқырауға тіпті құлықсыз. Олар әдебиет деген алып аспанды кезіп, көмескі ғана сәуле шашады. Бірақ ол жұлдыздар өлшеп берген уақыты түгесілгенде ғана күллі әдебиет аспанын жарқыратып, ағып түседі. Иә, сондай жұлдыздың бірі Шығыстың шырайлы аспанынан көрініп, Алматының аспанына барып сіңіп кетті. Ол жұлдыздың есім-сойы – ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВ.

Пешенесіне берілген бар өмірін қазақтың жоғын жоқтауға, барын түгендеуге арнаған тұлға. Жәй тұлға емес, халқымыздың маңдайына біткен нағыз интеллигент. Бірақ, өкінішке орай, қазір Балқыбекті білмейтін, Таласбекті танымайтын дүбара «әдебиетшілер» пайда болды. Оған кімді кінәлаймыз..? Сөзсіз, бұл аталған тұлғалар мектеп оқулықтарына болмаса да, колледж, институт және университет қабырғаларында оқытылуы тиіс. Өйткені, олар толып тұрған қазына, тұнып тұрған энциклопедия емес пе?!

Таласбек Әсемқұлов – әдебиетқұмар жастардың іздеп жүріп оқитын авторы. Менің ойымша, Таласбекті түгеспей тұрып, батыс әдебиетіне бас сұғу – асығыстық болар. Егер сіз әдебиетші болам десеңіз, ойланбастан осы авторға ауыз салыңыз. Әдебиетші болмаған күннің өзінде кем дегенде қарапайым тұрмыстық нормаларды, оқырман ретінде сыни көзқарас айта білуді үйренесіз. Бір ғана «Талтүс» деген романының өзінде қаншама тарих, қаншама тағдыр жатыр. Бір қарағанда өзінің тағдыры бейнеленген роман сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ, бұл – бергі қабаты ғана. Автордың суреттеу, сюжеттердің бір-бірімен байланысы, тұтас бір кезеңді шып-шырқасын шығармай бере алуы шеберліктің шыңы емей немене?! Яғни, өз тарапымнан мен бұл романды оқ бойы озық туындылардың қатарына қосамын. Өйткені, бұл роман – ұлтымыздың өшіп бара жатқан рухын қайта тірілткендей болды. Осы сияқты «Біржан сал», «Тәттімбет сері» романдары да күйшілік дәстүрді дәріптеген, қазақпен бірге жасасып келе жатқан күй өнерінің құдіреттілігін әмме әлемге паш ететін туындылар. Әмме әлемге дейтінім, «Талтүс» романы үстіміздегі жылы АШҚ-та басылып шықты. (Айта кетейін, бұл соңғы 30-40 жылда батыс баспасының қаражатына шыққан алғашқы қазақ романы).

Сонымен, үзілген сөзімізді сабақтау үшін «Талтүс» романынан бір үзік келтірейін:

« – Е, не дерің бар, - деді Базаралы сәл қабақ шытты, - Болып жатыр ғой неше түрлі. Өздерің Алматыға келмей кеттіңдер. Баймұқанның халі қалай?

– Шүкір.

– Ой, қарақтарым-ай, - деді Сабыт сақалының нұры төгіле қуанып, - Көңілімді өсірдіңдер ғой. Көптен бері сендерді ғана ойлап жүр едім. Тіпті Әжікенді ертіп алып Таңсыққа, одан әрі Алматыға барып келсем бе деп те ойладым»[1]. Сіз не байқадыңыз, көзі қарақты оқырман? Судыратып өте шығуға да болады, бірақ жалғыз ауыз тіркес қайта айналып соғуға мәжбүр етеді. Ақсақалдың қалай қуанғанын қараңызшы. Иә, «сақалының нұры төгіле» дейді. Аз сөз, терең мағына. Ал енді ойлаңыз, сақалдан нұр төгіле ме? Қазір біздің қоғамда белуарынан сақал өсіріп, шолақ шалбар кигендер өріп жүр. Бірақ солардың сақалынан неге нұр төгілмейді? Жүздеріне қарасаң, суығы өңмеңнен өтіп, жүрегінді қариды. Демек, сол нұрдың төгілу-төгілмеуі неге байланысты? Әрине, ол жан тазалығына, жүрек тазалығына байланысты. Адамның ішкі жан дүниесі таза болса, бастапқы дүниеге келгендегі болмысын сақтай білсе ғана, нұры жүзіне төгіліп тұрады. Яғни, әр адам өзінің тәңірі болмысын тап басып тани білсе, сонда ғана жаны мен тәні үйлесім табады.

Жоғарыда Таласбек Әсемқұлов қазақтың жоғын жоқтап, барын түгендеп өтті деп еш негізсіз айтқан жоқпын. Таласбек Әсемқұлов бұл өмірге келгенде алғаш анасының даусын емес, домбыраның даусын естіді. Содан бері домбыра оның екінші «өзі» болып кеткендей. Бала Таласбекке нағашы атасы күйшіліктің қыр-сырын үйретіп, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан қасиетті дәстүрге баулиды. Ол үзіліп қалған дәстүрді қайта жалғап, этнографиялық- музыкалық зерттеулер жазды. «Үзіліп қалған» дейтінім, оған дейінгі күйшілерді мансұқтап тұрғаным емес. Тек күй өнерін зерттеп, зерделеп, оны теориялық тұрғыда да, практикалық тұрғыда да іске асыра білді. Күйді саусағымен ғана емес, бар жан-тәнімен, алпыс екі тамырымен терең түйсініп шертетін дәулескер күйші.

Таласбек Әсемқұлов – қазақ романын, қазақтың күйшілік дәстүрін жаңа белес, жаңа сапаға көтерген бірден-бір тұлға. Оның шығармалары рухани өзегінен ажырап қалған, ұлттық болмысын ұмыта бастаған ұрпақтың рухына қойылған нағыз антивирус.

Болмысы бөлек, дарыны дара Таласбек Әсемқұлов өзінен ілгерідегі Асқар Сүлейменовті рухани ұстазы тұтқан. Сол ұстазы туралы бір естелігінде: «адамзаттың рухани байлығын еселеп өсіретін нұрлы тұлғалардың қатарында»[2], - дегеніндей өзі де сол қатарға сөзсіз қосылды.

Қазір Таласбектану мәселесі кезек күттірмейтін мәселе деп ойлаймын. Біз Таласбекті тани түскен сайын, ол биіктеп, қол жетпес асқарға айналып бара жатқан сияқты. Таласбек Әсемқұловтың шығармалары – әр әдебиеттанушының тауап етер қасиетті қағбасы іспетті. Ол сізге қараңғыда адасып қалсаңыз, жарыққа жол сілтейді, өмірлік шамшырағыңыз болады. Тек сізден талап етілетіні

– талғампаздық пен тектілік, еңбекқорлық пен ептілік, адалдық пен адамдық, білімге құмар ми менен соны сараптайын сана болса болғаны. Қорыта айтқанда, Таласбек Әсемқұлов болашақ мектеп қалыптастырып үлгерген кемеңгер де кесек тұлға.

Әдебиеттер

1. Әсемқұлов Т. Шығармалары. Т:1. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2016.
2. Әсемқұлов Т. Шығармалары. Т:4. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2016.

ҒТАХР: 17.07.51

Д. Нұрбек

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: Р.Қ. Сабырбаева, ф.ғ.к.

ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кез келген пәндердің ішінен баланың жан жүрегіне, ой дүниесіне бойлай еніп, оның рухани өрісін болжай алатын пән – әдебиет пәні. Әдебиет арқылы оқушыны тұлға ретінде қалыптастыруға жол ашамыз.

Бүгінде заманның ақпараттануына байланысты оқушылардың көркем әдебиетке сұранысы төмен. Ал кейбір бағдарламалық шығармалардың қазіргі заман оқушыларының қызығушылығын тудырмайтындығы бәрімізге аян. «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», – деп Ж.Айтмауытов айтқандай, шығармашылық ізденімпаздықтан туады. Осы тұрғыда жаңа заман мұғалімдерінің бүгінгі мен келешегі – оның үнемі ізденуінде, шығармашылық дамуында, жаңа әдістемелер мен ақпараттық күзиреттілігінде.

Қазіргі кезде оқыту үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген жаңа оқыту технологиялары тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытуға негізделеді. Әсіресе, әдебиет сабағында түрлі интербелсенді әдіс-тәсілдер арқылы оқушының ізденіп білім алуына мүмкіндік мол.

Қазақ әдебиетін интербелсенді әдістер арқылы оқыту дегеніміз оқушылардың оқытушымен және өзара оқу, іскерлік, рөлдік ойындар, пікірталас түрінде тәжірибе алмасуы мен білім алуы жүзеге асатын өнімді іс-әрекет ұйымдастыру ережелерінің жүйесі. Оның мақсаты – көркем шығармалардағы оқиғаларды шынайы өмірмен байланыстыра білуге үйрету.

Көркем шығарманы интербелсенді әдістерді пайдалану арқылы оқыту нәтижесінде білім алушылар мынадай білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- Терең ойлау, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту.
- Өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру.
- Ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін таңдап алу.
- Ақпаратты жан-жақты талдау.
- Өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру.
- Оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік позиция (көзқарас, дүниетаным) ұстану.
- Пікірталастарға қатысып, өз ойымен пікірін дәлелдеу.
- Басқа да балама пікірлерді ескеру.
- Шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу.
- Ортақ жұмысқа жұмыла білу.
- Басқалармен тиімді қарым-қатынас құру, өзара әрекеттесу.
- Үйренушілер ұжымымен ортақ бірлесе жұмыс жасаудың рухани және моральды ережелерін қабылдау.

–Оқушы топты ұжым ретінде қабылдайды. [1; 8]

Қазақ әдебиеті пәнін технологияландыруда интербелсенді әдістерді пайдаланудың маңызы зор. Ол білім беру іс-әрекетінде өнімді нәтижеге қол жеткізуге, өз бетінше, топтық, ұжымдық жұмыс барысында оқушылардың белсенділігін қалыптастыруға жол ашады. Ең бастысы оқу іс-әрекетінің тиімділігін арттыру мақсатында оқытушы интербелсенді оқытудың түрлі әдістерін еркін шарлап, сұрыптай білгені жөн.

Көркем шығармадағы кейіпкерлер бейнесіне байланысты тақырыптарды өту барысында «Мен кіммін?» әдісін пайдалану өте тиімді. Ойын шарты бойынша әр топтан 1-2 оқушы өздері қалаған кейіпкерлердің есімін карточкаға жазып, оны жасырып қояды. Кейіпкерлер қайталанбауы қажет. Кейіпкерлердің өмір салтына, мінез-құлқына қатысты жанама сұрақтарды қою арқылы оқушылар бір-бірінің рөлдерін анықтауға тырысады. Ал интербелсенді оқытуды ұйымдастырудың қарапайым тәсілі ретінде топтық жұмыс

- ауқымды материалды қысқа мерзімде меңгеруге
- әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды шешуге,
- оқушыларды әлеуметтендіру үрдісін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Сұрақтар мен тапсырмалар күрделілігі мен қиындық деңгейіне қарай проблемалық, зерттеушілік, дамытушылық және шығармашылық сипатта болуы тиіс. Осы мақсатта «Шешім ағашы» әдісін пайдаланған орынды. Оқушылар сан жағынан 4 топқа бөлінеді. Әр топ өз сұрақтарын талқылап, «шешім ағашына» жазады. Содан кейін топтар орындарымен ауысып, көршілерінің ағаштарына өз идеяларын, ой-пікірін жазады. Бұл әдісті прозалық шығармалардағы көтерілген мәселені жан-жақты талдау мақсатында оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес жоғары сыныптарда қолданған жөн. Қазақ әдебиеті пәнінен «Ұлпан» романын өту барысында «Автордың Ұлпан бейнесін «Менің Джокондам» деп әспеттеуінің сыры неде?», «Ұлпан романында қазақ әйелінің болмысы қалай көрініс тапқан?», «Шығармадағы «Ұлпан арзанға түспейтін қыз», - сөзінің астарында қандай мағына жатыр?» сынды талқылау сұрақтарын пайдалануға болады.

Қазақ әдебиеті сабағында шығармашылық ойлауды сын немесе сыннан сескену тежейтіні белгілі. Әрине, кез келген жаңа идеяның дұрыс болуы шарт емес. Егер автор сыннан қорқатын болса, онда ол өзінің кейбір дәлелденбеген идеяларын келтірмеуі де мүмкін. Алайда әзірше дәлелденбеген ойлардың қаншасы кейінірек жақсы идеяларға айналады емес пе? Ал сын айту мен сыннан қорқу жақсы идеяларды жоғалтып жібереді.

Осы тұрғыда интербелсенді оқытуда қолданылатын «Ой қозғау» әдісі сынға еш көңіл бөлмей, назар аудармай, еркін ассоциациялар арқылы жаңа идеяларды көптен келтіру мен оларды жинақтауға мүмкіндік береді. Мұндағы басты мәселе идеялар мен ойлардың сапасында емес, керісінше, олардың санында болып тұр. Ал сыни пікірлерді келтіріп, идеялар мен ұсыныстарды іріктеу жұмысы шығармашылық әрекеттер аяқталғаннан кейін басталады.

«Ой қозғауды» сабақта былайша қолдануға болады:

– Оқушылар қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін берілген уақыт ішінде жазбаша келтіреді.

– Мұнда ең бастысы идеялардың көптігі, олардың еркін жағдайда айтылуы болғандықтан, оқушылар өз ойындағыларын еш күмәнданбай келтіре беруі керек;

– Идеялар ешқандай сынға ұшырамауы керек, өйтпеген жағдайда оқушылар тосылып қалып, идеяларды келтіре алмауы мүмкін;

– Барлық идеялар сарқылмайынша, олар қағазға түсіріле беріледі;

– Идеяларды келтіру жұмысы аяқталғаннан кейін ғана оларды талқылау жұмысы басталады.

Бұл тапсырманы орындауға берілген уақыт (2-6 минут) аяқталған соң, оқушылар бірлесе (жұптасып, шағын топ ішінде, бүкіл сынып болып) жазғандарымен бөліседі, сұрақтарға жауап береді, тізімдерін толықтырады (4-20 минут) [2].

Интербелсенді оқыту – әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!», – деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту тіл үйренушілердің оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ретінде танылады [3]. Менің оқыту мен тәрбие беру барысында алдыма қойған мақсатым – танымдық, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлғаның құзіреттілігін қалыптастыру, яғни оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіріп, шығармашылыққа жол салу.

Интербелсенді әдістің ерекшеліктерін ескерсек, құрастырылған тапсырмаларды орындау оқушыларға оқытылып отырған тілдің практикалық тұрғыдан қолдану нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді және қазақ әдебиетін оқып үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, мұғалім ұйымдастырушы, бақылаушы деңгейінде ғана көрінеді де, оқушы белсенділігі арта түседі.

Қорытындыда айтарым: қазақ әдебиетін оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану оқушының зерттеушілік, шығармашылық ізденістерін қалыптастырып, кез-келген мәселе тұрғысынан өз ұсынысын еркін жеткізе білу қабілетін, құзіреттілігін дамытуға жол ашады.

Әдебиеттер

1. Тойбазарова Н.А. Интербелсенді оқыту технологиясы. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан.: «Тұран-Астана» университеті, 2019. – 89 б. 8
2. Есбосын Н. Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер қоржынынан. — Алматы.: Полиграфкомбинат, 2017. – 118 б. 68
3. Каленова Г.С. Белсенді оқу арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту: тақырыбындағы республикалық ғылыми - тәжірибелік on-line конференция жинағы. – Атырау, 2021. – 389 б. 78

26 СЕКЦИЯ: ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМИ БІЛІМНІҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

СЕКЦИЯ 26: АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ГУМАНИТАРНЫХ И ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК В СОВРЕМЕННОМ НАУЧНОМ ЗНАНИИ

ҒТАХР: 03.29

М. Насыров

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекші: А.И. Исин, т.ғ.к, профессор

БАШКӨЛ ИМАМЫ МҰХАММЕД-ЗАРИФ

Қазақ жеріндегі исламның дамуы бірнеше ғасырға созылып, кейіннен Ұлы даланың Еділ-Орал аймағы мен Орта Азия мұсылмандарын байланыстарған бірден бір алтын көпіріне айналғаны мәлім. Бүгінгі таңда Абай облысының орталығы болып жарияланған, тарихи мекен Семей қаласы XIX ғасырда діни қайраткерлердің шоғырланған орталығына айналады. Семейге қарасты ауылдарда да дін қайраткерлері халықтың сауатын ашуға үлес қосып, өз қызметтерімен таныла бастайды. Солардың бірі қазіргі Бесқарағай ауданына қарасты Башкүл¹ ауылының имамы – Мұхаммед-Зариф.

Башкүл ауылының негізі XIX ғасырдың басында шоқындыру саясаты мен жиырма бес жылдық әскери қызметтен аман қалу мақсатында Қазан, Уфа жағынан келген татар отбасыларынан қаланған. Ауыл халқының дерегі бойынша бұл жерге ең алғаш Насыр бабай², өз отбасымен келіп қоныстанған. Ол Қасаболат елінен шыққан Садырбай есімді байдың жайлауында қызмет етіп, кейінгі жылдары үш көлдің маңында біржола тұрақтап қалуды жөн көреді. Кейіннен оның қасына келіп қоныстанған татарлар жасақ (ясашный) шаруалары құрамына енгізіліп, 1837 жылы бұлар заң жүзінде Семей губернаторы тарапынан елді-мекендер тізіміне тіркеледі. Ауылға «Башкүл» атауы беріледі [1]. Осылайша, ауыл халқы жерігілікті қазақ халқымен сіңісіп, өзара мәдени байланыстың дамуына үлестерін қоса бастайды.

XIX ғасырдың ортасына қарай халық санының өсуіне байланысты, ауылда мешіттің салынуы билік тарапынан құпталады. Сөйтіп, 1857 жылы Башкүлде бір мұнаралы ағаш мешіт бой көтереді [2]. 1896 жылы жөндеуден өткізіліп, жаңадан тұрғызылса [3], Кеңес билігі тұсында бұл мешіт бұзылып кетеді. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында мешіт қарамағындағы жамағат Орынбор мұфтиятының құрамында болып, мешіттің өзі «Орынбор мұсылмандары діни жиналысының» құзырында болады. XIX ғасырдың соңына дейін ауыл мешітіндегі діни істерді кезіндегі Вят губерниясынан келген имам Габбас бине Исхак және Семей мешаны Мөхәммәт-Сабир бине мулла Шәрәфетдин жүргізеді. Ғасырдың соңына қарай бұл екі имам ауыл медресесінде жүздеген шәкірттердің діни көзқарасын қалыптастырып үлгереді. Солардың қатарында жас Мөхәммәт-Зариф та болады.

Мөхәммәт-Зариф Мусин (1867 – 1929 ж. кейін) – қазіргі Бесқарағай ауданынан шыққан көрнекті діни қайраткерлердің бірі. Оның отбасы текті, бай әулеттен болған. Әуелі Башкүл жеріне Зариф молданың атасы Мұса бабай қоныс аударса керек, оның ұлы Гали-Ақбар қазақ халқымен сіңісіп, шығу тегін биліктен жасыру мақсатында есімін «Жолдыбай» деп өзгертеді. Бүгінде, Гали-Ақбар (Жолдыбай) мен әйелі Биби-Маликә абыстайдың Галиәхмәт, Мөхәммәт-Зариф, Мөхәммәт-Шакир, Мөхәммәт-Закир, Мөхәммәт-Гариф, Биби-Хадичә, Биби-Жәмилә, Сәния, Габделбар деген балаларынан ұрпақ тарайды [4]. Ал, Зариф молданың өзінен Әхмәт-Заки, Әхмәт-Раиф, Әхмәт-Фидәи, Биби-Шәфига, Мүнзия, Рәмзия, Ләбиб, Назим есімді балаларынан ұрпақ тарайды. Қалған балалары сәби кезінде шешек, дене қызуы сияқты т.б. аурулардан шетінеп кеткен. Имамның бірінші әйелі ауыл шаруасы Хәсәеннің қызы Биби-Ғарифа болса, екінші әйелі Төхвәтулла қажының қызы Биби-Сафура болады.

¹ Башкүл – (тат. Башкүл), ШҚО, Бесқарағай ауданындағы ауыл. Қазақша «Баскөл», көлдің басы, басты көл деген мағынаны береді. Бұнда және одан әрі елді-мекендер мен адам есімдері түпнұсқада татарша жазылуда беріледі.

² Бабай – (тат. бабай), қазақша «ата» мағынасын береді.

Мусин әуелтінен шыққан ер балалардың барлығы дерлік дін жолын ұстанған азаматтар болған. Мөхәммәт-Зариф молданың алғашқы ұстазы Башкүл имамы Сабир молда болып, екінші ұстазы Семей қаласында «№1», «№6», «№9» мешіттерде имамдық еткен Камалетдин бине Мөхәммәт-Рәхим болады. Семей қаласындағы ескі мұсылман зиратында Камалетдин имамның қабір тасы сақталған. Онда оның 1921 жылы шамамен 90 жастарында қайтыс болғаны, алтыншы махаллада³ жарты ғасыр имам болып, халықтың құрметтесі болғаны жайлы жазылған [5. 216-217 бб.]. Зариф молда Семейде 1890 жылдары білім алып жүрсе, Камалетдин имам ол кезде шамамен 60 жасынан асса керек. Мөхәммәт-Зариф Мусин Башкүлде 1895 жылдан бастап уақытша лауазымды имамдық қызметін атқара бастайды (бұрынғы имам қайтыс болады). Өзінің метрикалық жазбаларында көрсеткендей, ол 1901 жылы Уфа тарапынан бекітілген «имам-хатиб мұғалім» дәрежесін алып, қағаз жүзінде Башкүл ауылының имамы болып тіркеледі. Семей қаласында 1906 жылы шыққан «Адрес-календарь» жазбаларында Зариф молданың есімі кездеседі [6]. Онда ол «муаззин» деп көрсетілген. Ауылда азаншы болып муаззин қызметін Зариф молдамен қоса, туған ағасы Галиәхмәт (1865 - ?) көп жылдар бойы атқарады. Метрикалық жазбаларында «№6 мешіттің» имамы Камалетдин Мөхәммәт-Рәхим оғлыны «ұстазым» деп көрсетеді [3]. Семей медресесінде Зариф молда араб каллиграфиясын және метрикалық жазбалар мен діни істерді жүргізуді меңгеріп шығады. Мөхәммәт-Зариф Мусин 1929 жылға дейін Башкүл және Аккүл мешіттерінде имамдық етеді. Дәл осы жылы имам «кулак» деп айыпталып, 5 жылға жер аударылады. Имамның бұдан кейінгі өмірі белгісіз [7].

Сол «№ 6 мешіттің» медресесінде қазақтың ақыны Абай Құнанбайұлы оқыған. Семейден шыққан діни қайраткер Әхмәт-Вәли әл-Утари әс-Семипулати «Семейдегі мұсылмандық тарихы жайлы» жазған еңбегінде Камалетдин бине Мөхәммәт-Рәхим туралы және «№6 мешіт» жайлы дерек келтіріп, Семей қаласының ары қарай мешіті бар Аккултык (Аккүл), Башкүл, Бөкер⁴ деген ауылдарды да атап өтеді [5. 269 б.]. Осы дерекке сүйенсек, Семей қаласы өзіне қарасты ауылдармен тығыз байланыс орнатып, діни қайраткерлері болса, өзара шәкірт дайындағандарын көруге болады.

Мөхәммәт-Зариф Мусиннің имамдық еткен тұсында 1895-1896, 1904-1908, 1911-1912, 1915, 1917 жылдары жазылған метрикалық кітаптары мұрағат қорларында сақталған [3, 8]. 2019 жылдың күзінен бастап метрикалық жазбалар аударылып, аулы халқының генеологиялық шежіресі құрастырылуда. Төмендегі кестеде халықтың демографиялық жағдайын байқауға болады:

Метрикалық дәптердің жазылған жылы	Дүниеге келгендердің саны	Дүниеден өткендердің саны	Некелескендердің саны (никәх)	Ажырасқандардың саны (тәлакь, хөлегь, тәғәликь)
1895 ж.	33	22	2	-
1896 ж.	23	15	6	1
1904 ж.	28	31	8	-
1905 ж.	33	42	6	1
1906 ж.	24	13	9	-
1907 ж.	39	6	10	-
1908 ж.	33	11	4	2
1911 ж.	39	21	9	3
1912 ж.	38	42	5	-
1915 ж.	36	20	4	-
1917 ж.	24	27	13	-
Барлығы 11 жыл	350 адам	250 адам	76 неке	7 ажырасу

Осылайша, Мөхәммәт-Зариф Гали-Акбар оғлы Мусин 11 жылда Башкүл ауылында дүниеге келген 350 сәбиді, дүниеден өткен 250 адамды, некелескен 76 жұп пен ажырасқан 7 жұпты метрикалық жазбаларға тіркеген. Имам көрші аймақтармен шәкірт алмасып, медреселермен байланыс орнатқан. Сондай-ақ, ауыл медресесінде халық ақыны Нұрлыбек Баймұратов (1887-1967) сынды көрнекті шәкірттер білімдерін жетілдіріп отырған. Осы арқылы өлкедегі діни қайраткерлердің бір-бірімен жағымды қарым-қатынас орнатып, халық арасында руханият пен діни өмірдің қалыптасуына үлес

³ Махалла - (парс. محله), қаланың бір бөлігі. Әр махаллада бір мешіт болады. Яғни, мешіттің маңындағы үйлер бір махалланы құрайды.

⁴ Бөкер – (тат. Бөкер), қазіргі Ресей Федерациясы, Алтай өлкесіне қарасты Беленькое ауылы. Татар халқы бұл жерге ертеден қоныстанып, мешіт салған. Жергілікті халық арасында ауыл «Бүкір» деп аталады.

қосқандарын көреміз. Бүгінде, осы жазбалар арқылы өлкентануға қатысты, отбасылық деректерге, жалпы тарихқа қатысты мол мағлұмат алуға болады.

Қорыта айтқанда, Мөхәммәт-Зариф Мусин өз заманында танылған діни қайраткерлердің бірі. Оның 30 жылдан артық имамдық еткен тұсында жүздеген жастар сауат ашып, білімдерін шыңдаған. Шәкірттердің өз кезегінде халық қамы үшін еңбек еткен жандарға айналуында, Зариф молданың да зор үлесі бар деп сенемін.

Әдебиеттер

1. Хамитов Т. Есть аул в степях Семей...//Татарский мир. 2011. № 10(6633). С. 6-7.
 2. ГАТО, Ф.6, оп.6, д.1268, л.л. 1-31.
 3. ШҚО ҚЗТҚО, 755-к, 2-т. 42-іс.
 4. Ауыл тумалары Талғат Хамитов пен Асия Хасанованың (1934-2016) шежіре жазбаларынан 2016 жылы алынды.
 5. Милли-мәдәни мирасыбыз: Қазақстан татарлары. Семей – Казан, 2017. – 360 б. – (Фәнни экспедициялар хезинәсеннән; унжиденче китап) – 216-217 бб.
 6. «Адрес-календарь и памятная книжка Семипалатинской области на 1906 год», (С595Семип/П-15) 25-бет (1-бөлім), 37-бет (2-бөлім), –Семипалатинск, 1906.
 7. Р. Гарипова. Аккульская мечеть в постсоветском Казахстане: музейный артефакт или священное место//Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. №2(131)/2020. – Нур-Султан, 2020. – С. 39.
- ЦГИА РБ, Ф.295, оп.9, д.90г, д.681, д.1065. Оп.12, д.83, 84а, д.88.

ҒТАХР: 11.25.33

А. Даулетова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: Қ.М. Болысова ф.ғ.к., аға оқытушы

САЯСИ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Бүгінгі таңда біз бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз. Дегенмен қақтығыстардың кез-келген түрі жоққа шығарылмайды. Әр елде саяси қақтығыстың даму себептері бар. Мемлекет ішіндегі қақтығыстар болсын, екі ел арасындағы қақтығыстар болсын елдің тарихында таңбадай басылып қалатыны айқын. Меніңше, саяси қақтығыстардың орын алу себебі, ол екі жақты субъектінің қандай да бір билікке жету мақсатында пайда болады. Қақтығыстың бұл түріне мысал ретінде қарапайым халықтың қатысуымен өтетін соғыстар, көтерілістер, митингтерді жатқызсақ болады. Мұндай жағдайда барлық әрекеттер саналы түрде орындалады. Мысалы, митингіде халық өз іс-әрекетін анық және нақты мақсатпен, саналы түрде жасайды. Қарапайым тілмен айтқанда, саяси қақтығыс дегеніміз – саясаттағы қандай да бір белсенді топ, мемлекет, индивид, акторлардың арасындағы саяси мәртебе мен институттарды, әлеуметтік тәртіпті сақтау немесе өзгерту мақсатындағы билік үшін теориялық және іс-жүзіндегі күресі. Сондай-ақ, саяси қақтығыс саясат әлемінің ажырамас бір бөлігі, оның қозғаушы күші. Бұл тек саясаттанудағы ұғым емес, сонымен қатар саясат теориясының тілі, саясаткердің ойлау үлгісі десе де болады.

Қақтығыстарды үш түрге ажыратуымызға болады. Біріншісі, сәйкестендіру қақтығысы. Бұл қақтығыс түрі белгілі бір діни, тілдік, этникалық қоғамға тән. Құндылықтардың қақтығысы қазіргі дамушы елдерге тән. Келесі соңғы түрі мүдделер қақтығысы тұрақты елдер мен экономикалық дамыған мемлекеттерге тән. Қазіргі біздің қоғамда қақтығыстың үш түрі де ауқымды орын алады. Әсіресе, сәйкестендіру қақтығыс түрі, яғни діни, тілдік, этникалық қақтығыстар басымдық көрсетуде. Діни, тілдік, этникалық қақтығыстардың басым көпшілігі көпұлтты мемлекеттерде орын алуға болады. Бұған мысал, әлем бойынша ең ауқымды діни қақтығыстардың бірі протестанттар мен католиктер арасындағы XVI және XVII ғасырлардағы Еуропадағы бірқатар қарулы қақтығыстар [1].

Субъекттер арасындағы саяси қақтығыстардың салдарын екі негізгі топқа бөлуге болады. Ол қақтығыстар салдары мемлекет немесе акторлардың арасында екі жақты саяси мәселе тұрақтанады; Қоғамдық құндылықтар, нормалар, саяси құбылыс нысандары интеграцияланады. Тараптар көптеген мәселелерді, соның ішінде саяси саланы қайта қарастырады; Субъекттер арасында өзгерістер орын алады. Конфликтті шешу барысында тараптар ымыраға келуге, жаңа нысандар мен

құрылымдар құруға, саяси жүйелер реформалауға түседі; Мемлекетте жаңа саяси тұлғалар пайда болуы мүмкін. Саяси қақтығыс – саяси көшбасшылардың өз таланттарын ашуға, тарих барысына әсер етуге, өзін саяси көшбасшы ретінде көрсетуге бірден-бір себеп. Саяси қақтығыстар кезеңінде өзгерістерге, соның ішінде оң сипатқа ие болатын жарқын, ұлы тұлғалар пайда болады. Ал, саяси қақтығыстардың теріс әсерінен біріншіден, қоғамның тұрақсыздануы және ыдырауы байқалуы мүмкін, екіншіден, саяси қақтығыс азаматтық соғыстардың, жаппай өлімнің, рухани, адами ресурстардың таусылуына, материалдық құндылықтардың жоғалуына және мемлекеттер арасындағы соғыстың басталуына әкеледі. Үшіншіден, экстремистік топтар активті түрде жұмыс жүргізе бастауы мүмкін. Бұл мемлекеттегі саяси жүйені толығымен жоя алады. Экстремистік топтарға қарсы тұру кезінде мемлекет азаматтары да зардап шегуі мүмкін[1].

Саяси қақтығыстарға себеп болатын факторлар:

- Әлеуметтік теңсіздік;
- Этнос аралық қатынастар (шавинизм);
- Шектен шыққан патриотизм;
- Шекара мәселесі;
- Табиғи ресурстарды бөлісе алмау[2].

Саяси қақтығыстарды шешу жолдарына тоқталатын болсам, қақтығысты шешудің ең кең тараған үш түрі бар. Қақтығысты мәмілеге келу арқылы бейбіт жолмен шешуге болады. Яғни, мәміле деп дау жан-жалға қатысушы тараптардың өзара кешірімділік білдіріп, ымыраға келуін айтады. Келесі зорлық негізінде бітістіру, келістіру. Мұндай жағдай бір жақтың күші айтарлықтай басым болып, екінші жақ жеңілгенде немесе оны толық жойып жібергенде туады. Бірақ бүгінгі таңда әлем бойынша саяси қақтығыстарды шешудің ең қарқынды дамыған түрі, ол келіссөздер арқылы. Келіссөздер барысында тараптар қарама-қайшылықтың қарсыластың мүдделерін түсінуге, күштердің ара-қатынасын, татуласу жағдайларын дәлірек бағалауға, өзара шағымдардың мәнін, балама жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, келіссөздер процесі әр тараптың шешім қабылдау арқылы мақсаттарына жетуіне, олардың орындалуын қамтамасыз етуге және жанжалдан кейінгі қатынастардың шиеленісуіне жол бермеуге мүмкіндік беретін арнайы ережелер мен әдістерді сақтауды қамтиды. Келіссөздер – бұл күштердің ара-қатынасын көрсететін рәсім. Оларды жүзеге асырудың ең тиімді әдісі – ымыраға негізделген келісім. Бұл әсіресе келіссөздердің бұзылуы жанжалға қатысушы тараптар үшін қолайсыз салдарға әкелетін жағдайларда өзекті[3].

Қазіргі таңда әлемдегі ең ауқымды, дүниежүзіндегі қақтығыстар қатарына Бірінші дүниежүзілік соғысты, Екінші дүниежүзілік соғысты, КСРО-ның ыдырауын және де осы күнге дейін жалғасын тауып жатқан Сириядағы азаматтық соғысты, Ресей-Украина қақтығысын жатқызсақ болады.

Қорытындылай келе, әлемде алып жатқан саяси қақтығыстардың әсері мемлекетке үлкен зардап әкеліп соқтыратыны барлығымызға мәлім. Қақтығыс мәселесінің оң және теріс әсерін саралай отырып, мемлекет беделі және мемлекет азаматтары зардап шегетінін көреміз. Сонымен қатар, мемлекет ішіндегі қақтығыс, көпжақты, ұлтаралық қақтығысқа әкеліп соқтырады. Бірақ, соған қарамастан саяси қақтығыстар әр мемлекетте ауқымды түрде көрініс алуда. Себебі, жоғарыда айтқандай, саяси қақтығыс саясат әлемінің ажырамас бір бөлігі, оның қозғаушы күші болып табылады.

Әдебиеттер

1. Соколов С.В. Социальная конфликтология: Учеб. Пособие для вузов. – М.: ЮНИТИ – ДАНА, 2001. – 158 – 161б.
2. Теориялық саясаттану. Оқулық. – Алматы: Издательский центр ОФППИ «Интерлигал», 2005.
3. Введение в теорию международного конфликта. Учебное пособие. М., РАГС. 1996.12б.

С. Айтуарова

Университет имени Шакарима города Семей

Научный руководитель: Г.А. Абенова, к.и.н.

НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ АЛИХАНА БУКЕЙХАНОВА

История двадцатого столетия Казахстана ознаменована появлением выдающихся представителей казахской интеллигенции, таких ярких личностей, как А. Букейханов, А. Байтурсинов, М. Дулатов, Халел Досмухамедов и Жаханша Досмухамедов, М. Жумабаев, М. Тынышпаев.

Особое место в этом ряду занимает Алихан Нурмухамедович Букейханов – видный общественный и государственный деятель, организатор и лидер национально-демократической партии «Алаш», глава первого казахского правительства Алаш-Орда. Алихан Букейханов всю свою сознательную жизнь посвятил борьбе за свободу и политическую самостоятельность казахского народа [1].

Но за этой бурной политической деятельностью нельзя забывать о том, что А. Букейханов – видный ученый-лесовод, экономист, этнограф, историк, литературовед и публицист.

Разностороннее изучение богатейшего научного наследия А.Н. Букейханова, наряду с исследованием его общественно-политической деятельности, является одной из важных и интересных проблем исторической науки. Прежде всего, потому что Алихан Букейханов является одним из тех немногих ученых, заложивших основу фундаментального изучения фактически всех сторон жизни Казахстана, включая историю края, его культуру, быт, хозяйство, природные богатства и многое другое.

Научная деятельность А.Н. Букейханова не ограничивалась какой-то одной, определенной отраслью науки. Он был первым казахом, и вообще представителем казахстанско-среднеазиатского региона тогдашней России, окончившим Санкт-Петербургский Императорский Лесной институт по специальности «ученый-лесовод» и работавшим в этой отрасли. В то же время объектом его исследований оказался широчайший спектр проблем, касавшихся истории коренного населения Казахского края, его социально-экономической и культурной жизни.

После окончания вуза Алихан Букейханов участвовал в ряде экспедиций, а именно в «Тобольской экспедиции», занимавшейся исследованием положения крестьян Тобольской губернии, а затем был приглашен в состав «Половецкой экспедиции» [2]. Это было лишь началом научной карьеры Букейханова.

После этой экспедиции Букейханов был избран действительным членом Западно-Сибирского отдела Императорского Русского Географического общества (ЗСОИРГО). Его дальнейшая научно-исследовательская деятельность в течение омского периода жизни неразрывно связана с местным отделом ИРГО. Необходимо отметить, что Западно-Сибирский отдел ИРГО, открытый в 1877 году, занимал видное место в истории изучения и просвещения края и объединял наиболее образованные и передовые силы региона. В 1901 г. он был избран членом Распорядительного комитета Западно-Сибирского отдела ИРГО.

А. Букейханов был одним из активных участников экспедиции 1896–1903 годов, организованной Главным управлением земледелия и землепользования под руководством Ф.А. Щербины, результатом которой стало издание материалов по хозяйству и землепользованию в Степном крае в 13 томах [3]. В ходе экспедиции были собраны данные к шестому тому «Материалов по киргизскому землепользованию», посвященного Каркаралинскому уезду Семипалатинской области. Вклад А.Букейханова как исследователя, статистика в ход экспедиции Щербины был весьма значителен. Наравне со своими коллегами он анализировал условия жизни населения многих районов, социальные изменения в структуре городов, сел, аулов Казахской степи [4].

После экспедиции Щербины Букейханов принимал участие в статистически-экономическом исследовании животноводства в районе Сибирской железной дороги от Челябинска до Томска, которая проводилась под руководством С.П. Швецова. Одна из главных ролей в этой экспедиции принадлежала Букейханову, которым в результате этой работы были написаны две монографии [2].

В дальнейшем, уже после установления Советской власти, А. Букейханов был приглашен в состав «Особого комитета по исследованию союзных и автономных республик» и в составе

организованной данным комитетом экспедиции под руководством того же Швецова С.П., который на тот момент занимал одну из руководящих должностей в Президиуме АН СССР, выехал в Казахстан. Экономическим отрядом экспедиции были произведены статистико-экономические и бытовые исследования в Адаевском уезде – наименее исследованной части Казахстана.

Будучи действительным членом ИРГО, он вел разностороннюю научно-исследовательскую работу по истории Казахского края. Одним из результатов этой работы явился научный труд «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи», включенный в состав альманаха «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества». Эта работа, написанная Букейхановым совместно с А.Н. Сидельниковым и С.Д. Чадовым, также действительными членами ИРГО, является одной из лучших работ по истории Казахстана, изданных в досоветский период.

Другим научным трудом, рассматривающим различные аспекты прошлой и современной истории казахского общества, является работа под названием «Киргизы». Впервые она была издана в сборнике «Формы национального движения в современных государствах». В Санкт-Петербурге. О высоком научном уровне этой работы говорит хотя бы тот факт, что спустя 75 лет после выхода в свет, она вызвала большой интерес английских ученых и была переиздана ими в 1985 году в сборнике под названием «Казахи о русских» до 1917 года» Обществом исследования Средней Азии Оксфордского университета.

Изучение научных трудов Букейханова, рассматривающих различные аспекты истории казахского общества, позволяет сделать вывод о большом значении его наследия как ученого-историка, что определяется, прежде всего, глубоко научным, аналитическим, а не политизированным подходом к исследованию актуальных научных проблем.

Букейханова можно назвать с полным на то основанием, еще и ученым-экономистом. В уже упомянутой работе «Киргизы», наряду с данными о численности казахского населения, анализом прошлой и современной культурно-политической обстановки в казахских степях, дается всесторонняя характеристика казахского хозяйства начала XX века, анализ различных его типов, приводятся цифровые данные по общему количеству хозяйств, наличию скота, земельных угодий и т.д. Проблемы развития сельского хозяйства Сибири и областей Степного (Казахского) края вызывали у него огромный интерес как государственного деятеля и ученого.

Говоря о научном наследии Алихана Букейханова, необходимо отметить исследования по казахской литературе. Значительное место в его научном творчестве занимало наследие великого Абая. Некролог памяти Абая Кунанбаева является первым научным трудом о жизни и творчестве великого поэта и мыслителя.

Очень серьезное внимание в своем научном творчестве Букейханов уделял изучению самобытной культуры казахского народа, его богатых традиций и обычаев. Как ученый-литературовед он неоднократно подчеркивал огромное культурное значение казахского эпоса и фольклора. Букейханов также сотрудничал с известным энциклопедическим изданием Ф.А. Брокгауза и И.А. Эфрона.

Таковы основные, наиболее важные аспекты научной деятельности А. Букейханова, которая, как и в целом, все наследие выдающегося ученого и политического деятеля, в силу ее обширности и многообразия требует дальнейшего глубокого изучения.

Литература

1. Шаймуханова С.Д., Ерденбекова Ж.С., Бибигуль Муратбеккызы. Вклад Алихана Букейханова в политическую и научно-исследовательскую деятельность Казахстана // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 5-2. – С. 330-333.
2. Асылбеков М.Х., Сеитов Э.Т. Алихан Букейханов – общественно-политический деятель и ученый. Алматы: Өркениет, 2003. – 148 с.
3. Тулеуова Б.Т. Алихан Букейханов и русская демократическая интеллигенция конца XIX – начала XX веков: точки соприкосновения и взаимовлияния// <http://human.snauka.ru/2016/10/17036>.
4. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные Экспедицией по исследованию степных областей: Т. 1 / МЗ и ГИ. Деп. гос. земельн. имуществ. Т. 6.; Семипалатинская область. Каркаралинский уезд. – 1905. – 1149 с.// kazneb.kz/bookView/view/?brId=1544114&lang=ru.

Е. Серікқызы

«Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектебі» КММ-нің 8 «А» сынып оқушысы
Ғылыми жетекшісі: А.К. Даулетбаева «Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектебі» КММ-нің
«Тарих» пән мұғалімі

БАТЫРЛАРДЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Қазақ даласының көне замана бойында ержүрек азаматтарымызда таралған ең басты қасиет ол – батырлық! Осы сөз шығу тарихы ерекше «батыр» сөзі ежелгі баһадур сөзінен тарихи тамырын алса, негізінен жаужүрек, батыл, жауынгер сияқты ұғымдарды білдіреді. Ал пайда болу кезеңі – сонау түркі заманына дөп келеді. Шынайы келгенде V-VII ғасырларға жататын көне түркі жазбаларында нақты алсақ батыр деп берілмесе де, батырлық, ерлік істері жайлы көп жырланады.

Батырлар өздерінің әскери өнері арқылы келешек ұрпақты патриоттық сезімге, Отан сүйгіштік сезімге тәрбиелейді. Батыр ел үшін, жер үшін ұрыс майданында өлу үлкен мәртебе болып есептелетін. Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та, патриоттық сезім сияқты мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады. Бауыржан Момышұлы атамыз айтқан бір сөзінде- «Азаматтарға патриоттық тәрбие берудің негізгі бөлігі – ол әскери-патриоттық тәрбие. Әскери-патриоттық тәрбие еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған сенімді қорғаныс міндеттерді, патриоттық және рухани-психологиялық қасиеттерді қалыптастыруға негіз болады.» деп ерекше атап өткен.

Биыл 2022 жылы Дүниежүзін дүр сілкіндірген адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыстың аяқталғанына 77 жыл толады. 1945 жылы Берлинде біздің аталарымыз фашистік басқыншыларды тізе бүктіріп, бүгінгі бейбіт өмірге жол ашты. Араға талай жылдар салып, ата-бабаларымыздың аңсаған арманына қол жеткіздік. Батыр аталарымыз Отан үшін жан пида деп, қасық қаны қалғанша жаумен айқасты, өжеттілік пен қайсар мінездің үлгісін паш етті. Сондықтан біздің бүгінгі қасиетті парызымыз – осы күнге жеткізген ардагерлерімізді аялап, оларға құрмет көрсету. Арада қанша жылдар өтсе де ерлікпен қаза тапқан ержүрек жауынгерлеріміздің есімдері ел есінде мәңгі сақталады.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға үлес қосты. 1941-1945 жылдары КСРО-дағы әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық білім алуға аттанса, Қазақстанның аумағында соғыс жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны 16 000 офицер дайындап шығарған болатын.

Ұлы Отан соғысының шежіресіне қазақ даласынан шыққан Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова секілді тағыда есімі баршаға мәлім қазақ жерінен шыққан батырлардың есімдері көп. Партизан қозғалысына қатысқан даңқты қазақ жігіттері: Ғ. Ахмедьяров, Ғ. Омаров, В. Шарудов, Қ. Қайсенов, Ә. Шәріпов, Ә. Жангелдин, Ж. Саин, Н. Көшекпаев т.б. есімдері бүгінде зор құрметке ие.

Қазақ жерінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы құрылған дивизиялар:

Ақмолалық 29-атқыштар дивизиясы Сталинград үшін шайқастағы ерлігі үшін 72-гвардиялық дивизия болып аталды. Оның 31 жауынгері мен командиріне ең жоғарғы марапат – Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ақмола жерінде сондай-ақ, 106-атты әскерлер дивизиясы, 54-марштық автомобиль батальоны жасақталды. Осы облыстан майданға алынған жауынгерлер басқа да әскери құрамалар мен бөлімшелер құрамында болып, барлық жерде де табандылықпен қорғай алатын нағыз, ержүрек жауынгерлер ретінде таныла білді.

316-атқыштар дивизиясы Сегізінші гвардиялық атқыштар дивизиясы болып аталып, Қызыл Ту орденімен марапатталды. Панфилов қаза тапқаннан кейін дивизия оның есімімен аталды. 2 рет Ленин ордені мен Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталған. Панфилов Мәскеудегі Новодевичье зиратына жерленген. Онда 1941 жылдың күзінде Алматыда жасақталған.

73-гвардиялық дивизияның командирі, Кеңес Одағының Батыры, генерал-лейтенант Ғани Сафиуллин. Кеңес Одағының Батыры, ұшқыш Нұркен Әбдіров. Жауынгерлік экипаж. Кеңес Одағының Батыры, ұшқыш Евдокия Носаль мен штурман Хиуаз Доспанова.

Сталинград шайқасына барлығы 90 мыңға жуық қазақстандық қатысып, ерліктің тамаша үлгілерін көрсеткен.

1941 жылғы желтоқсанда, 1942 жылғы қаңтар айларында Алматы қаласында жасақталған 38-атқыштар дивизиясының офицерлер құрамы, негізінен, Алматы мен Фрунзе қалаларындағы әскери училищелердің түлектерінен толықтырылды. Дивизияның құрамы да Қазақстанда тұратын әскери міндеттегілерден қалыптасты, сондықтан саптағылардың 25 пайызға жуығы қазақтар болды. Олар Алматы, Жамбыл, Талдықорған облыстарынан келген тепсе темір үзетін жігіттер еді. Осылардың көбі Сталинградты қорғау үстінде ерлікпен қаза тапты. Ақмола, Қарағанды, Қостанай облыстарында құрылған 387-атқыштар дивизиясы 1942 жылы 31 желтоқсанда Тормосин қаласын дұшпаннан азат етті. Бұл қала немістердің Сталинградта қоршауда қалған Паулюс армиясына жәрдем бермекші болған гитлершілердің жолы еді. Дивизия осы жолды бөгеп, қоршаудағы армияға бірде-бір техника мен азық-түлік жібермеді.

Семейде екі атқыштар дивизиясы: 238-гвардиялық және 8-атқыштар дивизиясы жасақталды. Олар даңқты жорық жолдарын бастан өткерді. Соғыстың басынан аяғына дейін гвардияшылар Отанымыздың азаттығы, тәуелсіздігі мен абыройы үшін өз аттарын өшпестей етіп қалдырды. Майданда командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындағаны үшін дивизия Қызыл Ту және Суворов ордендерімен марапатталды. 238-ші атқыштар дивизиясы. 1941 жылдың 26 қыркүйегінде Семейде жасақталып, Батыс майданға аттанған 238-ші атқыштар дивизиясының жеке құрамы Москва түбіндегі шайқастарда өзінің жауынгерлік туын өшпес даңққа бөледі.

Ұлы Отан соғысы жылдарында «Партизандық соғыс» деп аталған партизандық отрядтардан құралған туралы мәлімет бар. Осы партизандық отрядтардың көбісі тарихшылардың айтуынша, олар Украина мен Беларусь елдерінің батыс аудандарында, Молдавия мен Балтық жағалауларында фашистік Германияға қарсы соғысқан.

Жалпы алғанда Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандықтардың саны 2 млннан кем емес деп жорамалданады. Қазақстаннан майданға 4 ұлттық атты дивизия, 7 атқыштар бригадасы, сондай-ақ 2 ұлттық атқыштар бригадасы жөнелтілген еді, 50-ге жуық әртүрлі әскери полктер мен батальондар құрылды.

Қорытындылай келе, тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы тарих ғылымында Ұлы Отан соғысы жыларындағы Қазақстан тарихын қатысты бірқатар деректер, бұрын қолжетімділік мүмкіндігі болмаған мұрағат деректері жарық көріп, зерттеушілердің берілген тақырып бойынша деректік базасының кеңеюіне мүмкіндік ашты.

Әдебиеттер

1. Ахметжан Қ. Батырлар дала серілері // Қазақ батырлары туралы. – Алматы: Nomad- Kazakhstan, 2005. – №2. – 66-71бб.
2. Иманбаев Т. Батырлар тарихы– ел тарихы // Президент және халық. – Алматы: 2009. – 1 мамыр №17: –7 б.

СЕКЦИЯ 27: ЗАКОННОСТЬ И ПРАВОПОРЯДОК В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

ҒТАХР: 10.77.01

А. Бопабаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: Н.С. Газизова, қауымдастырылған профессор, п.ғ.к,
ҚР ПҒА кореспондент мүшесі

**ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ - ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-
ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ (ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)**

Қазіргі таңда кең ауқымды алып жатқан тақырыптардың бірі- тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі. Себебі, бүгінгі қоғам арасында кездесетін күнделікті өмірдің қалыпты жағдайына айналып бара жатқан құбылыстардың бірі. Қазіргі таңда бұқаралық ақпараттар, баспасөздер, денсаулық сақтау, теледидар, әлеуметтік қоғамының деректеріне сүйенсек Қазақстан Республикасында тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткіші белсенді артуда. Соған орай, елімізде мұндай жағдайларды болдырмау аясында профилактикалық іс-шаралар, зерттеулер кең ауқымда өткізілуде.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық түсінігіне тоқталмас бұрын «зорлық-зомбылық» ұғымын анықтап алғанымыз дұрыс болар. Зорлық-зомбылық – жеке тұлғаға қол сұқпаушылық (тәндік және рухани мағынада) туралы азаматтардың құқын бұзатын бір адамның екінші адамға тәндік немесе психикалық ықпал етуі. Түрлі тәсілдермен ұрып-соғу, дене жарақатын салу, азаптау (азапқа салу және денсаулыққа зиян келтіру); адам психикасына (жүйкесінің тозуы немесе тіпті жынданып кетуін тудыруы мүмкін) қорқыту, тәнге жарақат салу катері жолымен ықпал ету және т.б. Зорлық – зомбылықты қолдану арқылы жасалған қылмыс, қылмыстық жауапкершілікті ауырлататын мән-жай болып табылады.деп көрсетілген [1]. Бұл ұғым толықтай тұрмыстағы зорлық-зомбылық заңдылық және азаматтық некеде бірдей қолданылады. Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылықта тікелей отбасы мүшесі толық немесе тек бір адамға қатысты қолсұғушылық жүргізілуі мүмкін.

Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың көбеюіне ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев та тоқталған еді. Ол «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауында: «...қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылдау керек. Бұл ретте, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтармен тиімді күресу маңызды рөл атқарады» -дей келе, осы салада Үкіметке бірнеше тапсырмалар берді [2]. Құқық бұзушылық - құқықтық нұсқамаларға қарсы келетін және қоғамдық, тұлға аралық қарым-қатынастарға кері әсерін тигізетін адамдардың тәртібі. Бүгінгі қоғамда Қазақстанның даму қарқыны жылдан-жылға екпінді серпін алып келе жатқаны өз елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде ашық айтылып отыр. Осы орайдаб шетелдік, отандық **еңбектерін саралау барысында зорлық-зомбылық, тұрмыстық зорлық-зомбылық осы саладағы т.б. мәселелердің зерттеліп жатқандығына көз жеткіздік. Ғалымдардың еңбектерін саралау, бізге ғылыми жобамыздың мақсатын айқындауға мүмкіндік берді.** Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасында, соның ішінде Шығыс Қазақстан облысындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың себеп – салдарын анықтап, оның алдын алу іс – шаралары негізінде әдіснамалық нұсқау беруді мақсат етіп қояды. Мақсатқа жету жолындағы міндеттер айқындалып, ғылыми жобаның болжамы мен жаңалығы анықталды. Аталмыш мәселелерді саралауда төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру қажет болып табылады: ғылыми зерттеу аясында құжаттарды жинақтау, талдау және топтау, тұрмыстық зорлық-зомбылық детерминанттары жүйесін қалыптастыруға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың криминологиялық алдын-алудың жалпы және арнайы шараларын тұжырымдау, тұрмыстық қатынастар саласында жасалған зорлық-зомбылық қылмыстарының виктимологиялық алдын-алудың негізгі бағыттарын анықтау, ШҚО-ның тәжірибесін саралау, ғылыми әдебиеттерді және нормативтік - құқықтық базаны талдау, халыққа сауалнама жүргізу, нәтижелерді түсіндіру. Зерттеу аясында эмпирикалық әдістің бірнеше түрлері қолданылды. Соның бірі сауалнама. Сауалнамаға 517 респондент қатысты. Сауалнаманы талдау нәтижесі тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап

шеккендердің 35 пайызы өз құқығын біледі, ал 65 пайызы құқықтарын білмейтіні анықталды, яғни өз құқықтарын білетін адамдар полицияға жүгінуді белсе де, бірақ қорқады, балаларын әкесіз қалтырғысы келмейді, туыстардың сөзінен жасқанады. Керісінше өз құқықтарын білмейтіндер жәбір көруден қашып кеткісі келеді, бірақ қайда жүгінерін білмейді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың сан-салалығы олардың күнделікті қылмысынан көрініс табуда. Оларды жаңа рухта, жаңа көзқараста тәрбиелеу қоғамның басты міндетінің бірі болып табылады. Осыған орай, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырап құқық қорғау органдарына хабарласқан адамдардың санының артуын, оларға қатысты құқық бұзушылықтың артуы деп емес, активті позицияларын, олардың зорлықтан қорғану шаралары туралы ақпараттануын, құқық қорғау органдарына артқан сенімдері деп қарастыру қажет екені түсінікті. Осы тұрғыда зардап шегетін жақты отбасындағы зорлық-зомбылық түсініктемесінде көбінде нәзік жандарымыз ана, әпке-қарындастарымызды, бала, мүгедек жандар, ата-ананы, айтып жатады. Отбасы-тұрмыстық қатынас саласы бойынша 90 пайызында зардап шегуші – әйел адамдар [3].

Отбасы ішінде сонымен қатар жыныстық зорлық-зомбылық қолдануда, бұл көбінесе ерлі-зайыптылардың арасында еркісіз тұрмыс құрған немсе алып қашып кеткен, кейде жасөспірімдерге қарай қолданылады. Статистикаға жүгінсек: әрбір 3 отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылық болады. Соның ішінде, әрбір 7-ші әйел экономикалық зорлық-зомбылыққа ұшырайды, әрбір 6-шы әйел физикалық зорлық-зомбылықты бастан кешеді, әрбір 3-ші әйел психологиялық зорлық-зомбылыққа тап болады [4]. Сандық мәліметтер дәлелдегендей, елімізді жыл сайын тұрмыстық зорлық-зомбылықтан 400-ге жуық әйел қаза болады. Ресми деректемелерге сенсек, көрсеткіш елімізде физикалық зорлық-зомбылықтың көрінісінде жиі тараған. Бұл орайда, Семей қаласы бойынша 2020 жылы (ҚР ҚК 106-бабы денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру) – 3 қылмыс фактісі тіркелді. 2021 жылы (99-бап. Адам өлтіру)- 17, (ҚР ҚК 106-бабы денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру) –55, (ҚР ҚК 107-бабы денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру)- 58, (ҚР ҚК 112-бабы қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру)- 6 көрсеткіші дәлел.

Қылмыспен күрестің негізгі бағыты – оның алдын алу. Зерттеу жұмысы барысында тұрмыстық зорлық – зомбылықтың себептерін ескере отырып, олардың алдын алу шаралары қарастырылды. Қазақстан Республикасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі заңнаманы қалыптастыру және дамыту жұмысы қолға алынған. Бұл салада тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты нормативтік құжаттар да аз емес. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясы [5], Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекс [6], Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі [7], Қазақстан Республикасының Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы профилактикасы туралы Заңы [8], Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі [9]. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV заңы, соңғы өзгеріс 7 шілде 2020 жылы енгізілді [8]. Аталмыш заңды саралайтын болсақ, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбір көргендердің мемлекет тарапынан, яғни заңмен қорғалатынын байқаймыз. Оған дәлел, «Жәбірленушілердің өтініші бойынша оларды көмек көрсету жөніндегі ұйымдарға немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жібереді», - деген 10-бабының 7 тармағынынан құқық қорғау және денсаулық сақтау т.б көмек беру мекемелерінің осы мәселе бойынша жұмыс жүргізетініне көз жеткізуге болады [8]. Профилактика бойынша елімізде кейінгі жылдары заңнаманы нығайту барысында көптеген профилактикалық іс шаралар қолданылып келеді. Бұл заң зорлық-зомбылық құрбандарын қорғаудың қылмыстық-процестік мәжбүрлеуді қамтамасыз ету мүмкіндіктерін едәуір кеңейтті. Осындай профилактикалық іс жүргізу арқасында елімізде біршама отбасылар өздерінің берекелігін сақтап қалды.

Зерттеу жұмысы барысында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың себептері әлеуметтік және қоғамдық жағдайға байланысты екендігі анықталды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу білім берудің ауқымды реформаларынсыз, қоғамның гендерлік зорлық-зомбылық және мінез-құлық нормаларын өзгертуге бағытталған шараларынсыз мүмкін емес. Бұл салада біз зерттеу жұмысымыздың мақсатына сай мазмұнды ұсыныстарды бердік. Олар: ШҚО бойынша, соның ішінде Семей қаласында дағдарыс орталығынашуға әрекет ету, Франция мемлекеті тәжірибесіне сүйене отырып тұрмыста зорлық-зомбылыққа ұшыраған тұлғаларға сигнал беретін білезікпен (браслет) қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру, Шығыс Қазақстан облысындағы тұрмыстық зорлық – зомбылыққа қарсы тұрудың қылмыстық –құқықтық аспектілері тақырыбында монография даярлап, шығару. Жадынаманы құрастырып, тарату. Зерттеу жұмысы бізге тұрмыстағы зорлық -

зомбылықтың маңызды мәселе екенін айқындап дәлелдейді, өйткені ешкім зорлық - зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын әрекеттерге ұшырамауы тиіс.

Әдебиеттер

1. Зорлық – зомбылық. [Элек-трон. ресурс]. – URL: // kk.wikipedia.org/wiki/ (алынған күні: 15.11.2019 ж.).
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Электрон. деректер. URL: // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (алынған күні: 22.03.2021 ж.).
3. «Отбасындағы тұрмыстық зорлық – зомбылық мәселелер» [Элек-трон. ресурс]. 29. 11. 2017ж – URL: // <http://oqu-zaman.kz/?P=20980> (алынған күні: 15.01.2020 ж.).
4. Мейрамбайқызы А. Төтенше жағдай кезінде тұрмыстық зорлық 4 есе көбейген. Агрессорларды ашудан артылудың жолы бар ма? 30.04.2020 ж. – Электрон. деректер. URL: // <https://informburo.kz/kaz/ttenshe-zhaday-keznde-trmysty-zorly-4-ese-kbeygen-agresorlardy-ashudan-aryltudy-zholy-bar-ma.html> (алынған күні: 12.02.2021 ж.).
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, Жеті Жарғы, 2021.-57бет.
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. (04.09.2021 ж. өзгертулерімен) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226/history> (алынған күні: 10.04.2022 ж.).
7. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі (16.01.2020 жылғы өзгертулерімен). [Элек-трон. Ресурс]. – URL: // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235/history> (алынған күні: 10.04.2022 ж.).
8. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы.(24.11.2021ж. өзгертулерімен). [Элек-трон. Ресурс]. – URL: // <https://adilet.zan.kz/kaz/> (алынған күні: 10.04.2022 ж.).
9. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы7 Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. (01.07.2021 ж. өзгертулерімен) [Элек-трон. ресурс]. – URL: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518/history> (алынған күні: 10.04.2021 ж.).

ҒТАХР: 10.79.21

Ж. Кабдулшарипова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекшісі: А.К. Сарбасова «Тарих және құқық» кафедрасының аға оқытушысы

ТЕРГЕУ СУДЬЯСЫ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЖАҢА ИНСТИТУТЫ РЕТІНДЕ

Кейбір елдер үшін сот бақылауының мәселелері сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етуге шақыруына байланысты әлі де өзекті және даулы болып отыр. Қазақстан Республикасы да бұл мәселе бар.

Конституциялық ережелерді негізге ала отырып, мемлекеттің негізгі міндеті ішкі тетіктер мен рәсімдерді пайдалану арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғушылықтың кез келген түрін қоршау, сондай-ақ жүргізіліп жатқан жұмыстың тиімділігі байланысты органдар мен ұйымдардың қызметін жетілдіру үшін жағдайлар жасау болып табылады. Мемлекеттік органдар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерді нақты қорғау, жеке мүлкін, ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау үшін қажеттінің бәрін істеуге, қылмысқа қарсы күрес жүргізуге, кез келген құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алуға және оларды туғызатын себептерді жоюға міндетті.

Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық дамуының қазіргі кезеңі қылмыстық заңдардың түбегейлі жаңартылуымен, оның ішінде сот билігінің тәуелсіздігі мен дербестігін нығайту, қылмыстық сот ісін жүргізудің сотқа дейінгі сатыларында сот арқылы қорғалуға конституциялық құқықтың қолданылуын тарату бөлігінде қылмыстық сот ісін жүргізу мен Қазақстанның сот жүйесін жаңғыртумен сипатталады.

2015 жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-процестік кодексінің қабылдануымен бірге салалық құқықта жаңа процестік фигура – тергеу судьясы бекіді. Оның өкілеттіктері судьяның өкілеттіктеріне толық сәйкес келмейді, оның міндеті істі мәні бойынша қарау және шешу болып табылады, бұл олардың атқаратын қызметтеріндегі айырмашылықтарға байланысты негізделген және заңды болып табылады.

Қазақстанның " құқықтық өрісіне " тергеу судьясының фигурасын енгізу сотқа дейінгі іс жүргізудегі сот бақылауының шегін кезең-кезеңімен кеңейту арқылы сот жүйесін жетілдіру жөніндегі мемлекеттің саяси бағыттардың бірі болып табылады [1].

Қазақстан Республикасының 2014 жылы 4 шілдеде қабылданған «Қылмыстық-процестік» кодексінің 54-бабының 3-бөлігіне сәйкес, тергеу судьясы – бірінші сатыдағы соттың судьясы, оның өкілеттігіне қылмыстық сот ісін жүргізуде адамдар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына сот бақылауын осы Кодексте көзделген тәртіппен жүзеге асыру жатады.

Тергеу судьясы тәжірибесі мол, бұрын тергеуші болып жұмыс жасаған қызметкерлердің арасынан және оны сот төрағасы тағайындайды.

Қазақстан Республикасының 2014 жылы 4 шілдеде қабылданған «Қылмыстық-процестік» кодексінің 55-бабында тергеу судьясының 18 өкілеттіліктері көзделген [2].

Тергеу судьясының қаулыларына шағымдану, наразылық келтіру ҚР ҚПК-нің 107-бабымен рәсімделген.

Тергеу судьясының осы өкілеттіліктерін қарап отырып, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы айрықша маңызын көре аламыз. Осыған орай, Семей қаласының №2 сотының тергеу судьясы Кузетаева Динара Зарыпбековнамен кездесуден болып, сұхбат жүргіздік. Сұхбат жүргізу барысында Динара Зарыпбековна тергеу судьясының негізгі міндеттерін, өкілеттіліктерін айтып өтті. Сонымен қатар, жаңа Абай облысының құрылуына байланысты Семей қаласында тергеу сотының пайда болатынын жеткізді. Осының өзі қазіргі таңда тергеу судьясының рөлі артып келе жатқанын көрсетеді.

Семей қаласының №2 сотының тергеу судьяларының 2021 жылғы және 2022 жылдың 3 айы бойынша материалдарды қарауы бойынша статистикасына тоқталып өтсек.

2021 жылдың 12 айында тергеу судьясына барлығы – 1951 материал келіп түсті, қайтарылғаны – 59, қаралғаны – 1892, қанағаттандырылғаны – 1854, бас тартылғаны – 38.

2022 жылдың 3 айында сотқа барлығы – 673 материал келіп түсті, қайтарылғаны – 29, қанағаттандырылғаны – 626, бас тартылғаны – 16.

Бұл жерде ерекше тоқталып өтетініміз, неліктен тергеу судьясы 2021 жылғы статистика бойынша 38 істер бойынша санкция беруден бас тартты. Біз бұл сұрақтардың шешімін табу үшін, тергеу судьясымен кездескен едім. Сондықтан осы істерден бір мысал келтіре аламын. Тергеу судьясының жалпы мағлұматтарына сүйенсек, өткен жылы қылмыстық іс бойынша азамат А. Семей қаласында «Жансая Базарында» «SAMSUNG» маркасында телефон ұрлады. Арада 3 күн өткен соң азамат А. екінші рет автобуста телефон ұрлайды. Азамат А. ҚР ҚК 188-бабы, Ұрлық бойынша іс қозғалды. Тергеуші өзінің қаулысымен осы іс бойынша қамаққа алу үшін тергеу судьясына келеді. Алайда тергеу судьясы бұл қамаққа алуды санкциялаудан бас тартады. Азаматтың бұл ісі ҚР ҚК 54-бабына сәйкес, ауырлататын мән-жайлар болып отыр. Осыған қарамастан тергеу судьясы санкция беруден бас тартты. Бұған бірнеше себептер бар:

- азаматтың отбасылық жағдайы;
- тұрақты жұмысының болуы;
- бұрын сотталмауы.

Тергеу судьясы Динара Зарыпбековна бұл жағдайда санкция бермеудің негізі – азаматтардың конституциялық құқығын қорғау екендігін айтып өтті. Бұл жөнінде Семей қаласының Ауезов полиция бөлімінің тергеушісімен де тілдесіп көрдік. Тергеуші де тергеу судьясының санкция бермеуінің азаматтардың құқықтар мен мүдделерін қорғау екендігін

Тергеу судьясының бұл өкілеттіктеріне мән бере отырып, Қазақстанда жаңа институттың – сотта бекітілуінің, сот бақылауы функциясын іске асыру кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында дәлелдемелерді алудың және бағалаудың туғанын куәландырады. Бұл халықаралық талаптарға сәйкес адам құқықтарын қорғаудың елеулі тетігі болады.

Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау тәсілдерінің бірі соттың прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарауы болып табылады.

Мысалы, сотқа дейінгі тергеп – тексеруді жүргізетін орган қылмыстың куәгері болып табылатын адамнан жауап алудан бас тартады не көзбе-көз беттестіру жасаудан, қорғаушы тағайындаудан, заңды өкілге рұқсат беруден, күдіктіге процестік мәжбүрлеу шараларын таңдаудан және қолданудан (үйкамақ пен күзетпен ұстауды қоспағанда), адамды жәбірленуші деп танудан бас тартады, процестік әрекеттерді және өзге де әрекеттерді жасалған қылмыс туралы хабарламаларды тексеру кезіндегі іс – әрекет және басқалар.

Тергеу судьяларына тергеу әрекеттерін санкциялау өкілеттіктерін беру тәжірибесі өзін толық ақтады. Соттарда айыптау мен қорғау арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету мақсатында адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын шектейтін барлық тергеу әрекеттерін санкциялау жөніндегі өкілеттіктер тергеу судьясына кезең-кезеңімен беріледі. Тергеу судьясының бұған дейін бекітілген өкілеттіктерінен басқа, оған алу мен тінту, жеке тінту және тексеруге санкция беру мәселелері берілді.

Келесі кезеңдерде тергеу судьяларына қылмыстарды ашу және оларды жасаған адамдарды әшкерелеу жөніндегі арнайы жедел-ізвестіру іс-шараларын санкциялау жөніндегі өкілеттіктерді беру жоспарлануда.

Сондықтан тергеу судьялары күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мәселені шешуге барынша жауапкершілікпен қарауға, кепіл қолдануды емес, нақ осы бұлтартпау шарасын қолдану не күзетпен ұстауға балама басқа да бұлтартпау шараларын қолдану үшін негіздерді анықтау мақсатында қылмыстық іс материалдарын мұқият зерттеуге қажетті шараларды қабылдауға тиіс. Тергеу судьяларының қаулыларында олар қабылдайтын шешімдер нақты негіздер мен мән-жайлар келтіріле отырып, уәжделуге тиіс.

Қорытындылай келе, тергеу судьясы заңды түрде құрылған және оның өкілеттіктері анықталған бірінші кезең орындалды. Енді бұл институтты одан әрі дамыту қажет. Келесі кезеңді жүзеге асыру қажет болатын сәт келді. Ол тергеу судьясының өкілеттіктерін кеңейтуге де, оның іс жүргізу қызметінің нысандары мен әдістерін жетілдіруге де бағытталуы керек.

Әдебиеттер

1. С.М. Шамшиурова. Перспективы закрепления правового статуса следственного судьи в судебной системе республики казахстан. // <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=21547181&>
2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қылмыстық-процестік кодексі (02.03.2022ж. өзгертулерімен). // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231/history>

ҒТАХР: 10.77.01

Ж. Дулатқызы

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекшісі: А.М. Бытымбаев құқықтану кафедрасының доценті

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР БОЙЫНША ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 38-бабында елімізде табиғатты сақтау міндеттілігі қаралып: «Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті» деп анық бекітілген [1]. Осы Конституцияның 38-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарды ұқыпты қарауға міндетті болып табылады.

Яғни, Конституцияға сәйкес табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті тек қана Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады. Қазақстан Республикасына қызыметтік сапармен, қонаққа және тағы да басқа себептермен келіп тұрып жатқан шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқтар жетерлік. Алайда, Конституцияда олардың табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндеттілігі реттелмеген деуге болады. Сонда да болса, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 7-бабына сай Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша жауаптылыққа жататындығы белгіленген [2]. Ал, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 28-бабында әкімшілік жауаптылыққа әкімшілік құқық бұзушылық аяқталған немесе оның жолын кескен кезде он алты жасқа толған, ақыл-есі дұрыс

жеке тұлға мен заңды тұлға жататындығы белгіленіп отыр [3]. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 12-бабында жеке тұлғаға Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары сондай ақ азаматтығы жоқ адамдар жататындығы бекітілген [4]. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің талабына сай әкімшілік құқық бұзушылық үшін жеке тұлғамен қатар заңды тұлға да жауаптылықта болатындығы анық. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының 1997 жылы қабылданған қылмыстық кодексінде де, 2014 жылы қабылданған қылмыстық кодексінде де заңды тұлғаның қылмыстың немесе қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болатындығы қарастырылмаған. Сонда да болса, заңды тұлғалардың қылмыстық құқық бұзушылық бойынша жауаптылықта болуы, яғни қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болу қажеттілігі ғалымдар мен іс тәжірибе қызметкерлері арасында көптен қызу талқылануда. Заңды тұлғалардың қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болу қажеттігін қолдайтындар да, қолдамайтындар да кездеседі. Бұл заңды тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болуын әлі де болса кең зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді. Яғни, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша негізінен осы қылмыстық құқық бұзушылықтар заңды тұлғаларға жататын меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүлкілік және мүлкілік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйымдармен жасалатындығы белгілі.

Заңды тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту қылмыстық заңды халықаралық стандартқа келтіруге алып келеді. Өйткені, Қазақстан 2008 жылы 4 мамырда Біріккен Ұлттар Ұйымының сыбайлас жемқорлыққа және трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы конвенциясын ратификациялаған. Осы Конвенцияны ратификациялағаннан кейін еліміз заңды тұлғаларды қылмыстық, әкімшілік және азаматтық-құқықтық жауаптылықты енгізуге міндеттелді. Заңды тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесі оң нәтижемен қатар кері нәтижелерді де алып келу мүмкіндігін есепке алыу қажет. Осыған байланысты заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесі қылмыстық-құқықтық институтты қайта өңдеуге алып келеді. Заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың заңды мүдделері мен құқықтарының сот және құқық қорғау органдарында қорғалу жағдайлар ескерілуі қажет. Осы сұрақтар бойынша жан-жақты зерттелмеген немесе асығыс қабылданған шешімдер құқық қорғау органдарында сыбайлас жемқорлықтың орын алуына алып келуімен қатар бизнестерге заңсыз әсер ету мүмкіндігін ескерген жөн [5]. Мысалыға келтірер болсақ, Қызылорда облысы прокуратурасының баспасөз қызметі хабарлағандай қоршаған ортаны қорғау барысында уәкілетті орган қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық санатындағы қылмыстардың орын алатындығын және Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің экологиялық рұқсат беру бөлімінің бастығы Ш.О. мен бас маман Н.Е. пара алу фактісі бойынша сотталған [6].

Қылмыстық құқық бұзушылық бойынша заңды тұлғаның жауапты болуымен келіспейтіндердің бірі А.Н. Ағыбаев қылмыстың субъектісі ретінде заңды тұлғаларды тану негізсіз және қылмыстың субъектісі болып тек қана есі дұрыс қылмыстық жауаптылық жасқа толған жеке тұлға ғана болуы тиістігін атай келіп, заңды тұлғаның қылмыс субъектісі болуы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 3-бабында қарастырылған бір қылмыс үшін ешкімді де қайталап қылмыстық жауапқа тартуға болмайтындық қағидасына қарсы деп айтады. Себебі, заңды тұлғаларды қылмыстық жауапқа тарта отырып, оның басшысын да жауапқа тарту қажеттігі туындайды, сонымен қатар заңды тұлғалардың қылмысқа қатыстылығын кінә бойынша анықтау қажеттігі жағдайында заңды тұлғаның қылмыстық іс-әрекетті кінәнің қай нысанымен жасағандығын анықтау мүмкін емес. Бұл дегеніміз қылмыстық құқықтың, жауаптылық жеке және кінәлі болу тиіс қағидасына қайшы екендігімен түсіндіріледі дегенді алға таратты [7]. А.Н. Ағыбаевтың атап отырғанындай қылмыстық құқықтың жауаптылықтың жеке және кінәліге қатысты болу қағидасының негізінде біз бір жасалған қылмыстық іс-әрекет үшін заңды тұлғаны және осы заңды тұлғаның уәкілетті өкілін де қылмыс немесе қылмыстық теріс қылық үшін жауаптылыққа тартамыз дегенді көрсетеді. Осыған жауап ретінде заңды тұлғаның жауаптылығы мен заңды тұлғаның уәкілетті өкілі ретіндегі танылатын жеке тұлғаның жауаптылығы бір дегенмен келіспеуге болатындай. Өйткені, заңды тұлға өкілі қылмыстық құқық бұзушылық бойынша жауаптылыққа тартылар болса онда ол заңды тұлғаны, 2015 жылдан бастап қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 28-бабында қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың бірі ретінде танылуы мүмкін.

Шет елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту экологиялық қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы әрекет етудің бір жолы ретінде қарастырылады [8]

Заңды тұлғаның қылмыстық жауаптылығы туарлы мәселенің қоғамда үлкен пікір таласқа түсіп отырғанын А.Б. Омарова мен Ш.Б. Маликова көрсете отырып, заңды тұлғаның қылмыстық жауаптылыққа тартылуын қолдамайтындығын білдіреді. Оның себебі ретінде, олар заңды тұлғаны жауаптылыққа тартудың мақсаты қылмыспен келтірілген зардаптың орынын заңды тұлғаға толтырту дегенді ұстана отырып, қылмыспен келтірілген зардап пен шығынды қалпына келтіруге заңды тұлғаны мәжбүрлеудің басқа да нормаивтік құқықтық нормалармен реттелетіндігін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: Юрист, 2014. – 204 б.
3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі. – Алматы: Юрист, 2014. – 392 б.
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері). – Алматы: Юрист, 2014. – 368 б.
5. Бытымбаев А.М. Экологические уголовные правонарушения: обзор законодательства постсоветских стран «Теория и практика современной юридической науки», /сборник научных трудов по итогам международной научно-практической конференции. №2. Самара, 2015. – С. 95-99
6. Табиғатты қорғау – баршаға міндет // Заң және заман. № 01(157). 2014. – Б. 69-70
7. Ағыбаев А.Н. Проблемы уголовной ответственности юридических лиц // «Қазақстан Республикасының 2010-2020 жж. арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы мемлекеттің тұрақты дамуының алғы шарттары» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / Жауапты ред.: Д.Л. Байдельдинов, Р.Е. Джансарева. Алматы: Қазақ университеті, 2009. – С. 21-23.
8. Бытымбаев А.М. Правонарушение в экологическом законодательстве зарубежных стран //Теоретико-прикладные аспекты социально-экономического и политического развитие стран Центральной Азии и СНГ: сб.материалов заочной междунар. научно-практической конференции в 2-х т.,/под ред.: М.С. Бесбаева,С.А. Жакишевой. – Алматы: Центр оперативной печати КазАТиСО, 2015. – С. 18-26

ҒТАХР: 10.77.01

Ж. Дулатқызы, Б. Солтанғазы

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекшісі: Б.Н . Дуйсембековна құқықтану кафедрасының доценті

ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ АЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі әлемнің дамуы, адам құқығы мәселесіне ерекше назар аударуды қажет етеді. Адам құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету әр мемлекет дамуының негізі болып табылады. Әлемдік қауымдастықтың дамуына байланысты қазіргі кезде адам құқығы мәселесіне аса зор назар бөлінеді. Адам құқығы, оларды қамтамасыз ету – демократиялық құндылықтарға бағытталған елдердің дамуының соңғы мақсаты және маңызды нәтежесі болып келеді. Ал ол өз кезегінде дүниежүзіліктің тұрақты даму стратегиясының маңызды факторлары болып табылады.

Адам құқығы азаматтармен мемлекет арасындағы қарым – қатынастарының принципін белгілейді, әр азаматты саналы және қоғамдық өмірдің еркін субъектісіне айналуын қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы өзін құқықтық және демократиялық мемлекет ретінде бекіте отырып, адам мен азаматтың құқықтарымен бостандықтарын мемлекеттің басты құндылығы ретінде Ата заңында жариялаған еді. Мемлекетіміздің 2030 жылға дейінгі стратегиясы халқымыздың рухани, ғылыми және шығармашылық қабілеті жоғары болған жағдайда ғана Қазақстанның дамуындағы ұзақ мерзімге межеленген мақсаттарға жетуге болатындығын анықтап берді [1]. Білімнің айрықша басымдық алуы қазіргі қоғамдық прогрестің заңдылықтарынан туындайды. Өресі биік білімдар адамдар мемлекеттің экономикалық даму деңгейін анықтайды, міне сондықтан да Қазақстан Республикасының Конституциясы жеке тұлғаның білімге деген сұранысын қанағаттандыру үшін өз азаматтарына кепілдік береді [2].

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік – экономикалық және саяси өзгерістер білім беру саласын жетілдіруді талап етеді. Сондықтан қайта құрудың негізгі бастамасы мамандарды даярлаудан басталады. Қазақстан Республикасы Конституциясы, «Білім беру туралы», «Жоғары білім туралы» заңдары болашақ мамандарды және оларды қазіргі заман талабына жауап бере алатындай етіп даярлауға аса ерекше көңіл бөлген. «Білім берудің гуманитарлық сипаты, онда адам тек жай зерттеу объектісі ретінде ғана емес, ең алдымен шығармашылық пен таным субъектісі құдіретті мәдениет үлгілерін дүниеге әкелген, әрі өзінің шығармашылыққа деген құлшынысымен оқушыларды баурап әкететін субъектісі ретінде көрінуімен бедерленеді»-делінген Қазақстан Республикасы білім беру тұжырымдамасында [3]. Міне, мұндай мақсатқа жету – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс – тәсілдері мен әр алуан құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру міндетін жүзеге асыруды мақсат етеді. Қазіргі «Білім туралы» Заңның талаптарын орындау әлі де сан қырлы экономикалық – материалдық, ұйымдық, мамандық, құқықтық – нормативтік шараларды жүзеге асыруды қажет етеді. Солардың ішіндегі маңыздысы жастарға құқықтық білім беру, құқықтық тәрбиелеу.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыру, дамыту адам қоғамының көне заманнан негізгі мақсаты болды. Құқықтық мемлекетті орнықтыру үшін қоғамның құқықтық мәдениеті болуы керек. Өз кезегінде құқықтық жағдай заңмен реттеліп, тиісті билік органдарымен жүзеге асырылып отырса, онда мемлекеттің идеалды бейнесін анықтауға болар еді. Адамдар «заңның құлы» болмайынша құқықтық тәртіп те, демократия да жақсы дамуға тиіс емес. Заң – мемлекеттің ақылы, Сот – мемлекеттің жүрегі, Мәдениет – мемлекет тәртібі. Міне, зерттеуші – аналитиктердің құқықтық мемлекетті құрудағы ұсынып отырған қағидаттары. Құқықтық мәдениеттің адамгершілік санаттарымен тығыз байланыстығын қамтамасыз етсек, құқықтық мемлекет бейнесін нақты қалыптастыруға болады. Қоғамда мәдениетсіз адамгершіліктің болмайтынын және адамгершілік нышандарынсыз әлеуметтік – экономикалық заңдар жүзеге аспай, шешімдер орындалмайтынын академик Д.С. Лихачев орынды көрсеткен [4].

Қалыпты жағдайдағы адамның тәртібі, іс – әрекеті саналы түрде қабыданған шешімдері арқылы жүзеге асырылады. Бұл жерде сананың деңгейі, сезімдік дамудың адамның әрекетіне әсері бар екенін мойындаймыз. Сананың өзі белсенді әлеуметтік іс – әрекет нәтижесінде қалыптасады. Мұның өзі сана және әрекет мәдениетімен адамдар қатынасы мәдениетінің бір мағынаға саятынын көрсетеді. Құқықтық сана, құқықтық тәрбие отбасынан басталады дегенмен, білім негізінсіз ешқайда асып бара алмайтындығымыз бесенеден белгілі. Тәрбиелік білім көзі мектепте десек, сол білім нәрімен оқушыларды сусындату ұстаздар еншісінде деп білеміз.

Еліміздің құқықтық мемлекет құру жолында бастаған игі істерінің бірі құқық негіздері пәнінен сабақ беретін мұғалімдерді даярлап шығару. Бұл кеңестік құқықтық жүйенің күйреуінен кейін қолға алған шаралардың бірі. Құқықтық мемлекет құруды құқықтық саналы, құқықтық мәдениетті жастарды тәрбиелеуден бастау, оларды қоғам өміріне белсенді қатыстыру мәселесі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен қатар келе жатыр. Оқушылардың құқықтық мәдениетін тәрбиелеу қазіргі кезеңде білім беру жүйесін реформалау процесінде орта білім беретін мектептер және отбасындағы тәрбиелеу үрдісінің педагогикалық ерекшеліктеріне байланысты маңызы артып отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының болашақ азаматының жалпы адамдық және ұлттық идеяларға негізделген демократиялық өзгерістер негізінде құқықтық мәдениетін тәрбиелеуге қатысты жаңа көзқарастар қажеттілігі туындады.

Мемлекет құқық қорғауда өз міндеттерінен тек қана заң негізінде және белгілі бір жағдайда ғана шектеле алады, алайда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда шектелуді енгізу сол құндылықты қорғаудағы қалыптасқан шынайы жағдайға сәйкес келуі қажет. Бұл жерде айтылған шаралар құқықтың, демократиялық мемлекеттің принциптеріне сай болуы керек. Адам мен азаматтың белгілі қоғамдағы құқықтары мен бостандықтары, ондағы көптеген атрибуттардың кепіл болуымен жүзеге асады – мемлекеттік-саяси жүйемен, экономиканың тиімділігімен, құқықтық мәдениетпен және т.б. Демократиялық мемлекетте адам құқығы мен бостандығын қорғауда сот органдары, адам құқығы жөніндегі парламенттік өкілетті тұлғалар, конституциялық арыздар мен петициялар институты, адам құқығы жөніндегі халықаралық келісім-шарттар мен мемлекеттік органдар қатысады.

Адам құқықтары үнемі дамуда, олар ішкі заңдылықтарда да, халықаралық заңдарда да көбеюде. Жаңа құқықтар мен бостандықтардың пайда болуына байланысты адам құқығы мен бостандықтарын қорғаудың жаңа тиімді құралдар іздестірілуде. Қазақстан Республикасы да құқықтық демократиялық мемлекет болуға ұмтылу барысында адам құқығына ең жоғары құндылық ретінде қамқорлық жасап, ол мәселеге айрықша мән беруі қажет.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан - 2030» (Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы). Алматы, 2018 ж.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, Жеті Жарғы, 2007.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана. 26 желтоқсан, 2003 ж.
4. Білім туралы. – Об образовании: Қазақстан Республикасының Заңы. Алматы. «Литера», 2018ж.
5. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекции. М.: Прометей, 2008. – 528с.

ҒТАХР: 10.77.01

Ж. Абдрахманова, Б. Бейсенова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекшісі: Б.Н. Дүйсембековна құқықтану кафедрасының доценті

ҚАЗАҚСТАНДА СУРРОГАТ АНАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУІ

Ата-бабамыз мирас етіп кеткен рухани, мәдени құндылықтарымызды айтып мақтанғанда бізден жақсы жоқ сияқты. Иә, ол дүниелер теңдесі жоқ байлық. Алайда сол мол мұраны ұраға тығып қойып, жаһанданып жатқан жайымыз бар. Өркениетке ұмтылған да дұрыс әрине. Бірақ ұрынып қалып та жүрмеміз кейде. Шатысы көп батыстың өзі бас тартып жатқан дүниелерді үйреніп қана қоймай, біз оны заңмен қолдап отырмыз. Мәселен, суррогат аналар қызметі. Кезінде үлкен пікірталас тудырған жаңа «туындының» пайдасы мен зияны қаншалықты? «Алаш айнасы» осы мәселе төңірегінде ой қозғап көрген еді.

Айта кетейік, «жатырды жалға» алу мен берудің тәртібі ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 9-шы, яғни «Суррогат ана болу және қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану» тарауының әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұратын 54, 55, 56, 57, 58, 59 баптарында көрсетілген. Аз ба, көп пе? Әрине, суррогат ана сияқты шетін істе еш қателік жіберуге әсте болмайды. Заң күшті болуы тиіс. Десек те, осынша маңыз беру арқылы осы сурроттықты сәнге айналдырып алмаймыз ба? Ал бұл жақсы ма, жаман ба?

Суррогаттық Германия, Франция, Испания, Польша, Португалия, Турция, Япония Қытай және АҚШ-тық кейбір штаттарында үзілді-кесілді тыйым салынған. Ал суррогаттық бар көп елдерде бұл тек бала зәру отбасына перзент сыйлағысы келгендердің қайырымдылық әрекеті ретінде ғана қолданылады, яғни мұндайды альтруизм деп атайды. Атап айтсақ, Дания, Бельгия, Нидерланды, Ұлыбритания және Венгрия елдерінің тәжірибесінде бұрыннан бар. Ал ақша табу үшін бала туып беруге тыйым салынған. Ал енді қараңыздар, «жатырды жалға» беру мен алудың бизнесі дамып келе жатқан елдер мыналар: АҚШ-тың Калифорния, Арканзас штаттары, Ресей, Украина, Белорусь, Оңтүстік Африка, Грузия. Бұл тізімде Қазақстанда да бар. Біздің елде бұл бизнес жылдан жылға жанданып келеді. Әйелдер қызметін тіпті ашық ұсынады қазір. Деректерге жүгінсек, бір жылда шамамен 200-дей отбасы суррогат ананың көмегі арқылы сәби сүйген.

Ресей демекші, алдағы уақытта бұл елде де суррогаттыққа тыйым салынбақ. Осындай ұсыныс жасаған Думаның отбасы істері жөніндегі комитеттің бастығы Елена Мизулина «суррогаттыққа тыйым салу керек» дейді. Ақшаға донор болу деген сөз – бала сатумен бірдей» дей келе, Филипп Киркорв пен Алла Пугачеваның осындай дәстүрлі емес жолмен өніп-өскендерін қатты сынға алған депутат «суррогаттықты тек дүниеге бала әкелуге мүлде мүмкіндіктері жоқтарға ғана рұқсат беру керек» дейді. Оның ойынша, суррогаттықты атағы мен ақшасы барлар ермекке айналдырып барады, ал ақшасы жоқтар құлға. Оның ұсынысы қоғамда қолдау тауып, Ресейдің бұған тыйым салатын күн алыс емес.

Ал біздің депутаттар не дейді?

Берік Бекжанов, ҚР Парламент депутаты:

– Неге қолдамасқа? Егер кім де кім сәбиі жоқ ерлі-зайыптыларға қуаныш сыйлап жатса, оның несі айып. «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» деген тамаша сөзі бар қазақ үшін ұрпақ жалғастығының маңызы өте зор.

Мамандардың пікірлері төмендегідей:

Ақсұлтан Аманбаев, Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш денсаулық сақтау министрі:

– Суррогаттық – қазақы қоғамға жат дүние. Алайда мына жаһанданған заманда ешнәрсеге таң қалмайтын болдық қой. Әйтеуір баласы жоқтардың үміті ақталатынын ойласың, мейлі дейсің. Десек те, мәселен суррогат ана біреуге бала туып беріп, кейін өзі балалы болды делік, арада жылдар өткенде әлгі екі бала ержетіп, ойламаған жерден танысып, жақындасып қалса ше? Міне, осындай жағдайда суррогаттық ұлттық проблемаға айналып кетуі ғажап емес. Осы жағын да ойлаған абзал. Әйтеуір «артық қыламыз деп, тыртық қылып алмасақ» болғаны.

Рахметқажы Берсімбаев, ҚР ҰҒА академигі, биология ғылымдарының докторы, профессор:

– Суррогаттықтың екі жағы бар. Жақсы жағы – түсінікті. Ал екінші жағы, шынымен де егер суррогаттық болашақта қатты белең алып кетсе, оның арты үлкен қасіретке айналуы мүмкін. Сондықтан да, суррогаттықты бизнеске айналдыруға жол бермеу керек. Тек аса мұқтаж жандарға ғана рұқсат берген дұрыс. Генетикалық жағынан айтсақ, бұл өте шетін мәселе. Аса сақ болуға тиіспіз. Бәлкім көптеген дамыған елдердегідей ақшаға емес, тек жақсылық нышанмен ғана суррогат болу заңын қарастырған жөн шығар. Суррогаттықтың саны артып жатса, ұрпақтарымыз арасында қан араласып кетуі ғажап емес, ал оның зардабы өте ауыр. Осы жаған ескерген жөн.

28 СЕКЦИЯ: ӘЛЕМДЕГІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ПЕН ҚАРЖЫНЫ ДАМУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕРІ

СЕКЦИЯ 28: СОВРЕМЕННЫЕ ТРЕНДЫ РАЗВИТИЯ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА И ФИНАНСОВ В МИРЕ И КАЗАХСТАНЕ

ГТАХР: 06.35.31

А. Қажығали

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекшісі: «Экономика және қаржы» кафедрасының аға оқытушысы М.С. Исакова

КӘСІПОРЫНДА ЕСЕП ЖӘНЕ САЛЫҚ САЯСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазіргі заманғы бухгалтерлік есептің негізгі талабы-бұл ережелер мен талаптарды ескере отырып жүргізілуі керек. Бұл ережелер тек қана сақталмай, бухгалтерлік есеп жүргізу кезінде тиісті нәтиже беруі керек. Бұл ақпарат алуға мүдделі тұлғаларды толық, сенімді және пайдалы ақпаратпен қамтамасыз етуді білдіреді. Әрбір кәсіпорын өзінің қызмет ерекшеліктерін, басқару жүйесін және басқа да бірқатар факторларды ескере отырып, есепке алу әдістері мен әдістерін анықтайды. Қазақстан Республикасында есеп жұмыстарын ұйымдастыру кезінде әрбір кәсіпорын өзінің есеп саясатын әзірлеумен айналысатын тәсіл таңдалды. Бухгалтерлік есеп саясатын әзірлеу ғана емес, сонымен қатар бухгалтерлік есеп жүргізу тұрғысынан кәсіпорынға пайда әкелуі керек екенін ұмытпау керек [1]. Ақпаратты пайдаланушылар пайдалылығы, дәлдігі, сенімділігі және уақтылығы сияқты сипаттамаларға сәйкес келетін ақпаратты алатынына сенімді болуы керек.

"Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III Заңына сәйкес есеп саясаты Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін дара кәсіпкер немесе ұйым қолдануға қабылдаған нақты қағидаттарды, негіздерді, ережелерді, қағидалар мен практиканы білдіреді. халықаралық немесе ұлттық стандарттармен, шағын және орта бизнес үшін халықаралық стандарт және бухгалтерлік есеп шоттарының Типтік жоспары, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктеріне байланысты [2].

Есеп саясаты бүкіл бухгалтерлік есеп жүйесінің негізінде жатыр. Бірақ бұл ұйымның бірнеше балама нұсқаларының біреуін таңдауды бекітетін ұйымның ішкі құжаты ғана емес, сонымен қатар ұйымды басқару құралдарының бірі. Есеп саясатын қолдана отырып, ақпаратты өңдеу процесіне де, өнімнің өзіндік құнына да, пайда мөлшеріне де, салық төлемдерінің сомасына да әсер етуге болады. Өйткені, тіркелгі деректері өте шартты және оларды басқару мүмкіндігі қосымша шығынсыз мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді, яғни есеп саясаты құрал ретінде әрекет ете алады: шығындар мен қаржылық нәтижелерді басқару; стратегиялық және тактикалық жоспарлау; есептелген салықтардың мөлшерін басқару; бухгалтерлік есеп бойынша нормативтік актілердің қайшылықтарын практикалық шешу; есеп рәсімдерін біріздендіру және олардың еңбек сыйымдылығын төмендету; ҚЕХС қағидаттарын іске асыру.

Алайда, көптеген кәсіпорындарда есеп саясатын қалыптастыру заңмен талап етілетін міндет ретінде, ресми түрде қажет құжат ретінде қарастырылады.

Осыған байланысты есеп саясатының екі түрін ажыратуға болады: ресми және тиімді. Тиімді есеп саясатын кәсіпорынның даму стратегиясына сәйкес келуі және қолданыстағы заңнама аясында есеп жүйесінің жұмыс істеуінен максималды нәтиже алуға ықпал етуі тиіс ішкі құжаттамада бекітілген бухгалтерлік принциптер, әдістер мен ережелер жиынтығы ретінде анықтауға болады.

Егер есеп саясатын ХҚЕС-ке сәйкес қарайтын болсақ, онда 8 (IAS)"есеп саясаты, бухгалтерлік бағалардағы өзгерістер және қателер" Халықаралық қаржылық есептілік стандарты осы ұғымды былайша айқындайды: есеп саясаты қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну кезінде ұйым қолданатын нақты қағидаттар, негіздер, жалпы қабылданған шарттар, ережелер мен практикалық тәсілдер [3].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен есептілікті одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдайлар қалыптасуда. Бухгалтерлік есеп пен есептілік объектілерінің көпшілігін қамтитын нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгізілді. Кәсіби қоғамдастықта нарықтық жағдайларда бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүргізудің белгілі бір дағдылары мен тәжірибесі жинақталған.

Бухгалтерлік есеп пен есептілікті келесі негізгі бағыттар бойынша дамыту қажет: бухгалтерлік есеп пен есептілікте қалыптастырылатын ақпараттың сапасын арттыру; бухгалтерлік есептіліктің сапасын бақылауды күшейту; бухгалтерлік есеп пен есептілікті ұйымдастырумен және жүргізумен, бухгалтерлік есептілік аудитімен айналысатын мамандардың, сондай-ақ бухгалтерлік есептілікті пайдаланушылардың біліктілігін Елеулі арттыру [4].

Бухгалтерлік есеп пен есептілікті дамытудың негізгі бағыты оларда қалыптастырылатын ақпараттың сапасын арттыру. Әлемдік тәжірибе ақпараттың пайдалылығын айқындайтын сипаттамаларға ХҚЕС тікелей пайдалана отырып қол жеткізілетінін көрсетеді. Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттарын үнемі жаңартып отыру процесі жүріп жатыр.

Бірінші бағыт кәсіпорынның қызметін, оның негізгі көрсеткіштерін талдау мен сараптауды қамтиды. Бұл жағдайда сіз коммерциялық сараптама, қаржы, ұйымдастырушылық аспектілер, сондай-ақ құқықтық сараптама жүргізе аласыз. Бірінші іс-шараны жүзеге асыру кезінде кәсіпорын бағалайды және тексереді: бухгалтерлік есептің қолданылатын жүйесі, құжат айналымының кестесі және ішкі құжаттаманы жасау тәртібі, Салық есебі, сондай-ақ кәсіпорынның есептілігін жасау процесі. Бұдан басқа, осы жүйелердің кәсіпорын қызметінің жалпы бағыттарына сәйкестік дәрежесін бағалау жүргізіледі; ішкі бақылаудың болуы және тиімділігі. Бұл жүйенің бухгалтерлік жүйеде Елеулі бұрмаланулар болған жағдайда нақты және сенімді екендігі және кәсіпорынның жұмысындағы жағымсыз оқиғалар мен фактілердің алдын-алу мүмкіндігі қаншалықты талданады; жасалған шарттар, меншік құқығы. Бұл тәсіл бухгалтерлік есеп әдістерін таңдауға және оларды жасауға әсер ететін барлық факторларды ескеруді қажет етеді. Барлық осы факторлардың жиынтығын келесіге бөлуге болады [5]:

– ұйымдық-құқықтық мәртебесі бойынша кәсіпорын нысаны. Осы факторды есепке алуға қатысты есеп саясатында мыналар көзделуі тиіс: қызметтер немесе жұмыстар түрлері бойынша бөлек кірістер мен шығыстарды есепке алу тәртібі; үстеме шығыстарды есепке алу тәртібі, амортизацияны есепке алу; қорларды бағалау әдісі; тікелей шығындар және оларды бөлу.

Жанама шығыстарды бөлу кезінде саясаттың элементі болып табылатын бөлу базасы қолданылады. Бұл жағдайда бюджеттік және салықтық есептегі айырмашылықтарды ескеру қажет; кәсіпорынның салаға қатыстылығы. Саланың ерекшеліктерін ескеру тікелей және жанама шығындарды қалыптастыру әдістерін таңдауға әсер етеді. Бұл жағдайда сараптама салық салу базаларына, жеңілдіктер мен ставкаларға қатысты жүргізілуі мүмкін. Осындай бағалауға сүйене отырып, әрбір объект үшін салық салуды ескере отырып, есепке алу тәртібі анықталады.

ҚОРЫТЫНДЫ. Осылайша, кәсіпорында есеп саясаты жақында бухгалтерлік есеп жүйесін ғана емес, сонымен бірге салық есебін басқарудың негізгі құралы мен әдісіне айналды. Есеп саясатының функциялары барған сайын кеңейуде және жоспарлау процестеріне бағытталған: салықтық және қаржылық. Ұтымды және тиімді есеп саясатының ережелері қаржылық есептіліктің мүдделі пайдаланушылары үшін ақпараттың толықтығы мен сенімділігіне толық кепілдік бере алады, сондай-ақ шешім қабылдауға әсер етеді және салық салу жүйесінде маңызды рөл атқарады.

Есеп саясатының мазмұнды сапалық дәрежесі қаржылық қорытынды есеп даярлап тапсыруға, бухгалтерлік баланс құрылымына, есеп жүргізудің үлгісіне, сондай-ақ ішкі және сыртқы аудит қызметінің маңызына өарай сипатталады. Жоғарыда қойылған талаптарға сай, біздер, мейлі студенттер, мейлі атқарушы бухгалтерлер, есеп саясатының мазмұны мен мақсатын, мұндағы шешілетін мәселелерді тереңінен түсініп білуіміз керек!

Әдебиеттер

1. Бухгалтерлік есеп: оқу құралы. – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2009. – 624 Б.
2. "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-ІІІ Заңы (28.12.2016 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) [Электрон. ресурс]. – 2007. - URL: <http://www.online.zakon.kz> (өтініш берген күні: 08.2017)
3. Ұйымның тиімді есеп саясатын қалыптастыру [Электрон. ресурс]. - URL: <http://www.misbfm.ru/article/formirovanie-effektivnoy-uchetnoy-politiki-orga-nizacii> (өтініш беру күні: 04.2017)

4. Брызгалин а. в., Головкин а. Н., Берник В. Р. салық салу мақсатында кәсіпорынның есеп саясаты. – 2012. – Б. 25-36.

5. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары [Электрон. ресурс]. – 2017. - URL: <https://home.kpmg.com/kz/ru/home/services/audit/ifrs.html> (өтініш берген күні: 08.2017)

ҒТАХР: 06.35.31

К. Кизатова, Г. Оралғазина

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекшісі: «Экономика және қаржы» кафедрасының
аға оқытушысы Д.З. Ахунова

КАРАНТИН КЕЗІНДЕГІ САЛЫҚТЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕР СЕГМЕНТТЕРІНІҢ САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Коронавирустың тез таралуы және көптеген елдерде төтенше жағдайдың енгізілуі мемлекеттік басқарудың тиімділігі мәселелерін алдыңғы қатарға шығарды. Пандемия мемлекеттік аппарат жұмысын трансформациялаудың катализаторына айналды, мемлекеттік басқарудағы реформалардың жылдам іске асырылуына, ауқымды цифрландыруға және мемлекеттік қызметтің адами ресурстарын басқару жүйесін қайта қарауға ықпал етті.

Бүкіл әлемдегі үкіметтер қабылдаған жалпы шараларға қашықтықтан жұмыс істеуге көшу, қозғалысты шектеу, қоғамдық жиналыстарға тыйым салу, медициналық мекемелерді қаржыландыру, әлеуметтік қамсыздандырудың жаңа түрлері, контактілерді іздеу және вирустың таралуын болдырмауға арналған басқа да шаралар кіреді. Үкіметтер қабылдаған жалпы тенденцияларға қарамастан, шаралар формасы жағынан да, әрекет ету жылдамдығы жағынан да айтарлықтай ерекшеленеді. Стратегиядағы бұл айырмашылықтар пікірталастарды тудырады, өйткені саясаткерлер мен жұртшылық тарапынан белгілі бір жауап ретіндегі әрекеттердің орындылығы, олардың тиімділігі, уақытылы жеделдетілуі немесе доғарылуы туралы мәселе туындайды. Осы ретте пандемия кезінде үкіметтер қабылдаған шараларға салыстырмалы талдау жүргізу қажет. Пандемия кезеңінде мемлекеттік басқарудың тиімділігіне жүргізілген талдау мен бағалау негізінде Қазақстан үшін дағдарысқа қарсы және дағдарыстан кейінгі шаралар пакетін әзірлеу.

Қазақстан үкіметі халықты қорғау, макроэкономикалық жағдайды тұрақтандыру, COVID-19 індетінің Қазақстанның шағын және орта бизнесіне тигізетін әсерін жұмсарту, денсаулық сақтау қызметкерлеріне қолдау көрсету және халықтың аз қорғалған топтарына дағдарысты еңсеруге көмек көрсету үшін бірқатар дағдарысқа қарсы шаралар әзірледі.

Салық – бүгінгі күннің өте өзекті мәселесі. Еліміздің экономикасының өркендеп, халық тұрмысының жақсару негізінен салық үлкен рөл атқарады. Салық кодексін дайындап – жасаушылар халықтың салық мәдениеті мен кәсіпорын басшыларының кәсіби деңгейін көтеріп, салық Кодексін өмірге тиімді түрде енгізіп, жүзеге асуын қадағаламайды.

Жаңа салық есептемесінің тәсілі бұрынғы жүйеден әлдеқайда тиімді.

Ол салық саласы қызметкерлеріне нақты, дәл есеп жүргізуге мүмкіндік берсе, салық төлеушінің салықшымен тікелей байланыс орнатуына жол ашады. Тиімділігі – жолай бұрмаланбай электронды құралдар арқылы тура есепке алынады. Сондықтан да, салық төлеу барысында әр түрлі келеңсіз жағдайларға жол берілмейді. Салықтар шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық табысының қалыптасуындағы қаржылық қатынастардың бір бөлігін білдіреді. Мемлекет салықтарды экономиканы дамыту және оны тұрақтандыру барысында экономикалық тетік ретінде пайданылады. Салықтар – мемлекеттік бюджетке заңды және жеке тұлғалардан белгілі бір мөлшерде түсетін міндетті төлемдер. Қазіргі заманғы салық жүйесі бірнеше қағиданы қолданады:

- Жалпылай, яғни табыс табатын барлық экономикалық тұлғаларды дамыту;
- Тұрақтылық, яғни уақытында салық мөлшері мен салық түрінің тұрақтылығы;
- Тең күштеу, яғни салықты салу барлық салық төлеуші үшін бірдей болуы керек;
- Міндеттеме, яғни салықтың мәжбүрлігі төлеммен құтқармау, салықты төлеуде және есептеуде тұлғаның дербестілігі;
- Әлеуметтік-әділеттілік, яғни салық мөлшері және салық жеңілдігін құру, бұлаз

табысты кәсіпорынға, халыққа аяушылық ықпал жасау;

- Салық жүйесі мемлекеттің заң актілерінде негізделеді, мұнда салық элементтері құралады.

Бұған кіретіндер:

1. Салық тұлғасы немесе салық төлеуші, яғни салық төлеу міндетін артырған тұлға, ол заңды және жеке тұлға бола алады.

2. Салық нысан, яғни табыс және мүлік, осылардың салық есептеу (жалақы, табыс, бағалы қағаз, қозғалмайтын мүлік).

Тікелей салықтарға мына салықтар жатады:

- Заңды және жеке тұлғалардың табысына салынатын салық;
- Мүлік салығы;
- Жер салығы;
- Бағалы қағаздар мен жүргізілетін операцияларға салынатын салық;
- Жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы салығы мен төлемі;
- Көлік құралдарына салынатын салық;
- Әлеуметтік салық;
- Жанама салықтарға салықтар жатады:
- Қосылған құн салығы;
- Акциздер;
- Баж салығы;

1. *Салықтар*

Корпорациялық табыс салығы.

Жеке табыс салығы

Қосылған құнға салынатын салық

Акциздер

Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнаулы төлемдері.

Экспортқа шығарылатын шикі мұнайға салынатын рента салығы.

Әлеуметтік салық

Жер салығы.

Көлік құралдарына салынатын салық

Мүлікке салынатын салық

Қазақстан Республикасының жасалған келісім шарттары бойынша өнімді бөлу жөніндегі үлесі.

Алымдар, баждар және төлемдер деп-әдетте заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік органдардың оларға көрсететін қызметтері үшін төленетін міндетті төлемдерін айтады. Бұл төлемдердің сомасы жергілікті бюджеттердің кірісіне не белгіленген үлестерде бюджеттер мен тиісті ұйымдарға не арнулы қызметтер көрсететін ұйымдардың, мекемелердің шығындарын ішінара немесе толық өтеу, қызметін дамытып, жетілдіру үшін түгелдей олардың қарамағына түседі.

Әлемнің кез-келген елінде мемлекет экономиканың тұрақтылығының кепілі болып есептеледі, оның негізгі мақсаты болып экономиканың өсу барысында да, дағдарысы кезеңінде де елдің тұрақты орнықты дамуын қолдауды қамтамасыз ету болып табылады. Біздің ойымызша, шағын және орта бизнестің дамуына үкіметпен бірге әрбір бизнес өкілдері де өз үлестерін қосу керек. Біз бұл дағдарыстың, оның барлық жағымсыз салдарларына қарамастан, барлық азаматтар мен кәсіпкерлерге қиындықпен күресуде маңызды тәжірибе жинауға мүмкіндік беретіндігіне сенеміз.

Мемлекет пен бизнестің арасындағы байланыстың серпінді дамуына және қарқынды дамуына оң әсерін тигізетіндігіне сенеміз. Өйткені бизнесті мемлекеттік қолдау неғұрлым тиімді жүзеге асырылса, соғұрлым еліміздің экономикалық дағдарыстан шығуы үшін қарыз қаражаты аз талап етіледі. Бұл болашақта кез-келген дағдарыстың алдын алуға дайындығымызды арттырады, ұзақ мерзімді кезеңде Қазақстан аумағында тұратын барлық азаматтар үшін тұрақтылық береді.

Әдебиеттер

1. Kursiv.kz.

2. <https://stan.kz/tokaev-pandemiyanin-kazakstan-ekonomikasina-kalay-aser-334015/>

3. Kammel B. In Brief. Bloomberg Businessweek. issue no. 4653/ 2020.

4. Coronavirus and inequality: Unequal protection. The Economist., April 18th 2020.

5. <https://informburo.kz/stati/ekonomika>

6. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауы. 1 қыркүйек 2020.

**29 СЕКЦИЯ: ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ: ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР МЕН ДАМУ
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

**СЕКЦИЯ 29: ЭКОНОМИКА И МЕНЕДЖМЕНТ: СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И
ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

МРНТИ: 06.81.12

А. Абулханова

Университет имени Шакарима города Семей

Научный руководитель: Ж.М. Орынканова, старший преподаватель кафедры экономики и финансов

**ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В
КАЗАХСТАНЕ (НА ПРИМЕРЕ СОБСТВЕННОГО БИЗНЕСА)**

В настоящее время идет процесс интенсивного развития и обновления знаний. Мы приходим к ситуации, что молодое поколение знает больше, и оно более восприимчиво к новым формам жизни (технологической, информационной, социальные сети и пр.). И эта ситуация будет только усиливаться. Именно поэтому, чтобы распространение эффективных форм социальной жизни, распространение знаний и вместе с этим, модернизация, не останавливались и проходили гармонично, необходимо осознание роли вуза – он должен стать местом, физической и виртуальной площадкой, способной обеспечить гармоничную связь «образование-наука-инновации».

Отличительной особенностью ведущих университетов мира заключается в том, что они являются крупными экономическими субъектами, предоставляющими рабочие места и обеспечивающими социальную занятость значительной части населения городов, в которых они расположены. Таким образом, для того чтобы выпускники становились социальными лидерами в современных условиях, им необходимо предоставлять качественное образование на всех этапах обучения и готовить к эффективным действиям на международной экономической арене с очень высокой конкуренцией. Решение этой задачи требует изучения зарубежного опыта по актуальным вопросам качества образования и создания международных образовательных программ, которые могли бы дать студентам навыки международного взаимодействия и опыт общения с учеными ведущих университетов зарубежных стран.

Литература

1. Назарбаев Н.А. Интерактивная лекция «Казахстан на пути к обществу знаний». – Астана, 2012.
2. Василенко Н.В. Управление образованием: институциональный подход [Электронный ресурс] / Н.В. Василенко. – СПб.: ГОУ ИПК СПО, 2009. – 300 с.

СЕКЦИЯ 30: ДОШКОЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ

ҒТАХР: 14.23.07

А. Сарсенбекова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: Б.Ш. Тұрғанбаева

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ
ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Оқу процесін мемлекеттік білім беру стандарттары деңгейінде ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды белгілеуге міндеттейді. Жаңа педагогикалық технологияларды қолдану түрі, әлі де міндетті жүйеге кірмейтін мәселелер. ХХІ ғасыр – бұл жаһандық жаңалықтар ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің қазіргі кезеңдегі орнықты даму мен қауіпсіздікті, әлемдік нарықтағы, әлемдік қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етудегі, халықтың өмір сүру деңгейін арттырудағы маңызды рөлі.

"Қазақстан-2030" Стратегиясында біздің басты байлығымыз-халқымыздың сапасы, яғни адами ресурстар деп айтылған. Ғылыми және шығармашылық әлеуеттің, білімнің жоғары деңгейі. Біз капиталды қандай да бір мақсатсыз дұрыс дамытуға және оның дамуы үшін барған сайын жаңа әрі неғұрлым өркениетті жағдайлар жасауға тиіспіз".

Оқытудың мазмұнына, білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне байланысты оқытудың әртүрлі технологияларын практикада зерделеу мен апробациялаудың маңызы зор. Заманауи білім беру ең жақсы технологияларды білмейтін жан-жақты мамандарсыз мүмкін емес. Жаңа технологияларды игеру зияткерлік, кәсіби, адамгершілік – рухани бейнелерді қалыптастыруға оң әсер етеді, оқу - тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді.

Педагогикалық инновация-педагогикалық жүйедегі жаңашылдық. Инновация (лат. innis) – жаңа, жаңа, жаңа. Энциклопедиялық сөздіктерде "Инновация" әр түрлі анықталады. Т.И. Шамова, П.И. Третьякова "Инновация дегеніміз-бұл жаңа мазмұнды, ұйымдастыруды, яғни инновациялық даму процесін, жаңасын құруды қамтитын құбылыс, ал " жаңа" дегеніміз-жаңа, енгізуге қабілетті". Ғалым, профессор Н. Нұрахметов" инновация "ұғымын қазақ тілінде алғаш анықтаған кезде былай дейді:" Инновация, инновациялық процесс – бұл инновацияны өндірумен, пайдаланумен және таратумен байланысты жеке сабақ" [1].

Инновация үш түрге бөлінеді: модернизация, комбинаторика, радикалды инновация.

Оқу процесін мемлекеттік білім беру стандарттары деңгейінде ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды белгілеуге міндеттейді. Жаңа технологиялармен жұмыс істеу үшін келесі ұсыныстар қажет:

* оқу процесін жаппай өндіру;

* оқушылардың сабақтастығын талдау. Ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептер бойынша тұрақты талдау және оның назарын аудару;

* жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеу, Пәндік білім стандарттарымен таныстыру, мемлекеттік стандарттар арқылы оқушылардың білімін бағалау технологиясын меңгеру;

* білім беру процесін ізгілендіру және демократияландыру [2].

Қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық технологияларға деген сүйіспеншілік:

* Саралап оқыту;

* Даму;

* Білім;

* Концентрацияланған, концентрацияланған білім;

* Модульдік оқыту;

* Блок-модульдік оқыту;

* Мультимедиялық технологиялар;

* Қашықтықтан оқыту технологиялары;

* Желілік технологиялар;

* Интернет-технологиялар;

* Білім берудегі инновациялық технологиялар тобына біз интерактивті технологиялар деп аталатындарды жатқызамыз.

Қоғамның дамуы және оның қазіргі заманғы сипаты психологтардың, педагогтардың және барлық білім беру мамандарының алдына жаңа міндеттер мен мақсаттар қояды. Білім беру мекемелерінің алдындағы заманауи ақпараттық қоғам:

- Өз бетінше қажетті білім ала білу, оларды тәжірибеде қолдана білу;
- Төтенше жағдайларда туындайтын мәселелер туралы сыни ойлау, қолайлы жағдайларға сүйену және оларды шешу жолдарын іздеу;
- Ақпаратпен шебер жұмыс істеу;
- Өртүрлі әлеуметтік топтар мен ұжымдарда жұмыс істей білу;
- Өз әлемі мен мәдениетін өз бетінше дамыта алатын мамандарды тәрбиелеу.

Педагогикалық технологияның маңызды ерекшелігі-оптимизм. Оптимум (латын тілінен аударғанда "оптимус") - белгілі бір шарттар мен міндеттер үшін ең қолайлы термин. Ю.К. Бабанский педагогикалық процестің тиімділігінің бірнеше критерийлерін тұжырымдады. Егер педагогикалық технология критерийлерді қолдана отырып осындай жағдай жасаса, ол тиімді болар еді:

Педагогикалық технологияларды қолдану білім беруде, инновациялық жобаларда сапалы білім алмасуға ықпал етеді, әр мектепке өзінің даралығын табуға, әр мұғалімге өзінің әдістемелік жүйесін құруға көмектеседі.

Инновациялық оқыту: оқу барысында оқушы мәселеге барынша бой алдырады, оны модельдейді, практикалық шешімдер қабылдайды, шығармашылық ойлайды.

Және шығармашылық ойлауды дамытуға, зерттеу қызметін жетілдіруге, жұмысқа деген қызығушылықты, жұмысқа деген ынтаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Инновациялық оқытуда мұғалім басқарушылық тапсырмаларды орындайды, Бірақ мен айтқанымдай, командалық тапсырмаларды түсінбестен бәрін өз қолына алады.

Инновациялық оқыту дәстүрлі дидактика болғанына қарамастан, оның ерекшеліктері мен ерекшеліктеріне ерекше назар аударылады. Мысалы, оқыту принциптері мектептің оқу бағдарламасында көрсетілген іс-шараларды орындауға, ақпаратты беруге, оны қайта пайдалануға, инновациялық оқытуға, оқушылардың еңбек процесін ынталандыруға, олардың өмірі мен шығармашылығына әртүрлі жағдайлар жасауға дейін азаяды.

Атап айтқанда, ол оны қысқартуға тырысты. Нәтиже мынада: ол оқушыға үйренуге ғана емес, тезірек түсінуге де көмектеседі.

Педагогикалық технология оқу іс-әрекетінің нәтижелері, оқушылардың танымдық белсенділігі негізінде таңдалған кәсіби қызмет әдістеріне анықтама береді. Осылайша, технология деп тапсырманы тиімді орындау үшін өзара байланысты және дәйекті процестердің жиынтығын түсінуге болады.

Бұл сіздің құндылықтарыңызды болашаққа толық түсінуге, терең түсінуге және орнатуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Оқу құралы. Алматы: Жазушы, 2004. – 208 б.
2. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М. Высшая школа. 1995. – 336 с.
3. <http://www.group-global.org/>

А.Н. Байзакова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекшісі: Н.А. Кулмышева

педагогика және психология кафедрасының доценті м.а., п.ғ.к.

БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Ойын – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін, дене қимылын дамытатын ғажайып нәрсе [1].

«Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады» А.С. Макаренко [2].

«Ойын – бала қиялын шығармашылық ойлауға жетелейтін тәрбие құралы» Ойын – бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Ойын әрекетінің шығармашылық сипаты – ойын ынтамен, баланың рөлді, сюжетті, ойыншықтарды, қосымша – заттарды таңдағандағы шығармашылығымен байланысты. Ойынды құрғанда, ойын кейіпкерлерін жасағанда баланың ойлауы мен қиялы белсенді жұмыс істейді.

Балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін бірнеше ойын түрлерін алдым

- Дидактикалық ойындар
- Сюжеттік -рөлдік ойындар
- Саусақтар ойындар
- Шығармашылық ойындар

Дидактикалық ойындар – оқыту мақсаттарын іске асыруға арналған арнаулы ойындар

Ойын барысында балалардың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Балалардың қуанышы мен реніші ойында айқан көрінеді. Ойын кезіндегі балалардың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойнайды, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті қиял елестері дамиды, мұның бәрі балалардың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Сюжетті – рөлдік ойындарда балалардың шығармашылық қабілет-мүмкіндіктері айқын аңғарылады. Бұған пайдаланылатын шығармалық сюжеті мен ойындық қимылдары оның мазмұны бойынша анықталады, ал рөлдерді орындау тәсілдері мимика, интонация, дене қимылдары арқылы жасалып, іске асырылады.

Бұл ойындарда балаларға шығармашылық жағдайлар жасауға, өздеріне тапсырылған рөлдерді толық игеріп, кірісіп кетулеріне көп көңіл аударылуы керек.

Ойын әрекетінің шығармашылық сипаты – ойын ынтамен, баланың рөлді, сюжетті, ойыншықтарды, қосымша-заттарды таңдағандағы шығармашылығымен байланысты. Ойынды құрғанда, ойын кейіпкерлерін жасағанда баланың ойлауы мен қиялы белсенді жұмыс істейді. Ойынның эмоционалдық тұрғыда қанықтылығы – бала ойында шынайы күйзеледі, ойнаған оқиғасын өз басынан кешіреді. Бала ойыннан ләззат алады, өз сезімін басқаларға береді, оларды әртүрлі рөлдерде көреді. Ойында теріс көңіл-күй де бастан өтеді – өкпе, қанағаттанбағандық, жеке жағымсыз күйзелістер, бұларды анықтау аса маңызды және олардан арылу керек. Бәрібір ойыннан жалпы әсер – оң болады.

Бала ойын сюжетіндегі нақтылы және ойдан құрылған құбылыстарды, таныс заттарды жаңа қасиеттермен және функциялармен байланыстырады. Бұл процестердің нәтижесі баланың елестетуі мен шығармашылығының дамуы болады. Өзіне қандай да бір рөлді алып (дәрігердің, шофердің) бала өзіне мамандықты және басқа тұлғаның ерекшеліктерін жай ғана қолданып қоймайды, ол сол рөлге кіреді, кірігеді, оның сезімі мен көңіл-күйіне енеді, сөйтіп өз тұлғасын байытады және тереңдетеді. Бала тек қана ойын тәжірибесін ғана алып қоймайды, өзін-өзі көрсету, өз аяғына тұру және коммуникативтік тәжірибесін алады. Ойындарда шығармашылық қабілет дамиды. Ол ой құрауда, рөлдер ойнағанда, қолдан қажетті ойыншықтарды, костюм элементтерін жасағанда көрініс табады. Ойын кезінде баланың сөзі, қол қимылы, бет әлпет қимылы күнделікті өмірдегіге қарағанда айқынырақ болады.

Театрланған ойындар әдеби шығармалар кейіпкерлерінің (ертегілер, әңгімелер, арнайы жазылған саханалау (инсценировка) рөлін ойнату. Театрланған ойындардың ерекшеліктерін байқау

қиын емес: олар дайын сюжетке ие, демек бала қызметі шығарманың мәтіні арқылы алдын ала анықталады. «Бұл ойындардағы баланың шығармашылығы неде болып тұр?» деген сұрақ туындайды.

Театрланған ойында қаһарман бейнесі, оның негізгі сипаттары, әрекеттері, қобалжуы шығарма мазмұнымен анықталады. Баланың шығармашылығы кейіпкерді шынайы бейнелеуде көрсетіледі. Оны жүзеге асыру үшін кейіпкер қандай екенін, неліктен ол бұлай жасайтынын, оның жағдайын, сезімін көз алдына келтіру, яғни оның ішкі жан дүниесіне ену қажет [3].

Саусақ ойыны- бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық.

Саусақ ойыны-саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады.

Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс- қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алады үйренеді. [4]

Қорытынды зерттеуге 14 бала қатысты. Мен балаларға «Құрастыру» дидактикалық ойындарын ойнаттым, ойын барысында Даяна мен Айдана ойында белсенділік танытты, «Дүкен», «Аспазшы» сюжетті-рөлді ойынында барлық баланың қызығушылығы мол болды. Ал «Жыл басына таласқан хайуанаттар» қуыршақ театрын ойнату барысында 12 бала белсенді қатысты.

«Құрастыру» дидактикалық ойындар, «Дүкен» сюжетті-рөлді ойыны, «Қошқар мен теке» ертегісін сонымен қатар сабынды көпіршікпен сурет салу және аквариум жасауды студенттер арасында өткіздім. Зерттеуге 10 студент қатысты.

Ересек жастағы тұлғаға қарағанда мектеп жасына дейінгі балалардың ойын кезіндегі психологиялық ерекшелігі қарқынды жүрді (эмоциялық әсері, белсенділігі, ерік қасиеті қиял)

Балаларға ойынды ойнату арқылы шығармашылық қабілеттерін дамуына жағдай жасадым .

Әдебиеттер

1. Козлова С.А. Куликова Т.А. «Мектепке дейінгі педагогика», – Мәскеу; Академия, 2015ж. – 432 бет
2. Аралбаева Р.Қ. «Мектепке дейінгі педагогика», – Алматы; Оқулық, 2012.
3. Әдістемелік ұсынымдар «Сюжетті-рөлдік ойын – мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған әрекеттің алғашқы сатысы», – Астана, 2017ж. – 36 бет.
4. Бала мен балабақша.– № 9 – 2013.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы ҚР БҒМ 2017 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.

ҒТАХР: 14.23.07

К.Н. Адуова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекшісі: Н.А. Кулмышева

педагогика және психология кафедрасының доценті м.а., п.ғ.к.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ОҚШАУЛАНУ ТҮРЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүгінгі таңдағы балалардың қоғамға әлеуметтік ортаға бейімделуі, қарым-қатынас негізінде оқшаулану жағдайына түсу, әлеуметтенуіндегі қиыншылықтар, оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге, зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал етуге қажеттіліктерінен туындап отыр. Осындай жауапты жұмысты атқара отырып, біз оның табысына барлық қоғам мүдделі екенін есте ұстауымыз керек.

Біздің қоғамдағы ең өзекті мәселе қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық сипатымен байланысты. Еліміздің болашағы жастар екенін ескере отырып, әртүрлі топта, ұжымда қарым-қатынастың нәтижесінде кездесетін баланың оқшаулану себептеріне түсінік беруіміз маңызды деп ойлаймын. Баланың ұжымнан оқшаулану жағдайлары бірнеше себептің негізінде болады. Жалпы балалардың өз арасында туындаған оқшаулану жағдайларын тәрбиеші аңғарысымен-ақ оны дұрыс басқаруды, және оған қойылатын талаптарды тиімді жүзеге асырып отыру қажет деп есептеймін.

Қарым-қатынас – жалпы адам өмір сүруінің негізгі жағдайы. Адам қалыпты өмір сүру үшін, өзінің психикалық қасиеттерін дамыту үшін, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру үшін, сондай-ақ білім меңгеріп тәжірибе жинақтау үшін адамдармен қарым-қатынасқа түседі. Қарым-қатынас арқасында ғана адам өзінің кім екенін танып, өзін өзгелерден ажырата алады, өзін басқалармен салыстыру арқылы басқа адамдағы қасиеттерді меңгереді. Қоғамнан тыс адам өмір сүре алмайды. Адам психикасының дамуындағы қарым-қатынастың ролі ерекше. Сондықтан адам өзгелермен қатынасқа түсу арқылы ғана қалыпты өмір сүре алады.

Балалардың өз құрбылары арасындағы қарым-қатынас сипаты көбінесе мектеп жасына дейінгі балалардың ересектермен қарым-қатынасы туралы М.И.Лисина зерттей келе балалардың әлеуметтік мінез-құлқы мен жеке басының дамуын тек ересектермен қарым-қатынасымен ғана түсіндіруге болмайтындығын атап өтеді. Баланың жасы ұлғайған сайын оның жеке басының дамуында қарым-қатынас ерекше орын алатындығын айтып өтеді. Өз құрбыларымен қарым-қатынас жасай отырып, өзінің ішкі жан дүниесіндегі тұйықтықты аша алады, өз құрбыларымен өзара әрекеттесе отырып, өз көзқарастарын жеткізе алады [1].

Швейцариялық философ Р. Вейсс жалғыздықтың эмоциялық күйі қоғамнан тыс қалумен сипаттайды. Шынайы жалғыздық – өз еркімен топтан шығу, жаны жалғыздыққа душар жандар деп көрсетеді. Әлем танымы үшін қазіргі әлем танымына өте алмайды деп санайды. Танымның жаңаша даму тәсілін қояды, оның ғылымы қай жерде бітсе, ол сол жерден таным үрдісін бастайды.

Арнаулы алудың басқа жолы адамның ішкі рухани дүниесіне бағыт беру болып табылады. Сыртқы әлем өзінің барлық пайда болуында құдай даңқымен орындалады, оны қоршаған ортадан табу үшін, алдымен оны өз жүрегінде сезінуің керек. Жерде немесе космостық кеңістікте емес, біздің адамзат болмысында терең мәнге ие уақыт пен кеңістіктен тыс бос сана рухани әлемді ашады [2].

Белгілі психологы С.Л. Рубинштейннің ойынша «Оқшаулану», «Тұйықтық», «Ұяндық» сияқты ұғымдарының мағынасы терең. Психология ғылымы үшін бұл ұғымдар ерекше маңызға ие. Ол сана мен іс-әрекеттің бірлігі жөніндегі идеяны алға тартқаны белгілі. Ғылымға енуі теориясын дұрыс түсінуге бағыт береді. Сана мен әрекет бірлігінің мәні: тұлғаның санасы мен барша психикалық қасиеттері әрекетте көрініп қана шектелмей, сол әрекет процесінде қалыптасады. Адамның ішкі де, сыртқы да әлемнің бастауы мен барша мазмұны осы іс-әрекетте. Осындай пайымдаудан ұяндық басым болғанда оқшаулану, тұйықтық пайда балады деп есептейді [3].

Кеңес психологы К. Рубинский өз еңбектерінде «Оқшаулану» ұғымы зерттеуші топ үшін жалғыздықты сипаттайтын әртүрлі формаларды жалпылаушы ретінде көрсетеді оқшаулану ұғымын жан-жақты түсіндіруге тырысады.

Ғылыми зерттеу теориясы бойынша адамдардағы бостандықты шектеу - әрдайым үлкен жауапкершілікті іс. Тәрбие саласында баланың қандайда бір теріс қасиетіне байланысты өз бөлмесіне қамап қою, яғни бір өзін қалдыру жазасы қолданылады. Көптеген балалар қатаң сөгіс, жазалау деп қабылдамайды. Дегенмен кейбір балалар өзін мен қажетсіз адаммын, маған бәрі теріс қарайды деп сезінеді [4]. Оқшаулану ұғымы - қабылдау, қарым-қатынас, әрекет және мінез-құлқы сферасында да қолданылады. Ендігі кезекте бұларға сипаттама беруге тырысайық. Қабылдау сферасындағы оқшаулану кезінде біртекті жағдай құрылуына орай, қажетті ақпараттарды қабылдағысы келмейтін күйі көрінеді. Қарым-қатынас сферасындағы оқшаулану әрекеті адамды басқа адамдардан уақытша бөліп тастау көрінеді. Мінез-құлық сферасындағы оқшаулану егер адам өзінің әрекетін басқара алмаса, онда оқшаулану арқылы оны өзінен және айналасындағыларынан бөлектеу арқылы арылуға болады. Бұдан кейін онда кінәлілігін, ұялу сезімдері туындайды [5].

Адамның жеке дара ерекшеліктеріне әсер етпеуіне кім кепіл. Топтан оқшауланулану жағдайларында оған кері әсер ететін жағдайларда кездесуі мүмкін, яғни күтпеген нәтиже, эффектiлер көрінуі мүмкін.

Психология ғылымында осы бағыттағы зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Дегенмен қарым-қатынас мәселесіне байланысты анықталатын қарым-қатынасында өзгешелігі бар екенін сипаттайтын түсініктер кездеседі. Д.И. Фельдштейн жас кезеңдеріне және психологиялық ерекшеліктеріне байланысты оқшаулану жасөспірім кезеңде басым болып келеді. Себебі

жасөспірім кезеңде ол өзіне көңіл аударуды талап етеді. Белсенді және топтан тыс қалған балаларды салыстырмалы түрде зерттеді. Оқшауланған балалар өзіне байланысты жеке тұлғалық мәселелерді жақын қабылдайды. Бұл жағдай психикаға кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар өзіне сенімсіздік, эмоционалды тұрақсыздық, үрей, қорқыныш тудырады [3].

Ұжымдағы оқшаулану мәселесі психолог М.А. Алемаскин өз еңбектерінде «топтан тыс қалу» ұғымдарымен байланыстырады. Ол қарым-қатынас барысында жағымды пікір орнайтын қоғамда өзін жайлы сезінеді. Танымдық қасиеттері, қызығушылығы төмен деңгейде қалыптасқан жағдайда оқушының ұжымнан оқшаулануы орын алады [5].

Изоляциялатын тілінен аударғанда *isolation* – жекелену, бөліну изоляция генетикада алып тастау немесе қиындығы еркін шағылыстыру. Психологияда аффектілі изоляция психиканың қорғаныштық механизмі. Әлеуметтік изоляция адамның әлеуметтік топтан тыс қалуы. В. Даля сөздіктерінде «изоляция» ұғымы топтан немесе ұжымнан тыс қалу дегенді білдіреді [4].

«Изоляция» ұғымы сыртқы, «жалғыздық» ішкі, яғни изоляцияның шарттары жалғыздық жағдайын анықтаумен қамтамасыз етеді. Зерттеулерге сүйенетін болсақ, физикалық, ақыл-ой немесе эмоционалды жағдайға ғана емес, топтан тыс қалу белгілі бір жас кезеңіне сәйкес қызығушылықтарына тікелей байланысты

Медицина саласында изоляция ұғымы емдеу әдісі ретінде қолданылады. Адам сырқаттанған кезде оны сыртқы қозу әсерлерінен қорғау мақсатында қолданады. Адамның өз қалауы бойынша оқшаулау, мұны ұжыммен байланыстыратын болсақ, оқушы сыныпта өзіндік ерекшеліктері мен қалауы бойынша бөлек жүруді ұнататындығын көрсетеді. Дәрігерлік емдеу мақсатында жоспарлы түрде құрылуы мүмкін. Ал мұны психология тәжірибесімен байланыстыратын болсақ, кей жағдайда баланың өз мінез-құлқындағы теріс қылықтарды жөндеу мақсатында мұғалім ол баланы топтан оқшаулата отырып, жеке әрекеттер орындату арқылы, жалғыз өзі орындату шараларын қолдану негізінде психологиялық коррекциялық жұмыстар жүргізілетінін көрсетуге болады.

Медицина саласында изоляциялау әрекеті емдеу әдісіне қосымша ретінде қолдануы сияқты педагогикалық тәжірибеде де бала тәрбиесінің әдіс-тәсілдеріне қосымша қолдану арқылы жүргізілуі мүмкін [6].

Медицинада эффекті емес әдістердің орнына қарай изоляция белгіленуі сияқты психологиялық іс-шараларда балаға қолданылған тәрбиелік әдістер тиімсіз жағдайда оны жалғыз қалдырып, оқшаулау арқылы жаза қолдану негізінде жүргізілуі мүмкін. Жалпы адамды әлеуметтен оқшаулау, яғни изоляциялау өз еркі немесе міндетті түрде болып бөлінеді. Міндетті изоляция экстремалды жағдайда қолданылуы мүмкін. Изоляциялау көрсеткіштері сипатталады, қандай адам изоляцияланатындығы сипатталады; изоляциялау тактикасы анықталады; изоляцияланатын бөлмеге қойылатын талаптар сақталынады; изоляцияны өткізу ережелері қатаң сақталынады; изоляцияны аяқтау ережелері нақты көрсетіледі [6].

Ғылымдағы «оқшаулану», «изоляция», «жалғыздық» ұғымдары педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде жиі қолданылатыны белгілі. «Оқшаулану» ұғымы социометриялық зерттеулердің нәтижесінің көрінісі. Көрнекті психолог Я.Л. Коломинский, О.В. Стрелкова «изоляция» және «оқшаулану» ұғымдарын синоним ретінде қолдануға болатынын анықтады. Ендігі кезекте осы айтылғандарды педагогикалық тәжірибеде қолдануға байланысты сипаттауға тырысайық [4].

Педагогикалық саладағы изоляциялау әдістемесі төмендегі схема бойынша жүргізілуі мүмкін. Изоляциялау көрсеткіштері сипатталады, қандай бала изоляцияланатындығы сипатталады, яғни баланы не себептен топтан оқшаулау керектігі туралы мәлімет болу керек. Баланың жеке даралық ерекшеліктері мен эмоциялық әсерлігіштігіне орай кейінгі жағдайда психологиялық жарақаттың болмайтындығына сенім болу керек. Изоляциялау тактикасы, яни оқушыны ұжымнан оқшаулаған жағдайда оған қандай технология қолданылатындығын анықтап алу керек. Изоляцияланатын жағдайлар мен ситуацияларға қойылатын талаптар міндетті түрде сақталыну қажет.

Изоляцияны өткізу барысы балаға ешқандай теріс әсер етпеу керек. Изоляцияны аяқтау жағдайларында одан шыққан нәтиже мүмкіншілігінше толығымен нақты көрсетілуі қажет. Оқушының топтан изоляциялану жағдайларында оған кері әсер ететін жағдайларда кездесуі мүмкін, яғни кейбір басқа мұғалім күтпеген нәтиже, эффектілер көрінуі мүмкін [5].

«Оқшаулану» ұғымын зерттеу барысында «жалғыздық» термин мәні ашылатыны белгілі. «Жалғыздық» ұғымы «Лабиринты одиночества» атты мақалалар жинағы септігін тигізеді. «Оқшаулану», «жалғыздық» түсініктерінің өзара байланысын ашуға мүмкіндік береді [6].

Тұлғаның өзін-өзі тану процесін және қарым-қатынастың коммуникациялық, интеракциялық, перцепциялық құрылымдарын жетілдірудің заңдылықтары мен мүмкіндіктерін негізге алып, психологиялық технологияларды оңтайлы қолданудың теориялық және практикалық тұрғылары. Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, психология ғылымдарының докторы Хорлан Тоқтамысқызы Шерьязданованың ғылыми мектебінде жан-жақты зерттеліп келеді.

Қарым-қатынас негізінде Х.Т. Шерьязданова – «Бөбек» балалар қорының Президенті Сара Алпысқызы Намазбаева басшылығымен жүзеге асырылып келе жатқан «Өзін-өзі тану» республикалық жобасының психологиялық тұжырымдамасын дәйектеп, негіздеген алғашқы ғалым. Осыған орай, Х.Т.Шерьязданованың белсенді ұстанымы «Адамзаттың ақыл-ой қазынасы» айдарымен 10 томдық аса құнды еңбек 2005 жылы жарық көрді. Оның еңбектерінде жас ерекшеліктерге қатысты қарым-қатынас біліктілігін дамыту, психологиялық білімдерін тереңдету кәсіби дайындаудың психологиялық негізі ретінде сипатталады. Қарым-қатынас тиімді болуы үшін оның «кәсіби педагогикалық қарым-қатынас» деңгейіне көтерілу керектігін, оның жолдары мен амалдарын тұжырымдайды [2].

Табиғатта жерден жұлынып алып, құнарсыз құмға тастаған өсімдіктердің өмір сүруі мүмкін емес екені сияқты, адамның да қоғамнан тыс болуы мүмкін емес екені белгілі. Өскелең ұрпақты қоғамдық өмірге қатыстыру, жеке тұлғаның қасиетін дамыту және оны қоғамда толық мәнді өмір сүруге дайындауды тәрбиеге қойылатын талаптардың бірі ретінде қабылдап, қоғам болып бірге қызмет атқарайық.

Әдебиеттер

1. Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері [Текст]: ЖОО студенттеріне, магистранттарға, докторанттарға және оқытушыларына арналған оқулық / С. Жақыпов. - Алматы: Алла прима, 2012. – 203 б.
2. Х.Т. Шерьязданова Психология и общения / Х.Т. Шерьязданова, Ш.С. Марданова // Высшее образование сегодня. – 2015. – № 3. – С. 41-48
3. Жарықбаев Қ. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2006. – 309 б.
4. Макаренко А.С. Семья и воспитание детей. - М.: Просвещение, 2008. – С. 456-481.
5. Блонский П. П. Психология и педагогика. Избранные труды. – М.: «Юрайт», 2016.
6. Выготский Л.С. Вопросы детской (возрастной) психологии. Собр. соч. – М.: Педагогика, 2007. – 504 с.

СЕКЦИЯ 31: ПЕДАГОГИКА И МЕТОДИКА НАЧАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ

ҒТАХР: 14.39.01

А. Ибраева

Семей қаласы Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекші: Н.У. Серікова п.ғ.к. кафедра педагогика және психология

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӨЗЕГІ

Тәуелсіз елімізде өткен заманның ұрпақ тәрбиесіндегі халықтың озық салт-дәстүрлері мен әдет –ғұрыптарын қайта тірілтіп, бүгінгі өскелең өмір талабына құрал етіп пайдалану аса қажет болып отыр. Еліміздің Ата Заңының 27-ші бабында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі міндеті»-деп ерекше көрсетілген Халық педагогикасы – ұлттық тәжірибелер мен тағылымдардан туған бай қазына, өшпес өнеге, тәрбие өрнектері: ертегілер, жырлар, аңыздар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, санамақтар, мақал-мәтелдер, этнографиялық (мәдени-тұрмыстық), ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, халықтық ойындар – осылардың бәрі баға жетпес байлығымыз [1].

Қазақ отбасында баланы ұлттық салт-дәстүрлер аясында тәрбиелеген. Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер: құрсақ тойы, жарыс қазан, шілдехана, сүйінші, қырқынан шығару, бесік тойы, бесік тәрбиесі, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндетке отырғызу жүйелі түрде іске асырылған. Сондықтан, қазақ халқында баланы тәрбиелеуде отбасы басты рөл атқарған, ұлы Мұхтар Әуезов қазақтың отбасы тәрбиесін ерекше бағалап: «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген сөзі соған дәлел.

Ана мен әке және әже мен ата-отбасының басты тәлімгерлері. Ана-баланың ең жақын қамқоршысы, халықтық салт-дәстүрлер негізінде тәрбиелеуші және оны өмірге даярлаушы. Қазақ отбасындағы бала тәрбиесіндегі әкенің алатын орны мен мәні ерекше. Әке-отбасын асыраушы, оның мүшелерінің тірегі. Әжелер мен аталар балалардың бойына адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу үшін оларға аңыз-әңгімелер, ертегілер, жырлар, ауыз әдебиетінің үлгілерін кеңінен пайдаланған. Мысалы, Абай, Бйырай, Шоқан сияқты ұлы тұлғаларды тәрбиелеуде Әжелері үлкен қызмет жасаған [2]. Халықтың өмір жолындағы қалыптасқан өте үлкен тәрбиелік мәні бар әдет-ғұрыптың, салт-дәстүрлер тәрбие құралы болды. Ұлттық тәрбиенің мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Ұлттық тәрбиенің міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі - ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриалық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Ұлттық тәрбиенің көздері: Фольклор, халық ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, ұлы ойшылдардың еңбегінде жатыр.

Қазақ ұрпағына барлық тәрбиені осы отбасында берген. Халқымыз салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, ырым-тыйым сөздері арқылы баласын тәрбиелеген.

Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі, өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың міндетін атқару ғана емес, береке-бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз [4].

Қазақ ұрпағына барлық тәрбиені осы отбасында берген. Халқымыз салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, ырым-тыйым сөздері арқылы баласын тәрбиелеген.

«Тәрбиесіз берген білім қауіпті», – деген екен әл-Фараби. Технологияның дамып, әлемдік жаһандану үдерісі кезінде білім беру жүйесіне ұлттық инновацияны енгізу керектігін көпшілік мойындап отыр. Қоғамға қызмет ететін болашақ жеткіншектерге сапалы білім мен өнегелі ұлттық тәрбие беру – ұстаздар қауымының басты парызы. Қазір дүние жүзі отбасы құндылықтарына қайта

мән бере бастады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Халықаралық отбасы күнін белгіледі. Бүгінгі қазақстандық отбасы қоғамда болып жатқан өзгерістер негізінде даму үстінде. Сонымен бірге бүгінгі отбасында, соның ішінде қазақ отбасында ата-аналардың тәрбие жұмысына кедергісін келтіретін қарама-қайшылықтар да жоқ емес. Бұған бірқатар Ж. Жакоповтың, К. Оразбекованың зерттеу еңбектері дәлел бола алады. Қазіргі кезде балаға тәлім-тәрбие беру жұмысында отбасының жауапкершілігі азды-көпті төмендеп, ол жұмыстар негізінен мектепке дейінгі балабақшаға, мектепке жүктелді. Сондықтан да, ата-аналар тәлім-тәрбие жұмыстарына, ұлттық тұрғыдағы тәрбиеге аса көңіл бөлініп отырған жоқ. Қазақ отбасында тәрбие жайлы жақсы әңгіме айту азайды. Бүгінгі қазақ отбасына тоқталатын болсақ, онда оның дәстүрлі отбасынан бірқатар айырмашылықтары бар: біріншіден, дәстүрлі отбасында жеті ден көп баладан болған, ал бүгінгі күні отбасыларды бір-екі баламен шектеледі. Ал бұл болса ересек және кіші жастағы балалар арасында адамгершілік қатынасты қалыптастыруда қолайлы жағдай болып табылмайды. А.С. Макаренконың айтуынша: «Көп баланы тәрбиелегеннен, жалғыз баланы тәрбиелеген анағұрлым қиындық туындатады.» Екіншіден, бүгінгі таңда әкелер де, аналар да өндірістің барлық саласында қызмет атқарады, қоғамдық іспен айналысады. Үйде отырған аналардың саны некен саяқ. Қызметтегі ата-аналардың баланың мінез-құлқына көңіл бөлуіне көбіне уақыт жетіспейді. Ана тілінің рөлі төмендеді, балалар өзінің тілін толық мәнінде білмеуі психологияны ауыстырды. Міне, осы кемшіліктер баланың тәрбиелеу жұмысына өзінің теріс әсерлерін тигізді. Осы және басқа да кемшіліктердің бар болғанын ескеріп, қазіргі жағдайда отбасында балаларға тәлім-тәрбие беруге ерекше көңіл бөлген дұрыс сияқты. Аталған қиындықтарды мектеп пен отбасылар алдын ала жоспарланған жүйелі жұмыстар мен іс-шаралардың көмегімен бірлесе отырып шешуге болады [3].

Отбасы тәрбиесі-халық педагогикасының негізгі өзегі болып табылады. Біздің мақсатымыз халық педагогикасының негізгі өзегін жаңғырту болып табылады. Ертеректе отбасы тәрбиесі әрдайым халықтың назарында болды. Отбасында баланың адамгершілік тәрбиесіне аса мән берді. Балалар кішкене кезден халықтың ауызекі шығармаларын тыңдап, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін меңгеріп, ана тілінің құдыретті күшін танып біліп, санамен қабылдап өссе, халықтың дүниетанымымен, сана-сезімімен, халықтың рухымен таныса, нәтижесінде бұнын бәрі баланың жан дүниесінде өзінің Отанына, халқына, барлық жақындарына деген шексіз сүйіспеншілік сезімін оятады. Заманауи мектептерде бұл мәселе «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында сыныптан тыс жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. Демек, бұл бағыт әлі де жүйелі жұмысты талап етеді [5].

Қорыта айтқанда, отбасы-тәрбие бесігі болу керек, яғни жақсы тәрбие ананың ақ сүтімен, әкенің асыл сөздері мен өнегелі істермен берілуге тиіс. Бүгінде жаһандау процесі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу-үлкен міндет екені даусыз, ұрпақ тәрбиесінде халықтық тәрбиенің бастауы-ұлтжандылыққа, елдікке тәрбиелейді.

Әдебиеттер

1. Қ. Бөлеев Қазақ отбасылық тәрбиесі. – Алматы: 2014 – с.73
2. Табылды Ә Қазақ этнопедагогикасы – Алматы: «Білім», 2004, – с. 45
3. Бөлеев Қ. Қазақ отбасылық тәрбиесі, – Алматы ЖҚ «Отан», 2014 – с.77
4. А. Хабал, Ұлттық тәрбие Сілтеме: www.sc0029.zerenda.akmoedu.kz
5. Асқарқызы Ұ.С. Этнопедагогика оқу құралы, – Алматы ЖШС «Қарасай баспасы», 2019 – с.127

ҒТАХР: 14.39.01

М. Нукубаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының кандидаты Б.Ш. Тұрғанбаева

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ, ҰСЫНЫСТАР

Мемлекет басшысы білім берудің қолжетімділігін кеңейту қажеттілігін атап өткен, «оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үрдісінде пайдалана білуі тиіс» деген. Сондықтан бүгінгі таңда деңсаулығы шектеулі балаларда басқа

оқушылар сияқты сапалы, әлеуметтік бейімделуге қоғамда өз орынын табуға толық жағдай жасайтын білім алуға тиісті екендігін ерекше айту қажет. Арнайы білім беру мекемелеріндегі жағдайлар мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамнан, әлеуметтік ортадан бөлектеніп қалуына әкеп отыр. Олардың қоғамның басқа бөлігі мен қарым – қатынас жасау мүмкіндігі өте аз.

Республикамызда балалар біді алу үшін жағдай жасаудың басым бағытына қатысты келесідей бағаттар бар.

Бірінші бағыт – балалардың дамуындағы кемшіліктерді тауып, жастық кезеңнен бастап түзету – педагогикалық жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады. Мектепке дейінгі уақтылы көрсетілген көмек жалпы білім алу ортасында оқуға баланың негізгі кемшіліктерін түзетуді қамтамасыз етеді. Республикадағы арнайы білім беру жүйесінің бастапқы буыны баланың оқу, әлеуметтік және медициналық педагогикалық консультация болып табылады. Бүгінгі таңда елемізде 56 облыстық, қалалық және аудандық, соның ішінде бір республикалық ПМПК жұмыс істейді.

Екінші бағыт – барлық деңгейдегі балаларға олардың психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, білім алу құқығын жүзеге асыру үшін вариациялық жағдайлар құру болып табылады. Сонымен қатар сауықтыру орталықтарын түзету арнайы сыныптар ашылған.

Қазақстан Республикасындағы білім беру дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында инклюзивті оқыту білім жүйесін дамытудың ең өзекті бағыттары қатарынан орын алып отыр. Бағдарламада мүмкіндігі шектеулі балалардың санының ұлғайғандығы. 2002 жылы олардың саны 120 мың құраса, 2009 жылы 149 246 мыңды құрағаны, олардың 38% - ы ғана арнайы білім беру бағдарламаларымен қамтылғаны жазылған. Алға қойған мақсатқа жету үшін міндеттерді орындау қажеттілігі қатарында жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді жетілдірі көрсетілген. «2»

Семей қаласы бойынша 62 жалпы білім беретін мектептер де ерекше қабілетті балаларға арналған инклюзивті сыныптар жалпы саны 575 оқушыны қамтуда.

№ 49 жалпы орта білім беретін мектебінде 2019 жылдың 1 қаңтарынан психо-педагогикалық коррекциялық кабинеті жалпы саны – 56 оқушыға көмек көрсетеді. Ол жерде 16 педагог, психолог, логопед, дефектолог, тифлопедагог, сурдопедагог, соц педагог, педагог монтессори, емдік денешынықтыру маманы ретмика 3-6 ай аралығын да, 150 оқушыға психо педагогикалық коррекция көмек көрсетеді. 2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, «Болашақ» қайырымдылық корпоративті қоры № 17 жалпы білім беретін мектепте инклюзивті білім беруге арналаған аутизм спекторы бұзылған 10 балаға шақталған кабинетін іске қосты. Ол жерде тьюторлық сүйемелдеуші 10 педагог ассистент жұмыс жасайды.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының мүмкіндігі шектеулі балалары үшін сапалы базалық білім беруді ұйымдастыра отырып, қазіргі кезеңде арнайы білім беру ретінде педагогикалық үрдісті қайта құруды талап етеді. Инклюзивті білім берудегі түрлі мамандардың ынтымақтастығы қажет: мұғалімдер, бала- бақшадағы тәрбиешілер, мұғалім-логопедтер, мұғалім-дефектологтар, педагог-психолог, әлеуметтік- педагог, дәрігер. Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы.

Осы ретте кемтар жандардың қоғамдық өмірге араласуы мен білім алуына, жұмыспен қамту мәселесіне көңіл бөлініп келеді.

Инклюзивті білім беру мәселелері

1. Білім беру жүйесінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қабылдауға дайын еместігі (қоршаған ортаны ерекше балаға мүмкіндігінше қолжетімді ету үшін жаңғырту қажет, арнайы құрал-жабдықтар қажет).
2. Арнайы білім беру орталықтары ұйымдастырылып, жалпы мектептерде оқып жатқан мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім сапасын, оны әдістемелік қамтамасыз етуді қадағалау.
3. Басқа оқушылардың ата-аналарының дайын еместігі, ерекше білім беруді қажет ететін балалар туралы жағымсыз стереотиптерді жеңу бойынша жұмыс.
4. Оқытуға қажетті әдістерді, технологияларын дайындау.
5. Жалпы білім беретін мектептердің штатында кемтар балаларды оқытуға пән мұғалімдеріне көмек көрсететін арнайы педагогтың сағаты белгіленуі. «1»

Ұсыныстар:

1. Бастауыш мұғалімдерде инклюзивті білім беруде оқушыларды қызықтыратын дидактикалық материалдарға арналған кітап шығарылса.
2. Арнайы мемлекеттен инклюзивтік білім беру туралы мұғалімдерді даярлау курстарын ұйымдастырса, инклюзивті білім берумен нақты айналысатын педагогтар тәжірибесімен бөлісіп семинарлар өткізіп отырса.

3. Деңгейлік тапсырмалар беру үшін көмекші құралдар (ресурстар) керек. Білім алушылардың бағдарламалық материалдарды игеру деңгейі әр түрлі болғандықтан деңгейлік саралау технологиясына сай құралдар болуы керек.
 4. Өкінішке орай қазіргі таңда қазақ тілді мектептерде инклюзивті оқытуға байланысты оқыту материалдары жоқтың қасы. Инклюзивті оқытуға арнайы күнтізбелік жоспар, дидактикалық-дамытушылық материалдар, әдістемелік құралдар қажет.
 5. Инклюзивті оқытуға арнайы күнтізбелік жоспар, дидактикалық-дамытушылық материалдар, әдістемелік құралдар қажет.
 6. Мектептегі жұмыс әдістерін мектептің жанында тұратын барлық оқушылардың әр түрлі қажеттіліктеріне толық жауап бере алатындай етіп қайта құрылымдау.
 7. Инклюзивті білім беру мониторингін жүзеге асыру, яғни әр оқушының жеке білім жетістіктерін бақылау.
 8. Арнайы білім беру орталықтары ұйымдастырылып, жалпы мектептерде оқып жатқан мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім сапасын, оны әдістемелік қамтамасыз етуді қадағалау. «3»
- Қорытынды, бастауыш сыныптарда мүмкіндігі шектелген балаларды қандай бала болмасын қоғамымыздың ең құнды бір бөлшегі. Әрбір бала бақытты өмір сүруге, білім алуға құқылы. Инклюзивті білім берудің пайдасы балаларымыздың өзін қоғамның толыққанды бір мүшесі екенін сезінуге үйретеді. Басқа балалармен тең дәрежеде білім алуға мүмкіндік береді. Барлық балаларды білім үрдісіне толық енгізу, жағдайына, жынысына, дініне, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарды белсенділікке шақыруға, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. «Қалауын тапса қар жанар» демекші инклюзивті білім беру жүйесіндегі әр мәселе өз шешімін тапса, ерекше балалар болашағына жол ашқанымыз.

Әдебиеттер

1. Выготский Л.С. Педагогическая психология М: Педагогика 1996. – С – 301б.
2. Байтұрсынова А.А. Арнайы педагогика. – Алматы, 2008. – 169-173 б.
3. <https://impis.ru/my-opinion/sovremennye-deti-i-podrostki-novoe-pokolenie-shkolnikov/>

ҒТАХР: 14.39.01

Д. Сайлаубекова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекшісі: Н.У Серикова «педагогика және психология» кафедрасының п.ғ.к.

БАЛА ТӘРБИЕСİNДЕГІ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ РӨЛІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы жылдың 16-наурызында Қазақстан халқына жолдауында «Біз ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді сақтап, ұлттық бірегейлігіміздің негізін нығайтып, елімізді жаңғырту жолында ұйысуға тиіспіз. Бұл – болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз, - деген болатын. Тәуелсіздігімізді сақтап, ұлттық бірегейлігіміздің негізін нығайтып, елімізді жаңғырту жолында ұйысуда, қоғамда ата-баба аманатын арқалайтын, өзінің күш-жігеріне, дарыны мен еңбекқорлығына сүйенетін ұрпақ тәрбиелеу мәселесі бірінші орында тұруы қажет. Оны халықпедагогикасы арқылы жүзеге асыра аламыз. Халық педагогикасы дегеніміз – ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ тәрбиелеудегі ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің, мәдени ойлау жүйесінің эмпирикалық негіздегі озық үлгілерінің жиынтығы. Халықтық педагогиканы зерттейтін ғылым саласы – этнопедагогика.

Білім беру жүйесіне этнопедагогиканың элементтерін кіріктіру арқылы – ұлттық сана-сезімге, ана тілінің мән мағынасын ой елегінен өткізуге, халықтың салт-дәстүрлері мен тарихын танып білімге бағдарлап, бейімдеуге мүмкіндік зор. Алайда, қолдану тиімділігі тікелей оның мазмұнына, мақсаты мен құралдарының сәйкестілігіне, олардың бірлігіне, жүйелі ықпалына байланысты деп ойлаймын.

К.Д. Ушинский барлық халықтардың этномәдениеті жөнінде біркелкі ой-пікір қалыптасқан емес дей келіп, «Әр халықтың бала тәрбиелеу жөнінде өзіне тән жүйесі бар. Бір халықтың бала тәрбиесі жөніндегі озық ой-пікірі басқа халықтарға да өнеге бола алады. Сөйтіп ол барлық халықтарға ортақ рухани қазынаға айналады. Халықтық тәрбиеде озық үлгілерге сүйене отырып,

тәрбиенің үлгісін жинақтауға болады. Бірақ ол тәрбиенің қаншама озық үлгісі болып саналғанымен дәл сол халықтың үлгісіне салып барлық халықты бірдей тәрбиелейміз деу мүмкін емес. Себебі әр халықтың бала тәрбиелеу тәжірибесі қаншама жақсы болғанымен, ол сол халыққа ғана тән тәрбие түрі болмақ. Бұл жерде әр халықтың бала тәрбиелеудегі өзіндік ұлттық ерекшелігі арқылы тәрбие ісінде оң нәтижеге қол жеткізіледі» дейді [1].

Қазақ халқының ұлттық тәлімі мен тәрбиесі мен өнегесінің бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиесінің негізіне айналуы – ел мүддесі, заман талабы.

Халық педагогикасы – қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы. Ал оны білім беру жүйесінде пайдалану оқушылардың адамгершілік тұлғасын қалыптастырумен қатар ұмыт болған салт-дәстүр мен халықтың ұлттық асыл қасиеттерін жаңғыртуға жол ашады. Халық педагогикасының элементтерін оқу-тәрбие процесінде пайдалану өте тиімді. Өйткені ондағы тәрбие құралдары нақты іріктеліп, жылдар бойы сүзгіден өткен.

Халық педагогикасы құралдарының бала тәрбиесіндегі рөлі зор. Мысалы, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, халық музыкалары, жаңылтпаштар, тақпақтар, жыр мен айтыстар, аңыз-әңгімелер т.б. ғасырлар бойы балалар мен жастар тәрбиесін кешенді жүзеге асыруда елеулі роль атқарған. Осы тәрбие құралдары арқылы халыққа өз елінің басынан кешкен оқиғаларын, батырларының ерлік істерін, халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін танып білуге кеңінен жол ашылған. Жалпыадами, ұлттық құндылық, патриотизм туралы түсініктері реттеліп, көркем эстетикалық талғамын, қабілетін жетілдіріп, моральдық этикалық мәдениеттің негізі қаланған. Халқымыз сөздің қадірін біліп, қасиетті сөздерді қадірлеп, ауыздарынан тастамай үлгі-өнеге ретінде данышпандықтарын көптеген ойға қонымды өлең-өрнектерімен зерделеп келе жатқан халық десек қателеспейміз. Халыққа танымал адамдардың аузынан шыққан небір қасиетті сөздерді, мақал-мәтелдерді үнемі пайдаланып, жас ұрпаққа үлгі етіп, бала тәрбиесіне пайдалану дәстүрімізге айналған.

Қазақтың тәрбие мектебі, халық педагогикасы – ата-бабамыздың өсиеттері, ғибраттары және халық мақал-мәтелдері, тыйым сөздері мен ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы десек артық болмайды. Халықтық осы қағидалар шын мәнісінде жас ұрпақ түгілі, ересек адамдарға да үлкен әсерін тигізді, ұлттың сана-сезімін оятты, тәлімдік-тәрбиелік, танымдық мектебіне айналды [2].

Білім беру жүйесінде халықтық педагогиканың алатын орнын теориялық тұрғыда негіздеп, бала тәрбиесіндегі халық педагогикасының құралдарын, әдістері мен формаларын тәжірибеде жүйелі қолдану арқылы оқушы тұлғасын қалыптастыруға болады. Осы арқылы олардың теориялық білімдері кеңейеді, бойында ұлттық, қоғамдық сана-сезімдері, адамгершілік көзқарастар мен ізгілікті қасиеттері қалыптасады, ана тіліне, салт-дәстүріне, әдеп-ғұрпына құрметпен қарауға үйренеді.

Қ. Жарықбаев, Ә. Табылдыев: «Жас адамды имандылыққа баулу үшін Егеменді Қазақстан Республикасының ең басты белгісінің бірі – оның ұлттық мектептерінің болуы. Ал ол мектептерде тәрбиенің түп қазығы халық педагогикасына негізделуі керек. Себебі әр халықтың жас ұрпақты тәрбиелеудегі ғасырлар бойы белгілі жүйемен қалыптасқан ұлттық ерекшеліктері бар. Қазіргі кезде сол ерекшеліктерді ұлттық мектептер ескеру және басшылыққа алу өте қажет. Ұлттық мектепте оқыту мен тәрбиелеу, сол ұлттың педагогикасы арқылы жүргізілуге тиіс. Ұлттық мектептердің қай-қайсысында да оқу мен тәрбие ана тілінде, онда сол халықтың рухы, оның өсіп-өну тарихы, географиясы, әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты, елдік дәстүрі жүйелі көрініп тұрса ғана нағыз ұлттық мектеп болғаны [3].

Ұлттық тәрбиенің қайнар көзі болып саналатын қазақ этнопедагогикасындағы халқымыздың салт-дәстүрлеріне емес, ол қоғамымыздың өмір талабынан туындаған қажеттілік. Ал қажеттіліктің туындауына бірден бір себеп, халқымыздың ұлттық санасының өсуі, төл мәдениетіміздің қайта өрлеуі, халқымыздың рухани бастауларына көңіл аудару.

Мектеп оқушылары халқымыздың әлеуметтік, тұрмыстық дәстүрлерін танып білу арқылы туған елінің, ұлтымыздың өзіндік ерекшеліктерін, халқымыздың мәдени мұраларын қастерлеп сақтай білуді үйренеді. Қазіргі таңдағы қоғам дамуының басты факторларының бірі – білім, ғылым салалары болып табылады. Заман қанша өзгергенімен қанша құбылғанымен әрбір мемлекеттің өркендеуі, халқының әл-ауқатының көтерілуі білім-ілімсіз жүзеге асуы мүмкін емес екендігі баршамызға мәлім.

Егерде кез келген халықтың ұрпақ тәрбиесі өзінің ұлттық психологиясы мен халықтық тәлім-тәрбие көздерінен нәр алмасы, мұндай тәрбиенің барар жері – халқымыздың біртүрлі халықтық тәлім-тәрбиеден оқшауланып, олардың мән мағынасын түсінбеуден ұлтымыздың еріксіз азғындалуына әкеліп соғады.

Қазіргі таңда мектептен беріле бастайын ұлттық тәрбие берудің өзекті мәселелерінің бірі – пәндерді оқытуда этнопедагогика материалдарын кеңінен қолдану арқылы оқушылардың жалпы дүниетанымын ұлттық негізде қалыптастырып, дамыта түсу [4].

Халық педагогикасы – ұлт тәжірибелері мен тағылымынан туған бай қазына. Оның келер ұрпаққа берер үлгісі, тәлім-тәрбиесі көп. Халық педагогикасында маңызды сала ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер болып табылады. Олар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Ұмытқалған салт-дәстүрлерді, халқымызға тән ұлттық асыл қасиеттеріміздің барлығын да жүйелеп, өмір тәжірибесінде қолдануда, келер ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде ғылыми тұрғыдағы зерттеулердің көбірек болғандығы үздіксіз үрдіске айналуы керек.

1. Развитие коммуникативных умений (умение вести дискуссию, слушать и слышать собеседника, отстаивать свою точку зрения, подкрепленную аргументами, умение находить компромисс с собеседником, умение читать и понимать содержание несложных аутентичных текстов разных жанров и видов; умение устно осуществлять диалогическое общение; передавать содержание прочитанного с опорой на текст; умение письменно оформить и передать элементарную информацию).

2. Развитие общеучебных и специальных учебных умений (умение работать с информацией, ориентироваться в информационном пространстве, систематизировать знания, выделять главную мысль, умение делать выводы и обобщения, учиться – работать с книгой, учебником, справочной литературой).

3. Воспитание у учащихся личностных отношений к постигаемой культуре и процессу овладения этой культурой (системы моральных ценностей; оценочно - эмоционального отношения к миру; положительного отношения к иностранному языку, к культуре народа, говорящего на этом языке, взаимопонимания, толерантности; понимания важности изучения иностранного языка и потребности пользоваться им как средством общения в условиях вхождения нашей страны в мировое сообщество).

4. Развитие учащихся в процессе освоения ими опыта творческой, поисковой деятельности (умения работать в библиотеках, формирование механизма языковой догадки и умения переноса знаний и навыков в новую ситуацию; языковых, интеллектуальных и познавательных способностей; ценностных ориентаций, чувств и эмоций; способности и готовности вступать в иноязычное общение).

Таким образом, можно выделить пять основных компонентов в речевой коммуникации: 1) ситуация общения; 2) отправитель речи; 3) получатель речи; 4) условия протекания речевого действия; 5) речевое сообщение. Чтобы лучше понимать процесс обмена информацией и условия его эффективности, следует иметь представление о стадиях процесса, в котором участвуют двое или большее число людей.

Литература

1. Ушакова Н.М. Активные процессы в современном образовательно-педагогическом целеполагании: учебное пособие. – Павлодар, 2006. – 170 с.
2. Хомский Н. Язык и мышление. – М.: Просвещение, 1972. – 252 с.
3. Гришанова, Н.А. Компетентностный подход в обучении взрослых. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004.

МРНТИ: 77.03.05

М.А. Алжасарова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: Б.Ш. Тұрғанбаева, п.ғ.к., педагогика және психология кафедрасының
қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ РӨЛІ МЕН ОРНЫ

Қазіргі таңда үнемі өзгеріп жатқан ақпараттық технологияларға ілесу үшін үнемі білім алу қажет. Оқытудың бір түрі – қашықтықтан оқыту. Бұл не? Қашықтықтан оқыту – оқытушы мен білім алушының тікелей, жеке байланысынсыз қашықтықтан оқытуға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген оқу процесін жүзеге асыру тәсілі.

Бұрынғы жылдары мектепке бара алмаған балаларды ата-анасының немесе келген мұғалімдердің көмегімен үйде оқытатын. Бүгінгі таңда заманауи технологияның дамуы үйде білім алғысы келетіндерге мұны ыңғайлы және жайлы етіп жасауға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытуды бастау үшін Internet желісіне қосылу және тиісті техникалық құрылғылардың болуы жеткілікті. Қазіргі ақпараттық технологиялардың үздіксіз дамуы жағдайында адам өзін-өзі дамыту, білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу саласында да шексіз мүмкіндіктерге ие болады. Қазіргі уақытта бұл мүмкіндік қашықтықтан тиімді түрде жүзеге асырылуда, бұл адамның әртүрлі себептермен басқа қалаға немесе тіпті басқа елге бару мүмкіндігінің болмауына ғана емес, өте ыңғайлы және бұл режим мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін де ең өзекті болып табылады [1].

Баланың оқу орындарында оқи алмауының көптеген себептері бар. Солардың кейбіреулеріне мыналар жатады:

- отбасы тұрғылықты мекен-жайын жиі ауыстырады, бір қаладан екінші қалаға көшеді;
- білім алушы қосымша спортпен айналысады және стандартты кесте бойынша мектепке бара алмайды;
- бала оқу пәндерін меңгеруде қиналады;
- оқушы материалды меңгеру қарқыны бойынша өз қатарластарынан айтарлықтай алда;
- мұғаліммен қақтығыс баланың бағдарламаны сабырлы меңгеруіне және жақсы баға алуына мүмкіндік бермейді.

Осы жағдайлардың көпшілігінде қашықтықтан оқыту мектепке барудың тамаша баламасы болып табылады.

Қашықтықтан білім берудің дәстүрлі оқыту түрлерімен салыстырғанда артықшылығы сөзсіз:

- білім алушылардың негізгі даярлығы мен қабілетінің деңгейіне, денсаулығына, тұрғылықты жеріне жоғары бейімделу, сәйкесінше білім алу үдерісін жеделдету және білім сапасын арттыру үшін жақсы мүмкіндіктер;
- автоматтандырылған оқыту және тестілеу жүйелерін пайдалануға назар аудару арқылы оқу үдерісінің сапасын арттыру;
- білім алушылардың компьютерлік желілерді пайдалана отырып, оның баламалы көздеріне сілтеме жасау мүмкіндігі болғандықтан, «айқас» ақпаратының болуы;

- білім алушылардың өзін-өзі ұйымдастыру, білімге ұмтылуы, компьютерлік технологиямен өзара әрекеттесу және өз бетінше жауапты шешімдер қабылдау қабілеті арқылы шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін арттыру;

- оқытудың айқындалған тұрақты мүмкіндігі (білім алушылар белгілі бір мұғаліммен тікелей байланысып, оларды нені қызықтыратыны туралы сұрақтар қоя алады).

Осылайша, білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқыту жүйесін енгізу келесі міндеттерді шешеді:

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды, сондай-ақ жиі ауыратын балаларды оқыту;
- Оқушылардың білімін қашықтықтан басқаруды ұйымдастыру;
- Дарынды балалармен жұмыс (жоғары деңгейдегі жеке қосымша тапсырмалар);
- Білім алушыларға мектеп курсының жекелеген тақырыптарын немесе тарауларын өз бетінше игеруге көмек көрсету;
- Білім алушыларды қызықтыратын пәндерді тереңдетіп зерттеуге көмек көрсету [2].

Қашықтық технологияларды қолдану арқылы оқытудағы кедергілерді жою үшін виртуалды кеңістікте білім алушының ынтасы мен қызығушылығы маңызды рөл атқаратынын ескеру қажет. Білім беру процесін оңтайландырмай-ақ ақпараттық және психологиялық-педагогикалық сияқты ең үздік және ең озық технологиялардың өзі кері әсер етуі мүмкін, сондықтан сапалы әрі қолжетімді білім алу үшін тек қашықтықтан білім беру жүйесін енгізу жеткіліксіз. оқу процесіне іскерлікке шығармашылық көзқарас қажет, мұғалімдер мен білім алушылардың оқу қызметін ұйымдастырудың қалыптасқан жүйесін құру қажет. Өйткені, қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып оқыту дәстүрлі оқу үдерісінің негіздерін өзгертуді және педагогикалық қызметтегі принциптер мен әдістерді қайта қарауды талап ететін оқытуды ұйымдастырудың нақты түрі ғана.

Қашықтықтан оқытудың кемшіліктеріне мыналарды жатқызуға болады:

- бағдарламаны өз бетінше, онлайн режимінде меңгеруге психологиялық дайындықтың жеткіліксіздігі (өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі реттеу аппаратының болмауы немесе жеткіліксіз дамыған);
- мұғаліммен, тәлімгермен және сыныптастармен «жанды» байланыстың болмауы;
- пәнді оқуға мотивацияның болмауы немесе жеткіліксіздігі (соның ішінде өзіндік мотивация);
- адамның үлкен жүктемесі (курспен немесе негізгі жұмыспен немесе күндізгі оқумен біріктірілгенде);
- курстардың көптігі білім алушының дұрыс таңдау жасауын қиындатады [3].

Болашақ студент ретінде оқу орнының түлегіне, сондай-ақ жоғары оқу орнының түлегіне де мүлдем жаңа талаптар қойылуда, бүкіл білім беру жүйесі жаңартылуда, қоғам өмірінің өзгертін қоғамдық-саяси жағдайларына сәйкес, жас ұрпақтан оффлайн режимінде жұмыс істеу қабілетімен қатар soft skills деп аталатын тәжірибеде шебер меңгеру және қолдану талап етіледі.

Қашықтықтан оқыту технологиялары, менің көзқарасым бойынша, педагогикалық іс-әрекетке келесі түрде көмектеседі. Біріншіден, қосымша білім беру кеңістігі қалыптасады. Екіншіден, білім алушылар толеранттылық, сыни ойлау, ымырашыл шешім іздеуге және басқа біреудің көзқарасын қабылдауға дайын болу сияқты дағдыларды дамытуға мүмкіндік алады. Үшіншіден, балалардың өздеріне жақынырақ және қалыптасқан (виртуалды дегенім) ортаға түсуіне байланысты олардың танымдық белсенділігі мен дербестігі дамиды. Төртіншіден, білім алушы материалды оқудың жеке қарқынын таңдай алады (күрделі тапсырмаларды орындай алады, қосымша шығармашылық тапсырмаларды орындай алады) [4]. Білім алушы сырақаттанған жағдайда оқу процесіне қатысуға және бағдарламадан ілесуге әрқашан мүмкіндігі бар. Осылайша, бала қажетті білімді алумен қатар, өзінің жандүниелік және психикалық тепе-теңдігін сақтайды. Қашықтықтан оқыту тек білім беру мәселелерін ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың психологиялық мәселелерін де шешіп, оқушылар мен педагогтардың коммуникативтік аясын кеңейтіп, оқуға деген ынтасын дамытуға ықпал ететінін атап өткім келеді. Қашықтықтан оқыту – бұл Интернет-технологиялардың нақты құралдарымен немесе интерактивтілікті қамтамасыз ететін басқа да құралдармен жүзеге асырылатын оқытудың қазіргі заманғы дербес түрі деген қорытынды жасалады. Қашықтықтан оқытудың психологиялық жағынан оң және теріс аспектілері бар. 2020 жылдың заманауи жағдайында, қашықтықтан оқыту жағдайында сабыр сақтап, оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды пайдалану маңызды.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Агапонов, С.В. Қашықтықтан оқыту құралдары. Әдістеме, технология, құралдар / Агапонов С.В., Джалиашвили З.О., Кречман Д.Л./ Ред. З.О. Джалиашвили. СПб.: БХВ-Петербург, 2003. – 336 б.
3. Зайченко, Т.В. Қашықтықтан оқыту негіздері: теориялық және практикалық негіздері: оқу құралы / Зайченко Т.В. – СПб.: РГПУ, 2004. – Б.207
4. Попов А.И. Дене шынықтыру пәні бойынша білім алушыларды қашықтықтан оқыту / Попов А.И., Петров П.К. // Дене шынықтыру мен спорттың педагогикалық-психологиялық және медициналық-биологиялық мәселелері. – 2010. – Т. 5, № 2. – Б. 84-92.

МРНТИ: 32.61.11

Е.Г. Гончарова

Научный руководитель: И.А. Оралканова
Государственный университет имени Шакарима города Семей

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ У СТУДЕНТОВ ПРИЕМОМ РАСПОЗНАВАНИЯ КОРРУПЦИОННОГО ПОВЕДЕНИЯ

Среди глобальных проблем современности, от решения которых зависит дальнейшее развитие мирового сообщества в новом столетии, одной из самых острых является проблема коррупции. Одним из вопросов, наиболее остро стоящих перед современным образованием и воспитанием, наиболее трендовым считается ответственность за новое поколение. Целью образования и воспитания сегодня является профессионально компетентная, инициативная, творческая молодежь, наделенная чувством долга и ответственности перед обществом. Коррупционное поведение изучается в различных отраслях знания: экономике, юриспруденции, социологии, психологии и других. В экономике исследуют отрицательное и положительное влияние коррупции на развитие различных экономических систем. В социологии коррупционное взаимодействие рассматривается с точки зрения его распространения, восприятия социумом различных форм коррупции и уровня толерантности к ее проявлениям.

Исследуются психологические особенности субъектов, вовлеченных в коррупционное поведение: внутренние и внешние мотивы, побуждающие к коррупционному и антикоррупционному поведению; эмоциональные особенности участников коррупционного и антикоррупционного взаимодействия; внешние формы проявления коррупционного поведения, их особенности и виды; морально-ценностные ориентиры и особенности правосознания субъектов коррупционного и антикоррупционного взаимодействия. Исследования в различных областях науки доказали, что повышение прозрачности систем, потенциально подверженных коррупции, в частности, повышение уровня просвещения в сфере антикоррупционного законодательства - т.е. расширение знаний о коррупционном взаимодействии, его свойствах и последствиях - является наиболее эффективной мерой этого противодействия. Таким образом, речь идет о работе с когнитивной сферой субъекта. Вместе с тем, когнитивный компонент коррупционного и антикоррупционного взаимодействий изучен недостаточно, поэтому исследования в данной области остаются актуальными.

Некоторые исследователи выделяют, наряду с выше перечисленными, поведенческий, ценностно-смысловой, когнитивно-ценностный и операционально-деятельностный компоненты, которые изучаются в составе антикоррупционной компетентности. В содержание этих компонентов включаются ценностные ориентации вступающего в коррупционное поведение субъекта, его эмоциональные состояния, уровень развития правосознания.

Литература

1. Печёнкин В.А. Формирование антикоррупционной компетентности государственных служащих : автореферат дис. ... кандидата психологических наук 19.00.06. – Москва, 2012. – 25 с.
2. Погожина И.Н., Пшеничнюк Д.В. Когнитивные составляющие распознавания ситуаций коррупционного взаимодействия / «Ананьевские чтения – 2014: Психологическое обеспечение

профессиональной деятельности»: материалы научной конференции, 21–23 октября 2014 г. / отв. ред. Г.С. Никифоров. - СПб: Скифия-принт. – 2014. – б - С. 192-194.

3. Погожина И.Н. Детерминация развития познавательных структур: постнеклассическая теоретическая модель. // Национальный психологический журнал, № 3 (19) 2015. С. 35-45

СЕКЦИЯ 33: МУЗЫКАНТ-ИССЛЕДОВАТЕЛЬ

ҒТАХР: 18.41.01

А. Жекен

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекшісі: Б.К. Бодауова п.ғ.к, қауымдастырылған профессор

МУЗЫКА ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: орта білім беру міндеттерінің бірі-азаматтыққа, адамның құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарауға, елжандылыққа өз Отанын сүйге тәрбиелеу – деп көрсетілген. Тәрбиенің аса маңызды құралы – өнер болып табылады. Оның ішінде өте кең, әрі сан қырлы ұғымды қамтитыны әрине музыка өнері. Оның салмағы басқа өнер түрлеріне қарағанда орасан зор. Яғни музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі және өзінің көркемдігімен, нәзіктігімен адам жанын баурап, оларды жақсы мінез-құлықтарының қалыптасуына әсерін тигізеді. Ұлттық музыка өнеріне деген сүйіспеншілік, Отанға деген махаббат сезімінен бөлек емес. Сондықтан оқушыларда отансүйгіштік сезімді қалыптастыруда мектептегі музыка өнері арқылы тәрбиелеудің орны ерекше болуы керек.

Мақсаты: Мектептегі музыка сабағында оқушыларды музыка өнері арқылы патриотизмге тәрбиелеу.

Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиелеу мәселесі басты назарда болады. Тәрбие процесі – үздіксіз процесс. Тәрбиенің адам өміріндегі ерекше ролін ұлы ғалым Әл – Фараби: «Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі», - деп атап көрсетеді. Тәрбиенің барлық бағыттары бір – бірімен тығыз байланыста болады. Олардың әрқайсысының атқарар ролі өте зор. Бағыттарды жеке бөліп қарастырар болсақ, бүгінгі егеменді ел болып, дербес мемлекет атану жағдайында жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу көкейкесті болып табылады. Әр халық Отанын сүйер, Отан үшін, ел үшін күйінер патриоттарды тәрбиелеуге тырысады. Егеменді Қазақстанның болашағы, тағдыры жастардың қолында. Сондықтан жастарымыз білімді де тәрбиелі, жан – жақты дамыған азамат болып қалыптасуы керек. Кез – келген азамат өзінің елі мен жері үшін жанын берер патриот болуы керек. Ең мықты мемлекет болуы үшін жастардың бойында шынайы патриотизмді қалыптастыруға үлкен күш жұмсауымыз қажет. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Демек, жас ұрпақтың бойында ұлттық патриотизммен бірге қазақстандық патриотизмді қалыптастыру ерекше маңызға ие. Қазақстанның әрбір азаматы ұлты мен дініне қарамай татулық пен бірліктің туын жоғары көтере білсе – патриотизмнің негізі сол болмақ. «Музыка» жаңа буын оқулықтары қазақ жерінің өнерін тірілті.

Әр халықтың өзіндік ұлттық өнері-болады. Адамның тәрбиелі болып өсуі үшін музыка өнерінің маңызы зор. Өнер – адамның дүниетанымына, сеніміне, адамгершілік – моральдік қасиетердің қалыптасуына, эстетикалық сезімдерінің тұрақты, алдына қойған мақсатының айқындала түсуіне игілікті әсер етеді. Сондықтан қазақтың ұлттық өнерінің оқушыларға тәрбие беруде маңызы зор. Кәзіргі кезде мектеп оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу үшін менің ойымша үзілісте соғылатын қоңырау үнінде қазағымыздың күйі ойнап тұрса қандай күшті болар еді, сонымен қатар оқушыларымыз мектепке келгенде сабақтарынан кірер алдында мемлекеттік гимні айтса қандай тамаша болар еді осылайша біз отанымызға деген сүйіспеншілікті оята аламыз.

Жас ұрпаққа мәдени мұралар арқылы патриоттық тәрбие берудің негізгі идеялары Елбасының «Қазақстан – 2030» стратегиялық Жолдауында «Олар ... күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады» делінсе, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттері: азаматтық пен елжандылықты, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік

тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру» деп атап өтілген. Осыған орай, бүгінгі күні жас ұрпақты мәдени мұралар арқылы патриоттыққа тәрбиелеу, өз халқының тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген, мәдениетті, адами қасиеті мол шығармашылық тұлға етіп қалыптастыру.



Демек, бұл міндетті іске асыру отбасы мен мектеп мұғалімдерінің үлесіне тиеді. Қазағымыздың ұлттық мәдени құндылықтарын қастерлеп, имандылық адами қасиеттерін құрмет тұта отырып «Ұлт тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз» деген қанатты сөздердегідей өз жеріміздің, ұлтымыздың болашақ иелерін, ұлтжанды азаматтарын тәрбиелеуге тиіспіз. Бұл – баршамыздың тікелей борышымыз.

Әдебиеттер

1. Айталы А. Ұлттану. Алматы. 2000.
2. Аманжолова А.А. Жеке тұлғаны адамгершілік – рухани бағытта тәрбиелеу // Өзіндік таным № 5, 2000 – 7-8 б.
3. Бекенов У. Күй табиғаты. Алматы. Өнер, 1981 15б.
4. Білім беру ұйымдарында салтынаты іс-шаралар өткізу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын қолдану рәсімі туралы // Білімдегі жаңалықтар № 2, 2006-19-20б.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы.

ҒТАХР: 18.41.01

Д. Төлешова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекшісі: М. Қисамеденова, аға оқытушы

ҰЛТТЫҚ БРЕНД ДОМБЫРА

Домбыра – қазақтың болмысы, жан серігі. Елдің – асыл мұрасы, өткен ғасырдың куәсі. Осынау киелі аспап мәдениетіміздің жаңа кезеңінде өзінің айрықша келбетін, қайталанбас құндылығын ашқандай. Әсіресе, Елбасы Жарлығымен шілденің бірінші жексенбісін – Ұлттық домбыра күні деп жариялағаны ойымызды қуаттай түсті. Тіпті, текті өнердің жағасын қисайтпай, алтындай аялап, асылдай мәпелеп, өрісін ұзартып, өресін биіктетсін деген зор сенімді арқалатты. Халқымыздың рухани өркендеуінің, мәдениетінің сарқылмас бір саласы – өнер. Сол өнерге үн берген – қасиетті домбыра. Домбыра атауының шығу тарихына келер болсақ

"Домбыра" атауының шығу төркініне қатысты талас-тартыс көп.

Түркі тілдес халықтарда домбыра тектес шертпелі аспаптарды қазақ, ноғай, өзбек, башқұрт – домбыра, тәжік – домбурак, бурят – домбро, монғол – домбор, түрік – томбра, телеуіт – комыс, шор – кобус, қырғыз – комуз, қырым татарлары – кобуз, хакас – хомус, алтай – топшур, тува – топшулур, түркімен, қарақалпақ, ұйғыр – дутар деп айтады. Кей деректерге сүйенсек, "домбыра" сөзі көне шумерден аударғанда "кішкене садақ" деген мағынаны білдіреді. Ал академик Ахмет Жұбановтың айтуынша, "домбыра" сөзі "қозы құйрық" сөзімен байланысты "дунбаһ" және "бурра" деген қос араб сөздерінен шыққан. Ғалым шамасы домбыраның шанағының сүйірленіп барып, қозы құйыршықтанып бітетінін негізге алған болуы керек.

Белгілі зерттеуші Хайролла Жүзбасовтың пікірінше, домбыра сөзі "дөп бұра", "дәл бұра", "дем бұра" деген сөздердің тізбегінен жасалған.

Тағы бір деректерде "домбыра" атауы "дом+бұра" деген сөздерінен шыққан делінеді. "Дом" сөзі қазір "домығып, ісініп кету" мағынасында қолданылып жүр. Ал "бұра" "күйге келтір" дегенге саяды..

Домбыра – асқақтата ән салып, күмбірлете күй төккен өнерпаз халқымыздың асылынан артық қастерлеп үкі таққан, жалғызындай айлап қақ төріне ілген, ең қымбат, ең сүйікті музыкалық аспаптарының бірі. Қазақ халқының төл аспабы – домбыра көп уақыттан бері өзінің негізгі құрылысын, түрін сақтап келеді. Шеберлер оның түрінен көрі дыбыс ауқымын, мелодиялық мүмкіндігін арттырған. Бұл жүзжылдыққа әншілік, күйшілік өнердің дамуы домбыраның жетілуіне ықпал етті. Домбыраның әуезін күшейту қажеттілігі шегінің санын көбейтуге, шанағының жаңғырғыштығын молайту арқылы жетеді. Ең сапалы домбыра үлгісі сақталып, сол үлгі бойынша домбыра жасау дәстүрге айналды. Домбыра қалай, қайдан пайда болды? Деген сұраққа қазақ аспаптанушылары:



«Ұрмалы аспаптар негізінде пайда болды», деп жауап беріп келеді. Біздің көз алдымызға домбыраның мынадай даму кезеңдері келеді:

1. Ұрмалы аспап. 2. Көне ішекті аспап. 3. Шертер. 4. Домбыра.

Домбыраның түрлерін талдау.

Домбыраның басқа да түрлері бар. Әр түрлі домбыра үлгілері бар жердің ерекшелігіне қарай:

Батыс Қазақстан домбырасы-шанағы қақ жарылған алмұртқа ұқсас, көлемді. Перне саны 12-14-16-ға дейін болады. Күй тартуға арналған.

Орталық шығыс Қазақстан домбырасы- шанағы күрек іспетті, перне саны 7-8-11-ден аспайды. Бұл домбыраның үні перне санына, шығанағының көлеміне, мойынының ұзындығына қарай өзгеше әсер туғызады.

Оңтүстік Қазақстан домбырасы – тік бұрышты, мойыны қысқа, пернесі жеті, тоғыз болып келеді. Шерпе күй, ән, айтысқа қолданған. Пернелері кейде жылжымалы, кейде тұрақты болады.

Әдебиеттер

1. <https://sputnik.kz/20211105/dombyra-turaly-derektter-malimet-18589836.html>
2. <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/music/350/>

СЕКЦИЯ 34: ПАЛИТРА ВДОХНОВЕНИЯ

ҒТАХР: 81.95.05

Ш. Қайырхан

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекші: К.Б. Каттебаева

ИНТЕРЬЕРДЕГІ ЗАМАНАУИ СӘНДІ ТҮСТЕР ЖӘНЕ ТҮС ҮЙЛЕСІМІ

Түс-бұл өмір жасайтын және жарық беретін энергия. Түс-бұл эмоциялардың көрінісі. Түс шеңбері дәстүрлі түрде екіге бөлінеді-жылы және суық түстер аймағы [1].

Жылы түстер-сары, сары-қызғылт сары, қызыл, қызыл-қызғылт сары, қызыл-күлгін және олардың барлық туындылары. Көк көп болған кезде жасыл түс суық, егер сары түс жылы болса. Жылы, қарқынды түстер жақынырақ көрінеді, сондықтан оларды шығыңқы деп атайды. Суық алыс, шегіну ретінде қабылданады. Түс дөңгелегіндегі жылы түстер аймағына қызмет сапасы жатады, олар көңілді деп саналады.

Суық түстер-көк, күлгін, көк және көк – жасыл және көк-күлгін реңктердің бүкіл тобы. Оңтүстікке бағытталған бөлмелер үшін суық түстерді қолданған жөн, солтүстікке қарай жылы түстер ұсынылады. Оңтүстікке қарайтын бөлмелерде қабырғалары жеңілірек болуы керек солтүстікке бағытталған бөлмелерге қарағанда қарқынды түстерді қолдануға болады (мұнда табиғи жарық ескеріледі). Суық гүлдер аймағы пассивті және тыныштандыратын болып саналады. Әр аймақ өзіне ғана тән эмоциялар жиынтығымен сипатталады [2].

Түс психологиясының интерьер дизайнның әсері қалай болатынын қарастыратын болсақ. Түстер психологиясының көптеген зерттеулерінің нәтижелері бойынша әр адам әр түске әр түрлі әсер етеді. Мысалы, кейбір адамдар қара түсті депрессиялық және демотивативті деп санайды. Алайда, қара түс тәртіп пен функционалдылықты білдіреді деп санайтын адамдар бар. Кейбіреулер қызыл түстерді қауіпті деп санайды, ал басқалары үшін шабыттандырушы түс ретінде қабылдайды.

Біз киімімізді жиі өзгертетіндей интерьер түстерін өзгерту мүмкін емес: үйдің түс схемасы өте маңызды нәрсе.

Өз тарихының басынан бастап адам аумақты белгілеу және айналадағы кеңістікті безендіру үшін түстерді қолданады. Түс-бұл күшті құрал: ол үйдің ескірген кеңістігін жандандырады, адамның көңіл-күйін өзгерте алады және оның өміршеңдігін арттыра алады [1].

Сәулет өнеріндегі түс бұрыннан интуитивті, эмпирикалық түрде қолданылған. Енді оны қолдану барған сайын мағыналы, жүйелі бола түсуде. Физика, оптика, калориметрия, психофизиология және психология түстің еңбек тиімділігін сәтті арттыруға және адам өміріне оңтайлы жағдай жасауға мүмкіндігі бар екенін дәлелдеді [3].

Ең негізгі және сәнді түстердің ортаға деген әсерін қарастырайық. Осылайша сіз қандай бөлмеде және қандай масштабта қолдану туралы дұрыс шешім таба аласыз.

Қызыл – ең реңді түс. Ол мынадай эмоциялардың құштарлығын оятады: қуаныш, махаббат, құмарлық, тілек, сезімталдық, энергия, Күш, Қуат.

Қызғылт сары – бақыт, тыныштық, қуаныш, релаксация, жылулық, махаббат, тартымдылық, құмарлық, ләззат, тілек, сүйіспеншілік, шабыт, жігер, ынталандыру, табыс, байлық, бедел, атак, өркендеу, даналық. алдау, сатқындық, агрессия, үстемдік, сенімсіздік, шығармашылық, хобби, шытырман оқиға эмоцияларын туғызады.

Сары-қуаныш, бақыт, қамқорлық, интеллект, шеберлік, мойынсұну, өнімділік, энергия, балғындық, табиғат, сақтық, ауру, өлім, ыдырау, қызғаныш, оптимизм, шабыт.

Жасыл – табиғат, үйлесімділік, өсу, құнарлылық, бейбітшілік, қауіпсіздік, қауіпсіздік, қорғаныс, балғындық, қуаныш, сауығу, қорқыныш, ауру, тыныштық, жайлылық. Жасыл түстің реңктерін өзгерте отырып кез-келген бөлмеде қолдануға болады.

Күлгін – талғампаздық, сән-салтанат, байлық, талғампаздық, драма, тереңдік, толқу, шығармашылық, құпия, тыныштық, релаксация.

Қара – қараңғылық, депрессия, тәртіпсіздік, қорқыныш, талғампаздық, модернизм, талғампаздық, жылдамдық, бақылау, сұлулық.

Сұр – пішін, функционалдылық, өнімділік, қарапайымдылық, қараңғылық, депрессия, қаттылық, айқындық, ерік күші, стиль, талғампаздық.

Ақ – тыныштық, бейбітшілік, үйлесімділік, тазалық, гигиена, ашықтық.

Қызыл, ақ және қара реңктері жұмысшылар үшін ең қолайлы, өйткені олар адамды жақсы нәтижелерге шабыттандырады [4].

Дайын интерьер сәтті болуы үшін сәндік әрлеудің колористикалық дизайны түс комбинациясының белгілі бір ережелеріне бағынуы керек. Әсіресе ол шағын пәтерлер үшін маңызды рөл атқарады. Осы сәтте ескере кететін жағдай, ашық түстер көлем береді деп саналады. Бұл, сондықтан, егер пәтер өте кішкентай болса немесе студия түрінде жасалса, онда ақ, жеңіл пастель және үнсіз реңктер заманауи дизайн үшін тамаша шешім болады.

Қандай түс схемасы ең қолайлы екенін, оның жұмысқа қабілеттілігіне, эмоционалды-сезімдік қабылдауына қалай әсер ететінін анықтау үшін келесі сұрақтар бойынша сауалнама жүргізілді.

Интерьердегі түс жұмыс жасау қарқынына және көңіл-күйге әсер етеді ма? (иә/жоқ)

Интерьерде қандай түсті қолданған дұрыс деп санайсыз? (белгілі бір түстерді ұсыну)

Интерьерде қанық түстер немесе реңктерді қолдану?(қанық түс және реңкті таңдау)

Демалу үшін қандай түс схемасы қолайлы?(әр түрлі түстік схема ұсыну)

Сауалнамаға қатысушылардың жас молшері 17-23 жас аралығын қамтыды. Қортындылай кететін болсақ, студенттерге адамның жұмысқа деген ынтасын ашатын және бір сәтте құштарлықты оята отырып, тыныштық сезімін білдіретін түстік шешім ұнайтынын көруге болады.

Зерттеу нәтижесінде мен интерьер дизайны бойынша мақсатты жұмыс жасау арқылы студенттердің мамандық алуға деген ынтасын арттыруға болатындығын көрсете алдым. Сондай-ақ, мен түсті адамға әсер етудің негізгі әдістерін қолдана отырып, колледжге көшу үшін ең қызықты, ыңғайлы, функционалды және қауіпсіз интерьерді дамыту оқу процесіне жағымды әсер ететінін дәлелдей алдым.

Интерьерде түстерді дұрыс таңдауды жіберіп алмаудың ең оңай жолы — түс шеңберіне, адамның қабылдауына негізделген схемаға жүгіну. Сіз контрастты, яғни шеңбердің қарама-қарсы жағында орналасқан немесе үйлесімді бір жағында жатқан комбинацияларды қолдана аласыз. Сіз қандай палитрада тоқтасаңыз да, ол ұтымды пайдаланылған жағдайда қосымша екпін түстен пайда көреді.

Әдебиеттер

1. Н.Н. Степанов - «Цвет в интерьере» 1985г.с.1,8
2. А.Я. Костенко, О.С. Зимина - «Благоустройство квартиры» (1986) с.87
3. Марта Гилл - «Гармония цвета. Естественные цвета» с.1,26
4. https://zen.yandex.ru/media/designer_diaries/kak-cvet-v-interere-vliiaet-na-nashe-podsoznanie-60ab558ad750f6113a724f9e

ҒТАХР 81.95.05

Манаа Сунхар

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: Е.Е. Татиев, аға оқытушы

Ә.ҚАСТЕЕВТІҢ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КӨРКЕМДІК БЕЛГІЛЕР

Әлемдік өркениеттен орын алған қазақ елі бүгінгі күнде өзінің жан-жақты даму көрсеткішімен әлем елдерінің назарын өзіне қаратуда. Демек бұл даму көрсеткішті одан әрі жетілдіру мәдениет пен өнер саласының өркендеу көрсеткішімен де сабақтасары айқын. Бұл тұрғыда бейнелеу өнері саласыда әлемдік деңгейде өзінің биігін тапқан өнер майталмандарының туындыларын зерттеп, оны болашақ ұрпақтың санасына сіңімді етіп жеткізу, нәтижелі көрсеткішін берері айқын. Ал, бұл мәселе зерттеушілердің арасында өз биігін таппай келе жатқандығын анық байқауымызға болады. Сондықтан да қазақ елінің бейнелеу өнері саласында өшпес із қалдырған суретшілерінің туындыларындағы көркем образды бейнелерін, ондағы композициялық заңдылықтарын, мазмұны мен формасын зерттеп-зерделеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі

болып отыр. Аталған композиция – суретші айтпақ ойын әсерлі көрсету үшін көркем шығармада бейнелейтін кейіпкерлер мен қоршаған ортадағы нәрселерді белгілі бір тәртіппен орналастыруға көңіл бөледі. Үйлестіру заңдылығы деп осындай айрықша тәсілді атауға болады. Үйлестіру заңдылығының бейнелеу өнерінде атқаратын маңызы зор. Көркем шығарма бөліктерінің орналасуы және олардың бірлігі композиция деп аталады. Суретшілер сурет салу барысында композиция көмегі арқылы өздерінің ойлары мен сезімін білдіріп, оларды толғандырып, өмір шындығы мен қиялын көрсете алады. Кез келген суретті салу композициядан басталады. Композиция барлық өнер түріне тән ұғым. Осы ұғымды қазақтың әйгілі хылық суретшісі Ә. Қастеев өз шығармаларында аса шеберлікпен жан-жақты аша білді. Ел аумағындағы халықтардың қолөнері ертеден басталған десекте, қазақ бейнелеу өнерінен алғаш шығармаларды атақты этнограф ғалым Ш. Уәлихановтың атымен байланыстырамыз. Ал оны кәсіби деңгейде дамытып, қазақ бейнелеу өнерінде өшпес қолтаңба қалдырған, акварель техникасында бағыт салған Әбілхан Қастеев болды. Қастеевтің әрбір туындыларында қазақы болмыс пен сюжет, мазмұн мен форма өзінің айрықша орынын алған. Бейнелеу өнерінің заңдылықтары, оның ішінде композициялық негіздерге сай етіп жазылғандығы, бейнелеу өнерінің теориясынан сыр шертіп тұрғандай. Бейнелеу өнерінің кәсіби деңгейін Ресейден жер аударылып келген орыстың суретшісі Хлудовтан үйренседе, ол қазықы болмыс пен қазақы тұрмыс-тіршілікті, ондағы салт-дәстүр мен салт-саналық көріністі бейнеледі. Қастеевтің қай шығармасын алмайық ондағы композициялық заңдылыққа сүйенген ұлттық сарын байқалып тұрады. Суретшінің алғашқы шығармалары 30 жылдардың алғашқы кезеңінде көріне бастады. «Топтық портрет», «Көгілдір киім киген қыз», «Тігінші», «Тоқымашы», «Қарындас портреті», «Автопортрет» шығармалары осы кезде жазылды. Бұл шығармалар суретшінің әртүрлі жұмыс кезеңінде жұмыс аралығында салған тақырыптары мен тапсырыстарының бейнелері болады. Суретші бұл картиналарды кейіпкерлердің бас бейнесін көрсетіп қана қоймай, картина адам фондындағы киіз үй, жан-жануар, қазан-ошақ және тағы басқа қоршаған табиғатты қосып көрсетеді. Халық суретшісі Ә. Қастеевтің мыңнан астам туындылары бар. «Турксиб» шығармасы және «Қызды еріксіз әкету» шығармасы көпшілікке танымал шығармалар. «Турксиб» картинасында сол кезеңдегі ерекше бір құбылыс Түркістан – Сібір темір жолының құрылысын көрсетуге арналады. Картинада қазақтың сары даласы темір жолмен келе жатқан паровоз және оны күтіп тұрған адамдар көрінісі бейнеленген. Бұл шығармасында суретші тұтас бір қазақтың кең байтақ даласы мен таулы аймақтарын, халқының дархан көңілді, жайдары кейіпін бояу түстері арқылы, шеберлікпен ашып көрсете білген. Туындыда жаздың күзге айналған табиғаттың әсем бейнесі көрініс тапқан. Тау бөктері сары түске оранып, күздің салқын тартқан лебізін, пойыз күтіп тұрған адамдардың киімінен аңғаруға болады. Шығармада қазақтың ақ жаулықты аналарын нағыз қазақы бейнеде, қазақы қыймылда, киген киімдері мен кимешектеріне дейін қазақы болмысынан сыр шертіп тұратындай етіп бейнелеген. Немересін жетектеген әженің бейнесі мен баланың көрінісінен де үлкен бір ұлттық сарын сезіліп тұрғандай. Үлкен кісілердің киген киімі мен тұрған тұрысындағы философиялық ой, еріксіз бізге халқымыздың жаратылысын еске түсіреді. Суретшінің композициялық шешімін тапқан және бір тұсы ол, қазақ ер азаматтарын ат үстінде бейнелеуі. Қазақ қашанда атты жанына серік еткен халық. Жалпы қазақ халқын жылқы мінездес деп те атап жатады. Осы ұғымды ескерген суретші аттың қимылын ондағы адамдардың қозғалысына сай етіп сомдаған. Ер азаматтардың киімдері мен бас киімдерін ұлттық ерекшеліктерге сай етіп, картинаға аса шеберлікпен бере білген. Осы туындыдағы ұлттық киімдерге тоқталатын болсам-бас киімнің екі түрі туында бейнелген болатын қалпақ және бөрік. Жалпы осы аталған бас киімдердің ерекшелігіне жеке-жеке тоқталатын болсам бөрік-ер адамдар мен қыздар кие беретін болса, ал Қалпақ тек ер адамдардың дәстүрлі бас киімі болып табылады.

Сондай-ақ жеті қазынаның бірі болған итті де назарда тыс қалдырмағандығы кез-келген зерттеушіні қызықтырмай қоймайды. Картинада бейнеленген иттің өзі иесінің кейіпіне еніп, бір мақсатта, бір ойда тұрғандай көрініс тапқан. Пойыздан шыққан түтіннің өзі аспандағы бұлыттармен үйлесім тауып үндесуі, ақша бұлттардың суреттегі сюжетпен байланысуы, күн нұрының тау бөктері мен ондағы барлық құбылысқа түсіп, жарық пен көлеңкенің көрініс табуы, кез-келген әлемге әйгілі суретшілердің шығармаларынан кем түспейді. Мұндығы суретшінің шеберлікпен композициялық заңдылыққа сүйенгендігін айғақтайтын шығармадағы әрбір деталдар өз орнын дәл тапқан. Ал екінші туынды «Қызды еріксіз әкету» деп аталатын туынды туралы айтар болсақ 1934 жылы салынған. Картинадағы драмалық көріністі сол жақ беткейден түсіп тұрған ай сәулесімен анық бейнелей отырып, халықтың мұң-зарын, ана көкірегінің қарс айырылуын табиғат құбылыстары арқылы дәл жеткізен. Артқы фондағы шыршалардың қасқая тік тізіліп тұрғандығы, аспанның тұманданып, қара түнек басқандығы осы картинадағы үрей мен қорқынышты одан әрі

әсірелей түседі. Ең бірінші планда қызды еріксіз әкетіп бара жатқан ат үстіндегі үш ер адамның кекете күлуіне табиғат ана да қарсылық танытып тұрғандай. Түстік палитрадағы қою қара түстердің пайдалануы драмалық көрініс пен бейнелердің динамикалық қалыптары туындыдағы басты идеяны, яғни қорқыныш пен үрейді, күшті мен әлсіз топты анық көрсетіп тұр. Бұл туынды КСРО кезінде салынған туынды болғандықтан әр кезеңде әр түрлі аталу ерекшелігі болған. КСРО кезінде Қызды алып кету қылмыс болса қазіргі кезде бұл қазақ халқының сәлт дәстүрі болып саналған. Жалпы бұл туындыда қызды әкетіп бара жатқан бейне бейнеленгені ғана ерекше көзге түссе оданда басқа дүниелер бейнеленген. Мысалы қазақ халқының кигіз үйі, ою өрнектелген кебез, қазақ сиыр, және қазақ халқы үшін жеті қазынаның бірі болып саналатын итте бейнеленген. Ә. Қастеев осы екі туындысы арқылы қазақ халқының сәлт дәстүрін, ұлттық киімдері арқылы ұлттық көркемдік белгілерін бейнелеген болатын.

Қорыта айтқанда, Әбілхан Қастеев суретші ретінде өз халқымен бірге өсті, шындықты сипаттаудағы талант ерекшелігі сол өсуден шешімін тапты. Оның өмір шындығын шын мағынасында суреттей білуі, оқиғаны, табиғатты документтік дәлдікпен көрсете білу қасиеті суретші шығармаларының негізгі ерекшелігі болып табылады. Зерттеуші ғалымдар қазақ халқының тарихын кітап ретінде жазып қалдырса, Ә. Қастеев халқымыздың еңбек өмірін, тың жерлерді игеруден бастап, бүгінгі күнге дейінгі тарихын айнадан көрсеткендей қылқаламымен айқын бейнелеп берді. Отанын, халқын жанындай сүйетін патриот суретшінің сарқылмайтын сан салалы тақырыбы – Советтік Қазақстанның өміріне арналған жылнама іспетті. Бүгінгі таңда Ә. Қастеев туындылары Қазақстанның көптеген ірі мұражайларында, сонымен қатар Ресей, Украина және Қырғызстанда, алыс және жақын шетелдердің жеке жинақтарында сақтаулы.

ҒТАХР: 18.11.00

М. Садыкова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: Қ.Б. Каттебаева, педагогика ғылымдарының магистрі

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ UX ЖӘНЕ UI ДИЗАЙНЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Дизайн тарихына қысқаша тоқталып өтетін болсам, дизайн тарихының бастауы ретінде XX ғасырдың ортасына дейін сәндік-қолданбалы өнерді дамыту әдетке айналды, адамды қоршап тұрған барлық заттарды шеберлер қолмен жасады. Машиналардың пайда болуы мануфактуралық өндірістің дамыған машина өнеркәсібіне ауысуына әкелді, ол тұтынушылық сұраныстың тауарлармен тез толығына әкелді. Өндірістің ескі түрі өнеркәсіптің қарқынды өсуі нәтижесінде пайда болған жаңа өнеркәсіптік формалармен алмастырылды. Тауарлар үшін бәсекелестіктің күшеюі тұтынушылық сапасына және объектілік ортаның эстетикалық артықшылығына назарды күшейтті, бұл бұрын «өндірістік өнер» деп аталатын, тауар өндірісінде дизайн бағытының дамуына әкелді. Ең бастысы, материалды және кескіндемелік құндылықтарды жасаудың бұқаралық әдісіне сәйкес келетін материал мен формаларды, бейнелеу құралдарын іздеумен айналысатын суретші-құрастырушы, қазіргі тілмен айтатын болсақ, бұл жұмыстарды дизайнерлер атқарған. Ол өнімнің эстетикалық, эргономикалық, техникалық, экологиялық және басқа параметрлерінің үйлесімді етіп ойластырады [1.4].

Дизайн заттардың (баспа басылымдарының, техниканың) функционалдық және эстетикалық қасиеттерін арттыру мақсатында оларды көркем құрастыру болып табылады. Дизайн қазіргі әлемде, әсіресе өнеркәсіптік өндірісте үлкен рөл атқарады. Жобаны әзірлеу процесінде дизайнерлер өнімді ұтымды жасауға ұмтылып қана қоймайды, сонымен қатар оның эстетикалық тұрғыдан құндылығын да ескеріп отыру керек. Дизайн көп қырлы құрылым болып табылады. Әр адам жеке және бірегей деп алатын болсақ, дизайн ұғымы да дәл сондай қызметті атқарады. Өйткені, әлеуметтік контекстсіз дизайн жай ғана сәндік өнер, сызбалар жиынтығы болар ма еді? Жалпы дизайнның жоғары әлеуметтік маңыздылығы оның қазіргі әлемде алатын маңыздылығын анықтайды. Оларды қоршап тұрған нәрсеге, қандай субъектілік орта өмір сүру деңгейінің сапалық сипаттамасына айналатынына бей-жай қарамайтын адам жоқ. Дизайн біздің өміріміздің барлық салаларына енетінін атап өткен жөн. Дизайнерді өзгерістерді реттеуші ретінде анықтау оған үлкен жауапкершілік жүктейді, оның жұмысының әлеуметтік мәнін арттырады. Қазіргі заманғы дизайнда тұтынушы мен дизайнер

арасындағы бірлескен қызметтің ең тиімді түпкілікті нәтижесі үшін ынтымақтастық идеялары үлкен маңызға ие болып табылады.

Қазіргі таңда ІТ бағыты тез дамуына байланысты түрлі платформалар мен қосымшалар іске қосылып жатыр. Осы қосымшаларды жасау барысында дизайнерлердің атқаратын жұмыстары орасан зор. Солардың бірі UX және UI дизайнерлері. Екі дизайн түрінің бір-бірінен айырмашылығы және олардың қандай қызмет атқаратындығын талдап өтсем.

UX дизайн - бұл «Пайдаланушы тәжірибесі» дегенді білдіреді, сондықтан олар көбінесе дизайнның көрнекі қарапайымдылығын жасауға негізделеді. UX дизайнері тұтынушылар ресурсқа қандай тапсырмалар беретінін және ұсынылған өнімдерді қалай пайдаланатынын білуі керек. Бұл пайдаланушы әрекеттеріне арнайы қатысты интерфейс пен көрнекі шешімдердің шамамен жоспарын жасайды. Сайтқа кірушілердің немесе қолданба пайдаланушыларының әрекетін зерттеу керек. Қандай сілтемелер ашылады, олар қажетті материалдарды қалай табуға дағдыланады, олар осы немесе басқа ақпаратты қаншалықты жылдам табады және бағдарламадан немесе веб-ресурстан қандай әрекет күтіледі. Бұдан тұтынушылардың қалауы мен әдеттеріне негізделген негізгі дерексіз өнім құрылымы жасалады[2].

UI дизайн – бұл интерфейс ті жобалаумен, аналитикамен және осы интерфейс терді тестілеумен айналысатын маман. Өнімнің көрнекі (және психологиялық) құрамдас бөлігін құру кезінде қажетті деректерді жинайтын, визуализациялайтын адам. Пайдаланушы интерфейс і әдемі болуы керек, яғни, заманауи стандарттарға сәйкес келуі және сонымен бірге ыңғайлы болуы қажет. Сонымен қатар, соңғы нүкте өте маңызды, өйткені UI дизайны әдемі белгішелерді жасауды ғана қамтып қоймай. Бұл белгішелер клиентке олардың қандай функцияны орындайтынын бірден түсінуге мүмкіндік беруі керек.

Негізгі сипаттамаларына мыналарды жатқызуға болады:

- Сандық өнімдерге ғана қолданылады;
- Пайдаланушы тікелей әрекеттесетін элементтерге назар аударады;
- Қаріптердің, түстер палитрасының, пішіндердің және анимациялардың тамаша үйлесімін жасайды;
- Нәтиже – пайдаланушының эстетикалық қалауын қанағаттандыратын өнім болып табылады[3].

Енді екі дизайн арасындағы өзара айырмашылықты айтарлықтай ерекшелінетінін білдік. Қысқаша талдайтын болсақ, олар бір өнімді жасаумен айналысады, бірақ олардың міндеттерінің ауқымы әртүрлі болып келеді. UX дизайнері өніммен әрекеттесу кезінде пайдаланушының өзін қалай сезінетініне көбірек көңіл бөледі. Ол қосымшаның құрылымымен көбірек танысады, оның қалай жұмыс істейтінін түсінеді және басқа адамдардың тәжірибесіне назар аудара отырып, оны жақсартады. UI дизайнері өнімге шығармашылық жағынан қарайды және ойластырылған интерфейс ті әдемі етіп көрсетуге тырысады.

Қазақстанда бұл екі бағыт түрі қарқынды түрде дамып келеді және дизайнның бұл түріне сұраныс жоғарылауда. Көптеген ірі компаниялар қосымшалардың дұрыс болуына, сайттардың сауатты жасалуына мән беріп, осы UX және UI дизайнерларының көмегіне жүгінеді. Дизайнның бұл саласын оқып үйренемін деушілерге түрлі курстар мен арнайы жеке кәсіпкерлердің дизайнды оқытатын мектептері де бар. Жастарға білімін шыңдап ары қарай дамимын деушілерге барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

Әдебиеттер

1. Н.М. Сокольникова, Е.В. Сокольникова. Дизайн тарихы. – М. : «Академия» баспа орталығы, 2016 – 240 б.
2. Н. Карташева. Дизайнер интерфейсов. Роль в продуктовой команде и возможности для роста. – URL: <https://cdto.work/2021/07/13/ui-designer/>
3. Что такое UX/UI-дизайн. – URL: <https://timeweb.com/ru/community/articles/chto-takoe-ux-ui-dizayn>

С.С. Акласов

Университет имени Шакарима города Семей

Научный руководитель: М.С. Мырзаханов к.п.н., доцент кафедры искусства и музыки

ФОРМИРОВАНИЕ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ХУДОЖЕСТВЕННО- КОНСТРУКТОРСКИХ ЗНАНИЙ И УМЕНИЙ В СИСТЕМЕ УРОКОВ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА

Новые цели образования предполагают формирование творческой личности, способной к самостоятельному определению способов своей деятельности.

Качество образовательного процесса во многом определяется тем, в какой степени обучающийся является субъектом познания, проявляя в процессе обучения активность и познавательную самостоятельность. Наиболее эффективным для формирования и развития творческой активности детей является конструирование, которое дает возможность реального изобретения и моделирования, с раскрытием творческого потенциала. Но для того чтобы обучение стало результативным необходимо создавать условия для младших школьников с учетом их возрастных и психологических особенностей. Для более глубокого понимания проблемы, дадим определения основному понятию. Условия – правила, установленные для той или иной области жизни, деятельности; обстановка для какой-нибудь деятельности, обстановка, в которой происходит что-нибудь.

Отличительная особенность учащихся – ярко выраженная эмоциональность восприятия. При развитии творческой активности следует большое внимание уделять формированию эмоционально положительной среды в классе. Поскольку «эмоция предшествует мышлению», в результате чего ребенку будет легче решать поставленные вопросы при изготовлении конструкции какого либо изделия. Младший школьник выражает свои эмоции через форму, композицию и цвет. Если обучающийся не может самостоятельно решить поставленные задачи, то учитель предлагает ему подготовленные заготовки, шаблоны, трафареты, инструменты, т. е. создает все необходимые условия для сохранения положительного эмоционального фона у обучающихся. Так как любая эмоция мотивирует, вызывает и направляет мыслительную и психическую деятельность и поведение, что является важным для развития творческой активности и конструкторских умений таких, как:

- умение узнать и выделить объект (видеть существенное);
- умение собрать объект из готовых частей (синтезировать) или построить с помощью чертёжных инструментов;
- умение расчленять, выделить составные части (анализировать);
- умение видоизменить или преобразовать объект по заданным параметрам;
- умение из преобразованного или видоизменённого объекта, или его отдельных частей собрать новый.

Для обучающихся младших классов присущи общие представления. Этот фактор является немаловажным для полного развития обучающихся и формирования подхода к выполнению той или иной работы, связанной с моделированием и конструированием объекта из целых и составных деталей.

Конструкторская деятельность, в которую включен ребенок, предполагает наличие достаточно широкого кругозора. Ведущей деятельностью младшего школьника является учение, где происходят новообразования возрастного развития, такие как произвольность, внутренний план действий и конечно рефлексия. У детей этого возраста преобладает наглядно-образное мышление. Память развивается на воспроизведении представлений. Психологические исследования показывают, что в период младшего школьного возраста именно мышление в большей степени влияет на развитие всех психических процессов. Выделяются такие виды мышления, как предметно-действенное мышление – мышление, связанное с практическими, непосредственными действиями с предметом; наглядно-образное мышление – мышление, которое опирается на восприятие или представление (характерно для детей раннего возраста). Наглядно-образное мышление даёт возможность решать задачи в непосредственно данном, наглядном поле, имея образ, не учитывая внутренних характеристик и взаимодействий объекта. Дальнейший путь развития мышления заключается в переходе к словесно-логическому мышлению – это мышление понятиями,

лишёнными непосредственной наглядности, присущей восприятию и представлению. Это новое содержание мышления в младшем школьном возрасте задаётся содержанием ведущей деятельности учебной. Развитию мышления в младшем школьном возрасте принадлежит особая роль. С началом обучения мышление выдвигается в центр психического развития ребенка и становится определяющим в системе других психических функций, которые под его влиянием интеллектуализируются, приобретают осознанный и произвольный характер.

Multiply by – көбейту (умножать на)	7 – seven
Times – көбейту (умножить)	8 – eight
Division – бөлу амалы (деление)	9 – nine
Divide by – бөлу (делить на)	10 – ten
Divided by – бөлу (разделить)	...
Equality – теңдік(равенств)	
Equals to \ is equal to – равняетсяч ему-то	
Equals to \ is equal to \ is – тең (равно)	

«Проценттер» тақырыбын өту барысында оқушыларда базалық сөздіктері болу қажет:

Жайбөлшектер — common fractions

Алымы – numerator

Бөлімі – denominator

Аралассан - mixed numeral

1/2 – a half, one half.	2/3 – twothirds.	1¼ – one and a quarter.
1/3 – a third, one third.	3/4 – threefourths.	1½ – one and a half.
1/4 – a quarter, one fourth.	1/8 – one eighth.	1¾ – one and three quarters.
1/5 – one fifth.	1/10 – a tenth.	
1/6 – one sixth.	1/100 – a hundredth.	

Ондық бөлшектер – decimal fractions, decimals

Нүкте – point

Ноль – zero, nought, oh (нүктеден кейін)

0.1 – Point one, zero point one.

0.35 – Point three five, zero point three five.

1.25 – One point two five.

35.158 – Thirty five point one five eight.

15.05 – Fifteen point zero five.

5 сынып оқушыларына «Процент» ұғымын таныстыру кезінде келесідей жаңа сөздер олардың сөздіктеріне қосылу міндетті:

ПРОЦЕНТ – percent

Процент – бірлік ретінде алынған бүтіннің жүзден бір бөлігі. – Percent is hundredth part of the integer which means as whole.

а санының проценті сол санның жүзден бір бөлігі. – Percent of a number a is hundredth part of this number.

$$1\% = \frac{1}{100} = 0,01$$

а санының 1% ол $\frac{a}{100} = 0,01 \times a$

процентпен өрнектеу – to express in percents

проценттік қатынас – percentage

жай проценттік формула – formula of simple percents

күрделі проценттік формула – formula of compound interest

Жаңа тақырыпты бекіту мақсатында оқушыларға келесі тапсырмаларды ұсынуға болады.

Calculate the percentages of the following:

<p>1. 25 of 200? <u>Solution(Шешуі):</u> $(25/200) \times 100$ Divide the numerator by denominator; (алымын бөліміне бөлу) = $(1/8) \times 100$ $= (1 \times 100)/8$ $= 100/8$ $= 25/2$ $= 12.5 \%$</p>	<p>2. 95 out of 150? <u>Solution(Шешуі):</u> $(95/150) \times 100$ Simplify the fraction and multiply by 100 (Бөлшекті қысқартып 100-ге көбейтіңіз.) = $(19/30) \times 100 = (19 \times 100)/30 = 1900/30$ reduce the fraction; (бөлшекті қысқартыңыз) = $63\frac{1}{3}\%$</p>	<p>3. 22 of 44? <u>Solution(Шешуі):</u> $(22/44) \times 100$ Simplify the fraction; (бөлшекті қысқартыңыз) = $(1/2) \times 100 = (1 \times 100)/2 = 100/2 = 50\%$</p>	<p>4. 30 of 150? <u>Solution(Шешуі):</u> $(30/150) \times 100$ Simplify the fraction; (бөлшекті қысқартыңыз) = $(1/5) \times 100 = (1 \times 100)/5 = 100/5 = 20\%$</p>
--	--	--	--

Example(Мысал 1)

A class has a total of 120 students. Calculate the percentage of girls if they are 60 of them?

(Сыныпта барлығы 120 оқушы бар. Егер қыз балалар саны 60 болса, оның пайызын есепте)

Solution(Шешуі):

Total number of students in the class (барлық оқушылар саны) = 120

Total number of girls (қыздардың саны) = 60

Therefore, the percentage of girls is calculated as (Сонымен, қыз балалар санының пайызы былай табылады):

$$(60 \times 100) / 120$$

$$= 600 / 12 = 50$$

Hence, 50% of the students are girls. (Сөйтіп, қыз балалар сыныптың 50 пайызын құрайды)

Бірнеше тілді үйрену Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтың экономикалық мәдени салаларындағы интеграциясына көмектеседі. Бірден үш тілді білу студенттерге ақпарат, білім, фактілерді кеңірек алуға мүмкіндік береді. Тек ойланыңыз, математика пәні бойынша қанша материал қазақ тіліне, қанша орыс тіліне және қанша ағылшын тіліне аударылды? Ағылшын тілі көптеген елдер үшін кең таралған және ортақ бола отырып, оқытудағы көптеген озық әдістерді игеруге және қабылдауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, математика мен ағылшын тілінің пәнаралық байланыстарын қолдану оқушылардың танымдық процестерін ынталандырады және белсендіреді деп айтуға болады. Осылайша, пәнаралық принцип оқу тақырыптары, курстар, пәндер және

олардың циклдері арасындағы дидактикалық байланыстардың әртүрлі түрлерінің өзара әрекеттесуі негізінде оқу процесін ұйымдастыру жүйесін құрайды.

Әдебиеттер

1. Лазарева, М.В. Реализация интегрированной технологии в обучении младших школьников // Вестник Череповецкого государственного университета, 2019. – 160-161 с.
2. Miner, B. Bilingual Education: New Visions for a New Era // Rethinking Sch, p. 19. URL: http://www.rethinkingschools.org/special_reports/bilingual/newera.shtml (дата обращения: 21.02.2020).

МРНТИ: 27.41.17

А. Кунтуганова, Д. Құдайбергено, М. Заданова

Университет имени Шакарима города Семей

Научный руководитель: кандидат физ.-мат. наук, доцент С.Б. Садыкова

ЧИСЛЕННЫЕ МЕТОДЫ РЕШЕНИЙ ЗАДАЧ МАТЕМАТИЧЕСКОГО АНАЛИЗА С УТОЧНЕНИЕМ КОРНЯ МЕТОДОМ ПРОБ

Пусть дано уравнение $f(x) = 0$ и некоторый корень ξ уравнения отделен на отрезке $[a; b]$. Обозначим $b - a = d$ (это длина отрезка). Требуется найти приближенное значение этого корня с точностью до 0,001 (т.е. с погрешностью, не превышающей 0,001). Заметим, что $a < \xi < b$. Значит, число a можно считать приближенным значением по недостатку, число b – приближенным по избытку. При этом абсолютная погрешность меньше, чем длина отрезка, т.е. меньше, чем d . Если $d \leq 0,001$, то задача решена: числа a и b суть приближенные значения корня требуемой точности. Не только числа a и b , но и любое число x_0 отрезка $[a; b]$ можно принять за приближенное значение корня также с абсолютной погрешностью, меньшей d . Удобно за приближенное значение принять середину отрезка $[a; b]$, т.е. числа $c = \frac{a+b}{2}$. Погрешность этого приближенного числа меньше половины длины отрезка, т.е. $|\xi - c| < \frac{d}{2}$. Значит, за приближенное значение корня выгоднее принять не концы отрезка a и b , а середину отрезка. В нашем примере, если длина отрезка $[a; b]$ меньше 0,001, числа c есть приближенное значение корня с погрешностью, меньшей 0,0005.

Пусть теперь отрезок $[a; b]$ таков, что его длина больше предельной погрешности искомого корня, т.е. больше 0,001. Тогда путем последовательного деления отрезков, на котором отделен корень, уменьшают до тех пор, пока его длина не сделается меньше, чем заданная предельная погрешность корня. Как это делается, рассмотрим на примере.

Требуется найти положительный корень уравнения $x^3 - 4x - 1 = 0$ с точностью до 0,001. Применяя приемы отделения корней, убеждаемся в том, что уравнение имеет единственный положительный корень, он заключен в интервале $(2; 3)$. Длина интервала больше, чем 0,001. Необходимо найти интервал длиной не более 0,001, на котором заведомо имеется корень.

Разделим отрезок $[2; 3]$ на 10 равных частей, точки деления будут:

$$2,0; 2,1; 2,2; 2,3; 2,4; 2,5; 2,6; 2,7; 2,8; 2,9; 3,0. \quad (1.1)$$

Вычислим значения функции $f(x) = x^3 - 4x - 1$ в этих точках. Из всех точек деления найдутся две, в которых $f(x)$ принимает значения разных знаков. Именно: $f(2,1) = -1,39 < 0$; $f(2,2) = +0,850 > 0$. Значит, искомый корень содержится внутри отрезка $[2,1; 2,2]$, т.е. $2,1 < \xi < 2,2$.

Обратим внимание на то, что для сужения интервала нам пришлось испытать девять точек (1.1), т.е. понадобилось вычислить значения функции $f(x)$ в девяти точках. Это очень большая вычислительная работа. Объем работы можно резко сократить следующим образом. Рассмотрим первоначальный отрезок $[2; 3]$, заметим: $f(2) = -1$; $f(3) = 14$. Отсюда заключаем, что искомый корень близок к 2. Поэтому среди чисел (1.1) достаточно испытать только числа, близкие к 2. Испытав 2,1 и 2,2, мы сразу решаем вопрос и нам не надо испытывать все 9 точек.

Отрезок $[2,1; 2,2]$ делим на 10 равных частей, точки деления будут: 2,10; 2,11; 2,12; 2,13; 2,14; 2,15; 2,16; 2,17; 2,18; 2,19; 2,20.

Заметим, что $f(2,10) = -0,139$; $f(2,20) = +0,850$. Отсюда заключаем, что корень близок к 2,10. Поэтому достаточно испытать лишь точки, близкие к 2,10. Вычисляем: $f(2,11) = -0,046$; $f(2,12) = +0,048$. Значит $2,11 < \xi < 2,12$.

Теперь испытываем точки 2,111; 2,112; ...; 2,119; 2,120.

Так как $f(2,11) = -0,046$; $f(2,12) = +0,046$, то надо полагать, что корень близок к середине отрезка. Испытываем точки 2,114; 2,115; 2,116. Вычисляя получим:

$$(2,114) = -0,0085; \quad (2,115) = +0,0009. \quad (1.2)$$

Уже ясно, что $2,114 < \xi < 2,115$. Остальные точки испытывать не нужно. Мы пришли к отрезку длиной 0,001, содержащему корень уравнения. Задача решена: числа 2,114 и 2,115 суть приближенные значения корня с погрешностью, не превышающей 0,001. Из (1.2) следует, что корень ближе к числу 2,115. Значит, лучше принять за приближенное значение корня 2,115. Погрешность не превысит 0,0005.

Замечание. Мы рассмотрели метод проб с десятичным делением. Можно метод проб осуществлять иначе. Именно, пусть корень ξ отделен на отрезке $[a, b]$. Возьмем на этом отрезке произвольную точку c , испытаем ее (т. е. найдем $f(c)$ и сравним с $f(a)$ и $f(b)$). Из двух отрезков $[a, c]$, $[c, b]$ выберем тот, на концах которого значения функции $f(x)$ разных знаков. Обозначим этот отрезок $[a_1; b_1]$, в нем содержится искомый корень. На отрезке $[a_1; b_1]$ возьмем какую-нибудь точку c_1 , испытаем ее и придем к новому отрезку $[a_2; b_2]$, в котором содержится корень. Продолжаем этот процесс до тех пор, пока не дойдем до отрезка $[a_n; b_n]$, длина которого меньше заданной предельной погрешности. В качестве чисел c, c_1, c_2 и т. д. часто берут середину соответствующего отрезка (*метод проб с половинным делением*). При ручном счете удобнее метод проб с десятичным делением, на ЭВМ – с половинным делением.

Литература

1. Норкин С.Б., Берри Р.Я., Жабин И.А., Полозков Д.П., Розенталь М.И., Сулейманова Х.Р. Элементы вычислительной математики. – Москва: «Высшая школа», 1966. – С. 61-62
2. Пулькин С.П. Вычислительная математика. Пособие для учащихся 9 – 10 кл. по факультативному курсу – Москва: «Просвещение», 1974. – С. 96-98

ФТАХР: 27.43.51

Ә. Маратқызы, Ж. Берікова, А. Рахимжанова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекші: Б.С. Кудайбергенова, жаратылыстану ғылымдарының магистрі,
«Физика-математика ғылымдары және информатика» кафедрасының аға оқытушысы

ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН СПОРТТЫҚ ОҚИҒАЛАР ҮШІН ПАЙДАЛАНУ


Математиканы барлық салаларда қолдануға болады. Біз математиканың пайдасы сирек болады деп ойлауымыз қателік. Математика көптеген спорт түрлерімен де байланысты болады және олардың бірі-волейбол.

Біз А.Л. Ефимовичтің "Математика және спорт" кітабын оқып, спорт математикасыз болмайды, ал математика спортсыз болады деген тұжырымға келдік. Мұнда біз олардың берік байланысын көреміз. Осы кітапты оқығаннан кейін біз хоккей математикасының, математика мен шахматтың, математика мен футболдың өзара байланысын зерттедік. Бұл кітап волейбол мен математика туралы ештеңе бермесе де, мұнда математиканы спортта қолдану туралы айтылады. Осы кітапты оқығаннан кейін біз зерттеу тақырыбын – «Ықтималдықтар теориясының элементтерін спорттық оқиғалар үшін пайдалану» деп алдық. Математиканы қолдана отырып, ойынды қалай жеңуге болады және мұнда қандай әдістер немесе есептеулер қажет екенін анықтадық.

Брианна Джонс волейбол ойынында математиканы қолдану туралы фактілерді жазған. Мысалы, ойыншы доппен әрекеттескенде, ол белгілі бір бұрыштарды ұстануы керек. Автордың пікірі бойынша волейбол мен математика бір-бірімен тығыз байланысты. Этхан Дурда өзінің


"Волейбол және математика" атты мақаласында волейболда математиканың көмегімен жеңіске жетуге болатындығын айтқан.

- Волейболдың траекториясы бойынша параболалар.



Шабуылшы, допты қабылдау және беру сияқты барлық дағдылар параболалық сызықтан өтеді. Қабылдау немесе соққы кезіндегі ең жоғары нүкте – "a"квадрат түбір функциясының теріс мәні. Сонымен қатар, екі платформаны бөлетін тор параболаның ең биік нүктесіндегі "h" нүктесі ретінде қарастырылады.

- Волейбол алаңындағы тор симметриясының өсі. Волейбол алаңындағы тор-параболаның симметриясының өсі. Сонымен қатар, екі аймақты бөлетін тор төбедегі h нүктесі ретінде қарастырылады, өйткені бұл параболалық траекторияның жартылай қашықтығы.
- Алаңдағы ойыншылардың симметриялы орналасуы.



Волейбол алаңындағы ойыншылардың позициясы да симметриялы. Симметрия ойыншыларға ойын позициясын сақтауға және қашықтықты сақтауға көмектеседі. Сонымен қатар, доп ойында болған кезде, тор доптың траекториясының ең жоғары "h" нүктесінде орналасуы керек. Егер тор "h" нүктесінде болмаса, доп алаңға жетпей тормен соқтығысады.

- 3 жанасу траекториясы тікбұрышты үшбұрышқа сәйкес келуі керек.

Волейбол 3 практикалық жанасумен ойнайды. Шабуылдаушы қарсыластың қарсыласы (кез-келген позициядағы кез-келген ойыншы, 3 позициядан басқа) допты алады және байланыстырғышқа жібереді, ал ол допты шабуылдаушыға 3 позицияда қайтарады немесе көп жағдайда шабуылдаушыны 1 жолаққа көтереді.

Доппен реакциядағы бұрыштар.

- * Допты алған кезде тізелер арасындағы бұрыш 45°
- * Допты алған кезде бүктеу бұрышы да 45°
- * Допты алған кезде қол мен дененің арасындағы бұрыш - 90°

Жеңілдік жасаған кезде ойыншы қолын $180^\circ - 90^\circ$ -қа дейін бүгеді.

Ойыншы жасаған кезде шабуылшы соққы денені айналдырады 45°



- Допты ұрған кезде құлыптау және қозғалыс.




Волейбол ойнаған кезде сіз допты соғу үшін белгілі бір бұрыш бар деп ойламайсыз. Допты ату, лақтыру және ойыншыға соққы беру қабілеті волейбол ойынында белгілі бір бұрышта жүзеге

асырылады. Ойыншылар мұны іс жүзінде үйренеді. Ең жақсы ойыншылар допты ұрып-соғу үшін белгілі бір бұрышпен ұрып-соғатыны маңызды емес.

Допты құлыптау және соғу кезіндегі қозғалыс бұрышы екі түзу сызық құрайды. Бұл түзетулердің арасындағы бұрыш $\operatorname{tg}\varphi = \frac{k_2 - k_1}{1 + k_1 k_2}$ формула бойынша есептеледі мысалы, шабуылдаушы әлсіз ойыншыны белгілі бір бұрышпен ұруы мүмкін немесе шабуылдаушы допты лақтыру арқылы белгілі бір биіктікке жетуі мүмкін. Барлық осы соққылар-шабуылдаушының секіру бұрышы және дене мен қолдың арасындағы бұрыш. Егер доп допты ұрса, ол параболада қозғалады.

- Допты қалай дұрыс беру керек? Пифагор теоремасы.

Ойынға волейболшыны қосу әдісін Пифагор теоремасының көмегімен есептеуге болады. Мысалы, ені 9 метр және 18 метрлік волейбол алаңын қарастырыңыз. $a^2 + b^2 = c^2$ -Пифагор теоремасының формуласы. Егер біз мұны волейболда қарастыратын болсақ $9^2 + 18^2 = 81 + 324 = 405$; $\sqrt{405} = 20,12$ м, сондықтан доптың кіреберісіне дейінгі қашықтық шамамен 20,12 метрді құрайды.



Қолданбалы математиканың көмегімен жеңіске жетуге болады, егер қарапайым математикалық есептеулерді дұрыс қолдана білсе.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, біз келесі қорытындыға келдік. Математика және спорт – ажырамас ұғымдар және волейбол ойнау барысында келесі ережелерді қолдану керек:

- * Допты алған кезде тізелер арасындағы бұрыш 45 болуы керек.
- * Допты алған кезде қолдың иілу бұрышы да 45 болуы керек.
- * Допты алған кезде қол мен дененің арасындағы бұрыш 90 болуы керек.

Егер волейбол ойнау барысында командалар осы ережелерді қолданса, онда жеңіске жетуі ықтимал.

Әдебиеттер

1. https://www.youtube.com/watch?v=zxjyOG79_Tk
2. <https://www.youtube.com/watch?v=sddLzMHLIaQ>
3. <https://www.youtube.com/watch?v=wWihT3mWHw0>
4. <http://mathemlib.ru/books/item/f00/s00/z00000046/index.shtml>

ҒТАХР: 27.03.00

А. Нұрғазина, А. Қайрабаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекші: Б.С. Қудайбергенова, жаратылыстану ғылымдарының магистрі,
«Физика-математика және информатика» кафедрасының аға оқытушы

ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДЕ АҚИҚАТТЫҚ КЕСТЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

Бұл мақала жоғарғы буын оқушылары логикалық есептерді шешу барысында ақиқаткестелерін қолдану арқылы логикалық есептерді шешуге тез және ұтымды мүмкіндік береді.

Логика алгебрасы-математикалық логиканың негізгі салаларының бірі болып табылады, онда логикалық түрлендірулерде алгебра әдістері қолданылады.

Логика алгебрасының негізін салушы ағылшын математигі және логикасы Дж.Буль (1815–1864), өзінің логикалық ілімін алгебра мен логика ұқсастығына негіздеген. Ол кез келген мәлімдемені өзі әзірлеген тілдің таңбаларын пайдаланып жазып, «теңдеулерді» алды, ақиқат немесе жалғандығы белгілі бір логикалық заңдар негізінде дәлелденуі мүмкін; мысалы, коммутативтілік, үлестіргіштік, ассоциативтілік заңдары т.б.

Қазіргі логикалық алгебра математикалық логиканың бір саласы болып табылады және логикалық амалдарды зерттейді олардың ақиқат құны бойынша тұжырымдар (ақиқат, жалған). Мәлімдеме ақиқат, жалған болуы мүмкін немесе әртүрлі пропорцияда ақиқат пен жалған бар.

Ақиқат кестелері-айнымалы мәндердің әр жиынтығы үшін логикалық процедуралардың нәтижесін кестелік түрде көрсету. Осындай кестелердің арқасында маңызды емес ақпаратты алып тастауға және бастапқы ақпарат пен болып жатқан процестер арасындағы қатынастарға назар аударуға болады.

Логикалық алгебраның құрылымы оны мәселенің шарттарын ресімдеудің стандартты әдістеріне жүгініп, үлкен есептер класын шешуге болатындай етіп жасалған.

Мұндай әдістерге есепті тұжырымдау және оны талдау арқылы ақиқат кестесін қалыптастыру жатады. Бұл тапсырмаларды орындау үшін орындалу келесі алгоритмді білу қажет:

1.Тапсырма мәтінінде ең алдымен сөйлем жай немесе күрделі екенін анықтап, оларды әріптер арқылы белгілеу енгізу қажет;

2.Логикалық алгебраның тілін қолдана отырып, жай сөйлемдерді логикалық операциялармен біріктіріп, осылайша күрделі сөйлемдер құра отырып, мәселенің тұжырымын сипаттау керек;

3.Қалыптасқан логикалық сөйлемдер үшін ақиқат кестесін құру;

4.Шешімін анықтау, басқаша айтқанда, логикалық сөйлемдердің мәндері тапсырма шарттарына сәйкес құру қажет;

5. Табылған шешім тапсырманың барлық талаптарына сәйкес келетініне көз жеткізу керек.

1-мысал: Үш оқушы Бекжан, Қанат және Азамат мектеп ауласында футбол ойнап, доппен терезені сындырған. Терезені кім сындырды деген сұраққа келесі жауаптар алынды. Азамат: «Мен терезені сындырдым, Қанат терезені сындырмады», - деді. Қанат: «Мұны жасаған мен де Бекжан да емес», - деді. Бекжан: «Мұны мен де Азамат та жасаған жоқпыз», - деді.

Бірақ кезекші отырды және бәрін көрді. Ол тек бір оқушының шындықты айтып жатқанын айтты, бірақ атын айтпады. Қай оқушы әйнекті сындырды?

Зерттеу: қарапайым сөйлемдерді әріптермен белгілейік:

А Азамат сындырды; Қ Қанат сындырды; Б Бекжан сындырды. Жауабын логика алгебрасы тілінде жазамыз: Азамат: $(A \wedge \bar{Q})$; Қанат: $(\bar{Q} \wedge \bar{B})$; Бекжан: $(\bar{B} \wedge \bar{A})$. Ақиқат кестесін құрайық:

A	Q	B	\bar{Q}	\bar{B}	\bar{A}	$A \wedge \bar{Q}$	$\bar{Q} \wedge \bar{B}$	$\bar{B} \wedge \bar{A}$
0	0	0	1	1	1	0	1	1
0	0	1	1	0	1	0	0	0
0	1	0	0	1	1	0	0	1
0	1	1	0	0	1	0	0	0
1	0	0	1	1	0	1	1	0
1	0	1	1	0	0	1	0	0
1	1	0	0	1	0	0	0	0
1	1	1	0	0	0	0	0	0

Ақиқат кестесін талдағаннан кейін өрнек екі жағдайда ақиқат болатынын көруге болады:

1) $A=0, Q=1$ және $B=0$ және 2) $A=1, Q=0$ және $B=1$ болғанда. Бірақ біреу әйнекті сындырды. Сондықтан, екінші нұсқа болуы мүмкін емес, онда Қанат әйнекті сындырды.

2-мысал: Айжанның телефонын ұрлау ісі. Іске қатысы бар тұлғалар: Айдар, Нұртас және Нұрлан. «Үш оқушының қайсысы Айжанның телефонын алды?» деген сұраққа, мынадай жауап алынды: «Егер Нұртас Айжанның телефонын алса, онда Сұлтан да Айжанның телефонын алды, және егер телефонды Айдар алса, онда Нұртас алмады деген дұрыс емес». Айжанның телефонын кім алды?

Зерттеу: қарапайым сөйлемдерді әріптермен белгілейік: А=Айдар телефонды алды; Н=Нұртас телефонды алды; С=Сұлтан телефонды алды; Сұрақ: Жауапта қандай логикалық операциялар қолданылды? Жауап: «Егер ..., онда ...», «және ...», «емес ...».

Жауабын логика алгебрасы тілінде жазамыз: $(\bar{H} \rightarrow C) \wedge (A \rightarrow \bar{H})$.

A	H	C	$H \rightarrow C$	$(\bar{H} \rightarrow C)$	\bar{H}	$A \rightarrow \bar{H}$	$(\bar{H} \rightarrow C) \wedge (A \rightarrow \bar{H})$
0	0	0	1	0	1	1	0
0	0	1	1	0	1	1	0
0	1	0	0	1	0	1	1

0	1	1	1	0	0	1	0
1	0	0	1	0	1	1	0
1	0	1	1	0	1	1	0
1	1	0	0	1	0	0	0
1	1	1	1	0	0	0	0

Ақиқат кестесін талдағаннан кейін өрнек $A=0$, $H=1$ және $C=0$ болғанда ғана ақиқат болатынын көруге болады. Нәтижесінде Айжанның телефонын Нұртасалған.

Қорытындылай келе, ұсынылған мақалада кейбір логикалық амалдар қарастырылған. Бұл логикалық операциялар өрнектерді жеңілдетуге мүмкіндік береді. Логикалық өрнектердің ерекше қасиеті - оларды мәндері бойынша табу мүмкіндігі. Математикалық логиканың ерекшеліктері: математикалық логика элементтерін пайдалану оқушыларға есептердің дұрыс шешімін әлдеқайда жылдам табуға мүмкіндік береді; логикалық тапсырмалар класы түрлері бойынша да, шешу әдістері жағынан да ең алуан түрлі болып табылады. Математикалық логиканың негізгі элементтерін меңгеру болашақта бағдарламалау, экономика саласындағы және қоғамның басқа салаларындағы кәсіби қызметте пайдалы болады.

Әдебиеттер

1. Досанбай П.Т. Математикалық логика: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011-280 бет
Электронды ресурс:
1. <https://rrepetitor.ru/informaticssub/ispolzovanie-tablicz-istinnosti-dlya-resheniya-logicheskikh-zadach/>
2. <https://urok.1sept.ru/articles/641149>

СЕКЦИЯ 36: ФИЗИКА И МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ ФИЗИКЕ

ГТАХР: 14.25.09

Б. Силам

Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: А.Г. Муздыбаева, аға оқытушы


ЖАС АСТРОНОМДАРДЫҢ «ТЕМІРҚАЗЫҒЫ»

Мұсылман халықтарында қасиетті «қадір түні» деген түн бар. Міне, самсаған жұлдыздардың маған құшағын ашқан ең ғажайып сәт осы түні басталды. Атамның: «Бүгін мың айданда қайырлы қадір түнін күзетеміз, ұйықтамаңдар. Ол түнгі тілектер қабыл болады» деген сөзінен кейін ұйқы жоқ. Үлкендерді білмейміз, біздер армандарымыздың орындалуын тілеп біраз отырдық. Кішкентаймын, қасымда екі бауырым, сіңілім бар. Төртеуіміз далаға төсек салып алдық. Қаз-қатар тізіліп жатырмыз. Сондағы көз алдымдағы самсаған жұлдыздар мені өзіне баурап алған еді. Бұрын мән бермеппін. Атам біз далада ұйықтап қалмасын дей ме? қасымызда отырып аспан әлемі жайлы әңгімелерін айтатын. Жұлдыздар жайлы көп мағлұматтар беретін. Сол кезде біліп өстік, темірқазық жұлдызының жол көрсетер жолбағдар екенін. Жетіқарақшының шөміш пішінге ие екенін. Таң жұлдызы таңшолпанның барын. «Тақиям толған соқ, ерте тұрсам жоқ» деп жұмбақ айтатын едік. Бір жұлдыз ағып түссе «Менің жұлдызым көкте» деуші едік. Сол шақта сол сөздің байыбына бармаппыз. Жұлдыздар неге аспанда, неге алыста, неге ұстай алмаймыз, неге түнде ғана болады деген сияқты сан-сауалдың жауабын білуге ұмтылатынбыз. Өсе келе аспанның бар сырын бізге жайып салатын астрономия ғылымымен таныстым. Астрономия ғылымын қазақ тілінде сөйлеткен ғалым бар ма? деген сұрақ қатты ойлантатын. Себебі, астрономия жайлы еңбектер арап және орыс тілдерінен аударылған болып келеді. Сол сұрақтың жауабын қазақ халқының астрономиясы жайындағы ұғымдарын бір ғылыми жүйеге келтіріп жүрген Хасен Әбішев бергендей. Ол кісі кім? Қандай еңбектері бар? деген сауалдарға жауап іздеп көрейік.

Хасен Әбішев 1902 жылы қаңтар айының он бесінші жұлдызында Қарағанды обылысы, Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Ол – астроном және физик, физика-математика ғылымының кандидаты, доцент. Қазіргі ғалымдардың аға буынының қатарын толықтырушы. Соңғы жарты ғасыр ішінде қазақ тілінде, еш аудармасыз астрономия жайлы кітап жазған бірінші автор. Қазақстандағы бірегей жоғарғы оқу орны Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтында мұғалімдік қызмет атқарған. Көптеген шәкірттерді тәрбиелеп, астрономия ғылымын кеңінен насихаттаған. Ең бірінші еңбегі - 16 тараудан құралған «Халық астрономиясы» кітабы. 1959 жылы жарық көрген бұл кітаптың әр тарауы қызықты астрономиялық мәліметтерге толы. Бірінші тарауында түрлі аңыздар мен аңызға арқау болған жұлдыз атауларына ұшырасамыз. Келесі бөлімде қазақша – түрікше жұлдыз атаулары жазылып, жыл мезгілінің алмасу себептері жайлы айтылады. Қазақ халқының астрономиясымен байланысты болғандықтан келесі тарауда уақыт санау дәстүрлері де тілге тиек етілген. Жалпы бұл еңбекте жұлдыздар дүниесі, уақытты өлшеу жолдары, Жер мен Айдың қозғалысы т.б. мәселелер қарастырылған. Оқырман қауімге арналып жазылған екінші кітабы «Аспан сыры» деп аталады. Аты айтып тұрғандай әлем туралы, аспан денелері жайлы, астрономияның зерттеу әдістері туралы дерек пен дәйек жинақталған. Халық арасындағы астрономиялық білім, наным-сенімдер ғылыми тұрғыда түсіндіріледі.


Хасен Әбішевтің қай еңбегін алып қарасақ та оқушылар, студенттер, жалпы оқырман қауім үшін де құнды деректерге толы. Бұл екі еңбек те ертеден қазақ халқының астрономиялық білімі болғанын айғақтайды. Автор өзінің еңбектерінде қазақтың аспан шырақтары жөніндегі бұрыннан қалыптасқан ұғымдарына ғылыми талдау жасаған. Қай еңбегін ашып қарасаңда қазақ тіліндегі астрономия мен физика терминдерін кезіктіруге болады. Болашақ физика пән мұғалімдері аспан әлеміне қызығушылық танытқан ынталы жастарға ұялмай ұсына алатын кітаптар дер едім. Сан ғасырлар бойы зерттеліп, әліде болса тылсым құпиясын аша бермейтін көк жүзіне саяхаттап қайтуға болады. Хасен Әбішевтің еңбектерінен іздегеніме сұрағаным табылғандай. Тіпті одан ары білген сайын біле түссем деген ұмтылысымды оятты. Бір ғылым саласының екінші бір ғылым саласымен тығыз байланыста болатынына тағыда көзім жетті. Жұлдыздар тарихы тарих беттеріне апарса, олар жайлы түрлі аңыздар әдебиет әлемі мен аспан әлемінің алтын көпірі іспетті.

Қазақтың бәріне таныс шоқжұлдыз - Жетіқарақшы, шөміш фигурасын құрастырған жеті жарық жұлдыз. "Жетіқарақшыны таныған жеті қараңғы түнде адаспас" дейді қазақтар. Жетіқарақшы батпайтын шоқжұлдыз, сондықтан да қазақтар "жеті ұры" ретінде сипаттайды (сурет 1).



Сурет – 1 – Жетіқарақшы шоқжұлдызы

"Жетіқарақшы Үркердің қызын ұрлапты" деген ертегі бар. Жетіқарақшының сабының ортасындағы жұлдыз қосжұлдыз. Оның бірі Жетіқарақшының қалған жұлдыздары сияқты жарық жұлдыз, екіншісі Үркердің жұлдыздары сияқты көмескі жұлдыз. Жарық жұлдызды қыз ұрлаған, қарақшының бірі ретінде Қыран қарақшы, ал бәсең жұлдызды Үркердің ұрланған қызы ретінде Үлпілдек дейді. Міне, осылай ертегіні әдемі үйлестірген. Көмескі жұлдызды көру қабілеттілігі жоғары адам ғана көре алады [3]. Аспанда Жетіқарақшыға ұқсас, кішірек, тағы да бір шөміш бар. Ол да жеті жұлдыздан тұрады, оны Кішіқарақшы деп атайды. Мамандар, Жетіқарақшы шөміштің ең шеткі екі жұлдызы ойша түзу арқылы қосып және ол түзуді әрі созсақ Темірқазықты басып өтеді дейді. Темірқазық бойынша Кішіқарақшы табылады. Темірқазық - Кішіқарақшы сабының ұшындағы жұлдыз, яғни саптың екі шеткі жұлдызы. Жетіқарақшы бойынша Кішіқарақшыны табу оңай, екеуі біріне-бірі жақын тұрады, бірге көрінеді. Жетіқарақшының басы оң жаққа, сабы сол жаққа қарап тұрады. Кішіқарақшы керісінше, сол жақта, сабы оң жақта. Кішіқарақшы шоқжұлдызы бірі – Темірқазық. Бұл жұлдыз Темірқазық деп тегін аталмаған (сурет 2).



Сурет – 2 – Темірқазық жұлдызы

Аспан сферасының үнемі айналып тұрады, бірақ Темірқазық бір орнында тұрады. Ал қалған жұлдыздар Темірқазық төңірегінде айналып жүреді. Сондықтан да орны өзгермейтіндіктен аспанға қағылған қазық дегендей мағынамен қазақтар оны Темірқазық деп атаған. Темірқазықтың тұрақты орны аспанның дәл солтүстік жағында, оны тапқан адам дүниенің төрт жағын оңай табады. Темірқазық әрдайым солтүстікті көрсетеді, оның қарсысында - оңтүстікке қарай күннің шығысы, оның қарсысында батысы болады. Астрономия тілінде дүние өзі Темірқазықтан өтеді, ол дүниенің солтүстік полюсінің рөлін атқарады. Темірқазық орысша "Полярная звезда" делінеді. Оның мағынасы "полностагі жұлдыз".

Алматы обылысы, 1981 жылы 79 жасында Хасен Әбішев өмірден өтті. Артында «болмасаң да ұқсап бақ» дейтін талай шәкірттері қалды.

Қорыта келгенде, Хасен Әбішев өзінің «Аспан сыры» еңбегінде ««Темірқазық аумаса...» дегеннің өзі мірдің оғындай өткір сөз; бұл қатерлі, ұзақ жолдан аман қайтудың серті, адаспай келудің шарты.» дейді. Бұл сөзінде Темірқазықтың ерекше айнымас қалыпқа ие «жолбағдар» екенін көрсетеді. Болашақ қазақтың жас астрономдары үшін Темірқазық - Хасен Әбішев еңбектері

дер едім. Себебі, осы еңбектерді негізге ала отырып, астрономия ғылымының тың жаңалықтары ашыларына сенімім мол. Күнделікті күйбең тірлікпен назар аудармай, аспанды төңкерілген жарты шар көретініміз үлкен қателік екен. Оның да өзіндік сыры барын, әрі үлкен тылсым әлем екенін жадымызда ұстайық.

Әдебиеттер

1. Әбішев Х. «Аспан сыры». Қазақ мемлекеттік саяси әдеби баспасы. – Алматы, 2009 ж. 67-70 бб.
2. Әбішев Х. «Халық астрономиясы». Қазақ мемлекеттік баспасы. – Алматы, 1959 ж. 12-25 бб.
3. Пошанова Д. Жұлдызды аспанды бақылау ерекшелігі. Ғылым журналы. 2006. 15 б.

ҒТАХР: 14.25.09

Б. Қанатова, Б. Жаукенова, Ә. Сұлтанмұрат

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекшілері: Г.У. Нурабаева, ф.м.ғ.к., доцент, А.Т. Рахимбердина, аға оқытушы,
Г.А. Муздыбаева, аға оқытушы

КВАНТТЫҚ ФИЗИКАДАҒЫ БӨЛШЕКТЕРДІ ТІРКЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Кванттық физика – микро әлемді зерттейтін ғылым саласы болғандықтан, оны зерттеп-тануда эксперименттің алатын орны ерекше. Кванттық физика заңдарының пайда болуына, теория мен практиканың сәйкес келуі үшін қаншама эксперименттер, эксперименталдық қондырғылар мен құрылғылар жасалды.

Бүгінгі заманда кванттық физикада ашылған құбылыстар энергиялары 1,2 МэВ болып табылатын табиға радиоактивті сәулеленулер мен қарапайым элементар бөлшектерді тіркейтін құралдарды пайдалана отырып ашылғаны ешқандай шындыққа жатпайтындай көрінеді. Шын мәнінде бүгінде толық зерттелген элементар бөлшектердің ашылуы, атап айтатын болсақ атомның тұтас еместігі, атом ядросының құрамы, оның өлшемдері, ядролық реакциялар, табиғи радиоактивтілік құбылысы және т.б. Радиоактивтілікті осы кезде бөлініп шығатын сәулеленуді өлшеу арқылы табылды.

α , β , γ – сәулеленулері зат арқылы өткенде көптеген құбылыстар ашылды, ол құбылыстарды арнайы құралдар көмегімен тіркеуге болады.

Ең алғашқы детекторлар ретінде көп уақытқа күкіртті мырыш қабатымен жабылған пластинка пайдаланылды. Бұл кезде бөлшектер пластинкаға түсіп, сәуле шығарып, жарқырау болады, ол құбылысты жай көзбен бақылап, тіркеуге мүмкін еді.

Қазірге замануи бөлшектерді тіркеуге арналған құралдар екі топқа бөлінеді:

1. Бөлшектерді тіркеуге арналған құралдар (сцинтиляциялық есептегіш, импульсті иондайтын камера, газразрядты есептегіш, жартылай өткізгішті есептегіш).

2. Заттағы бөлшектердің іздерін (тректерін) бақылауға арналған құралдар (Вильсон камерасы, көпіршікті камера, ядролық фотоимпульсия және т.б.).

Элементар бөлшектерді бақылау және тіркеу әдістері радиоактивті сәулелену мен бөлшектердің атомдарды иондау қасиеттеріне негізделген.


Біздің зерттеп танысатын қондырғымыз жартылай өткізгішті детекторлар. Жартылай өткізгішті детекторлар эксперименттік ядролық физикада зарядталған бөлшектер мен гамма-кванттарды тіркеуде кеңінен қолданылады.

Олардың артықшылықтарына ең көп кездесетін жартылай өткізгіштер кремний мен германийде ақпарат тасушылар (заряд) электрон-кемтік жұбы пайда болуы үшін шамамен 3,5 эВ энергия жұмсалады. Сондықтан, детекторда пайда болатын жұптардың саны өте жоғары және олар статистикалық флуктуацияға ұшырамайды.

Иондаушы камераларда электрон-оң ион жұбы пайда болуы үшін жұмсалатын энергия шамасы 30эВ, фотоэлектрондық көбейткіш фотокатодында электрон пайда болу үшін жұмсалатын энергия шамамен 300 эВ.

Жартылай өткізгішті детекторда иондалу құбылысы кристалдың бүкіл қабатында өтеді. Жартылай өткізгішті детектор жартылай өткізгішті диод түрінде болады, оған кері кернеу беріледі. $p-n$ ауысу шекарасына жақын орналасқан жартылай өткізгіш қабатындағы ток тасушылар

(өткізгіш электрондар мен кемтіктер) бүкіл көлемде орналасады және олардың меншікті электрлік кедергісі өте үлкен. Кристалл жартылай өткізгіш ұштарына бірнеше кэВ кернеу беретін болса, ол детектор көлемінде пайда болған барлық бөлшектердің барлықтары жинауға мүмкіндік береді (1-сурет).



1 сурет

Зарядталған бөлшек детекторға өткенде қосымша электрон-кемтіктік жұп түзеді, осы жұптар электр өрісі әсерінен құрал электродтарына қарай орын ауыстырады, нәтижесінде жартылай өткізгішті детектордың сыртқы электр тізбегінде электр импульсі пайда болып, ол ары қарай үдейді және тіркеледі.

Жартылай өткізгішті детекторлар электродтарына жинақталған заряд бөлшектер сезімтал қабаттан өткен кезде бөлінетін энергияның шамасына тура пропорционал. Сондықтан, егер бөлшектер сезімтал қабатта толығымен тежелетін болса, онда жартылай өткізгішті детектор спектрометр сияқты жұмыс істейді. Бір электрон-кемтіктік жұптар пайда болуы үшін қажетті орташа энергия шамасы өте аз. Егер бөлшек толығымен сезімтал қабатта тежелсе, онда бөлшектерді тіркеудің тиімділігі 100%. Германий мен кремнийдегі ток тасушылар қозғалғыштығы өте жоғары болғандықтан зарядтарды жинау үшін жуық шамамен 10 нсек уақыт керек. Бұл жартылай өткізгішті детекторлардың бөлшектерді ажырату қабілеті өте жоғары.

Жартылай өткізгішті кристалдардың электрөткізгіштерінің бар екендігі, яғни олардың өткізгіштік зонасында әрқашан да қандай да бір мөлшерде электр зарядын тасымалдаушылар болады. Бұл детектор тізбегіне белгілі бір мөлшерде потенциалдар айырмасын берсек, ол арқылы тұрақты жүреді де, осы тұрақты токтың шамасы Ом заңымен анықталады. Тұрақты ток тасымалдаушы электр зарядтар статистикалық флукуацияға ұшырайды, соның нәтижесінде эквивалент сыйымдылықта детектор арқылы иондаушы бөлшек өтті ме, өтпеді ме, оған байланыссыз кернеу тербелістері (шу) байқалады. Ендеше, жартылай өткізгішті кристалды детектор ретінде қолдану ең алдымен тіркелген бөлшектер тудырған заряд тасушылардың тұрақты ток флукуациясына қатынасымен анықталады.

Тұрақты ток флукуациясының шамасы аз. Ток шамасы кристалл кедергісіне кері пропорционал.

Жартылай өткізгішті детекторлардың екі түрі бар:

- 1) диффузиялық және беттік-тосқауылдық детекторлар;
- 2) дрейфтік детекторлар.

Детекторларды дайындаудағы ең маңызды фактор кремнийдегі фосфор диффузиясы үрдісі, бұл үрдіс жақсы зерттелген және оны басқару жеңіл және тиімді болып табылады.

Беттік-тосқауылдық детекторлар диффузиялық детекторларға ұқсас. Оларды жасау үшін n -типті материалдың бетіне p -қабат жағады. Сонан соң беттік қабатты алтынның жұқа қабатымен жабады.

Металл жартылай өткізгішпен түйіскенде олардың шекаралас қабаттарында электростатикалық тосқауыл пайда болады, ол заряд тасушылардың жартылай өткізгіштен металға және керісінше металдан жартылай өткізгішке өтуіне жол бермейді. Металл мен жартылай өткізгіш шекарасына потенциалдар айырмасын бергенде, заряд тасушылардың қосылған қабаты пайда болады, оның қалыңдығы бірнеше миллиметрге дейін жетеді.

Дрейфтік, диффузиялық және беттік-тосқауылдық детекторлар ядролық сәулеленуді тіркейтін жартылай өткізгіштік құралдар болып табылады.

Әдебиеттер

1. Гайнов Р.Р., Исследование явления радиоактивности с помощью счетчика Гейгера-Мюллера: Учебно-методическое пособие для студентов Института физики / Р.Р. Гайнов, Е.Н. Дулов, Ф.Г. Вагизов. – Казань: Издательство Казанского федерального университета, 2013. – 15 с.
2. Бояркин, О.М. Физика частиц – 2013: Квантовая электродинамика и Стандартная модель / О.М. Бояркин, Г.Г. Бояркина. – М.: КД Либроком, 2015. – 440 с.
3. Иродов, И.Е. Квантовая физика. Основные законы: Учебное пособие / И.Е. Иродов. – М.: Бином, 2014. – 256 с.
4. Ландау, Л.Д. Теор.физика: Учебное пособие для вузов. Т.3. Квантовая механика.(нерелятивистская теория) / Л.Д. Ландау, Е.М. Лифшиц. - М.: Физматлит, 2016. – 800 с.
5. Ландау, Л.Д. Теоретическая физика: Учебное пособие для вузов в10т. Том 3 Квантовая механика.(нерелятивистская теория) / Л.Д. Ландау, Е.М. Лифшиц. – М.: Физматлит, 2008. – 808 с.

ҒТАХР: 14.25.09

Б. Жанымханова, Ә. Қуатов

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекші: Б.С. Желдыбаева, п.ғ.к., доцент

МЕКТЕПТЕ «МОЛЕКУЛАЛЫҚ ФИЗИКА» ТАРАУЫН ОҚЫТУДА ӨЗДІК ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Молекулалық физика – бұл әртүрлі агрегаттық күйлердегі денелердің физикалық қасиеттерін олардың молекулалық құрылымын қарастыру негізінде зерттейтін физика саласы. Білім алушылардың молекулалық физика бойынша білімі физиканың барлық курсына оқу барысында жүйелі түрде толықтырылып отырады. Заттың құрылымы туралы атомдық-молекулалық идеялардың физикалық мәнін ашу білім алушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді.

Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты - оқылған білімді қайталап бекіту, жалпылау, жүйелеу; келесі кезеңдегі оқу материалын оқуға көшу мүмкіндігін анықтау. Жаңа оқу материалын бастау үшін бірінші және екінші сатыдағы білім мазмұнын барлық оқушының 80 пайызы меңгеруі міндетті.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі барлық пәндерді өзара байланыстыра, кіріктіре, сабақтастыра отырып оқыту арқылы білім беріп, жастарды шығармашылық іс-әрекетке үйрету, жекебас дербестігін дамыту, бойларына жауапкершілік, орнықтылық қалыптастыру т.б. мәселелерді шешу мақсатын көздеп отыр. Бүгінгі күні мектептегі оқу пәндерінің мазмұны мен мақсаты тәрбиелеу мен оқытудың жұмыс түрлерін ұштастыра отырып, одан әрі жетілдіруді, өмірмен байланыстыруды міндеттеп отыр. Теориялық білімді игерту мен жаңғырту және оны жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана оқушылардың алған білімі мен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады. Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады. Биологияны жаратылыстану пәндерімен байланысында берілетін білім жүйесі материалды дүниенің бірлігі мен бүтіндігін көрсете отырып, мұндағы кез келген байланыстың үзілуі немесе түзілуі табиғаттағы тіршілік жүйесіне белгілі бір түбегейлі өзгеріс әкелетінін түсіндіріп, әрбір оқушының жаратылыстану пәндерінен білім деңгейін көтеріп қана қоймай, экологиялық білім мен тәрбиенің қалыптасуына да зор мүмкіндік ашады.

Термодинамика негіздерін оқып-үйрену негізгі мектепте оқылған «ішкі энергия» және оны өзгерту тәсілдері, «жылу мөлшері», жұмыс ұғымдарын қайталап, оларды одан ары тереңдетіп нақтылай түседі. Термодинамикада жұмыс ішкі энергияның өзгеру өлшемі ретінде қарастырылады. Ішкі энергияның жүйе күйінің өзгеру параметрлеріне тәуелділігін талқылайды. Термодинамиканың бірінші заңын оқып үйренеді және термодинамиканың екінші заңына (ішкі энергияны толық жұмысқа айналдыруға болмайды) түсінік беріледі. Жылу қозғалтқыштарының жұмыс істеу принциптерін талдап, термодинамика заңдарының практикада қолданылуымен таныстырады.

Термодинамика және оның заңдарын қарастырғанда, біз термодинамика энергияның бір түрден басқа түрге ауысу заңдылықтарын зерттейтіндігін, ал соның ішінде биологиялық термодинамиканың химиялық реакциялар кезінде байқалатын энергияның бір түрден басқа түрге айналуын, реакциялардың бағытын және олардың өздігінен жүру шегін және заттарда тепе-

теңдіктің болу жағдайларын анықтайтындығын түсінеміз. Қоршаған ортада заттар бір-бірімен жылу алмастыра отырып қатынас жасайды. Жүйенің ішкі энергиясы молекулалардан, атомдардан, иондардан, электрондардың кинетикалық, потенциалдық энергиялар қосындысынан тұрады. Термодинамиканың бірінші заңында дененің ішкі энергиясының өзгерісі айтылатындықтан, бұл жерде оқушылардың ішкі энергия туралы білімі дамытылады. Табиғаттағы макроскопиялық денелерде болатын үрдістер қайтымсыз болады. Осы қайтымсыз үрдістерді түсінікті термодинамиканың екінші заңы (Р.Клаузиус) түсіндіреді. Қоршаған ортадағы денелерге бір мезгілде басқадай өзгерістер әсер етпесе, суықтау жүйенің ыстықтау жүйеге жылу беруі мүмкін емес. Термодинамиканың екінші заңында, ретсіздік, энтальпия, Гиббс энергиясы туралы түсінік беріледі. Энтропия – жүйенің физикалық қасиеті. Энтропияға тән қасиет – ол барлық табиғи үрдістердің біртіндеп өсуі. Энтропия қыздыру, балқыту, газ көлемінің ұлғаюы, атомдар арасындағы байланыс нашарлағанда пайда болатынын айта отырып, экологиялық білім жүйесін қоршаған ортадағы заттардың таралуы, органикалық заттардың жануы негізінде беруге болады. Химиядағы тотығу-тотықсыздану реакциялары көп тараған реакциялардың қатарына жатады және табиғатта үрдістерде маңызды орын алады. Зат алмасу әр түрлі үрдістерден, мысалы, физиологиялық (қоректену, шығару), физикалық (адсорбция, диффузия) және биологиялық заттардың айырылуы және синтезделуінен тұрады. Сонымен қатар қарама-қарсы үрдіс – катоболизм (ірі молекулалы заттардың айырылуы, яғни тотығу, гидролиздену реакциялары іске асып, ұсақ молекулалы заттар, амияк, сүт қышқылы, су, көмір қышқыл газы т.б. түзіледі), анаболизм (жай заттардан ірі молекулалы қосылыстар, полисахаридтер, майлар т.б. түзілуі) негізінде іске асады. Заттар алмасқанда молекулаларында байланыстары бар белгілі бір энергия шығара алатын, яғни макроэргиялық заттар реакция барысында іске асады. Биология пәнінде ағзадағы зат алмасу үрдістерін қарастырарда ондағы реакциялар барысын физикадағы «ашық жүйе» ұғымын еске алумен қарастыруға болады, яғни қоршаған ортамен энергия немесе басқа заттар арқылы алмасу үрдісі. Жүйенің күйін оның температурасы, қысымы, көлемі, массасы анықтайды. Осы параметрлердің біреуінің өзгеруінен тұратын жүйе күйінің өзгерісі термодинамикалық үрдісті еске алынады. Заттардың алмасуы мен термодинамиканың I, II заңдары міндетті түрде байланыста болады. Оқушылардың физикадан термодинамика туралы білімін одан әрі дамытуға мүмкіндіктері туады. Сондықтан пәнаралық байланыста экологиялық білім беруді ұйымдастыру, жеке пәндер мазмұнының, мәтінінің бір-бірімен өзара байланысын қамтамасыз ететіндей белгілі бір жүйелілікті керек етеді. Экологиялық білім берудің мазмұны, нақты пәндердегі білім, бір-бірімен өзара ұштасып, сабақтасып жатса, онда әрбір жеке адамда жоғары әлеуметтік экологиялық сана-сезім, әрбір іс-әрекеттерінде ойлылық, жауапкершілік ұғымдары қалыптасады.

Ішкі энергия ұғымын енгізу үшін алдымен механикалық энергия мен заттардың ішкі құрылымы жөніндегі мәселелерді оқушылардың есіне қайта түсірген дұрыс. Бұлай ету оқушылардың ішкі энергия мен механикалық энергияны шатастырып алмауына көмегін тигізеді. Сонан соң барып ішкі энергия ұғымын түсіндіруге кіріседі. Ол үшін қорғасын шардың қорғасын тақтаға құлап түсу тәжірибесін талдаймыз. Ол деформацияланады және қызады, олай болса денені құрайтын бөлшектердің кинетикалық және потенциалдық энергиялары артады. Бөлшектердің орташа кинетикалық энергиясы көбейсе, онда дененің температурасы жоғарылайды. Осы жерде тағы да температура молекулалардың хаосты қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының өлшемі екендігін ескертіп кеткен жөн. Сонан соң ішкі энергияның анықтамасы беріледі.

Газ заңдарын оқытуда мынандай жоспарды ұсынуға болады:

1) процестің анықтамасы; 2) процестің орындалу шарты; 3) формуласы және заңның тұжырымдамасы; 4) процестің графиктік бейнеленуі; 5) заңның тәжірибе жүзінде тексерілуі; 6) заңдылықты МКТ тұрғысынан түсіндіру; 7) заңның қолданылу шегі.

Мысалға изотермдік процесті қарастырайық. (Термос жылу деген грек сөзі).

1) Температура тұрақты болғанда термодинамикалық жүйе күйінің өзгеру процесін изотермиялық деп атайды.

2) Бұл заңды тәжірибе жүзінде ағылшын ғалымы Бойль және француз ғалымы Мариотт ашты (1662 ж). Бойль-Мариотт заңы кез келген газдар үшін, сондай-ақ газдар қоспасы үшін де (мысалы, ауа үшін де) дұрыс. Тек атмосфералық қысымнан бірнеше мың есе жоғары қысымдарда ғана бұл заңнан ауытқу елеулі түрде байқалады.

3) Егер газдың температурасы өзгермесе, онда оның берілген массасы үшін газ қысымының оның көлеміне көбейтіндісі тұрақты болады.

4) Тұрақты температурада газ қысымының көлемге тәуелділігі график түрінде изотерм деп аталатын қисық сызық арқылы кесілді. Газдың изотермі қысым мен көлемнің арасындағы кері пропорционал тәуелділікті өрнектейді. Қисық сызықтың мұндай түрі гипербола деп атайды.

5) Монометрмен қосылған герметикалық кеңірдекті приборды пайдаланып Бойль-Мариотт заңын тәжірибе жүзінде тексеруге болады.

6) Бойль-Мариотт заңын МКТ тұрғысынан түсіндіру: газдың қысымы ыдыс қабырғаларына соғылатын молекулалар санына байланысты, ал соқтығысу саны газ концентрациясына тәуелді. Ыдыстағы газдың көлемі үлкен болғанда концентрациясы аз болады, көлемі азайған сайын, ыдыстағы молекулалардың кон-центрациясы көбейеді, олай болса қысым артады.

7) Бойль-Мариотт заңы көлем мен қысымды баяу өзгерткенде ғана дұрыс, әрі газдың массасы тұрақты және химиялық құрамы өзгермеген жағдайда орындалады.

Осы үлгідегі оқытудың әдіс-тәсілдері оқышылардың есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлдікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1. Жарасбаев Н. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. – Егемен Қазақстан, 2006, 27 мамыр;
2. Әлімов А.Қ. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. Оқу құралы. – Астана, 2014

СЕКЦИЯ 37: ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ

ҒТАХР: 14.25.09

Д. Нургазина

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Ғылыми жетекші: Б.М. Ибраев, оқытушы

ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖҮЙЕСІНІҢ АРНАЙЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТОПҚА ӘСЕРІ ТУРАЛЫ

Дене мәдениеті және спорттың әрбір қоғам мен әрбір адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылатынын бұрыннан бері естіп келеміз. Дене мәдениеті денсаулықты нығайту мен сақтаудың маңызды факторларының бірі екені де сөзсіз. Әрқайсымызға дене тәрбиесін жүзеге асыру маңызды, дене тәрбиесін жүзеге асыру қажет, дегенмен арамызда **арнайы медициналық топқа** жататын студенттер де бар. Оларға спорттың кері әсері тиеді ме әлде оң әсері тиеді ме?

Ең алдымен, арнайы медициналық топтың не екеніне тоқтала кету қажет деп ойлаймын. **Арнайы медициналық топ** - бұл медициналық тексеру нәтижелері бойынша физикалық дамуында немесе денсаулығында белгілі бір ауытқулар анықталған студенттер үшін құрылатын топ, мұндай студенттер арнайы бағдарламалар бойынша физикалық жаттығуларға мұқтаж болып келеді. Осы топқа жатқызылатын студенттер үшін дене шынықтыру сабақтарында белгілі бір шектеулері болады, алайда олар арнайы, жеке тапсырмалар алады.

Арнайы топтарды құру қажеттілігі соңғы жылдары студенттердің денсаулығында әртүрлі ауытқулардың көбейіп келе жатқандығына байланысты. Олар максималды физикалық белсенділікпен айналыса алмайды, сонымен қатар күнделікті жүктемелерді жеңе алмайды.

